

Кәсіптік білім

Боленбаева Алия Каримовна, Сагимбеков Нуржан Ашимович

ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ



Семей қаласы

Рецензент:

Қ.Қ.Тастекеев, Қазақ инновациялық-гуманитарлық университетінің мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., профессор

Мукатаева З.Қ., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»КеАҚ қауымдастырылған профессоры м.а, тарих ғылымдарының кандидаты

Боленбаева А.К., Сагимбеков Н.А.

Құқық негіздері: оқу-әдістемелік құрал

Оқу әдістемелік құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қоғамдық пәндер оқытушылары мен студенттеріне арналған. Кітапта мемлекет, құқық, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам туралы негізгі ұғымдар, идеяларды студенттердің қазіргі заман тұрғысынан зерттеу, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы құқықтық жүйесі, құқықтың салалық негіздері, адам мен азаматтың құқығы мен міндеттері, құқықтық жауапкершілікпен байланысты проблемалары, Қазақстандағы биліктің, мемлекеттік органдары және жергілікті басқару органдар жүйесі қарастырылған.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
Бірінші бөлім	
Құқық пәні, әдісі және заң ғылымы. Мемлекет және құқық теориясы.....	5
Құқықтық нормалар, оның түрлері.....	17
ҚР – тәуелсіз, құқықтық мемлекет.....	23
ҚР Конституциясы – конституциялық құқықтың негізгі бастауы	34
Әкімшілік құқық және әкімшілік жауапкершілік.....	43
Азаматтық құқық.....	49
Меншік құқығы және оның түрлері.....	57
Еңбек құқығы ұғымы	79
Еңбекті қорғау туралы жалпы түсінік	82
Салықтық құқық негіздері.....	91
Қылмыстық құқық ұғымы, белгілері және түрлері. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы	102
Отбасы ұғымы, неке шарттары, некенің тоқтатылуы. ҚР Неке және отбасы туралы Заңына сипаттама	114
Ата- анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеудің нысандары	121
Халықаралық құқық түсінігі, пәні, салалары және қайнар көздері	126
Екінші бөлім. Қосымшалар	135
Үшінші бөлім. Тапсырмалар жинағы	148
Құқық негіздері пәнінен интернет ресурстар базасы	184
Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер	

АЛҒЫ СӨЗ

Құқық негіздері пәні мемлекет пен құқықты жалпы сипаттары бойынша тарихи дамудағы өзгеру сатыларын жан-жақты қамтып қарастырады. Ең алдымен осы заманғы мемлекеттілік пен құқықтардың ең дамыған нысандарын зерттеуге бағыт-бағдар ретінде ұстанады. Олардың мағнасы мен мәнін теориялық көзқарастар тұрғысынан түсіндіреді.

Оқу әдістемелік құрал білім алушыларға мемлекет және құқық мәселелерін жаңаша осы заман талаптары тұрғысынан түсінуге бағыт көрсетіп, жөн сілтейді.

«Құқық негіздері» оқу әдістемелік құралында мемлекет, құқық, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам туралы негізгі ұғымдар, идеяларды студенттердің қазіргі заман тұрғысынан зерттеу, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы құқықтық жүйесі, құқықтың салалық негіздері, адам мен азаматтың құқығы мен міндеттері, құқықтық жауапкершілікпен байланысты проблемалары, Қазақстандағы биліктің, мемлекеттік органдары және жергілікті басқару органдар жүйесі қарастырылған.

Оқу әдістемелік құрал үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде мемлекет және құқық туралы жалпы ұғымдардың мағнасы мен мәні, маңызы талданып, олар жөніндегі мағлұматтардың түсінігі берілген.

Екінші бөлімде мемлекет және құқық теориясының тақырыптарына графикалық органайзерлер: схема, кестелер ұсынылған.

– Үшінші бөлімде ұсынылған тақырыптық тапсырмалар танымның ойлау деңгейін ескеріп, сындарлы оқыту негізінде құрастырылған және білім алушылардың заңнамаларға салыстырмалы-құқықтық талдау жасау, құқықтық жағдайды шешу, қоғам өмірінің оң және теріс құбылыстарына дербес баға беру, ақпарат көздерін сыни тұрғыдан талдау, алуан түрлі (мәтін, кесте, схема, аудиовизуальды материал) ақпараттарды талдай білу құзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Құқық негіздері пәннің білім алушылардың бойында құқықтық ойлау қабілетін қалыптастыру, қоғамдағы құқықтық құбылыстар мен процестердің мәнін түсіндіру, заңдар мен басқа да актілердің мәтіндерімен жұмыс істеуді үйрету, пәннен теориялық білімін тереңдету, әрі кеңейту мақсаты мен студенттерді Конституциялық, отбасылық, азаматтық, қылмыстық және халықаралық құқықтармен таныстыру, жеке тұлғаның дамуы, қалыптасуы негізінде материалдық құндылықтарды өндіру мақсатында еңбек ете білуге үйрету, тәуелсіз еліміздің дамуына өз үлесін қосатын құқықтық сауатты азаматтар тәрбиелеу, студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін жаңа оқу әдістерін пайдалану міндеттерін жүзеге асыру шеңберінде құрастырылды.

«Құқық негіздері» оқу әдістемелік құралын студенттің біріншіден, қоғамдағы көп таралған қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар мен құқықтық институттардың неғұрлым нақты, іс жүзінде елеулі талаптарын меңгеру арқылы, екіншіден, тиісті кәсіби қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді меңгеру арқылы құқықтық санасын толықтыратын құрал ретінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары оқытушылары мен педагогтарына әдістемелік көмек ретінде ұсынуға болады.

ҚҰҚЫҚ ПӘНІ, ӘДІСІ ЖӘНЕ ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ

Жоспар:

1. Мемлекет және құқықтың пайда болуы
2. Мемлекеттің түсінігі және мәні
3. Мемлекеттің механизмі және мемлекеттің функциясы
4. Заң ғылымының зерттеу объектісі, пәні және әдісі, даму тарихы

1-сұрақ. Мемлекет және құқықтың пайда болуы

Алғашқы қауымдық биліктің орнына мемлекеттік билік шамамен 5-6 мың жыл бұрын келді. Жердегі алғашқы мемлекеттер Солтүстік-Шығыс Африкада, Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда, атап айтқанда Мысырда, Бабылда, Үндіде және Қытайда пайда болды.

Мемлекеттің пайда болуы туралы осы заманғы ғылыми көзқарастардың негізі тарихи материализмді ұстанған классиктердің еңбектерінде көрініс тапқан. Соның бірі Ф.Энгельс. Оның «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы» атты еңбегі аса маңызды болып есептеледі.

Ф.Энгельстің пайымдауынша алғашқы қауымның ыдырауы және мемлекеттің пайда болуы қоғамның өндірістік экономикаға бет бұруы, өндірістік күштің дамуы, қоғамдағы өндірістік қатынастардың өзгеруі нәтижесі заңды болып табылды. Бұл үдеріс алғашқы мемлекеттердің құрылуына дейін пайда болған және ол баяу дамып келді.

Ф. Энгельс мемлекеттің пайда болуының негізгі себептерін көрсеткен:

Біріншіден, *еңбектің бөлінуі* – мал шаруашылығының егін шаруашылығынан бөлінуі, қол өнер өндірісінің бөлінуі және сауда-саттықтың орын алуы. Еңбектің бөлінуі халық санының өсуі және олардың қажеттіліктерінің артуы, өндіріс құралдарының дамуы себебінен пайда болған үрдіс. Аталғандардың барлығы шаруашылық жүргізу үшін жаңа мүмкіншіліктер ашты. Жекелеген тайпаларға өзін өзі керекті игіліктермен қатамасыз ету қажетті болмай қалды. Оларға нақты өнімді өндіру, ал өндірістің қалдығын өзге тайпаның өндіргеніне ауыстырып алған пайдалырақ бола бастады. Нәтижесінде мал шаруашылығы, егін ісі, қол өнерішілер және саудагерлер пайда болды.

Екіншіден, *жеке меншіктің пайда болуы* – еңбектің өсуі қауымдық шаруашылықтың жеке топтардың не жеке адамдардың шаруашылығына бөлінуіне әкеп соқтырды. Қауымдық меншік алғашқысында топтық меншік болып, кейініректе жеке меншікке айналды.

Үшіншіден, *таптардың пайда болуы* – таптар еңбек ету үрдісінде өзінің материалдық жағдайымен ерекшеленетін адамдардың тобы болып табылды. Әлеуметтік қызмет пен мүліктік жағынан бөліну адамдардың жеке және шаруашылық дербестігіне, олардың өзара тәуелсіздігіне әкеп соқтырды. Қоғам бірнеше топтарға бөлінді және олардың мүдделері бірі-біріне қарама – қайшы бола бастады. Таптық күресті тоқтататын күш қажет болды. Ол мемлекет болды.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, мемлекет қоғамның өзіндік дамуының өнімі ретінде, онда пайда болған қарама-қайшылықтардың нәтижесі ретінде пайда болды. Ф.Энгельс мемлекетті – құрал, инструмент ретінде қарастырды. Дәлірек айтсақ оның ойынша, мемлекет - экономикалық қанаушы таптың қаналушы таптың қарсылығын басуға және қанауға арналған құрал болып табылды.

Мемлекеттің пайда болуы туралы мәселені зерттеуге көптеген ғалымдар ұмтылған. Осы ретте мемлекет және құқықтың пайда болуы туралы бірнеше ілімдер қалыптасып үлгерді, олардың әр қайсысы мемлекеттік ұйымдардың пайда болу қайнарын өзіндік тұрғыдан түсіндіреді.

Сол теорияларды қарастырып өтейік:

Теологиялық теория – негізін салушы ортағасырлық философ және теолог Фома Аквинский (1225-1274) болды, кейінгі өкілдерінің қатарына бельгиялық философ Мерсье Дезирені (1851-1926) және француз философы Жак Маритенді (1882-1973) жатқызуға болады. Бұл теорияның түп негізгі идеясы мемлекетті Құдай жаратқан, ал мемлекеттік билік Құдайдың жердегі билігінің жалғасы деп түсінілді. Құдайдың билігі - азаматтардың басқарушыларға толығымен бағыну қажеттілігін білдіреді. Мемлекетке бағынбау Жаратқанға бағынбау деп есептелді.

Патриархалдық теория – бұл теорияны дамытқан ежелгі грек философы Аристотель (б.э.д 384-322), сондай ақ орыс әлеуметтанушы, публицист Н. Михайловский (1842-1904) және т.б. болды. Аталған теорияның түпкі идеясы бойынша мемлекет бір отбасының дамуының нәтижесі ретінде есептелді. Басқарушының билігі отбасыдағы әкенің шексіз билігінің жалғасы ретінде қарастырылды. Мемлекеттегі басқарушы, отбасыдағы әке секілді сайланбайды және оның билігі өзгермейді әрі шексіз болып табылады. Билікке қарсы шығуға болмайды, тек әке өзінің отбасының қалған мүшелеріне қамқорлық жасай алады.

Органикалық теория – бұл теорияның өкілдері ежелгі грек философы Платон (б.э.д 427-347) және ағылшын философы Г. Спенсер (1820-1903) және т.б. болған. Бұл теорияның идеясына сәйкес мемлекет және құқық туралы көзқарас адамның ағзасы туралы көзқарасқа сай келеді. Мемлекет - әлеуметтік дамудың нәтижесі болып табылады, ол биологиялық дамудың бір түрі. Мемлекет әрбір ағза секілді мидан (басқарушы) және оның берген тапсырмаларын орындауға арналған органдардан тұрады.

Келісім-шарт теориясы – XVII-XVIII ғасырларда пайда болды, өкілдері француз философы, ағартушы Жан Жак Руссо (1712-1778), ағылшын философтары Томас Гоббс (1588-1679) пен Джон Локк (1632-1704), орыс жазушысы А.Н. Радищев (1749-1802) және т.б. болған. Бұл теория бойынша мемлекет пен құқық соғыстар мен қақтығыстарды тоқтату мақсатында азаматтардың саналы, ерікті түрде бір келісімге келуі нәтижесі ретінде қарастырылады. Азаматтар өз еркі мен билігінің бір бөлігін мемлекетке береді. Олар заңдарды сақтауға, салық төлеуге міндеттенеді, ал есесіне билікті ұстаушыдан өз мүдделері мен қауіпсіздігін қорғауды талап етуге құқылы болып табылады. Мемлекет келісім бойынша өз азаматтарына қамқорлық жасайды. Келісім – шарт теориясы мемлекетті танып, зерттеу үшін үлкен серпіліс болды, себебі ол биліктің пайда болуы туралы діни көзқарастарды жоққа шығарды. Бұл теория демократиялық идеяны дамытты.

Күштеу теориясы – XIX ғасырда пайда болды, оның өкілдерінің қатарына неміс философы Е.Дюрингті (1833-1921), неміс саяси қайраткері К. Каутскийді (1854-1938) жатқызуға болады. Олар мемлекет пен құқықтың пайда болуын бір тайпаның екінші бір тайпаны жаулап алуы сияқты әскери және саяси сипаттағы факторлармен түсіндірген. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде көптеген соғыстар жүргізілді, аумақты күштеп басып алу, бір тайпаның екінші бір тайпаны басып алу орын алды.

Психологиялық теория - XIX ғасырда пайда болды, оның белгілі өкілдері француз әлеуметтанушысы Г. Тард (1843-1904), австриялық психолог З. Фрейд (1856-1939), орыс философы Л. Петражицкий (1867-1931) және т.б. болды. Бұл теорияның өкілдері мемлекеттің және құқықтың пайда болуын адамзаттың психикалық белгілерінің көрінуімен, адамзат санасының заңдылықтарымен түсіндірген. Барлық әлеуметтік заңдылықтар адамның мінез-құлықтары, қызмет етуі арқылы іске асырылады. Сондықтан да адамның психикалық жай-күйі осы заңдылықтардың жүзеге асырылуына әсер етеді. Мемлекетте, құқықта белсенділер мен бәсеңділердің арасындағы психологиялық қарама-қайшылықтарды шешудің құралы ретінде қарастырылады. Қоғам екіге бөлінеді: психикасы күштілер (билік жүргізуге ұмтылатындар) және бағынуға психологиялық түрде бейім адамдар.

Қазіргі кезде заң ғылымын зерттеуші көптеген ғалымдар жоғарыда аталғандардың ішінде мемлекеттің және құқықтың пайда болуын шынайы түрде ғылыми негіздейтін ілім ретінде К.Маркс пен Ф.Энгельстің тарихи-материалистік теориясын көрсетеді. 9

2-сұрақ. Мемлекеттің түсінігі және мәні

Мемлекеттің ұғымын ашып, қарастыру шын мәнісінде ол туралы көзқарастарды анықтауды қалыптастыру болап табылады. Сонау антикалық дәуірде мемлекет барлық қоғам өмірін реттеп отырған. Аристотель мемлекетті жақсы өмір сүру үшін көптеген тайпалар мен ауылдардың бірігуі ретінде көрген. Ежелгі гректерде мемлекетті азаматтардың барлық саналы және өнегелік мүдделерін бір жерге шоғырлау деп есептеді. Мемлекет үнемі тарихи даму үстінде болған құбылыс.

Қазіргі кезде мемлекетке сан-алуан анықтама беруге болады. Мемлекет – қоғамдағы саяси биліктің ұйымдастырылуының ерекше нысаны болып табылады. Мемлекет – қоғамның мүддесі мен еркін ресми білдіретін саяси биліктің ұйымы. Мемлекет - биліктің аумақтық ұйымдастырылуы. Мемлекет – қоғам дамуының нәтижесі. Мемлекетке бұрынғысын, қазіргіні, болашағын сипаттайтын барлық белгілерін көрсететін жалпы ұғымын беру мүмкін емес. Қоғам дамуының нәтижесінде мемлекеттің мақсаты мен міндеттері, механизмдері мен функциялары үнемі өгерістерге ұшырап отырады. Мемлекет – қоғамды реттеп отыратын институт, құрал болып табылады. Мемлекет түрлі заңдарды қабылдау арқылы қоғам өмірінің барлық салаларына, қоғамдық қатынастарға ықпал етеді. Мемлекет – ұйымдастырылған күрделі механизм. Мемлекеттің қызмет етуі үшін мемлекеттік басқару органдары қажет және оны атқаратын лауазым иелері болуы керек. Мемлекет – адами ресурстарды басқаратын ұйым. Мемлекет өз тұрғындарының әл-ауқатын көтермелеу үшін еңбек етуге жағдай жасайды, оның жүйесін қалыптастырады.

Сонымен, мемлекет дегеніміз — белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы. Егемендікке, заңдастырылған зорлықты пайдалануға монополияға ие және қоғамды басқаруды арнайы механизмдер (аппарат) арқылы жүзеге асыратын қоғамдағы саяси билікті ұйымдастырудың еркеше түрі, саяси жүйенің орталық институты.

Мемлекет адам қоғамы дамуының белгілі бір сатысында пайда болған. Адамдардың ең алғашқы ұйымдасуы рулық қоғам түрінде пайда болды. Рулық қоғам оның мүшелерінің қандас туыстығы негізінде, еңбекті қауымдасып ұйымдастыру және ортақ меншіктілік негізінде қалыптасты.

Әскери демократияның дамуы қоғамда саяси ұйымның – мемлекеттің пайда болуына әкелді. Мемлекет, бір жағынан, әскери демократияның жаңа негізде қайта құрылуы нәтижесінде, ал екінші жағынан, жаңа басқару органдарының пайда болуы нәтижесінде құрылды. Мемлекет – адам баласы бірлестігінің жаңа ұйымы. Ол рулық қауымнан мынадай белгілермен өзгешеленеді:

Мемлекеттің белгілері мыналар:

- мемлекеттің орталық және жергілікті билік органдары жүйесі болады, оған заңды, атқарушы және сот органдары, әскер, полиция жатады;
- мемлекеттің тұрғындары әкімшілік-аумақтық бірлестіктерге (облыс, аудан,...) бөлінеді (ол бірліктер әр елде түрліше аталады);
- мемлекеттің шекарасы анық белгіленген аумағы болады;
- мемлекеттің ең маңызды белгісі- оның өзге мемлекеттерден тәуелсіздігі, егемендігі; мемлекет әскерді полицияны, сотты, басқа мемлекеттік мекемелерде қызмет істейтін шенеуніктерді ұстау үшін салық жинайды;
- мемлекет заңдар және басқа нормативтік- құқықтық актілер шығарады, солардың көмегімен қоғамда тәртіп орнатады.

К. Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин мемлекет бір үстем таптың мүддесін қорғайтын құрал деп түсіндіреді. Марксистік тұрғыдан қарағанда адамзат тарихындағы мемлекеттер төрт түрге бөлінеді: құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік мемлекеттер. Мемлекет бір тарихи типтен екінші типке революция арқылы өтеді. Мемлекеттің тарихи типін белгілейтін экономикалық жағдай, жеке меншіктің түрі, сонымен байланысты қоғамның дифференциациялау процестері. 1991 жылдан кейінгі социалистік

мемлекеттерде социалистік жүйе ыдырағанмен, Куба, Солтүстік Корея, Вьетнам, ҚХР бұл жүйеден бас тартпады. Қазір мемлекетті өркениеттік критериймен бөлу кездеседі.

Жалпы айтқанда мемлекеттің мәні санқырлы, оны тек таптық не жалпы әлеуметтік деп шектеп қоюға болмайды.

3-сұрақ. Мемлекеттің механизмі және мемлекеттің функциясы

Әрбір мемлекет өзінің механизмі арқылы тіршілік етеді.

Мемлекеттің механизмі – қоғамды мемлекеттік басқаруды іске асыратын арнайы органдар мен мекемелердің жүйесі болып табылады. Мемлекеттің механизмі - ол мемлекеттік органдардың өзара байланысты жүйесі болып табылады, ол мемлекеттің алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін іске асыру құралы болып танылады. Мемлекеттің механизмі ерекше құзырлы билікке ие.

Мемлекеттік биліктің алғашқы ұйымдық нысаны және мемлекет механизмінің негізгі элементі - мемлекеттік орган болып табылады.

Мемлекеттің органы дегеніміз – заңға сәйкес өзіндік құрылымы бар, қоғамда мемлекеттік билікті іске асыруға құзыреті бар, мемлекет механизмінің өзге де бөліктерімен өзара байланыста болатын мемлекеттік аппараттың буыны, мемлекет механизмінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекет органының өзіне тән белгі-қасиеттері бар:

1. мемлекеттің барлық органдары заң негізінде құрылады;
2. мемлекет органының негізгі мәні мемлекеттік билікті жүзеге асыру болып табылады;
3. заңмен бекітілген арнайы биліктік құзыреті болады;
4. мемлекеттік қызметшілерден және құрылымдық бөлімшелерден тұрады, қажетті материалдық базасы болады.

Мемлекет органдарын келесідей етіп топтастыруға болады: мемлекеттік органның құрылуына байланысты; мемлекеттік қызметті іске асыруына байланысты; мемлекеттік органдардың сатысына қарай; өкілеттілікті жүзеге асыру тәртібі бойынша; құзыреттің мерзімі бойынша бөлінеді.

Мемлекеттік органның құрылуына байланысты – халықпен сайланатын органдар, мысалы Президент, т.б. және өзге мемлекеттік органдармен қалыптасатын органдар, мысалы Үкімет, т.б. бөлуге болады.

Мемлекеттік қызметті іске асыруға байланысты – заң шығарушы (парламент), атқарушы (үкімет, министрліктер, ведомствалар, комитеттер және т.б.), сот органдары (жоғары, жергілікті, әскери, мамандандырылған соттар және т.б.) етіп бөлінеді.

Мемлекеттік органның сатысына қарай - орталық және жергілікті; өкілеттілікті жүзеге асыру тәртібі бойынша - жеке-дара (президент) және алқалы (парламент); құзыреттің мерзімі бойынша - тұрақты және уақытша органдар етіп бөлінеді.

Мемлекеттің механизмі белгілі бір қағидаларға сүйенеді: адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы; заңдылық; демократизм; биліктің бөлінуі қағидасы; жариялылық; кәсібилілік; жауаптылық қағидалары және т.б.

Әрбір мемлекет өз алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін ол қызмет етуі керек. Мемлекеттің функциясы оның қызметінің басты бағыттары болып табылады. Мемлекет функциясында мемлекеттің шын мәні және оның қоғамдағы рөлі айқындалады. Мемлекеттің функциясы мемлекеттің негізгі міндеттеріне қарап белгіленеді және мемлекеттің функциясы осы міндеттерді жүзеге асыру құралы болып табылады.

Мемлекеттің міндеттері мен мемлекеттің функциясы өзара байланысты болғанымен, екеуі екі түрлі ұғымдар. Мемлекеттің міндетінде оның әлеуметтік тағайыны, белгілі бір тарихи кезеңдегі оның атқаратын рөлі көрсетіледі. Ал мемлекеттің функциясы болса міндеттерді орындау құралы болып табылады.

Мемлекеттің функциясы дегеніміз – мемлекет қызметінің негізгі бағыттары болып табылады, онда қоғамды мемлекеттік басқарудың мәні мен әлеуметтік тағайыны көрініс табады.

Мемлекеттің функциясы келесідей топтастырылады:

1. Мемлекет функциясы тарихи типіне қарай: таптық және жалпыәлеуметтік болып бөлінеді.
2. Мемлекет қызметінің негізгі бағыттары бойынша: ішкі (ел ішіндегі, ішкі саяси міндеттерді шешуге бағытталған) және сыртқы (халықаралық деңгейдегі, басқа мемлекеттермен қарым-қатынасты орнатуға бағытталған) деп бөлінеді.

- мемлекеттің ішкі функциясына жатады: экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдениетті, білім мен ғылымды дамыту, құқықтық тәртіпті қорғау және т.б.

- мемлекеттің сыртқы функциясына жатады: елді қорғау, бейбітшілікті қамтамасыз ету, халықаралық ынтымақтастық (мәдени, ғылыми-техникалық, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық, мемлекетаралық экономикалық ынтымақтастық), адамзаттың жаһандық мәселелерін шешу (кедейшілікпен, терроризммен күресу, демографиялық мәселелерді шешу және т.б.).

3. Мемлекеттің функциясы негізгі және негізгі емес (қосымша) етіп бөлінеді:

- мемлекеттің негізгі функциясы – мемлекеттің алдына қойған түпкілікті, маңызды мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру бойынша мемлекет қызметінің аса маңызды бағыттары болып табылады. Мемлекет саясатының маңызды мақсаттары мен міндеттеріне – экономикалық, әлеуметтік, саяси және т.б. жатады. Олар мазмұны жағынан өте ауқымды болып келеді, сондықтан да мемлекет механизмінің бірнеше буынының жұмысы арқылы іске асырылады.

- мемлекеттің негізгі емес (қосымша) функциясы – мемлекеттің негізгі функциясының құрамдас бөлігі, мемлекеттің жеке міндеттерінің орындалуына ықпал етеді, мемлекеттің нақты міндетінің орындалуы бойынша мемлекет қызметінің бағыттары болып табылады. Мысалы, жол салу, стихиялық апаттарды болдырмау және т.б.

4. Мемлекеттің функциясы тұрақты және уақытша болып бөлінеді:

- мемлекеттің тұрақты функциясы – мемлекетпен оның барлық даму кезеңдерінде жүзеге асырылатын мемлекеттің қызметі (құқық қорғаушылық, заң шығарушылық және т.б.).

- мемлекеттің уақытша функциясы – белгілі бір мерзім ішінде атқарылатын мемлекеттің қызметі (төтенше апаттардың салдарымен күресу және т.б.).

Мемлекет функциялары іс жүзінде жүзеге асырылуы үшін түрлі нысандарды қолдану көзделеді.

Мемлекеттің функциясын жүзеге асырудың екі нысаны бар: құқықтық және құқықтық емес (ұйымдастырушылық).

Мемлекет функциясын жүзеге асырудың құқықтық нысаны заңмен реттелген. Мұнда мемлекет құқық негізінде, заңи тәртіпте, заңи құралдарды қолдана отырып әрекет етеді. Құқықтық нысандарға: заң шығару, мемлекеттік басқару, сот әділдігі және т.б. жатады.

Мемлекет функциясын жүзеге асырудың құқықтық емес (ұйымдастырушылық) нысаны заңмен нақты белгіленбеген және мемлекеттік аппараттың күнделікті техникалық, шаруашылық, тәрбиелеу жұмыстарын атқарумен байланысты болып келеді. Құқықтық емес (ұйымдастырушылық) нысанға: ұйымдастырушылық-регламенттік қызмет, ұйымдастырушылық-шаруашылық қызмет және ұйымдастырушылық-идеологиялық қызмет жатады.

4 – сұрақ. Заң ғылымының зерттеу объектісі, пәні және әдісі, даму тарихы

Заң ғылымының зерттеу объектісі: мемлекет және құқық туралы мәселелер. Заң ғылымдары жүйесі қоғамдық қатынастардың дамуына байланысты өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Заң ғылымдарының жалпы теориялық бөліміне жататын мемлекет және құқық теориясының орны ерекше.

Мемлекет және құқық теориясы мемлекет пен құқықтың пайда болуы, дамуы және қызмет істеу бағыттарының жалпы заңдылығын зерттейтін ғылым.

Мемлекет және құқық теориясының негізгі ерекшелігі мынада:

- ғылым ретінде мемлекет және құқық теориясы қоғамдық құбылыстарды құрайтын пән болып табылады. Осы ерекшелігіне байланысты басқа ғылымдар саласы ажыратылады.

- саяси қоғамдық ғылым ретінде мемлекеттің саясат саласын мемлекеттің билік қызметіне байланысты қоғамдық құбылыстар мен процестерді зерттейді. Осы ерекшелігіне байланысты мемлекеттік – құқықтық қондырманы зерттейтін басқа ғылымдардан ажыратылады.

- теориялық ғылым ретінде мемлекет және құқықтың ерекше және жалпы заңдылығын және белгілерін зерттейді. Осы ерекшелігіне байланысты арнаулы заң ғылымдарынан ажыратылады.

- жалпы методологиялық ғылым ретінде мемлекеттік - құқықтық қондырманың жалпы заңдылығын түсіндіреді. Осы ерекшелігіне байланысты мемлекеттік құқықтық құбылыстарды зерттеу мәселелерін дайындайды.

Мемлекет және құқық теориясы бірнеше арнаулы қызметті атқарады.

1) онтологиялық қызметі. Бұл қызмет арқылы мемлекет пен құқықтың қалай пайда болғанын, қазіргі даму дәрежесін анықтайды.

2) гносеологиялық қызметі (таным қызметі). Мемлекет пен құқық теориясы бұл қызметті атқара отырып, көптеген таным әдістері мен тәсілдерін жасайды, мемлекет пен құқық теориясының мәнін, мазмұнын, түрлерін және басқа мемлекет және құқыққа байланысты құбылыстар мен процестерді танып біледі.

3) эвристикалық қызметі. Мемлекет және құқық теориясы тек мемлекет пен құқық ұғымдарының белгілі заңдылықтарын ашып қана қоймай, қоғам өміріндегі пайда болған жаңа заңдылықтарды зерттейді.

4) методологиялық қызметі. Мемлекет және құқық теориясының ғылыми-таным әдістерін творчестволық түрде басқа заң ғылымдары салаларында пайдаланады.

5) әлеуметтік - қолданбалы қызметі. Мемлекеттік - құқықтық құбылыстар мен процестердің қалай дамитындығын көрсетеді. Мысалы: құқықтық реформа табыс әкеле ме?, құқықтық мемлекетті қалыптастыру үшін не істеу керек? т.б.

6) мемлекет және құқық теориясының идеологиялық қызметінің маңызы зор. Ұзақ уақыт бойы мемлекет және құқық теориясы маркстік-лениндік тұрғыдан дамытылды. Қоғамның жаңа сатыға көтерілуіне байланысты бұл қызмет саласы жаңа мәнге ие болды. Қазіргі мемлекет және құқық теориясының идеологиялық қызметі - жалпы демократиялық, гуманистік идеалды қалыптастыру. Осы қызметтерге байланысты мемлекет және құқық теориясы жаңа даму жолына түсті.

7) мемлекет және құқық теориясының тәжірибелік-ұйымдастырушылық қызметі тәжірибеде теориялық-танымдық модельдерді талдап, іске асырады.

8) мемлекет және құқық теориясының болжамдық қызметі мемлекеттік-құқықтық дамудың заңдылығын ашып, статистиканы жинақтайды.

9) саяси-басқару қызметі. Мемлекет және құқықтың бұл қызметі саяси ұғымды, саяси билікті бір қолға немесе бір әлеуметтік құрылымға жинақтау үшін қажет.

Мемлекетті басқару үшін өте ірі құралдар қажет. Ол үшін ішкі және сыртқы саясаттың ғылыми негізі жасалады. Мұны тек мемлекет және құқық теориясы іске асырады.

Мемлекет және құқық теориясының барлық қызметі бір-бірімен тығыз байланысты. Олар бірін-бірі толықтыра отырып, мемлекет және құқық теориясы туралы түсінікті қалыптастырады. Жалпы ғылыми әдістер-бұл жалпылама әдістер сияқты барлық ғылыми танымды қамтый алмайды, тек оның жеке сатыларында қолданылады. Оған мыналар жатады:

а) талдау(анализ)- күрделі мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды жеке бөліктерге шартты түрде бөлу;

ә) синтез-оның күрделі жақтарын шартты түрде біріктіру арқылы зерттеу;

б) жүйелік әдіс – ондағы әртүрлі байланыс түрлерін анықтауда объектіні түгелімен ашуға бағытталады;

в) қызметтік әдіс – бірден-бір әлеуметтік құбылыстардың басқаларға деген қатынас қызметін анықтауға арналады.

3. Жеке ғылыми әдістер. Бұл мемлекет және құқық теориясының техникалық, табиғи және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми жетістіктерін меңгеру нәтижесіне байланысты қолданылатын әдістер. Оған жататындар:

1) нақты-әлеуметтік әдіс, бұл құқықтық және мемлекеттік-саяси институттар қызметін, қазіргі кездегі құқықтық реттеудің сенімділігі немесе құқықты қорғау үшін субъектілердің шын мәніндегі мінез-құлқын зерттеуге арналады. Бұл әдіске анкета толтыру, сұрау, бақылау және т.б. әдістер кіреді.

2) статистикалық әдіс, бұл әдіс мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың сандық көрсеткішін алуға мүмкіндік береді.

3) кибернетикалық әдіс, бұл әдіс мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды кибернетика ұғымдары, заңдары және техникалық құралдары жүйесінің көмегі арқылы тануға мүмкіндік береді.

4) жеке құқықтық әдістер, бұл тек заңға ғана тән әдістер. Оған жататындар:

а) формалды-заңдық әдіс. Бұл әдіске құқықты жүйелеу әдістерін, қайнар көздерін, ішкі құрылымын зерттеу тән. Мемлекетті зерттеуде мемлекет түрін, құрылымын анықтауда қолданылады.

ә) салыстырмалы - құқықтық әдіс, жалпы және арнаулы құрылымдарды анықтау мақсатында әртүрлі құқықтық жүйені салыстырып қарауға мүмкіндік береді, яғни түрлі елдердің мемлекеттік және құқық жүйесін зерттейді.

б) мемлекеттік - құқықтық реттеу әдісі. Мемлекеттер мен құқықтық құбылыстардың ұқсастығы болады, сондықтан біреуінің белгісіне қарап, екіншісінің белгісін анықтаймыз болады. Осы әдіске қарап, әртүрлі мемлекеттер мен құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін ажыратамыз.

Заңдар адамның құқықтық дәрежесін анықтайды. Құқық тек заңдардан ғана тұрмайды. Құқық дегеніміз – белгілі бір мемлекетте қабылданған және қолданылып жүрген барлық құқықтық нормалардың белгілі нормативтік құқықтық актілерді де көрсетеледі. Конституцияда, заңдарда мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілер қабылдау жөнінде өкілдік беріледі. Президент – нормативтік жарлықтар, Үкімет – нормативтік қаулылар, Министрліктер – нормативтік бұйрықтар, жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік шешімдер т.б. қабылдайды.

Тәуелсіз Қазақстанның заң ғылымы.

1991 жылы Мемлекет және құқық институты құрылды, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 2000 жылдың ақпан айынан бастап Қазақ мемлекеттік Заң академиясының ғылыми-құрылымдық бөлімшесіне айналды. Институт Қазақстан Республикасындағы құқықтық ғылым саласындағы іргелі зерттеулер бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін басты ұйым, ол елімізде азаматтық қоғам қалыптасуының, құқықтық мемлекет құрудың теориялық, ғылыми-методологиялық және қолданбалы қырларын зерттеуге ұйытқы болып, Қазақстанның заңгер ғалымдарын осы іске жұмылдырып отыр. Сондай-ақ, 1995 жылы құрылған Қазақ академиялық университеті де Қазақстанда заң ғылымының дамуына елеулі үлес қосуда. Қазақстанда білім мен ғылым саласындағы реформаларға сәйкес жаңа мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындарының ашылуы, оларда заң факультеттерінің құрылуы, арнаулы (әскери, т.б.) құқықтық оқу орындарының ұйымдастырылуы да заң ғылымы мен білімінің дамуына айтарлықтай серпін берді.

Сөйтіп, құқық туралы сөз қозғалғанда, нақты мемлекеттегі қолданылып жүрген нормативтік актілердің барлығы еске алынады. Мұның өзі – объективтік мағынадағы, яғни дербес біртұтас құбылыс ретінде өмір сүреді деген мағынадағы құқық. Құқықты субъектілердің (адамдардың) өз игілігі үшін мемлекет тарапынан кепілдік берілген белгілі бір қимыл-әрекеттерді істеу жөніндегі заңдық мүмкіндігі ретінде қолданылады. Мысалы, өмір сүру құқығы, денсаулығын сақтау құқығы, білім алу құқығы т.т.

Жорамал диктант: «Фемида»

Қоғамда өмір сүретін адамдардың өздерін ұстау ережелерінің жинтығын деп атаймыз. Адам тәртібінің конвенционалды нормалары депайтамыз. Құқықтың пайда болуыпайда болуымен байланысты. Мемлекет тарапынан заңдандырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесін деп атаймыз.

.... – мемлекеттің негізгі заңы. Нормативтік құқықтық актілерге жатады.

Дұрыс жауаптары: Этикет . Мемлекет . Құқық . Заң . Нормативтік актілер.

Әлеуметтік нормалар. Мораль.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002
5. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Егемен Қазақстанның құқы. – А.: Жеті жарғы, 1997 ж.
6. Құқықтанудан қазақша-орысша сөздік

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл

ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жоспар:

1. Құқық ұғымы. Құқықтық нормалар функциясы
2. Құқықтық нормалар түрлері

1 – сұрақ. Құқық ұғымы. Құқықтық нормалар функциясы

Құқық - мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы.

Құқық мазмұнының негізгі элементтері:

- қоғамның және адамдардың мүдде-мақсатын қорғау, орындау;
- қарым-қатынастарды реттеп, басқару;
- қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдениеттік т.б. бағытын дамытып, нығайту;
- мемлекеттік органдардың, ұйымдардың күзіретін, ара-қатынасын реттеп басқару.

Құқықтың екі түрлі түсінігі болады:

біріншісі – құқықтың объективтік түсінігі, қоғамның объективтік дамуына сәйкес жаңа қатынастардың қалыптасуы;

екіншісі – құқықтың субъективтік түсінігі объективтік қалыптасқан қатынастарды реттейтін, басқаратын нормативтік актілерді уақытында қабылдап бекіту.

Құқықтың реттеу функциясы – нормативтік актілер арқылы қоғамдық қатынастардың байланысын, орындалу жолдарын, бағыттарын анықтап отыру. Құқықтың қорғау функциясы – нормативтік актілердің қоғамдағы қарым-қатынасқа ықпалын, әсерін күшейту, жаман қатынастарға тыйым салу. Жоғарыда айтылғандай, құқық – жалпыға бірдей міндетті, мемлекет қамтамасыз ететін, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

Құқықтық норма – құқықтың бір клеткасы, қоғамдық қатынастардың жақсы дамуының үлгісі деуге болады. Ол адам істерінің, жұмысының, тәртібінің шеңберін анықтап, олардың бостандығын және қарым-қатынасын реттеп, басқарып отырады Құқық саласы өзінің пәні мен құқықтық реттеу әдістеріне ие. Құқық нормалары арқылы реттелетін біртектес қоғамдық қатынастар құқықтық реттеу пәні болып табылады.

Құқықтық нормалар - құқықтың білдірілу нысаны; қоғамдық қатынас саласындағы сол немесе басқа да мемлекетпен рұқсат етілген жалпы сипаттағы (заң, жарлық, қаулы) міндетті тәртіп.

Біртекті қатынастарды реттеп, құқық саласын құрайтын (азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық және т.б.) құқық нормасының жиынтығы.

Құқық нормалары жалпыға міндетті күшке ие, жауапкершілікті бұзған жағдайда, субъектілерге заңдық құқықтар мен міндеттерді беруді қарастырады. Құқықтық нормалардың белгілері:

1. Норма мемлекеттік органның қабылдаған, бекіткен актісі, оның заңды күші бар. Мұндай нормалар қоғамдағы тәртіптің үлгісіне айналады, өйткені ол нормаларды халықтың басым көпшілігі дұрыс орындайды.
2. Нормада субъектілердің құқығы мен міндеттері, орындалу жолдары толық әрі нақты көрсетіледі. Егер көрсетілмесе, субъектілер өз еркімен іс-әрекет етуге, тек заңға нұқсан келтірмеулері керек.
3. Норма ерікті түрде орындалмаса, мемлекет орындатуға мәжбүр етеді.
4. Құқықтық нормалардың жүзеге асырылуын, орындалуын мемлекет қамтамасыз етеді.
5. Құқықтық норма адамдардың, қоғам тәртібінің кепілдігі ретінде жұмыс істейді.

Құқықтық реттеу әдісі дегеніміз біртектес қоғамдық қатынастарды сапалы құқықтық реттеуді жүзеге асыруға көмектесетін заңдық тәсілдер. Құқықтық реттеудің негізгі әдістері:

- Императивті (тегеуірінді түрде) тыйым салу, міндеттеу және жазалауға негізделген жазбаша өкім әдісі;
- Диспозитивті әдіс рұқсат етілуге, үйлестіруге, бостандық пен теңдікке негізделген тараптардың тең құқықты әдісі

Құқықтық реттеудің қосымша әдістері:

- Көтермелейтін әдіс құрметтеуге лайықты іс әрекет үшін марапаттау әдісі;
- Ұсынылатын мемлекет пен қоғам үшін лайықты мінез құлықты жүзеге асыруға кеңес беру әдісі.

Құқық нормалары өзара үйлесімді жұмыс істеуі қажет. Осы мақсатта олар салаларға, салашықтарға және құқық институттарына бөлінеді. Мұндай құрылым құқық жүйесі деп аталады.

Құқық жүйесінің басты саласы конституциялық құқық. Конституциялық құқық мынадай мәселелерді:

Қоғам мен мемлекет құрылысының негіздерін;

Мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару ісін жүзеге асырудың тәртібін;

Адам және азамат құқығын, бостандығы мен міндеттерін реттейді.

Мемлекеттік билікті жүзеге асырумен байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастар конституциялық құқықтың пәнін құрайды.

Конституциялық құқық қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған әдістер мен тәсілдер арқылы реттейді:

- міндеттеу әдісі;
- тыйым салу әдісі;
- ерік беру әдісі;
- мойындау әдісі.

Конституциялық құқық түрлері:

- Конституция;
- конституциялық заңдар;
- әдеттегі(жай) заңдар;
- президенттің нормативті жарлықтары;
- үкімет қаулылары;
- халықаралық келісімшарт;
- басқа да құқықтық нормативтік актілер.

Құқық нормалары - мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың, барлық азаматтардың мемлекет белгілеген және ризалығын берген орындалуы

міндетті мінез-құлық ережелері. Ережелерді жүзеге асыру сендіру тәсілімен ғана емес, мемлекеттің мәжбүр ету күшімен де қамтамасыз етіледі. Оларға, мейлінше, маңызды қарым-қатынастарды реттейтін жалпыға бірдей мемлекеттік-өкіметтік бұйрықтар жатады. Құқықтың үстем нормасы ретінде Конституция қоғамдық қатынастарды, Республиканың қоғамдық құрылысы мен саясатының негіздерін баянды етеді, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін, мемлекеттің мақсаттары мен ұйымдастыру принциптерін белгілеуді қамтиды. Құқық субъектілерінің нақтырақ шеңберіндегі қоғамдық қарым-қатынастар құқықтың салалық нормаларымен реттеліп отырады. Мысалы, Еңбек Кодексі жұмыскерлер және кәсіпорын, мекемелер әкімшіліктері арасында еңбек процесі барысында қалыптасатын қатынастарды тәртіпке келтіреді.

Жеке тәртіп жағдайындағы өкімет бұйрықтарына қарағанда құқық нормалары белгілі бір адамға арналмайды. Қылмыстық Кодекстің 308-бабына сәйкес билікті немесе қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану, яғни лауазымды адамның құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғатын әрекеттер жасауы – жетекшілер мен лауазымды тұлғалардың беймәлім тобына арналады да, жалпы сипатқа ие болады. Құқықтың осы нормасына негізделген сот үкімі қылмыс жасаған нақты адамға арналған жағдайда жеке болып келеді. Құқық нормасының бір ерекшелігі онда қоғамдық қатынастардың нақты қатысушысына нені орындау керектігі немесе неден қалыс қалу қажеттігі мазмұндалады, бұның нәтижесінен туындайтын оның мінез-құлқының шектері мен аумақтары белгіленеді. Олар ұдайы әрекет үстінде болып, кез-келген сәтте және әлденеше қайталанып, қолданылуы мүмкін.

Құқықтық нормалардың құрылымы-оның құрылысы, гипотеза, диспозиция және санкция деген құрама бөліктері.

Құқықтық норманың гипотезасы – нормада көрсетілген мінез-құлық ережелерінің күшіне енуіне байланысты орынның, уақыттың немесе оқиғаның жағдайларында қолданылатын белгілі бір шарт. Мәселе, мұра қалдырушы өлген күні, ал оны өлді деп жариялағанда – соттың шешімінде көрсетілген күн мұраның айтылған уақыты деп танылады.

Диспозиция – құқықтық нормаларының негізгі бөлігі болып табылады. Онда мінез-құлық ережелері сипатталып, анықталады. Құқық пен оған қатысушылардың реттелетін құқықтық нормалары қатынастарының міндеттері белгіленеді. Мәселен, АҚ-тің 268-бабында: «Міндеттемеге сәйкес бір адам (борышқор) басқа адамның (несие берушінің) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау ақша төлеу және т.б. сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға не белгілі бір әрекеттер жасаудан тартынуға міндетті, ал несие беруші борышқордан өз міндеттерінің орындалуын талап етуге құқылы. Несие беруші борышқордан атқарылғанды қабылдауға міндетті» делінген.

Санкция – құқықтық норманың қорытынды бөлігі, диспозициядағы әрекетті жасағаны үшін немесе әрекетсіздігі үшін жауапкершілік өлшеміне ие. Бұл мінез-құлық ережесін сақтамаудан немесе құқық нормасы белгілеген шектен шығып кетуден болатын салдар.

Санкциялар (қылмыстық-құқықтық, әкімшілік, тәртіптік, мүліктік) қылмыстар, әкімшілік жазықтылық, азаматтық құқық қарым-қатынасындағы субъектілердің тәртіптік, мүліктік және оларға байланысты мүліктік емес қарым-қатынасы үшін қолданылады. Бұйрықтар мазмұны немесе диспозиция сипаты бойынша құқық нормалары императивтік және диспозитивтік болып бөлінеді.

Императивтік нормаларда үзілді-кесілді, бұйрық нысанында нақты талаптар қойылады. Мәселен, АҚ-тің 208-бабында: «Егер міндеттемелердің осы түрі немесе осындай құқық бұзушылық үшін жауапкершілік мөлшері заңмен белгіленген болса, қосылу шарты бойынша немесе тұтынушы ретіндегі азамат несие беруші болып табылатын өзге шарт бойынша борышқордың жауапкершілік мөлшерін шектеу жөніндегі келісім жарамсыз болады» деп көрсетілген. Көрсетілген норма императивті, өйткені ол тараптардың жауапкершілікті шектеуін болғызбайтын келісім жағдайын анықтайды. Құқық салаларының

азаматтық, еңбек, қылмыстық, әкімшілік және басқа да салаларының нормалары осындай болуы мүмкін.

Диспозитивтік нормаларда тараптардың мәселені өздері шешуіне мүмкіндік беретін диспозиция салыстырмалы түрде белгілі бір ережелерді қамтиды. Әйтпесе, құқық нормасында көзделген бұйрық күшіне енеді. АҚ-тің 270-бабында «1.Тараптар (борышқор мен несие беруші) және үшінші жақ міндеттемеге қатысушылар болып табылады. 2.Үшінші жақ ретінде міндеттеме тараптарының біреуіне міндеттемелер немесе өзгеде құқық қатынастары арқылы байланысты жақтар қатысады.3.Міндеттеме үшінші жақ үшін міндеттер туғызбайды. Заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген реттерде міндеттеме үшінші жақтар үшін міндеттеменің бір немесе екі тарапына қатысты құқықтар туғызуы мүмкін» деп көрсетілген.Демек, бұл норма тараптарға мәселені ең алдымен дербес шешуге мүмкіндік береді. Егерде жалға алушы өз талаптарын мұндай жолмен қанағаттандыра алмаса, осы нормада көзделген ереже күшіне енеді. Диспозитивтік нормалар тараптардың белсенділігін ұштайды, оларда құқық демократизмі, мейлінше айқын көрінген. Құқық тәртібін нығайту ісінде құқықтың регулятивтік және құқық қорғау нормаларының айырмашылықтары бар.

Регулятивтік нормалар құқықты анықтап, қоғамдық қатынастардың қатысушыларына міндеттер жүктейді.Оған мәселен, Конституцияның 34-бабында Республиканың әрбір азаматы Конституциясы мен заңдарын сақтап, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын,абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті екендігі жазылғаны жатады. Яғни, жоғарыда аталған міндеттер Республиканың барлық азаматтарына тікелей жүктеледі.

Құқық қорғау нормалары құқықтық жауапкершілік өлшемдерін, қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқықтарын қорғау өлшемдерін анықтайды. Құқық нормаларын қолдануға, яғни әрекет жасаудың мәжбүр ету шараларын жүзеге асыруға бағытталған.Құқық сақтау нормаларына, сондай-ақ, жасалған қылмыс үшін ҚҚ-тегі қылмыстық жазалау шаралары көрсетілген баптары да жатады.

Құқық нормаларының қолданылу уақытының басталуы оның күшіне енуімен анықталады. Ол нормативтік актіде көрсетілген сәттен бастап күшіне енеді, ол жоқ жағдайда заң жарияланған сәттен кейінгі он тәулік ішінде күшіне енеді деп есептеледі. Президенттің қаулылары мен жарлықтары,Үкімет қаулылары мен жарлықтары, Үкімет қаулылары олар қабылданғаннан немесе бекітілгеннен кейін дереу күшіне енеді.құқық нормасы оны алып тастағаннан, басқамен ауыстырғаннан немесе мерзімі біткеннен кейін өз әрекетін тоқтатады.

Жаңа заңға сәйкес қайсыбір қоғамдық үшін жауапкершілікті күшейту жағдайында заңның кері күші мен терістеу құқықтың жалпы маңызды принципі болып табылады. Конституцияда жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін заңның кері күші болмайды деп атап көрсетілген.Конституцияның 77-бабында: «Егер құқық бзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетсе, жаңа заң қолданылады» делінген. Сонымен, біздің құқығымыз бойынша, құқықтық жауапкершіліктің жазасын жеңілдететін немесе жоққа шығаратын заңның кері күші болады.

Кеңістіктегі құқық нормасы әрекеті деп осы норма жүзеге асырылатын аумақ ұғынылады және бұл бәрінен бұрын заңды немесе басқадай нормативтік актіні басып шығаратын органға байланысты.

Республикалық органдар шығарған құқық нормалары еліміздің барлық аумағында қолданылады. Жергілікті өкімет пен басқармалардың нормативтік актілері облыстың, ауданның тиісті аумақтарында күшке ие. Белгілі бір аумақта ғана (мысалы, табиғи жағдайларды ескере отырып, еңбек ақыға үстеме көзделген Ақмола облысы) күші бар нормативтік-құқықтық арнайы актілер болады.

Құқық нормасы белгілі бір адамдарға ғана өз әрекетін жүргізуі мүмкін. Осыған байланысты оның кеңістіктегі және тиісті адамдарға қатысты әрекеті көбінесе өзара тығыз байланысты: біздің заңымыз мемлекетіміздің барлық аумағында және барлық азаматтарға, басқару органдарының лауазым иелеріне,шетелдіктерге, азаматтығы жоқтарға жүруі мүмкін.

Мысалы, ҚР Еңбек Кодексінің 237-бабына орай жасы заңда көрсетілгенге жеткен жұмыскерлер ғана қартайғандығына байланысты берілетін зейнетақы құқығына ие. Әлбетте, жеткілікті ойластырылған нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануы, басылуы мейлінше, маңызды болмақ. Алайда, мемлекетің тапсырмаларын орындау, олардың функциясын жүзеге асыру аз жағдайда оларды өмірге енгізуге, яғни құқық нормаларын жүзеге асыру пәрмені мемлекеттік және қоғамдық органдар мен ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың қызмет әрекетіне байланысты болмақ. Әңгіме құқықтық актінің күшін практикалық жағдайда жүзеге асыру туралы болып отыр. Құқық нормаларын сақтау олармен тыйым салынған әрекеттерден қалыс қалуды білдіреді. Мысалы, АҚ-тің 564-бабы Республикамыздың аумағында құрылысымыздың негізіне қайшы келсе, шетел заңы қолданылмайтынын белгілейді.

Құқық нормаларын атқару дегеніміз-тиісті міндеттеріне сәйкес құқық нормаларының күшін орындауға бағытталған белсенді әрекеттерді жасау.

Құқық нормаларын пайдалану дегеніміз-нормада көзделген құқықтарды (медициналық, дәрігерлік қызметті, білімді тегін алу, еңбек, демалыс және т.б.) өмірге енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Құқық нормаларын пайдалану дегеніміз-нормада көзделген құқықтарды (медициналық, дәрігерлік қызметті, білімді тегін алу, еңбек, демалыс және т.б.) өмірге енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Құқық нормаларын қолдану дегеніміз-нақты адамға, құқық субъектісіне тиісті мемлекеттік органдардың практикалық қарым-қатынасында жүзеге асырылатын құқық нысаны. Бұл жағдайда өз өкілеттігін жүзеге асыру тәртібінде мемлекеттік органдардың практикалық қарым-қатынасында жүзеге асырылатын құқық нысаны. Бұл жағдайда өз өкілеттілігін жүзеге асыру тәртібінде мемлекеттік органдардың нақты қызметіндегі құқық нормаларын жүзеге асырудың маңызы зор. Бұл жағдайда құқық белгілі бір субъектіге арналып, жекешеленген (нормативтік емес) сипатқа ие болады. Осындай жолмен, мысалы, қаралған істер бойынша сот органдары үкім, шешім шығарады, әкімшілік органдары айып тартқызып, құқықты бұзған адамдарға әкімшілік тұрғыдан жаза қолданады, сондай-ақ құқық нормасын қолданудың басқада актілерін-бұйрықтар, өкімдер және т.б. шығарады.

Олар нақты іске асқаннан кейін ғана жүзеге асырылды деп есептеледі. Сот шығарған үкім орындалғаннан кейін ғана жүзеге асырылды деп есептеледі. Сот шығарған үкім орындалғаннан кейін ғана, ал тиісті басшылар берген бұйрық ол орындалғаннан кейін ғана жүзеге асты деп есептеледі.

Құқықтарды қолдану актілері оның нормалары талаптарынан туындап, дәлме –дәл сәйкестікпен шығарылуы тиіс. Осыған байланысты әрбір нақты жағдайда қолдану үшін құқықтардың тиісті нормаларын дәл тандап алудың маңызы зор. Нормаларды жүзеге асырудың маңызды нысаны тиісті қоғамдық қатынастарды реттеу болып табылады.

Құқық нормаларымен реттелген қатынастар-құқықтық қатынастардың өзі.

Құқықтық қатынастар мен құқық нормалары арасында екі жақтан да тығыз байланыс болады. Құқық нормаларын өмірге енгізу құқық қатынастарында нақтыланып, ол қатынастардың белгілі бір субъектілерінің құқықтық субъектілеріне және заңдық міндеттеріне айналады.

Құқықтық қатынастардың субъектісі заң бойынша өзіне заңгерлік міндеттерді, нақты алғанда, мемлекеттік және жеке міндеттерді қабылдап, құқықты болу қабілеті берілген жеке немесе заңды тұлға болып табылады. Құқықтың ерекше субъектісі-мемлекеттің өзі.

Сөйтіп, құқықтық қатынастар қатысушыларының (субъектілерінің) мінез-құлқында жүзеге асырылып, құқық нормасының талаптары өзінше өмірге енгізіледі. Олар субъект құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігін табады. Мысалы, мүлікке иелік ету немесе басқа адамнан міндеттерді талап ету (уақытша пайдалануға берілген затты мерзімінде қайтару) құқықтары. Ақырында, құқықты қорғау үшін қажетті жағдайларға тиісті мемлекеттік орындарға сотқа жүгінуге болады. Құқықтық қатынастардың қатысушыларының әрекеті құқық нормаларының қағидаларына сәйкес келсе, олар заңды деп, ал егер талаптарға қиғаш

жасалса, заңсыз, яғни заңға қайшы деп бағаланады. Құқықтық қатынастар субъектілері құқық қабілетіне, яғни нақты құқықтар мен міндеттерге ие болады.

Құқық қатынастарының мазмұнын құқықтық қатынастары субъектілерінің құқықтары мен міндеттері құрайды. Субъективті құқықтары мен міндеттері құрайды. Субъективті құқықтар мен заңды міндеттемелер бағытталған заттар, басқа да игіліктер, сондай-ақ әрекеттер құқық қатынастарының объектісі ретінде мойындалады. Бұл, жекелей алғанда, ождан, есім, мүліктік емес игілік, заттар, жалдаушының белгілі бір жұмыстарды атқаруы және т.б.

Құқықтық қатынастардың тууына, өзгеруіне және тоқтатылуына белгілі бір жағдайлар себеп болуы мүмкін. Құқықтық норманың болжамымен байланыстығы өмірлік шарттар субъективті құқықтар мен нақты құқықтың субъектілерінің міндеттемелерінің пайда болуы, өзгеруі және тоқтауы заңды фактілер деп аталады. Оларға: оқиғалар (азаматтың өлімі, шарт мерзімінің бітуі және т.б.), заңды әрекеттер (мәмілелер, әкімшілік актілер), құқық бұзушылық (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, құқықтық, тәртіптілік) жатады.

Құқықтық нормалар құрылымына енеді:

Долбар	Диспозиция	Санкция
Тәртіп ережелерінің қарастырылған нормалары әрекет ететін жағдайларды сипаттайтын нормалардың бір бөлігі. Диспозиция қашан басталады, аяқталады, нормативтік кесім қалай орындалуы керек, осы жағдайларды көрсетеді	Тәртіп ережелерінің өзін сипаттайды. Қатынас мазмұны мен субъектілердің құқығы мен міндеттерін көрсетеді	Нормаларды орындамау салдарын қарастырады. Құқықтық норманың диспозициясы бұзылған жағдайда қолданылатын жағымсыз шараны көрсететін құқықтық норманың бөлшегі.

2 – сұрақ. Құқықтық нормалар және оның түрлері

Құқықтық нормалар бірнеше түрге бөлінеді:

1. Қоғамның әр саласына қарай өндірістік, ауылшаруашылық, құрылыс, мәдениет, экономика, әлеуметтік, білім, ғылым т.б. бағыттағы нормалар;
2. Құқықтың әр саласына қарай мемлекеттік, әкімшілік, қаржы, еңбек, отбасы, азаматтық, қылмыстық, азаматтық-процессуалдық, қылмыстық-процессуалдық, т.б. саладағы нормалар;
3. Атқаратын жұмысына қарай нормалар екіге бөлінеді: **реттеуші нормалар, қорғаушы нормалар;**
4. Мазмұнына қарай нормалар үшке бөлінеді: **міндеттеуші, тыйым салушы, ерік беруші нормалар;**
5. Мамандандырылған құқықтық нормалар – қоғамның мамандық салаларының қарым-қатынасын реттеп, басқаратын нормалар. Мысалы, азаматтық, қылмыстық, заңгерлер, дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер бағытындағы нормалар және т.б.

Құқық дегеніміз адамдардың өміріне қалыпты жағдайлар туғызуға, қоғамның барлық бағыттарда дамуын заңдық жағынан қамтамасыз етуге тиісті мемлекеттік қуатты құрал болып табылады. Құқық тек жұртты жазалау үшін, оларға күштеу шараларын қолдану т.с. үшін қажет деп ойлау дұрыс емес. Азаматтар өздеріне берілген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланғанда, құқық нормаларының талаптарын орындағанда, мемлекеттік органдар құқық нормаларының талаптарын бұзған адамдарға шара қолданып, тиісінше жазалап отырғанда, құқық нақты іс жүзіне асқан болып табылады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002

5. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Егемен Қазақстанның құқы. – А.: Жеті жарғы, 1997 ж.

6. Құқықтанудан қазақша-орысша сөздік

Қосымша әдебиеттер:

2. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл

3. [Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.](#)

«ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСУ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ» Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы

ҚР – ТӘУЕЛСІЗ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Жоспар:

1. Құқықтық мемлекеттің түсінігі және қағидалары
2. ҚР– ның тәуелсіз, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы

1-сұрақ. Құқықтық мемлекеттің түсінігі және қағидалары

Құқықтық мемлекеттің түсінігі және қағидалары. Құқықты мемлекет - бұл адам мен азаматтың құқықтар мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы.

Құқықтық мемлекет - тек парасаттылықтың, әділеттіліктің шынайы белгісі ғана емес, сонымен бірге адамның бостандығын, қадір-қасиетін, ар-намысын, теңдігін қорғайтын, демократияны қалыптастыратын күш. Құқықтық мемлекет екі жақты жауапты объективтік процесс. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру, дамыту адам қоғамының көне заманнан негізгі мақсаты болды. Көне дәуірдің ойшылдары: Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Цицерон құқық пен мемлекеттің өзара қатынасын инабаттылық, парасаттылық, әділеттілік жолмен дамуын армандады. Аристотель: Заң үстемдігі болмаса демократия жоқ - деді. Феодалдық дәуірде Н. Макиавелли, Ж. Боден т.б. саяси қайраткерлер құқықтық мемлекет орнату төңірегінде біраз пікірлер айтып кетті. Құқықтық мемлекет орнату концепциясына пікір айтып өте зор үлес қосқан атақты ғалымдар ретінде мына азаматтарды айтуға болады: Г. Гроцкий, Б. Спиноза, Д. Локк, Ш. Монтескье, Д. Дидро, П. Гольбах, Т. Джефферсон, Вольтер, Гельвеций, Кант, т.б. Гроцкий - қоғам тарихында қалыптасқан құқықты екіге бөлді: табиғи құқық - адамды қоршаған ортаның әсерінен және жеке адамның өзінің ақыл, парасаттылығынан қалыптасатын құқықтар; екіншісі - мемлекеттің қабылдаған нормативтік актілер арқылы ешкімге зиян келтірмей орындауға тиіс. Мемлекет қоғамдық жалпы халықтық шарт арқылы өмірге келді деп түсіндірді. Монтескье — мемлекет адамдардың саяси және азаматтық бостандығын, теңдігін қатаң орындауы керек. Сонда ғана құқықтық мемлекет болады. Локк - Маркс құқықтың мазмұнын өте дұрыс, ашық түсіндірді. Мемлекет адамдардың құқықтарын қорғау үшін қалыптасты. Құқықтық мемлекеттің негізгі мазмұны халықтың табиғи бостандығын, теңдігін қорғау. Кант — құқықтық мемлекеттің философиялық негізін ғылыми тұрғыдан зерттеді. Мемлекеттік жұмыстың өзекті мәселесі жеке адамның қадір-қасиетін, ар-намысын, бостандығын, теңдігін қорғау, адамның қоғамда үстемдігін қалыптастыру деп түсіндірді. Гегель - қоғамдық ғылымдардың негізгі бағыттарының бірі құқықтық философия. Мемлекет дегеніміз жан-жақты дамыған құқық деп түсіндірді. Азаматтық қоғам құқық арқылы адамдардың мүдде-мақсатын қорғайды. Мемлекет құқықпен моральдың бірлестігін дамытып халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты жақсартуы.

Маркс — құқық пен мемлекетті қоғамның таптық құрылысына сәйкес қараған. Таптар жойылса құқық пен мемлекет те жойылады. Бұл процесс қоғамда құқықтық мемлекет қалыптасып, бостандық орнаумен аяқталуға тиіс. Бостандық - Маркстің ұғымында, қоғамдағы мемлекеттің үстемдігін жойып, оны қоғамға бағындырып, халықтың мүдде—мақсатын орындайтын органға айналдыру. Сонда ғана құқықтық мемлекет болады.

Құқықтық мемлекеттің мәнін қарастыруда оның негізгі екі жағын (екі негізгі қағиданы) бөліп қарастыруға болады:

1) мазмұнды жағы - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мейлінше толық көлемде қамтамасыз етуден тұлға үшін құқықтық ынталандыру режимін орнықтырудан көрінеді;

2) формальды-заңды жағы - мемлекеттік билікті құқықпен байланыстырудан, мемлекеттік құрылымдар үшін құқықтық шектеу режимін орнықтырудан көрінеді.

Құқықтық мемлекеттің мазмұнының негізгі талаптары:

1) Құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның объективтік даму процесіне сәйкес ескіріп, жаңарып жататын көп қырлы құбылыс. Бұл мемлекетте адамның толық егеменді болуы қажет, олардың мемлекеттің билік жүргізетін органдарын құруға қатысуы заңды түрде бекітілуі керек.

2) Құқықтық мемлекеттің экономикалық негізі - өндіргіш күш пен өндірістік қатынас және көп меншіктік шаруашылық арқылы дамуы. Құқықтық мемлекетте меншіктің басым көпшілігі - өндіруші мен тұтынушылық билігінде болуы қажет. Бұл билік шаруашылықтың жақсы, сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін оларға толық бостандық беруі керек. Сонда ғана қоғамның әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеруге, нытайтуға болады.

3) Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік негізі — өзін-өзі басқаратын азаматтық қоғамда адамдардың бостандығын, теңдігін қамтамасыз етіп, олардың жақсы еңбектенуіне, дұрыс жұмыс жасауына мүмкіншілік беру. Қоғамның әлеуметтік жағдайының жақсаруы құқықтық мемлекеттің нығаюы. Бұл екі процесс бір-бірімен тығыз байланысты. Құқықтық мемлекет сонымен бірге әлеуметтік мемлекет.

4) Құқықтық мемлекеттің моральдық негізі - гуманизм, әділеттік, бостандық, теңдік, адамдардың қадір-қасиетінің, ар-намысының деңгейі. Осы жоғары дәрежедегі принциптер болса құқықтық мемлекет болады. Өйткені мұндай қоғамда адамдардың рухани сана-сезімі де жоғары дәрежеде болады.

5) Құқықтық мемлекеттің саяси негізі — халықтың, ұлттық тәуелсіздігін қалыптастырып қоғамдық билікті жан-жақты дамытып, адамдардың бостандығын, теңдігін қорғап, әділеттікті, демократияны орнату, қарым-қатынастарды реттеп басқару. Міне қоғамның осы негіздеріне сүйене отырып құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік қалыптасады.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілеріне келетін болсақ, олар мыналар:

- мемлекеттік билікті үш түрге бөлу, олардың ара қатынасын қатаң сақтау; азаматтық қоғамның қалыптасуы;

- қоғамда жоғары дәрежеде құқықтық мәдениеттің қалыптасуы, адамдардың рухани сана-сезімінің жақсы дамуы;

- мемлекеттік аппараттың, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жеке адамдардың өмірдегі қарым-қатынастарда өзара жауаптылығы;

- қоғамның экономикалық, әлеуметтік бағытында әділеттікті, теңдікті қамтамасыз ету үшін антимонополиялық органның қызметін қатаң бақылау;

- қоғамның ішкі құқық нормалары мен халықаралық құқықтың өзара қатынасын бақылап, жақсартып отыру;

- қоғамда заңның үстемділігін орнату, азаматтық қоғамды қалыптастыру.

Саяси биліктің үш тармаққа бөлінуі.

Құқықтық мемлекет теориясындағы аса маңызды мәселелердің бірі - биліктерді бөлу қағидатын құрушылар Дж. Локк пен Ш.Монтаскье болып табылады. Ш.Монтаскье: «Белгілі бір жағдайда түрлі биліктер бір-бірін өзара ұстап тұратын тәртіптер жүйесі қажет» деп дәлелдеді. Г.Едлинек құқық және заңның үстемдігі идеясын алдыға тарта отырып, сонымен

қоса мемлекеттің өзін-өзі шектеу теориясын ұсынды. Орыс заңгерлері Н.М.Коркунов, П.И.Новгородцев, Г.Ф.Шершеневичтердің еңбектерінде құқықтық мемлекет тақырыбы құқықтық мемлекетті шектеу тұрғысынан қарастырылды. Жоғарыда айтылған идеялар негізінде кейінде төмендегідей белгілерімен ерекшеленген құқықтық мемлекет концепциясы құрылды:

1. Өркениеттің тұрақты дамуының кепілі ретіндегі азаматтық қоғамның — автономиялық, егемен, ерікті тұлғалар одағының және құқықтық мемлекеттің өмір сүруіне қажетті жағдайдың болуы.

2. Мемлекеттің құқықпен байланыстылығы, ол:

а) мемлекеттің құқыққа қайшы келетін заңдарды шығаруға құқығы жоқ,

ә) мемлекет те, азаматтар да қабылданған заңдарды бірдей орындауға міндетті дегенді білдіреді.

3. Мемлекеттік билікті ұйымдастырған кезде билікті бөлу қағидатын іске асыру. Соған сәйкес мемлекеттік биліктің қалыпты өмір сүруі үшін оның ішінде салыстырмалы түрде бір-біріне тәуелді емес мынадай биліктер болуы тиіс: парламентке тиесілі заң шығарушы, үкіметке тиесілі атқарушы, сотқа тиесілі соттық. Мұндай бөлудің мәні биліктің бір тұлғаның немесе адамдар тобының қолында жинақталып қалуына жол бермеу, сөйтіп тирандық және авторитаризмнің алдын алумен негізделеді.

4. Заңның үстемдігі қағидатын сақтау. Бұл жоғары заң күшіне ие және мемлекеттің нормативтік құқықтық актілерін құрайтын Конституция негізгі заң болуы тиіс дегенді білдіреді.

5. Құқықтық мемлекетте сот әділеттің және шынайы сот төрелігінің салтанат құратын органы болуы керек. Сот— қандай да бір ықпалдан тәуелсіз қорғау және бұзылған құқықтық жағдайды қалыпқа келтіретін орган.

Құқықтық мемлекет — бұқаралық билікті жүзеге асыру формасы, бұл жағдайда азаматтардың саяси ұйымы құқық және заңның үстемдігі негізінде жүргізіледі, әрбір тұлғаның құқықтары, бостандықтары және міндеттерін қорғау және қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Биліктің тармақтарға бөлінуі құқықтық мемлекеттің қағидасы ретінде

Биліктің тармақтарға бөлінуі құқықтық мемлекеттің қағидасы ретінде. Бұл қағиданы алғаш рет Д. Локк пен Ш. Монтескье ұсынған болатын. Қағиданың басты талабы - саяси бостандықты бекіту, заңдылықты қамтамасыз ету және белгілі бір әлеуметтік топтың, мекеменің немесе жеке тұлғаның билікті асыра пайдалануын болдырмау үшін мемлекеттік билікті заң шығарушылық (халық сайлайтын және қоғамды дамытуды заңдар қабылдау жолымен жүзеге асыруға бағытталған), атқарушылық (биліктің өкілдік органы тағайындайтын және заңдар мен оралымдық-шаруашылық қызметті жүзеге асырумен айналысатын) және сот (бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің, кінәлілерді әділетті түрде жазалаудың кепілі болып табылатын) биліктері деп бөлу қажет. Және осы әр бір билік түрлері дербес және бір-бірін тежей отырып, өз функцияларын органдардың ерекше жүйесі арқылы және арнайы нысандарда жүзеге асыруы тиіс.

Конституцияда бекітілген «тепе-теңдік және тежемелік жүйесі» заң шығару, атқарушы, сот билігінің нақты бір билік түріне қатысты құқықтық шектеулерінің жиынтығын білдіреді. Мысалы, заң шығару билігіне қатысты тежемелік жүйесінде ерекше рөлді Президент иеленген, ол заң шығарушыға қатысты вето құқығын иеленеді: атқарушы билікке қатысты тежемелік сипатта болып президент өкілеттіктерінің мерзімі, импичмент, сенімсіздік вотумы, атқарушы органдардың жауапты қызметкерлеріне заңшығару-шылық құрылымға сайлануға тыйым салу, коммерциялық қызметпен айналысу табылады; сот билігі үшін конституцияда көрініс тапқан құқықшектеуші құралдар болып мыналар табылады: кінәсіздік презумпциясы, қорғану құқығы, азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі, іс жүргізудің жариялылығы мен жарыспалылығы, соттарға отвод жариялау және т.б.

Мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі

Мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі құқықтық мемлекеттің дербес қағидасы болып табылады. Бұл саяси билікті шектеудің өзінше бір тәсілі, ол саяси биліктің иесі ретіндегі мемлекет пен оны жүзеге асырудың қатысушысы ретіндегі азаматтың арасындағы қарым-қатынастардың адамгершілік-заңды бастамаларын көрсетеді. Қоғам мен тұлғаның бостандығын заңшығарушылық нысанда бекіте отырып, мемлекет өз шешімдері мен әрекеттерінде белгілі бір шектеулерді иеленеді. Заң арқылы ол өзінің азаматтармен, қоғамдық ұйымдармен, басқа мемлекеттер-мен қарым-қатынастарындағы әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз ететін міндеттемелерді өз мойнына алуы тиіс.

Құқыққа бағына отырып, мемлекеттік органдар ондағы ерсжелерді бұза алмайды және осы міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылады. Заңның мемлекеттік билік үшін міндеттілігі әкімшіліктік қателіктерді болдырмауға бағытталған кепілдіктер жүйесімен қамтамасыз етіледі. Оларға Үкіметтің өкілдік органдардың алдындағы жауапкершілігі, мемлекеттің кез-келген деңгейдегі лауазымды тұлғаларының нақты бір тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзғандығы, билікті асыра пайдаланғаны, қызметтік жағдайын асыра пайдаланғаны үшін тәртіптік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілігі, импичмент және т.б. жатады.

Жалпы қауымның мемлекеттік құрылымдардың өз міндеттерін орындауды бақылауының нысандары болып референдумдар, депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беруі және т.б. табылады.

Тұлғаның мемлекет алдындағы жауапкершілігі де дәл осы құқықтық бастамалармен негізделеді. Мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану құқықтық сипатта болуы, ол тұлғаның бостандығын бұзбауы және жасалған құқықбұзушылықтың ауырлығына сай болуы тиіс. Сонымен, мемлекет пен тұлғаның арасындағы қарым-қатынастар өзара жауапкершіліктің негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекет пен қоғамның өзара қатынасы

Қоғам - бұл, кең мағынада, адамдардың бірлескен қызметінің тарихи қалыптасқан нысандарының жиынтығы немесе, тар мағынада, әлеуметтік жүйенің тарихи нақты типі, қоғамдық қатынастардың белгілі бір нысаны.

Мемлекет - бұл саяси биліктің саяси-аумақтық, егеменді түрде ұйымдастырылуы. Қоғам мен мемлекет - әртүрлі түсініктер. Біріншісі екіншісіне қарағанда кең болып келеді, себебі, қоғамда мемлекетпен қатар мемлекеттік емес құрылымдар да (саяси партиялар, саяси қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, еңбек ұжымдары және т.б.) болады. Мемлекет қоғамның саяси бөлігі, элементі болып табылады.

Мемлекет қоғамда орталық орынды және басты рөлді иеленген. Мемлекеттің сипаты бойынша бүкіл қоғамға. Оның мәніне сипаттама беруге болады. Мемлекет қоғамға қатысты оның істерін шешу, басқару құралы рөлін атқарады. Қоғам мен мемлекеттің хронологиялық шектері де әртүрлі болып келеді: біріншісі екіншісіне қарағанда ерте пайда болған және бай даму тарихына ие. Дамыған қоғамның негізінде пайда болған мемлекет оған қатысты салыстырмалы түрдегі дербестікті иеленеді.

Азаматтық қоғамның түсінігі және құрылымы

«Азаматтық қоғам» түсінігін Аристотель, Цицерон, Гроций, Т. Гоббс, Дж. Локк, Гегель, Маркс және т.б. ойшылдар қалыптастырған. Барлық ғалымдар азаматтық қоғамдағы негізгі идея ретінде адам идеясын таниды. Азаматтық қоғам - адамгершілік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасы институттары мен қатынастарының жиынтығы, солардың көмегімен жеке тұлғалар мен топтардың мүдделері қанағаттандырылатын қоғам. Азаматтық қоғам ғылыми тұрғыдан өте аз зерттелген. Оның себебі ғалымдар азаматтық қоғам мен мемлекеттің мазмұны ұқсас деп түсініп келді. Расында ұқсастық бар, бірақ та айырмашылық басым. Адам қоғамының қалыптасқанына 1,5 млн. жыл өтті, ал мемлекеттің өмірге келгеніне 6 мың жыл ғана болды. Мемлекет қоғамның санқырлы көрінісінің бір ғана нысаны. Қоғам туралы ой-пікірлер көне дәуірде де болды, ал "азаматтық қоғам" толық мағынада бұл ұғым өмірге тек XVIII ғасырда келді. Басында азаматтық қоғам деп меншік, отбасы, рынок, мораль салаларындағы қатынастарды түсініп келді. Мемлекет бұл қатынастарға толық бостандық

берді. Гегельдің ойынша, азаматтық қоғам - жеке меншіктің, діннің, отбасының, моральдық т.б. талаптарын іске асырудың жүйесі. Азаматтық қоғамда әр адам өз мүддесін көздейді, басқаларды көрмейді... Басқаларсыз ол өз мүддесін іске асыра алмайды -деген Гегель. К. Маркстің пікірі — бір саяси жүйені алып мазмұнына қарасаң ол азаматтық қоғамның санқырлы көрінісінің бір нысаны болып шығады.

Гегель мен Маркс тағы басқа ғалымдар азаматтық қоғамды зерттеп, құнды теориялық ғылыми мұра қалдырды. Зерттеулер негізінде азаматтық қоғамның мазмұны туралы төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- экономикалық бостандық, әр түрлі меншік, нарықты қатынас;
- адамдардың табиғи бостандығы мен құқықтарын қалыптастырып, қорғау;
- заң үстемдігі, демократиялық билік;
- ақпаратқа бостандық беру, плюрализм;
- заңның, соттың алдында адамдардың теңдігі болу;
- таптық, ұлттық бірлік, достық, келісім болу;
- адамдардың әлеуметтік жағдайын, денсаулығын жақсарту, мәдени, рухани білімін, саяси санасын көтеру, құқықтық мәдениеттің дамыту.

Азаматтық қоғамның құрылымы - қоғамды өзінің табиғи мүдде-мақсаттарына сәйкес құрушы, реттеп-басқарушы - адам. Адам - қоғам құрылымының негізгі элементі. Адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары, еңбек ұжымдары, саяси партиялары, мемлекет, олардың ара қатынастары — азаматтық қоғамның элементтері. Қазіргі Қазақстанның азаматтық қоғамын бес жүйеге бөлуге болады: әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани-мәдени және ақпараттық жүйелер:

Әлеуметтік жүйе - объективтік тұрғыдан қалыптасқан адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары т.б., олардың өзара байланысы бұл жүйеге азаматтық қоғамның ең негізгі ұйымдастырушы жүйе, өзі үш топқа бөлінеді: бірінші тобы — қоғамның үзіліссіз өмір сүру негізін жасаушы, дамытушы топ: отбасы, бала тәрбиелеу, табиғи өмірді жалғастыру; екінші тобы — адамдардың өзара, бір-бірімен байланысы, қатынасы; үшінші тобы — қоғамдық ұйымдардың, таптардың, топтардың, ұлттардың ара қатынастары.

Экономикалық жүйе — қоғамдағы меншіктің түрлері, өндіруші күш пен өндірістік қатынастар, материалдық кірісті әділ бөлуді қалыптастыру. Бұл жүйенің құрылым элементтері: жеке, муниципалдық, акционерлік, кооперативтік, мемлекеттік, фермерлік меншіктер мен шаруашылықтар және қоғамдық кірісті, байлықты әділ бөлу.

Саяси жүйе — мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар, депутаттар, т.б., олардың ара қатынастары. Оның ішінде ең күрделісі мемлекеттік билікті іске асырудағы қатынастар. Қатынастардың даму процесінде субъектілерге бостандық берілуге тиіс. Күштеу тек заңдылықты, тәртіпті бұзса ғана қолдануы қажет.

Рухани-мәдени жүйесі - осы бағыттағы мемлекеттік, қоғамдық органдар мен ұйымдар, олардың ара қатынастары. Бұл жүйенің негізгі бағыттары: білім, ғылым, мәдениет, рухани сана-сезім, дін, адамдардың денсаулығы.

Ақпараттық жүйе - осы ақпараттық бағыттағы барлық ұйымдар, бірлестіктер, мемлекеттік органдар, саяси партиялар, олардың жұмыстары мен ара қатынастары. Бұл бағытта іс-әрекеттерге толық бостандық берілуі қажет.

Осы көрсетілген азаматтық қоғамның жүйелерінің жақсы, сапалы дамуына зор маңызды үлес қосатын мемлекет пен құқық, қоғамдық ұйымдар мен партиялар және қоғамдағы демократияның жоғарғы дәрежеде болуы.

Азаматтық қоғамның белгі - нысандары:

- адамдардың экономикалық, әлеуметтік, саяси бостандығы мен құқықтарының қамтамасыз етілуі;
- қоғамда бостандықтың, жариялылықтың болуы, ақпараттың жұмысына азаматтардың қатысуы, ішкі-сыртқы байланыстарға қатысуға, жүріп-тұруға толық құқықтарының болуы;

- азаматтардың қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер құрып, өз мүдде-мақсаттарын орындауға, іске асыруға және шет елдердің сондай ұйымдарымен байланыс жасауға құқықтарының болуы;

- жергілікті өзін-өзі басқаруға толық бостандық болуы, оның жұмысына мемлекеттің араласпауы, қажет болса тиісті көмегін көрсетуі; жергілікті өзін-өзі басқаратын мекеме жергілікті мемлекеттік органмен тығыз байланыста жұмыс жасауы;

- азаматтық қоғам - толық бостандық, демократия қалыптасқан қоғам болуы қажет, ол болашақ құқықтық мемлекеттің талаптарын іске асырып, сол мемлекеттің объективтік тұрғыдан негізі болуға тиісті.

Азаматтық қоғамның құрылымына мыналар кіреді:

1) мемлекеттік емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен институттар (меншік, еңбек, кәсіпкерлік);

2) мемлекеттен тәуелсіз өндірушілердің жиынтығы (жеке фирмалар және т.б.);

3) қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер;

4) саяси партиялар мен қозғалыстар;

5) тәрбиелеу мен мемлекеттік емес білім беру саласы;

6) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесі;

7) отбасы;

8) шіркеу және т.б.

Азаматтық қоғамның белгілері:

- адам мен азаматтың құқықтар мен бостандықтарының мейлінше толық қамтамасыз етілуі;

- өзін-өзі басқару;

- оның құрылымдары мен адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі;

- еркін түрде қалыптасатын қоғамдық көзқарас пен плюрализм;

- жалпы ақпараттану мен адамның ақпаратпен танысу құқығының шын мәнінде жүзеге асырылуы;

- өмір сүру координация қағидасына негізделеді (мемлекеттік аппарат кезінде субординация қағидасы үстемдік құрады);

- экономиканың көпжақтылығы;

- биліктің заңды және демократиялық сипаты;

- құқықтық мемлекет;

- адамдардың жақсы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясаты және т.б.

Сонымен азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет екеуі қатар дамып, өрескел қайшылықтарды бірлесіп реттеп, қоғамның бейбітшілік, прогрестік жолмен дамуына толық мүмкіншілік жасаулары қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясында бұл мәселенің негізгі бағыттары көрсетілген. Оның бірінші бабында азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің ең негізгі қағидалары былай деп жарияланған: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

2-сұрақ. ҚР – ның тәуелсіз, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіз Қазақ елі қалыптасты. Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді және ділімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық.

– 1990 жылы қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі республиканың егемендігі туралы Декларация қабылдады.

– 1991 жылдың 29 тамызындағы Қазақ КСР Президентінің «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлығы болды. Қазақ жерінде 40 жылдан астам уақыт бойы сынақ жүргізілген ядролық қаруға нүкте қойылды. Елбасының осы тарихи шешімі, батыл

қадамы бүгінде дүние жүзіне мәлім тарихи фактіге және біздің ұлттық мақтанышымыздың мәніне айналды.

– 1991 жылы 16 қазанда – Қазақ КСР-інің Президентін сайлау туралы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Заңы қабылданды.

– 1991 жылы Жоғарғы Кеңестің тандауымен президенттің қызмет орны бекітілді. Қазақстанның тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

– 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заң қабылданды. Осы заңға сәйкес жаңа құрылған тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы деп аталды.

– 1991 жылы 16 желтоқсан күні -

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қазақстанның бұл қабылданған Заңы бұрынғы КСРО елдерінің ішінде ең соңғы заңы болып табылады.

Осы күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Осылайша әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды. Оның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Сөйтіп Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің XV пленумы қабылдаған шешім қазақ қоғамына түбегейлі өзгерістер енгізді.

– 16 желтоқсан күні – 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасын еске алу күні. Алматы қаласының халқы бұл күні Республика алаңына шығып, 1986 жылы қаза болғандарды естеріне алады.

– 1991 жылы Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін таныды.

2- сұрақ. ҚР құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы.

– 1992 жылы 10 қаңтарда «Қазақстан Республикасында ішкі әскерлері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қабылданып, мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында еліміздің ішкі істер әскері құрылды.

– Қазақстан Республикасы ТМД елдерінің ішінде бірінше болып 56 мүше елді біріктірген мемлекетаралық беделді ұйым Еуропа қауіпсіздігі және ынтымақтастығы ұйымына 2010 жылы төрағалық ету мүмкіндігіне ие болды.

– Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен ұлттық сипатын жаңа мемлекеттік рәміздер бейнелейді. 1992 жылдың 4 маусымында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы» және «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» заңдар күшіне енді. 11 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының мәтіні туралы» заң қабылданды.

– 1993 жылғы қаңтардың 28-інде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. Негізгі Заң 4 бөлімнен, 21 тараудан, 131

– 1993 жылғы 5 қарашада «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Президент жарлығы шықты. 1993 жылы 15 қараша «Ұлттық валюта» күні деп аталып, алғашқы Қазақстан Республикасының теңгесі айналымға түсті. Оған атақты тұлғалар суреті басылып шықты. 2006 жылы 15 қарашада теңгеміз жаңа басылыммен қайта шықты.

– 1995 жылы 3 шілдеде Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Алматы қаласында Тәуелсіздік ескерткішін орнату туралы» қаулысы шықты.

– Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін 1999 жылы бірінші санақ өтті .

– 2006 жылдың қаңтарында республиканың жаңа әнұраны қабылданды. Әнұран негізіне композитор Ш.Қалдаяқовтың (сөзі Ж.Нәжімеденовтың) 1950 жыдары жазылған «Менің Қазақстаным» әні алынды. Қолданыстағы әнұранның заңды авторларының бірі – Н.Ә.Назарбаев.

– 2006 жылы 15 қарашада теңгеміз жаңа басылыммен қайта шықты.

Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап біріншіден елдің келбеті өзгерді. Әлемнің саяси картасында жеке белгіленбеген және қалған қызыл кеңес территориялармен бірлескен Кеңес

Одағының бауырластық республикасынан Қазақстан дербес мемлекет болып шықты. 1991 жылғы 16 желтоқсан күні қоғамдық бостандықты қазақстандықтардың игілігіне аударуға талаптанумен жетекшілік етілге өкімет билігімен ҚР-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы конституциялық заңға қол қойылды. Тәуелсіздікті жариялаған соң мемлекеттің жасаған маңызды қадамының бірі- қазақстандық шекараның ресми түрде және түпкілікті белгіленуі, 14 мың км астам шекараның заңдастырылуы.

Кез келген табыстың негізінде анық стратегия, сауатты жоспарлау және жоспармен берілген әрекеттер ретін орындау жатады. Мемлекеттің өркендеуіне әкелетін жолда бастапқы кезеңді табысты өту үшін жол картасы жаңа құжат Қазақстан -2030 стратегиясы әзірленді. Стратегия елдің даму үлгісін құрды, сақтау санатынан озық өрлеу санатына шығарды. Соңғы он жылда нақты іске асырылған жеті ұзақ мерзімді басымдықтар осы жолдың негізі болып шықты.

Қазақстанда 3 ең маңызды міндеттер орындалғанын сенімділікпен айтуға болады: *өз мемлекеттілігі қалыптасты, табысты дамып жатқан экономика қалыптасты, халықтың ал- ауқаты шынымен көтерілді.*

Қазақстанда құқықтық мемлекет құру.

Демократиялық мемлекет құру және дамыту туралы ой-толғамдар, идеяларды қазақ ойшылдарының шығармашылық мұраларынан да көптеп кездестіруге болады. Солардың бірі Абай Құнанбаев болып табылады. Ол құқықтық мемлекеттің қағидаттарын құру мәселесі бойынша бірқатар салмақты ой-пікірлер білдірді, олардың біразы күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жойған жоқ. Ақын мемлекеттік егемендік позициясын жақтады, адамдарды ұйымдастыру мен қорғаудың жоғарғы формасы заң деп таныды. Заңның рөлі туралы Абай былай деп жазды: «бізге ата-бабаларымыздан мұра боп қалған заңдардың жиынтығын - Қасым салған қасқа жолды, Есім салған ескі жолды, Тәуке ханның «Жеті жарғысын» білу қажет». Демократияның маңызды бір буыны, Абайдың пікірі бойынша, заңның салтанат құруы болып табылады. Соттық биліктің тәуелсіздігі туралы Абай идеялары Қазақстан Республикасы және дамыған елдер Конституцияларының сот туралы ережелерімен астасып жатыр. Ол соттарды шектеусіз мерзімге сайлауды жақтайды, олардың ауыстырылмауын қалайды: «білімді және білікті адамдарды, осы орында отыру мерзімін анықтамай-ақ, сайлау қажет, тек өз істерін адал атқармағандарды ауыстыру керек». Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы өте созылмалы және күрделі процесс. Қазақстанның қазіргі кезеңі мемлекетіміздің жалпыға ортақ өркениетті даму жолына қайта түсуімен сипатталады. Тұңғыш рет 1993 жылғы Конституция Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы — адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялады. Бұл ережені бүгінгі күні қолданыста жүрген 1995 жылғы Конституция да, 1-баппен бекітті.

Құқықтық мемлекеттің бір белгісі мемлекеттік билікті ұйымдастыруда биліктерді бөлу қағидаттарын жүзеге асыру болып табылады. Тұңғыш рет ол жүйе құрушы қағидат ретінде 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияның 7-бабында айшықталды. Соған сәйкес, мемлекеттік биліктің барлық жүйесін реформалау жүргізілді. Қазақстан Республикасы Конституциясы 3-бабының 4-тармақшасында Республикада мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөліну қағидатына сәйкес жүзеге асырылады деп атап көрсетілген. Заң шығарушы билікті Қазақстан Республикасының Парламенті, атқарушыны — Үкімет, сот билігін — Жоғарғы сот және Қазақстан Республикасының төмен тұрған соттары жүзеге асырады. Тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің болуы - жаңа Конституцияның өзіндік ерекшелік-терінің бірі. Тежемелік және тепе-теңдік жүйесі элементтеріне парламенттік импичмент, Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіру, Президенттің парламентті таратып жіберу құқығы, Үкіметті және оның мүшелерін орнынан босатуы жатады. Қазіргі кезде конституциялық бақылау механизмі құрылуда. Республикада конституциялық бақылаудың қалыптасуы құқықтық мемлекет құру туралы пайда болған конституциялық бағыт-бағдарлармен тығыз байланысты. Басқа нормативтік актілерден Конституцияның сөзсіз басым болуы құқықтық мемлекеттің белгілерінің бірі болып табылады. Құқықтық мемлекеттің тағы бір негізгі қағидаты мемлекеттің өзінің және оның органдарының

Қазақстан Республикасы Конституциясына міндетті түрде бағынышты болуынан көрінетін құқықтық үстемдігі болып табылады.

Конституциялық кеңес заңдар және басқа да нормативтік актілерді, егер олар Конституцияға қайшы келетін болса, Конституцияға сәйкес келмейді деп тануға құқылы. Қазақстан Республикасының Конституциясы адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп мойындай отырып, адамның құқықтары мен бостандықтарын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін сақтау мен қорғау мемлекеттік биліктің басты міндеті болып табылады деген тұжырымды алдыға тартады. Конституция саяси, заңдық және басқа да кепілдіктердің нақтылы жүйесін құру үшін негіз қалады. Ол өз кезегінде баршаның заң мен сот алдындағы теңдігін, мемлекет пен тұлғаның екіжақты жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Конституция Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам қалып-тастыруға ықпал жасайды. Бұл Конституцияда идеологиялық және саяси әралуандылық танылатынынан айқын көрінеді (5-бап). Бұқаралық билікті саяси әралуандылық негізінде жүзеге асырады. Конституция саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, қозғалыстарға саяси және мемлекеттік өмірге қатысу үшін тең мүмкіндік береді. Үстемдік етуші ретіндегі қандай да бір идеологияның белгіленуіне жол берілмейді. Азаматтық қоғам мемлекет және азамат, тұтынушы және өндірушінің әлеуметтік серіктестігі, нарық шаруашылықтары меншік түрлерінің әралуандылығымен сипатталады.

1995 жылғы Конституцияның басты бір жетістігі барлық деңгейдегі соттардың тәуелсіздігінің кепілдігі болып табылады. Сот билігінің тәуелсіздігі судьялардың өкілеттігін сайлаудың, тағайындаудың және тоқтатудың ерекше тәртібімен, сонымен бірге сот құрамын құруға Жоғарғы Сот Кеңесі және Әділет биліктілік комиссиясы сияқты тәуелсіз органдардың қатысуымен айқындалады. Судьялардың тұрақтылығы қағидаты бекітілген (79-бап, 1-т.), судьялар өмірлікке сайланады және тағайындалады. Қазақстан Республикасының Конституциясына 1998 жылғы 7 қазанда Парламент енгізген қосымшалар сот ісін жүргізуді демократизациялауға бағытталған. 75-баптың 2-тармағына сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу заңмен белгіленген белгілі бір жағдайларда өзге де нысандар арқылы жүзеге асырылады. 1995 жылғы 20-желтоқсанда қабылданған "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, өзгерістері және толықтыруларымен, соттарды жеке билік ретінде бекіткен, соттар өз қызметінде заң шығарушы және атқарушы биліктерден тәуелсіз.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы Қазақстанды құқықтық мемлекет деп жариялайды. Демек Қазақстан құқықтық мемлекет құру және оның негізгі белгілерін конституциялық бекіту жолында тұр.

ҚР-ның құқықтық жүйесі

Өркениетті қоғам құруды алдына мақсат еткен елдің Ата Заңы, заңды қорғайтын әділ соты, заңды құрметтейтін адал азаматы бар. Өркениетті ел тірегі-әділетті қоғам. Бүгінде егемендігін алып, тәуелсіздігінің тұғырын беріктендіру бағытындағы Отанымызда тұратын әр азамат өзінің конституциялық құқығын білуге міндетті. Бүгінгі заман соны талап етеді. Сындарлы шақта елдің елдігін сақтап қалу, ұлттың еңсесін тіктеу, халықтың сенімін ақтау аса күрделі іс. Ел тәуелсіздігін алған жылы Н. Назарбаев: «Біз зайырлы құқықтық мемлекет құруымыз керек. Адам құқығы әркез қорғалуы тиіс. Заңдылықтар сақталса, адам өзінің заңды түрде қорғалатынын айқын сезінсе онда дұрыс жолмен келе жатқанымыз», – деп атап көрсеткен. ҚР тәуелсіз мемлекет құра бастағалы бері елдің құқықтық жүйесін кешенді реформалауға бағытталған үш бағдарламалық құжат қабылданды. Қоғамдық қатынастардың әрбір даму кезеңі оны тиісінше құқықтық жолмен реттеуді, жаңаша ойлаудың жүйелерін құруды талап етті. Осылардың негізінде ұлттық құқық пен институттық білімді қоса алғандағы барлық сот - құқықтық институттар құрылды. Экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да салалардағы өзгерістер құқықтық «өмірді» жаңғыртумен қатар жүріп отырды.

ҚР құқықтық реформалар жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның алғашқы құжаты 1994 жылдың 12 ақпанында қабылданды. Бұл құжатты іске асырудың ең басты жетістігі – ұлттық заңнамаларды (конституциялық, азаматтық, банктік, салықтық, қаржылық,

кедендік, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу) түбегейлі жаңғыртуға қол жеткізілді. Сонымен бірге, сот жүйесі мен құқық қорғау органдары, Қазақстанның барлық заңнамалық инфрақұрылымы кезең-кезеңмен реформаланды.

ҚР Заңнамалық инфрақұрылымының реформалары:

1. 1994 жылы ақпан айында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қабылдаған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құқықтық реформа бағдарламасы туралы» Қаулысы әділ сот жүйесін одан әрі жетілдіруді, сот реформаларының дәйектілікпен жүзеге асырылуын белгілеп берген маңызды құжат болды. Сот істерін қарауды 4 сатыда жүзеге асыру жобаланып, халық заседательдерінің институты таратылатын болды.

2. 30 тамыз 1995 жылы қабылдаған жаңа Конституцияға сәйкес, судьяларды Президенттің тағайындауы және Жоғарғы Сот судьяларының Парламент Сенаты арқылы сайлауға енгізіліп, Жоғарғы Сот Кеңесі мен Әділет біліктілік алқасы құрылды, міндеттері жалпы құзырдағы соттарға беріліп, төрелік соттар жүйесі таратылды, судьялар тәуелсіздігінің кепілдігі күшейтілді, олардың мәртебесі нығайтылды. Мемлекетіміздің тарихында тұңғыш рет судьялар тұрақты мерзімге тағайындала бастады.

3. 25 желтоқсан 2000 жылы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңның қабылдануы ұлттық сот жүйесіндегі тарихи елеулі оқиға болды.

Егемен еліміздің тәуелсіз сот жүйесін жетілдіруде аталмыш заң, ғасыр жүгін арқалады десек, асыра айтқандық емес. Осы уақыт аралығында мамандандырылған соттар құрылды, үш сатылы сот жүйесі жұмыс істей бастады.

Алқабилер институты енгізіліп, қамауға алу құзыры прокуратурадан соттарға берілді. Барлық деңгейдегі соттарда электрондық терминалдар мен бейнебайланыс жүйелері, басқа да ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері енгізілді. Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі Комитеттің бұйрығымен «Қазақстан Республикасының сот органдарының бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесі» бағдарламасы бекітіліп, іске қосылды. «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» заңы – судьяның тәуелсіздік кепілдіктерін, оның мәртебесіне сай материалдық мүмкіндігін құқықтық тұрғыдан бекітті. Сот реформасы барысында атқарылған жұмыстар, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, сот жұмысы туралы ақпараттық ашықтығы мен айқындығына, қолжетімділігіне, сондай-ақ, Конституцияның және басқа да заңдардың, құқықтық нормативтік актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталды.

Екінші құжат – 2002 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымы деп аталды. Онда 2010 жылғы кезеңге арналған құқықтық жүйені дамытудың негізгі бағыттары айқындалды. Мұнда азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығын одан әрі қамтамасыз ету үшін құқық қорғау жүйесі мен әділсот шешімдерін шығарардағы соттардың тәуелсіздігін нығайту жолдары заңдық деңгейде шешімін тапты. Соның ішінде, әсіресе, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін қосымша құқықтық және материалдық кепілдіктер жасалды. Өлім жазасы тек адамдардың қаза болуына соқтырған террорлық қылмыстарға және соғыс уақытындағы аса ауыр қылмыстарға ғана қалдырылды, мұның өзі Қазақстан жағдайында оны атымен жоюға мүмкіндік берді. Соттың тұтқындауға санкция беру тәртібі енгізіліп, қылмысты істі прокуратура мен соттың жүргізу мүмкіндігіне тыйым салған конституциялық норма өзгертілді. Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында пайда болған омбудсмен мен жеке нотариат институттары дамытылуда. Азаматтар мен ұйымдардың құқын қамтамасыз етудің жаңа тетіктері: медиация және сот актілерін жекеменшік негізде орындаулар өмірге енгізілді.

Елдің одан арғы тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатымен 2007 жылы енгізілген конституциялық өзгерістер Президент пен Парламенттің рөлін арттырды. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Тәуелсіз мемлекетімізді құрушы және іргесін қалаушы ретіндегі тарихи миссиясы заң жүзінде танылып, ол Ұлт көшбасшысы мәртебесіне ие болды. Жоғарғы өкілді органның Үкімет құрамын жасақтауды бақылауы күшейтілді, сонымен бірге,

оның мемлекеттің бюджетті құру мен оның орындалуын бақылаудағы өкілеттіктері айтарлықтай кеңейтілді. Осылармен қатар, мемлекет норманы белгілеу үдерісін жаңа сапалы деңгейге көтеретін шаралар қабылданды. Олардың қатарында заң жобалары іс-әрекетін перспективалық жоспарлау, құқықтық нормативтік актілердің жобаларына ғылыми сарап жасау, қабылданатын заңдарды толығымен қаржылық тұрғыда қамтамасыз ету, т.б. бар.

Әлемдік экономика мен саясаттағы іргелі өзгерістер, сондай-ақ ел дамуының ішкі динамикасы заңгерлер алдына жаңа міндеттер қояды. Ұлттық құқықтарды уақыттың жаңа талаптарына сәйкес келтіру үшін мемлекеттің норма жасау және құқық қолдану әрекеттерін одан әрі жетілдіру қоғамның даму үрдісімен шартталған. Осыған байланысты Мемлекет басшысының Жарлығымен 2009 жылдың 24 тамызында Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы (әрі қарай Тұжырымдама) атты үшінші бағдарламалық құжат қабылданды. Ол алдағы он жылға (2010-2020 жылдар аралығы) арналған. Онда жинақталған тәжірибелер мен ғылыми негіздер арқылы жақын және алыс перспективаларға, бүгінгі күнгі даму үрдісіне сүйеніп жасалған Қазақстанның мемлекеттік және қоғамдық біртұтас құқықтық саясаты айқындалған:

1. Соттарды кадрлық қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып қала береді: сот жүйесінде судьялар мен судьялыққа кандидаттарға жоғарылатылған талаптар қою және стандарттарды енгізу қарастырылған.

2. Қылмыстық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатыларын реттеуді түбегейлі өзгерту бойынша шешуші қадам жасалынды. Жарлықта қарастырылған жаңғыртулар қылмыстық істер бойынша өндірісті жеңілдетуге және оның жеделдігін көтеруге мүмкіндік береді. Бұдан әрі олар сот өндірісінің жаңа моделін қалыптастыру негізі болып табылмақ. Бұл тағы да Қазақстанның алдыңғы қатардағы өркениетті елдердің тәжірибесін қолдану арқылы құқықтық жүйені жетілдіруге ұмтылысын байқатады. Ең алдымен, азаматтардың және бизнес субъектілерінің құқықтарын қорғау жоғары деңгейге қойылған.

3. Болашақта құқық қорғау органдары құрылымдарының өзара келісімді іс-әрекеттерінің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етеді. Бұл құқық қорғау органдары мен тергеу жүргізудің және соттарда істердің қаралуының жеделдігіне, толықтығына және жан-жақтылығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы экономикалық саладағы қылмыстарға ерекше көңіл бөлуді, заңсыз бизнес пен меншікті басып алуға (рейдерлікке) тосқауыл қояды тапсырды.

4. Мемлекетке залал келтірілген кездегі тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық істі қысқарту мүмкіндігі болып табылады. Бүгінгі күні қылмыстың қайталануы кезінде жаза тағайындауды реттейтін нормаларды өзгерту керектігін жүргізілген талдау көрсетті, себебі қолданыстағы тәртіп бойынша судья елеусіз қылмыстардың қайталап жасалғаны үшін де бас бостандығынан айыруға – соттауға мәжбүр болып отыр. Келешекте ауырлығы онша емес қылмыстар бойынша тек айыппұлды ғана еселей отырып, жаза тағайындау ұсынылып отыр. Заңнаманы жетілдіруге, оны түзетуге, қылмыстық нормаларды ізгілендіруге бағытталған шаралар қабылдануда. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес, баламалы жазалау шараларының және бұлтартпау шараларының, сондай-ақ татуластыру процедураларының, оның ішінде медиация институтын дамыту арқылы қолдану аясын кеңейту туралы тапсырма заңнамалық тұрғыда қойылған.

Мемлекеттің құқықтық саясаты қоғамымыздың заңнамалық-саяси жүйесін одан әрі демократияландыруға бағытталған заңнамалық шаралар жасауды талап етеді.

2012 жылдың 27 қаңтардағы «Әлеуметтік –экономикалық даму – Қазақстанның даму бағыты» атты Президент Жолдауында:

1. Сот және құқық қорғау жүйесін жаңғырту.

– Сот корпусын қалыптастыру тәртібін түбегейлі қарастыру қажет.

– Апелляциялық дәйексіз шешімдерді жоғарыдан жөменгі сот буындарына қайтарып беруге заңды тұрғыдан тыйым салу.

– Судьялардың жасаған заңсыз іс-әрекеті төтенше жағдай ретінде қарастырылып, халыққа жария етілуі тиіс.

- Арбитражды және третейский сот жүйесін күшейту.
- Жекеменшік детектив қызметі туралы заң жобасын әзірлеу.
- Құқық қорғау және арнайы органдарды сапалы кадрлық жаңарту – маңызды мәселе.

2015 жылы жарияланған Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамының II бөлімінің 16- 34 қадамы заң үстемдігін қамтамасыз етуге арналған. Ұлт жоспарында азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі инстанцияларын оңтайландыру. бес сатылы сот жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшу, алқа билер соты қолданылатын салаларды кеңейту. заңды түрде алқа билер соты міндетті түрде қатыстырылатын қылмыстық істердің категорияларын анықтау қажет.

22-қадам. адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету, 32-қадам. «қылмыстық құқық бұзу картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде «қылмыстық құқық бұзу картасы» интернет-порталын құру. бұл картада елімізде 1 аптадан әрі кетпейтін мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылық тіркелетін болады. бұл қоғамға ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің құқықтық саясатының мақсаты мемлекетімізде тиімділігі жеткілікті дәрежедегі құқықтық кеңістік орнату, құқықтық жүйені одан әрі жетілдіру, жеке адамның мүддесін, оның құқы мен бостандығын қорғау кепілдігін арттыру. Қазақстан халықаралық міндеттемелер мен халықаралық стандарттарды орындай отырып, ашық қоғам және құқықтық мемлекет орнатуға ұмтылуда. Соңғы жылдары мемлекетте бірнеше заң қабылданды, соның ішінде 2014ж. ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, 2015 жылы ҚР Еңбек Кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия. Елдің құқықтық жүйесі Конституцияда бекітілген қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу сияқты Республика қызметінің түбегейлі принциптерін сақтау мен іске асыруды, елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық дамуын қамтамасыз етеді.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. Г.Искакова, Н.Ғазизова. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы. – Астана: Фолиант, 2017 ж.
4. С.Идрышев. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Астана: Фолиант, 2015 ж.
5. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002 ж.
6. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Егемен Қазақстанның құқы. – А.: Жеті жарғы, 1997 ж.
7. Құқықтанудан қазақша-орысша сөздік

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет». ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы ҚР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ, 16.12.1991ж.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2007 жылғы 2 қазан Астана, Үкімет Үйі №873 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін орналастыру ережесін бекіту туралы»

4. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы N 3 Заңы
5. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңы

ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫ – КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАСТАУЫ

Жоспар:

1. Конституциялық құқық ұғымы
2. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының жалпы сипаттамасы
3. Конституциялық құрылыс негіздерінің жіктеуі

1 – сұрақ. Конституциялық құқық ұғымы.

Конституциялық құқық — құқық жүйесінің басты саласы (кейбір елдерде ол "мемлекеттік құқық" деп аталады). Конституциялық құқық, құқықтың басқа салаларының жасалуы, әрекет ету мен қалыптасуының негізі болып табылады. Мұндай салалар бүгінгі күні жиырмадан астам: мысалы, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қаржы құқығы және т.б.

Конституциялық құқық маңызды мынадай мәселелерді:

- қоғам мен мемлекет құрылысының негіздерін;
- мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару ісін жүзеге асырудың тәртібін;
- адам және азамат құқығын, бостандығы мен міндеттерін реттейді.

Конституциялық құқық — адам, мемлекет пен қоғамның өз тіршілік әрекетін құруына өте қажетті оған лайықты басты ережелерді белгілейді. Мемлекеттік билікті жүзеге асырумен байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастар конституциялық құқықтың пәнін құрайды. Қазақстан Республикасында азаматтарға мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік берілген. Азаматтардың бұл құқығын кім қамтамасыз етеді? Әрине осыны жүзеге асыруға құқылы мемлекеттік органдар (мысалы, Білім және ғылым министрлігі). Біздің елімізде әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамаларын сақтауға, басқа тұлғалардың құқықтары мен еркіндіктерін, ар-ожданы мен абыройын қастерлеуге міндетті. Аталған талаптар сақталмаған жағдайда оны бұзушыларға мемлекеттік органдардың алдында (полиция, прокуратура, сот) жауап беруге тура келеді. Конституциялық құқық қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған әдістер мен тәсілдер арқылы реттейді. Оларға мыналар жатады:

Конституциялық құқық әдістері, конституциялық құқық қатынастарын реттеудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы ретінде мыналарды ажыратады:

1. **Міндеттеу әдісі.** Мемлекеттік органдарға, сол сияқты жеке тұлғаларға қатысты олардың қызметінің бүкіл аясында қолданылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 6, 18-баптары).
2. **Тыйым салу әдісі.** Басым түрде мемлекеттік органдарға, қоғамдық құрылымдарға қатысты қолданылады, шектеулі жағдайларда азаматтарға қатысты қолданылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 3-тармағы).
3. **Рұқсат ету әдісі.** Адам және азаматтың мәртебесін айқындау үшін (Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабы), сондай-ақ мемлекеттік органдардың өкілеттігін анықтау кезінде қолданылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағы).
4. **Тану әдісі.** Яғни, адамның табиғи құқығын тану (Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағы).

Конституциялық құқықтың қайнар көздері, ұғымы және оның түрлері

Конституцияның ең жоғары заңдық күші болады және Қазақстан Республикасының барлық аумағына тікелей ықпал етеді. Бұл құқықтың басқа барлық қайнар көздері Конституция негізінде жасалатындығын және оған қайшы келмеуі қажет дегенді білдіреді. Конституцияның нормалары кез келген басқа актіні қабылдауынсыз қолданылады. Кез келген азамат өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін Конституцияны, оның нормаларын мемлекеттік органдар мен сотқа шағымдану арқылы қолдана алады.

– Конституцияның нормалары мемлекет пен қоғам өмірінің барлық: саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени аяларына ықпал етеді. Олар қоғамдық қатынастардың басты жақтарын реттейді.

– Конституция тек конституциялық құқықтың ғана қайнар көзі емес, сонымен қатар басқа құқық салаларының да қайнар көзі болып табылады.

– Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізудің ерекше тәртібі бекітілген.

Конституция халықтың тікелей дауыс беруі арқылы референдумда қабылданады, заңдарды Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдайды. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығының келесі қайнар көзі — конституциялық заңдар болып табылады. Олар Конституцияда бекітілген нормаларды нақтылайды және тек Конституцияда көрсетілген мәселелерді ғана реттеуде қолданылады. Конституциялық заңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің (ту, елтаңба, әнұран) сипаттамасы және оны ресми қолдану тәртібі; республикада сайлау өткізу мен ұйымдастыру тәртібі; республикалық референдум өткізу тәртібі; республиканың сот жүйесі бекітіледі; президенттің құқықтық мәртебесі; парламентті құру және қызметін ұйымдастыру, оның депутаттарының құқықтық мәртебесі; үкіметті құру және оның қызметін ұйымдастыру құзыры айқындалады; Конституциялық кеңестің қызметі және оны ұйымдастыру тәртібі реттеледі. *Жай заңдар* — қоғамның, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының барлық жақтарын реттейді. Елімізде көптеген жай заңдар әрекет етеді. Солардың қатарына кодекстерді жатқызуға болады. Қазақстан Республикасы Президентінің нормативті жарлықтары — мемлекет пен қоғам өмірінің әр түрлі мәселелеріне қатысты президент қабылдайтын акті. *Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары* — үкіметтің өз қызметі шеңберінде қабылданған, конституциялық-құқықтық мазмұндағы актісі. Халықаралық келісімшарт нормалары да конституциялық құқықтың қайнар көзіне жатады. Себебі, мұнда адам құқығы, қоғамдық бірлестіктер, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттері туралы нормалар бар. Қоғамның құрылымы мен мемлекеттік билікті ұйымдастырумен байланысты басқа да нормативті құқықтық актілер конституциялық құқықтың қайнар көздеріне жатқызылуы мүмкін.

2 – сұрақ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының жалпы сипаттамасы.

Конституциялық құқық – Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі салаларының бірі.

Құқық саласы – бұл белгілі бір әдіспен бірыңғай қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық жүйенің дербес бөлігі, құқықтық нормалардың жиынтығы. Құқықтық реттеу пәні мен оның әдісі салаларға бөлудің заң ғылымындағы негізгі өлшемдері болып саналады.

Құқықтық реттеу әдісі түрінде, мемлекет (оның органдары) тарапынан құқықтық нормалар көмегімен қоғамдық қатынастарға әсер ету тәсілдері түсіндіріледі.

Құқықтық реттеу пәні сапалық бірыңғай қоғамдық қатынастарды құрайды. Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін, қоғамдық қатынастар конституциялық құқық пәні болып саналады, мемлекет пән қоғам құрылысының негізін құрады және мемлекеттік билікті жүзеге асырумен тікелей байланысты. Құқықтың басқа салаларымен салыстырғанда конституциялық құқық түбегейлі түрде өзгешеленеді. Конституциялық құқық қоғамның өмірлік қызметінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани және т.б. бүкіл аясында қалыптасатын қатынастарды реттейді, сонымен бір мезгілде басқа салалар сияқты өмірдің қандайда бір саласындағы қоғамдық қатынастарға әсерін тигізеді. Конституциялық құқықтың ерекшелігі, әрбір көрсетілген аядағы базалық қатынастар мен оның нормалары көрсетілген салалардағы қатынастардың белгілі бір қабаттарын ғана реттейтіндігінен тұрады.

Конституциялық-құқықтық нормалар мен институттар

Жалпы құқық теориясында құқық нормасы ретінде мемлекеттен туындайтын және сол арқылы қорғалатын, заң құқығына қатынасушылардың қатынасын білдіретін және оларға міндеттер жүктейтін жалпыға міндетті және заңда айқындалған тәртіп ережесі түсіндіріледі. Дегенмен конституциялық-құқықтық нормалардың құқықтың басқа салаларындағы нормалардан ерекшелігі мен айырмашылықтары қандай дегенге келсек бұған жауапты конституциялық құқықтармен реттелетін қоғамдық қатынастардың өзгешеліктерінен табамыз.

Конституциялық-құқықтық нормалар:

1. *мазмұнымен* (реттеуге бағытталған қоғамдық қатынастардың аясымен);
2. *неғұрлым көбірек заң күшіне ие болумен*; Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне қайшы келетін нормалардың күшін жоюымен;
3. *сол арқылы білдірілген дерек көздеріменен* (неғұрлым маңызды нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясында түзілген);
4. *нормалардың өзіне тән түрлерімен* (норма-қағидалардың, норма-міндеттердің, ресми мәлімделген (декларативті) ережелердің болуы);
5. *жүзеге асырудың айрықша механизмімен* (қоғамдық қатынастардың түбегейлі, басты тұстарын ғана реттейді);
6. қатынастарды реттейтін (халық, мемлекет, ұлттар, жоғары мемлекеттік органдар) субъектілердің өзіндік сипатымен;
7. *құрылымдардың ерекшеліктерімен* (ғылыми болжам мен диспозицияға және жекелеген жағдайларда ғана – санкцияға ие);
8. *нұсқаулардан тұратын құрылтайшылық сипатпен өзгешеленеді*.

Конституциялық-құқықтық нормалардың негізгі жіктеуі (классификациясы).

Нұсқаулардан тұратын сипаты бойынша:

1. құқық жүктеуші нормалар – онда қаралған әрекеттерді жүзеге асыратын және олардың өкілеттік шеңберін анықтайтын субъектілер құқығын бекітетін нормалар. Бұл – азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік құқықтары туралы конституциялық нормалар. Мұндай нормаларға сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенттің, Үкіметтің, Конституциялық Кеңестің конституциялық өкілеттігін айқындайтын нормалар жатады;
2. міндеттеуші нормалар - өзінің тәртібін, өзінің әрекетін аталмыш нормалардың нұсқауларына жатқызатын субъектілердің міндеттерін бекітетін нормалар. Мұндай міндеттер тек азаматтарға ғана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының Төрағаларына да жүктеледі;
3. тыйым салушы нормалар – онда қаралған белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салудан тұратын нормалар. Мұндай нормалар мемлекеттің конституциялық негіздерін (бастауларын), заң ережелері мен құқық тәртібін қорғауға бағытталған.

Ондағы нұсқаулардың-айқындаушылық дәрежесі бойынша мынадай нормаларға бөлінеді:

4. императивті нормалар – белгілеген ережелерді субъектілерге қолдану еркіндігін қорғауға рұқсат епейтін нормалар;
5. диспозитивті нормалар – нормада көрсетілген жағдаяттарды ескеру арқылы субъектінің әрекет ету вариантын таңдау мүмкіндігін қарайтын нормалар.

Құқықтық реттеу механизмі бойынша нормалар:

6. материалдық нормалар - қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу бойынша әрекет етудің мазмұнын қарайтын нормалар;
7. процессуалдық нормалар – сол арқылы жүзеге асырылатын тәртіпті анықтайтын нормалар болып бөлінеді.

Бірыңғай және өзара байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін және салыстырмалы түрде дербес топты құрайтын конституциялық құқық нормаларының жиынтығы конституциялық-құқықтық институт деп аталады. Мысалы: азаматтық институты, Президенттік институт, сайлау құқығы институты және т.б.

Конституциялық-құқықтық қатынастар және олардың субъектілері

Жалпы құқық теориясында құқықтық қатынастар түрінде құқық нормалары негізінде туындайтын, оның қатынасұшылары құқықтар мен міндеттерге ие болатын қоғамдық байланыстар түсіндіріледі. Бұл анықтама конституциялық-құқықтық қатынастарға да қолдануға келеді. Конституциялық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері мыналардан тұрады:

- 1) оларды конституциялық құқық пәнін құрайтын қатынастардың айрықша саласы мен айрықша мазмұны өзгешелеп тұрады;
- 2) айрықша субъективті құрамының болуы, конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілерінің ішінде құқықтық қатынастардың басқа түрлерінің қатынасұшылары бола алмайтын құқықтық қатынастардың барлығы;
- 3) құқықтық қатынастардың айтарлықтай алуан түрлілігі.

Субъектілер, олардың өзара құқығы мен міндеттері дәл айқындалған нақты конституциялық құқықтық қатынастар – құқықтық қатынастардың классикалық түрі болып саналады: олар мінез-құлық норма-ережелерін жүзеге асыру негізінде туындайды.

Қатынас субъектілері нақты анықталмаған, нақты құқықтар мен міндеттер белгіленбеген құқықтық қатынастар – жалпы сипаттағы құқықтық қатынастар болып табылады. Мұндай қатынастар норма-қағидаларды, норма-мәлімдемелерді, норма-мақсаттарды жүзеге асыру негізінде туындайды. Құқықтық хал-ахуал – құқықтық қатынастардың айрықша түрі болып саналады. Олардың субъектілері дәл айқындалғанмен сол субъектілердің құқықтары мен міндеттері нақты анықталмаған. Мұндай құқықтық қатынастарға азаматтықта тұру жағдайы жатқызылады.

Конституциялық-құқықтық қатынастардың жіктеуі (классификациясы)

1. Әрекет ету мерзімі бойынша *тұрақты* және *уақытша* қатынастарға ажыратылады;
2. Құқықтық реттеу механизмі бойынша *материалдық* және *процессуалдыққа* бөлінеді;
3. Мақсаттық тағайындалуы бойынша *құқық белгілеуші* және *құқық қорғаушы* құқықтық қатынастарға ажыратылады.

Құқықтық қатынастардың туындауына, тоқтатылуына немесе өзгеруіне заң жүзінде болған іс – оқиғалар немесе іс-әрекеттер әсерін тигізеді. *Оқиға* субъектінің еркіне қатыссыз түрде болады, *іс-әрекет* – соңғының өз еркін білдіруімен байланысты болып табылады. Іс-әрекет *заң актілеріне* және *заңдық іс-әрекеттерге* жіктеледі.

Конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілері – бұл конституциялық-құқықтық нормаларға сәйкес олардың қатысұшылары арасында туындайтын заңды құқықтары мен міндеттері. Субъектілердің шеңбері өте кең: аталмыш саланың құқықтық нормалары кімге міндеттер жүктейді және құқық береді, солардың бәрі оның субъектілері бола алуы мүмкін. Субъектілер – мемлекет, халық, депутаттар, мемлекеттік билік органдары, сайлау комиссиялары, азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар және т.б.

Конституциялық құқық көздері

Құқық көзі түрінде құқық нормаларын білдіретін формалар түсіндіріледі. 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағында конституциялық құқық көздері тізіп көрсетілген. Бірақ бұл жерде мынаны ескеру қажет, конституцияда атап көрсетілген барлық нормативтік-құқықтық актілер оның көздері болып саналмайды. Бір нормативтік актілер тек конституциялық құқық нормаларынан ғана тұрады, ал келесі бірі - әртүрлі салалардың құқық нормалары және т.б. с.с.

Формаларына қатысты, конституциялық құқықтың барлық көздері мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – конституциялық құқықтың негізгі көзі.
2. Конституциялық заңдар. Қабылдау мен олардың тізімі конституциямен (мысалы, конституцияның 92-бабы) қаралған. Қарапайым заңдар тәртібімен салыстырғанда неғұрлым күрделі, Конституцияда арнайы ескертілген, мемлекет үшін аса маңызды мәселелер бойынша қабылданады. Депутаттардың жалпы санын 2/3 дауысымен қабылданады.

3. Әдеттегі заңдарды, негізінен қарапайым көпшілік дауыспен (50%+1) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары қабылдайды.

Әдеттегіден өзгеше заңдар, Республика Парламентінің әрбір Палаталары депутаттарының басым көпшілік дауысымен Парламентте қабылданған өзгертулер мен толықтыруларды және референдумда қабылданған, өзгертулер мен толықтыруларды Конституцияға енгізеді.

4. ҚР Парламент Палаталарының Қаулысы.

5. ҚР Президентінің Жарлықтары, өз кезегінде:

а) Конституциялық заң күшіне ие жарлықтарға;

ә) Заң күшіне ие жарлықтарға;

б) Заңға бағынышты нормативтік жарлықтарға бөлінеді.

Президенттің барлық нормативтік жарлықтары конституциялық құқық көздері болып саналмайды, тек конституциялық-құқықтық нормалардан тұратын жарлықтар ғана конституциялық-құқық көздері болуы мүмкін.

6. Егемендік қағидаларын жариялаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңда, 1993 ж. және 1995 ж. Конституцияларда және өзге конституциялық актілерде бекітілген, 1991 жылдың 25 қазанындағы мемлекеттің егемендігі туралы Декларациясы.

7. Нормативтік нұсқаулардан, құқықтық нормалардан тұратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары, министрліктер мен ведомстволардың актілері.

8. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің шешімі.

9. Конституциялық-құқықтық нормалардан (шешімдер, жарғылар, ережелер) тұратын жергілікті өкілді органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік-құқықтық актілері белгілі бір жердің аумағынан аспайды.

10. Мемлекетаралық деңгейде бекітілген халықаралық шарттар.

Мемлекетішілік құқық нормалары мен халықаралық құқық нормаларының коллизиясы (бағыттар қақтығысы) кезінде басымдық соңғыға беріледі.

Конституциялық құқық жүйесі, оның Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі орны

Конституциялық-құқықтық институтты өзара байланысты бірыңғай қоғамдық қатынастарды реттеуші конституциялық - құқықтық нормалардың жиынтығы.

Конституциялық құқық жүйесі – оның ішкі құрылымын сипаттайтын және оны құқықтың басқа салаларынан өзгешелеп тұратын институттардың жиынтығы болып саналады.

Конституциялық құқық институттарының жүйесі мынадай түрде беріледі:

1. конституциялық құрылыстың негіздері;

2. жеке адамның (тұлғаның) конституциялық мәртебесі;

3. әкімшілік-аумақтық құрылым;

4. мемлекеттік органдар жүйесі;

5. Конституциялық-құқықтық институт - өзара байланысты бірыңғай қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының ерекшеліктері:

1) қабылдау және өзгерту тәсілдері бойынша қатаң болып саналады;

2) заңдық формасы бойынша – жазылған;

3) қолдану уақыты бойынша – тұрақты.

Конституция қызметі және оны жүзеге асыру механизмі

Бүкіл құқықтық жүйенің заңдық іргетасы болып саналатын, қоғам мен мемлекеттің негізгі заңы ретінде Конституцияны жүзеге асырудың өз ерекшеліктері бар.

1) Конституция қоғамдық сананың және адамдардың мінез-құлқының себептерін (мотивтерін) бағдарлайды және реттеп отырады.

2) Конституция әдеттегі заңдарға қарағанда қоғамның жағдайы мен оның дамуына неғұрлым терең ықпалын тигізеді және азаматтар мен лауазымды тұлғалардың саяси және құқықтық саналарына психологиялық және адамгершілік тұрғыдан әсер етеді.

3) Конституция өмірлік маңызды қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді қамтамасыз етеді.

4) Конституцияның ықпалы қоғамның шаруашылық және мәдени өмірін ұйымдастырудағы тұрақты жұмыс барысында жүзеге асырылады.

Конституцияны жүзеге асыру механизмі өзіне конституцияның қызметін, оның нормаларын жүзеге асырудың субъектілері мен объектілерін, формалары мен тәсілдерін енгізетін жүйені қарайды.

Конституцияның қызметтері (қоғамдық қатынастарды дамытуға әсер ету бағыттары).

1. Құрылтайшылық (Мемлекеттік билікті саяси және мемлекеттік-құқықтық институттар арқылы жүзеге асырады); құқықтың бүкіл салалары үшін нормативтік қағидаларды белгілейді.

2. Саяси (Конституция азаматтардың еркі мен мүдделерін білдіреді, қоғамдық құрылыстың негіздерін бекітеді, мемлекеттік билік органдарының жүйесін белгілейді, жеке адам мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынас сипатын анықтайды).

3. Идеологиялық (Конституция халықтың саяси және құқықтық санасын көрсетеді және бекітеді; ұлттық, діни және отбасылық өмір саласындағы белгілі бір жүйені қорғайды).

4. Заңдық (Қоғам мен мемлекеттің негізгі бастауларын бекітеді; экономикалық, саяси және рухани өмірдің даму қағидаларын айқындайды; адамдар және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының заңды қорғалуын қамтамасыз етеді).

5. Басқарушылық (Мемлекеттік органдар жүйесі мен қызметін және оны ұйымдастыруды айқындайды).

Конституцияны жүзеге асыру субъектілері: халық, мемлекет, аумақтық мемлекеттік құрылым, ұлттар, этникалық және ұлттық топтар; қоғамдық-саяси ұйымдар; азаматтар, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар.

Конституцияны жүзеге асыру объектілері: қоғам, оның әлеуметтік, экономикалық, саяси құрылымдары; мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар және әлеуметтік өмірдің басқа қатысушылары.

Конституцияны жүзеге асыру формалары

1. Орындау – Конституцияда қаралған әрекеттерді тыйым салынған әрекеттерден қалыс қалу үшін міндетті түрде іске асыру.

2. Қолдану – нақты құқықтық іс субъектілеріне уәкілдікті шешу.

Конституцияны жүзеге асыру тәсілдері

1. Міндеттеушілік – құқықтық нормаларды міндетті орындаудың қажеттілігі.

2. Рұқсат етушілік (дозволение) – құқықтық норма нұсқауларын орындау мүмкіндігінің берілуі.

3. Тыйым салу – белгілі бір әрекеттерді жасаудан қалыс қалу мүмкіндігі.

Конституциялық құрылыс негіздерінің жіктелуі (классификациясы)

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (1-бап), адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы болып саналатын Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып саналады. Демократизм ең алдымен халық билігін қамтамасыз етуден; заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне бөлінуден; идеологиялық және саяси алуан-түрліліктен; жергілікті өзін-өзі басқарудан көрінеді.

Мемлекеттегі демократизмнің көрінісі сондай-ақ ұлттың және халықтың егемендігін бекіту болып саналады.

Ұлттық егемендік ұлттардың өз тағдырына өзі иелік ету, мемлекеттік, экономикалық және рухани салаларда өзін-өзі айқындау мүмкіндіктерінен көрінеді.

Саяси қатынастарда оның мемлекеттік билік пен мемлекеттік егемендіктің бастауы болып саналатын халықтың егемендігімен қосылуы болады. Сөйтіп, осы арқылы ұлттық қатынастардағы шиеленіс көздері алынып тасталады.

Халықтың егемендігін анықтай отырып, мемлекеттік биліктің бастауы ретінде конституциямен және ұйымдық, құқықтық формалардағы заңдармен белгіленген қоғамдық өмірдің барлық салаларында жүзеге асыратын халықты танимыз.

Халықтың егемендігі мемлекеттің егемендігімен өзара байланысты.

Мемлекеттің егемендігі – бұл өзінің ішкі және сыртқы қызметтерін жүзеге асыру кезінде оның өзге мемлекеттер ықпалынан тәуелсіздігін және дербестігін сипаттайтын мемлекеттің қасиеті.

Мемлекеттік биліктің бір тұтастығының жоғары тұрушылығы мемлекеттің тәуелсіздігі, конституциясының, ұлттық заңдарының, өз азаматтығының, аумағының болуы **мемлекет егемендігінің белгілері** болып саналады.

Конституцияның 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы құқықтық, әлеуметтік, зайырлы мемлекет болып саналады.

Құқықтық мемлекет – бұл құқық, заң үстемдік ететін, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын танитын және оған кепілдік беретін жерде бәрінің заң және тәуелсіз сот алдындағы теңдігі қамтамасыз етілетін, ал билікті ұйымдастыру негізі болып биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөліну қағидалары қаланған демократиялық мемлекет.

Әлеуметтік мемлекет – бұл қоғамға қызмет ету және әлеуметтік айырмашылықтарды жоюға ұмтылу, Конституцияны халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларында көрсетілген, жалпы азаматтық құндылықтарға бағдарлау басты міндеттері болып саналатын мемлекет.

Зайырлы мемлекет – дін, діни бірлестіктер мемлекетпен байланысты емес, қандай салада болсын оның саясатына ықпал ете алмайтын, мемлекеттік органдардың қызметіне, білім беру жүйесіне және т.б. араласуға құқығы жоқ мемлекет.

Мұндай мемлекетте ешқандай дін мемлекеттік немесе міндетті болып белгілене алмайды, мұндай мемлекеттің бірде-бір азаматын қандайда бір дінді уағыздауға мәжбүрлеуге болмайды.

Конституцияның 2-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып саналады.

Біртұтас мемлекет – аумақтық құрылымында басқа мемлекеттік құрылымдарға ие емес мемлекет.

Қазақстан Республикасы оның аумағында ұлттық-мемлекеттік және автономиялы құрылымдарға жол бермейтін, әкімшілік-аумақтық бөліністерден тұратын біртұтас мемлекет болып саналады.

Қазақстан Республикасындағы **Президенттік басқару нысаны**, біріншіден, Президент мемлекеттік биліктің бірде-бір тармағына жатпайтынынан; екіншіден, Президентті халық сайлайтынынан және Президентке тәуелді еместігінен; үшіншіден, Президент кең өкілеттіктермен бөлінгендігінен және Конституцияға сәйкес, олардың өз өкілеттіктерін тиімді жүзеге асыруына ықпал ете отырып, олардың өзара қатынастарында мемлекеттік биліктің барлық тармағына сындарлы әсер ете алатындығынан көрінеді.

Президенттік басқару нысаны елдегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабының 2-тармағына сәйкес, егемендік Республиканың барлық аумағына таралады. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің егемендігі, оның барлық жоғары органдары өздерінің құзырлары шеңберінде қажетті шараларды Республиканың бүкіл аумағында жүзеге асыратындығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында саяси тәртіп түсінігі жоқ, бірақ саяси тәртіпке қатысты қандай бір мәселелердің тәртібін реттейтін нормалар бар.

Сондай-ақ, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың және бұл процеске елдегі азаматтардың қатысу формалары мен әдістерінің жиынтығы ретінде «мемлекеттік тәртіп» термині қолданылады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.

2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж.
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Г.Искакова, Н.Ғазизова. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы. – Астана: Фолиант, 2017 ж.
5. С.Идрышев. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Астана: Фолиант, 2015 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. [Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.](#)
«ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСУ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ»Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жоспар:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттарының маңызы
2. Әкімшілік жауаптылық және әкімшілік жауаптылыққа жататын тұлғалар.
Әкімшілік жаза түсінігі мен түрлері
3. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы

1-сұрақ. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттарының маңызы

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттарының маңызы мынада: оларды бұзу, оның сипаты мен мәніне қарай, іс бойынша болған іс жүргізуді жарамсыз деп тануға, осындай іс жүргізудің барысында шығарылған шешімдердің күшін жоюға не осы тұрғыда жиналған материалдарды дәлелдеу күші жоқ деп тануға әкеп соғады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттары туралы ҚР ӘҚБТК 8- бапта қарастырылған:

Заңдылық қағидаты:

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар, әкімшілік жаза шаралары, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары және әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары осы Кодекспен ғана айқындалады. Осы Кодексте белгіленген негіздер мен тәртіптен өзгеше ретте, ешкім де әкімшілік жазаға, әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартыла алмайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген сот, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Кодекстің, осы Кодекстің 1-бабында көрсетілген өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңды күші бар және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады. Қазақстан Республикасының заңында және Конституциясында белгіленген қағидалар арасында қайшылықтар болған жағдайда Конституцияның ережелері қолданылады.

3. Соттар адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітіп берілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасалатын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітіп берілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайды деп тапса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне жүгінуге міндетті.

Сот Конституциялық Кеңестің шешімін алғаннан кейін іс бойынша іс жүргізу қайта басталады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген соттардың және органдардың (лауазымды адамдардың) конституциялық емес деп танылған заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге негізделген шешімдері орындалуға жатпайды.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген соттың, органдардың (лауазымды адамдардың) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде заңды бұзуына жол берілмейді және заңда белгіленген жауаптылыққа, қабылданған актілердің жарамсыз деп танылуына және олардың күшінің жойылуына әкеп соғады.

Заң мен сот алдындағы теңдік қағидаты:

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу барысында заң мен сот алдында бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Кінәсіздік презумпциясы-

1. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған тұлға өз кінәсі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және өз өкілеттіктері шегінде істі қараған судьяның, органның (лауазымды адамның) заңды күшіне енген қаулысымен белгіленгенге дейін кінәсіз деп есептеледі.

1. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

3. Кінәлілікке келтірілген кез келген күмәндар өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған тұлғаның пайдасына түсіндіріледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы қолдану кезінде туындайтын күмәндар да оның пайдасына шешілуге тиіс.

Кінә қағидаты-

1. Жеке тұлға кінәсі анықталған құқық бұзушылықтары үшін ғана әкімшілік жауаптылыққа жатады. Жеке тұлғаның кінәсіз зиян келтіргені үшін объективті кінә тағуға, яғни әкімшілік жауаптылыққа жол берілмейді.

2. Қасақана немесе абайсызда іс-әрекет жасаған жеке тұлға әкімшілік құқық бұзушылыққа кінәлі деп танылады.

Әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға жол бермеу қағидаты-

Ешкімді де нақ сол бір құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылыққа екі рет тартуға болмайды.

Ізгілік қағидаты қағидаты-

Құқық бұзушылық жасаған адамға қолданылатын әкімшілік жаза дене азабын келтіруді немесе адами қадір-қасиетті қорлауды мақсат тұтпайды.

Жеке басқа қол сұғылмаушылық қағидаты-

1. Осы Кодексте белгіленген негіздер мен тәртіптен өзгеше ретте, ешкімді де әкімшілік ұстап алуға, күштеп әкелуге, ішкі істер органдарына (полицияға) немесе басқа да мемлекеттік органдарға жеткізуге, жеке басын жете тексеруге және жеке тұлғаның заттарын жете тексеруге немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің өзге де шараларын қолдануға болмайды.

2. Осы Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен судьяның қаулысы бойынша ғана әкімшілік жазалау шарасы ретінде әкімшілік қамаққа алу қолданылуы мүмкін.

3. Әрбір ұстап алынған, күштеп әкелінген, ішкі істер органдарына (полицияға) немесе басқа да мемлекеттік органға жеткізілген адамға ұстап алудың, күштеп әкелудің, жеткізудің негіздері, сондай-ақ жасалуы оған тағылып отырған әкімшілік құқық бұзушылықтың заңдық саралануы дереу хабарланады.

4. Мемлекеттік орган (лауазымды адам) заңсыз ұстап алынған, күштеп әкелінген, жеткізілген немесе судья қаулысында көзделген мерзімнен артық әкімшілік қамаққа алуда болған адамды дереу босатуға міндетті.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысушы адамдардың ешқайсысын азаптауға, оларға күш қолдануға, қатыгездікпен немесе адами қадір-қасиетін қорлайтындай қарауға болмайды.

6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу процесінде тұлғаның не оның өкілінің еркіне қарсы жеке басқа қол сұғылмаушылықты бұзатын әрекеттер жасау тек осы Кодексте тікелей көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана мүмкін болады.

7. Өзіне қатысты әкімшілік жазалау шарасы ретінде әкімшілік қамаққа алу таңдалған адамды, сондай-ақ әкімшілік ұстап алынған адамды ұстау оның өмірі мен денсаулығына қатер төндірмейтін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.

8. Заңсыз әкімшілік қамаққа алудың, өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларда ұстаудың, оған қатыгездікпен қараудың салдарынан жеке тұлғаға келтірілген зиян заңда көзделген тәртіппен өтелуге жатады.

Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу-

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде іске қатысатын адамның абыройын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемсітетін шешімдер мен әрекеттерге тыйым салынады, жеке өмір туралы мәліметтерді, сол сияқты адам құпия сақталуы қажет деп есептейтін жеке және іскерлік сипаттағы мәліметтерді осы Кодексте көзделмеген мақсаттар үшін жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу барысында соттың, басқа да мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерімен адамға келтірілген моральдық зиян заңда белгіленген тәртіппен өтелуге жатады.

Жеке өмірге қол сұғылмаушылық және құпияны қорғау-

Жеке өмір, жеке бас, отбасы құпиясы, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдары мен жинақ ақшасының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және өзге хабарларының құпиясына құқығы бар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу барысында осы құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

Меншікке қол сұғылмаушылық-

1. Меншікке заңмен кепілдік беріледі. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды.

2. Меншікке қол сұға отырып, мүлік пен құжаттарды алып қою; көлік құралын, шағын көлемді кеме мен басқарудан шеттету; көлік құралын, шағын көлемді кеме мен ұстап алу; көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жете тексеру; аумақтарды, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды қарап-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің өзге де шараларын қолдану осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана жүргізілуі мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген соттар (судьялар) және органдар (лауазымды адамдар) оларды өздеріне сырттан ықпал етуге болмайтын жағдайларда шешеді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген соттың (судьяның) және органның (лауазымды адамның) қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен айқындалған шектегі өзінің жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куә болуға міндетті емес. Осы көзделген жағдайларда аталған адамдар айғақтар беруден бас тартуға құқылы және бұл үшін қандай да болсын жауаптылыққа тартылмайды. Әркімнің әкімшілік іс жүргізу барысында білікті заң көмегін алуға құқығы бар және заң көмегі тегін көрсетіледі.

2 - сұрақ. Әкімшілік жауаптылық және әкімшілік жауаптылыққа жататын тұлғалар. Әкімшілік жаза түсінігі мен түрлері

Әкімшілік жаза – бұл әкімшілік құқық бұзғаны үшін заң бойынша өкілетті сот, орган (лауазымды тұлға) қолданылатын және ҚР ӘҚБТК осындай құқық бұзушылық жасаған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады.

Әкімшілік жазалар әкімшілік бұлтартпау шараларымен өте ұқсас болып келеді, өйткені оларды мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздерінің ортақтығы біріктіреді, сондай – ақ осы мәжбүрлеу шараларының ортақ мақсаты - жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Бірақта, әкімшілік бұлтартпау шаралары жазалау шаралары болып табылмайды. Әкімшілік бұлтартпау шаралары көбінесе әкімшілік жаза шараларын қолданудың алғы шарты болып табылады. Ал әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

ҚР ӘҚБТК 40 бабының 1 тармағы бойынша әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық істегені үшін заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және мұндай құқық бұзушылық жасаған тұлғаны құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделгендей айыруды немесе олардың шектелуін білдіреді.

Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар туралы ҚР ӘҚБТК-тің 35 – 39 бабтарында көрсетілген. Оған қажетті қорғану, қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу үстінде жасалаған құқықбұзушылық, аса қажеттілік жағдайында жасалған құқық бұзушылық болса, күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде, егер мұндай мәжбүрлеу салдарынан адам өз әрекеттерін (әрекетсіздігін) басқара алмаса, осы Кодексте көзделген іс-әрекетті жасау әкімшілік құқық бұзушылық, өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау үшін әрекет еткен адамның осы Кодексте көзделген іс-әрекетті жасауы әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды. Мұндай іс-әрекеттің жасалуына заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам әкімшілік жауаптылықта болады. Сонымен қатар көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындауы үшін қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылықта болады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамау әкімшілік жауаптылықты болғызбайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар ҚР ӘҚБТК тің 56-да қарастырылған:

- 1) кінәлі адамның өкінуі;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның құқық бұзушылықтың зиянды салдарын болғызбауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықты қатты жан толқынысының әсерімен не жеке басының немесе отбасының ауыр мән-жайлары салдарынан жасау;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылықты кәметке толмаған адамның жасауы;
- 5) әкімшілік құқық бұзушылықты жүкті әйелдің немесе он төрт жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы;
- 6) әкімшілік құқық бұзушылықты күшпен немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау;
- 7) әкімшілік құқық бұзушылықты қажетті қорғаныстың заңдылық шарттарын бұзу, құқыққа қарсы қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу, бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде жасау;
- 8) әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет абайсызда жасау әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар деп танылады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын сот (судья), орган (лауазымды адам).

Мына мән-жайлар әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар болып табылады:

1) прокурордың заңды түсіндіргеніне және (немесе) осыған уәкілетті тұлғалардың оны тоқтату талабына қарамастан құқыққа қарсы мінез-құлықты жалғастыру;

2) бұрын біртекті әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жазаға тартылған, ол бойынша осы Кодекстің 61-бабында көзделген мерзімі өтпеген адамның оны бір жыл ішінде қайталап жасауы;

3) кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту;

4) кінәлі адамға психикасының ауыр түрде бұзылуынан зардап шегетіні көрінеу белгілі адамдарды не әкімшілік жауаптылық туындайтын жасқа толмаған адамдарды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту;

5) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша, басқа адамдардың заңды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ басқа құқық бұзушылықты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

6) адамға немесе оның жақындарына қатысты осы адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

7) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі тұлғаға тәуелді адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жасау;

8) адамдар тобының әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

9) дүлей зілзала жағдайларында немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасау. Алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде әкімшілік құқық бұзушылық жасау әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар деп танылады. Әкімшілік жаза қолданатын сот (судья), орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына қарай осы мән-жайды ауырлататын мән-жай деп танымауы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

1) ескерту жасау;

2) әкімшілік айыппұл;

3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;

4) арнайы құқықтан айыру;

5) рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау;

6) қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;

7) заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу;

8) әкімшілік қамаққа алу;

9) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу.

Әкімшілік айыппұл (бұдан әрі – айыппұл) – осы бөлімнің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген жағдайларда және шекте әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған кезде қолданыста болған заңға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде ақша өндіріп алу. Әкімшілік жазаны қолдану ережелері ҚР ӘҚБТК 7-тарауда 55-64 баптарымен реттеледі. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жаза ҚР ӘҚБТК және әкімшілік құқық бұзушылық туралы өзге де актілерге сай жасаған әкімшілік құқық бұзушылығы үшін жауаптылық қарастыратын нормативті актілерде белгіленген шектерде салынады.

Әкімшілік жаза салынуы мүмкін:

1) тиісті органдармен немесе лауазымды тұлғалармен олардың құзырлығы шегінде;

2) егерде кінәлі тұлғаның іс-әрекетінде әкімшілік теріс қылықтың құрамы болса;

3) егерде осы құрам ҚР ӘҚБТК немесе әкімшілік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де нормативті актілердің тиісті нормаларында бекітілген болса;

4) егерде осы баптың санкциясы жасалған құқық бұзушылық үшін жауапкершілік қарастыратын болса;

5) жасалған құқық бұзушылықтың сипатын, құқық бұзушының жеке басын, кінәлілік деңгейін, мүлктік жағдайын, сонымен қатар жауапкершілікті жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды ескере отырып салынады.

Бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір құқық бұзушылық үшін жеке-жеке әкімшілік жаза қолданылады. Егер адам бірнеше әкімшілік құқық бұзушылықтар жасап, оларды сол бір судья, орган (лауазымды адам) қараса, онда бұл адамға сол бір түрдегі жазалар қолданылған жағдайда, жазаның түпкілікті мөлшерін жазаның осы түрі үшін осы Кодексте белгіленген, үш еселенген ең жоғары шектен асыруға болмайды, ал әкімшілік қамаққа алу үшін осы Кодекстің 50-бабының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнен асыруға болмайды.

Егер әкімшілік айыппұлдар заңнамалық актілерде белгіленген, орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған салық міндеттемесі сомасының пайызымен көрсетілген жағдайда, бұлар бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны үшін салынған кезде айыппұл әрбір құқық бұзушылық үшін жеке өндіріп алынады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде азаматқа немесе ұйымға мүлктік залал келтірілсе, судья әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарай келе, дау болмағанда жаза қолдану туралы мәселені шешу кезінде бір мезгілде мүлктік залалды өтеу туралы мәселені шешуге құқылы. Өзге уәкілетті органдар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мүлктік залалды өтеу, залалды өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған адам әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап 1 жыл ішінде осы жазаға ұшырады деп есептеледі. Әкімшілік қамаққа алу мерзімі тәуліктермен, ал жеке немесе заңды тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру, сондай-ақ рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі жылдармен, айлармен немесе күнтізбелік күндермен есептеледі.

Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты әкімшілік жауаптылықтан босату мән – жайы ҚР ӘҚБтК–те көзделген жағдайлардан басқа, тұлға – әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап екі ай өткеннен кейін, ал қоршаған ортаны қорғау саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын бұзғаны үшін оны жасаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды деп заңдастырылған. Жеке тұлға әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сондай-ақ салық салу, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды, ал заңды тұлға 3 жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс емес. Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде, сондай-ақ бюджеттік қатынастар саласында қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғылатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде тұлға әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

3- сұрақ. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар кәмелетке толмағандар деп танылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпал етудің шаралары мен әкімшілік жаза қолдану тәртібі ӘҚБтК –тің 66 – 72 баптарымен реттелген.

Жаза түрлерінің бірі *айыппұл*. Кәмелетке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшерін он айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды. Кәмелетке толмаған адамның айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, айыппұл ата-анасына немесе оларды

алмастыратын адамдарға салынады. Арнайы құқықтан айыру жазасын қолдауда кәмелетке толмағандардың жас ерекшелігі ескеріліп, бір жылдан аспайтын мерзім кесілуі мүмкін.

3. Әкімшілік жазалардың басқа да түрлері (әкімшілік қамаққа алуды қоспағанда), сондай-ақ ӘҚБТК 41 және 52-баптарында көрсетілген, әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары кәмелетке толмағандарға жалпы негіздерде қолданылады. Әкімшілік жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардан басқа кезде, кәмелетке толмаған адамға әкімшілік жаза қолдану кезінде оның өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы үлкен адамдардың әсер етуі ескеріледі. Әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) оған заңнамада көзделген тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдана отырып, әкімшілік жауаптылықтан немесе тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босатуы мүмкін. ҚР ӘҚБТК 69-бабында көрсетілгендей кәмелетке толмаған балаға мынадай тәрбиелік ықпал ету шаралары тағайындалуы мүмкін:

1. заңды түсіндіру;
 2. ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
 3. келтірілген зиянның есесін толтыру міндетін жүктеу;
 4. кәмелетке толмаған адамдарды бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу және оның қолдану мерзімі үш айға дейінгі ұзақтыққа белгіленеді.
- Кәмелетке толмаған адамға бір мезгілде бірнеше тәрбиелік ықпал ету шаралары тағайындалуы мүмкін. Осы Кодекстің 62-бабында көзделген ескіру мерзімдері кәмелетке толмағандарды әкімшілік жауаптылықтан немесе әкімшілік жазаны орындаудан босату кезінде жартысына қысқартылады. Әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жаза қолданылған кәмелетке толмаған адам әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау аяқталған күннен бастап алты ай ішінде осы жазаға тартылды деп есептеледі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Григорьев В., Тоқтабаева Қ., , Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы –Астана: «Фолиант» баспасы, 2008
5. Г.Искакова, Н.Ғазизова. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы. – Астана: Фолиант, 2017 ж.
6. С.Идрышев. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Астана: Фолиант, 2015 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. [Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.](#) «ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҢАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСУ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ»Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы
3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ

Жоспар:

1. Азаматтық құқыққа жалпы сипаттама
2. Азаматтардың әрекет қабілеттілік пен құқық қабілеттілік ұғымы
3. Заңды тұлғалар ұғымы. Заңды тұлғалардың құқық және әрекет қабілеттігі
4. Әкімшілік-құқықтық режимдер

1- сұрақ. Азаматтық құқыққа жалпы сипаттама

ҚР құқықтың барлық салалары жүйесінде азаматтық құқықтың маңызы, біріншіден, оның реттеу нысанасы болып табылатын қатынастардың шешуші рөліне, екіншіден, оның қолданылу аясының кеңдігіне, үшіншіден, оның жеке адамның мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғаумен ажырамастай байланыстылығы.

Азаматтық құқыққа жалпы сипаттама

Реттеудің азаматтық-құқықтық әдісі заңды тараптардың теңдігін, құқық бұзушылық кезіндегі жауапкершіліктің мүліктік және өтемақылық сипатын, сотқа жүгіну арқылы жүзеге асатын құқық қорғаудың айрықша әдісін білдіреді. Бұл әдіс ор деп аталады. Бұл тараптардың теңдігін, әрекеттің тәуелсіздігін, қарым-қатынастың еріктілігін білдіреді. Дүкен иесі тауар жеткізіп берушілерді өзі анықтайды, тараптар баға мен басқа да шарттар туралы келіседі және бұл әрекеттерді келісімшарт түрінде рәсімдейді. Аталған келісімшарт бұзылғанда тараптар келісімшарттың күшін жояды, ал бір-біріне қоятын талаптары болса, онда ол мәселелер сот арқылы шешіледі.

Аталған қағидаларды азаматтық құқықтың барлық қатысушылары басшылыққа алуы тиіс, өйткені олар әрбір адам өмірінің негізін қалаушы мәнге ие. Азаматтық құқықтың жүйесі Азаматтық құқықты қолдануды жеңілдету үшін оны жалпы және ерекше бөлімдерге бөледі. Азаматтық құқықтың жалпы бөліміне жалпы ережелерді реттейтін нормалар жатады. Олар: келісімшарт, меншік құқығы және міндеттемелік құқығы. Ерекше бөлімді, негізінен, нақты қатынастарды реттейтін нормалар құрайды. Олар — айырбас, жалға алу, сатып алу-сату, интеллектуалдық меншік, авторлық құқық және өсиетнама.

Әдеттегі құқықтар. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 3-бабының 3-тармағында: «Азаматтық қатынастар Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген азаматтық заңдарға қайшы келмесе, солармен реттелуі мүмкін» деп көрсетілген. Халықаралық шарттар (конвенциялар). Қазақстан тәуелсіз ел ретінде басқа мемлекеттермен әр түрлі шарттар жасасып жатады. Осы шарттардың азаматтық қатынастарды реттеуге қатыстылары азаматтық құқықтың негіздерінің бірін құрайды. Халықаралық шарттардың еліміздегі ішкі заңдарға карағанда басымдылығы бар. Сол себепті ішкі заңдар халықаралық заңдарға қайшы келмеуі керек. Егер қайшылық туып жататын болса, халықаралық шарттардың нормалары қолданылады. Сонымен, азаматтық құқық дегеніміз — тараптардың бір-біріне тәуелсіздігіне, теңдігіне негізделген тауар-ақша қатынасы, басқа да мүліктік қатынастарға тікелей байланысты жеке қатынастарды реттеуге арналған құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негізгі қайнар көзіне Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі, заңдар, заңға негізделген актілер, әдеттік құқық, т.б. жатады.

2- сұрақ. Азаматтардың әрекет қабілеттілік пен құқық қабілеттілік ұғымы

Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі (азаматтық әрекет

кабілеттілігі) кәмелетке толғанда яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады.

Заң құжаттарында он сегіз жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады.

Егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, барлық азаматтардың әрекет қабілеттілігі тең болады.

Заң құжаттарында көзделген реттер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімнің де құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайды.

Азаматтардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеудің заң құжаттарында белгіленген шарттары мен тәртібінің немесе олардың кәсіпкерлік не өзге де қызметпен айналысу құқығының сақталмауы тиісті шектеуді белгілеген мемлекеттік немесе өзге де органның құжатын жарамсыз деп тануға әкеліп соқтырады.

Азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар адамдар арасында болады. Қатынастарға жеке азаматтармен қатар, заңда көзделген белгілерге ие ұжымдық құрылымдар да түсе алады. “Заңды тұлғалар” терминімен қатар, ҚР азаматтары, шет ел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды қамтитын “жеке тұлғалар” терминін қолданады. Азаматтық құқықтық қатынастар азаматтық құқықтың барлық субъектілерінің арасында кез-келген түрде туындай береді.

Құқықтық реттеу белгілі бір құқық саласының субъектілерінде белгілі бір қасиеттердің болуына сәйкес, құқық теориясында құқықсубъектілік санаты қалыптасқан. Құқықсубъектілік құқықтық реттеу субъектілері құқықтың тиісті саласында құқықтарды иеленіп, міндеттерді атқару үшін қандай қасиеттерді иеленуі керектігін анықтайды.

Азаматтық құқық субъектілік туралы түсініктер тұлғаларда құқыққабылеттілік және әрекет қабілеттілік сияқты қасиеттердің болуымен байланыстырылады. Азаматтық құқықпен реттелетін құқықтық қатынастар адаммен өмір бойы бірге жүреді: адамның туған кезінен қайтыс болғанына дейін. Әрине, жаңадан туған нәрестенің шарт жасасуын көзге елестету қиын, сәби азаматтық құқықтар мен міндеттердің белгілі бір жиынтығына ие бола алады (өсиетке мүлік алуға, меншік иесі болуға және т.б.).

Экономикалық айналымды құқықтық реттеу үшін қатынастар тараптардың саналы ерікті іс-әрекеттерінен туындайтындай, оларға айтарлықтай тұрақты сипат беру керек. Сонымен қатар, азаматтық құқықпен реттелетін қатынастардан психикалық дамудың қажетті деңгейіне ие емес азаматтар толық шеттетілмейді.

Азаматтық құқықтағы, алғаш қарағанда қарама-қайшы болып көрінетін осы мәселелерді шешу үшін құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік сияқты ұғымдар пайда болды.

Егер, құқық қабілеттілік барлық азаматтарға туғанынан қайтыс болғанына дейін тиесілі деп танылса, әрекет қабілеттілік жалпы ережеге сәйкес, белгілі бір жасқа жетуге байланысты пайда болады, ал толық көлемді – 18 жасқа толғаннан бастап басталады. Құқық қабілеттіліктің әрекет қабілеттіліктен бөлінуі азаматтарға қатысты орын алады, себебі азаматтар өсу қабілетіне және белгілі бір ерікті және психикалық қасиеттерді біртіндеп иемдену қабілетіне ие.

Жалпы азаматтық құқық субъектісі тақырыбын қарастыру барысында алдымен құқық субъектілік элементтерін жан-жақты зерделеп алу қажет. Құқық қабілеттілік адамға тумысынан, ал заңды тұлғаларға мемлекеттік тіркеуден өтісімен беріледі. Ал келесі бір элементі әрекет қабілеттілігі, оны отандық азаматтық заңнама негізінен үш түрге бөліп қарастырады: толық әрекет қабілеттілік, жартылай әрекет қабілеттілік және шектеулі әрекет қабілеттілік.

Заң әрекет қабілеттілікті “азаматтық өз іс-әрекеттерімен азаматтық құқықтарды иелену және жүзеге асыру және азаматтық міндеттерді мойнына алып, оларды орындау қабілеттілігі” деп анықтаған (АК 17 бабы)

Әрекет қабілеттіліктің құқық қабілеттіліктен ерекшелігі, ол психикалық еркіндіктің белгілі бір дәрежесіне жетуді көздейтін, азаматтың еріктік іс әрекеттер жасауымен байланысты. Заң азаматтың әрекет қабілеттілікке жетуінің басты белгісі ретінде жасты қарастырады.

Толық әрекет қабілеттілік кәмелетке толғандарға, яғни 18 жасқа толғандарға ғана тиесілі болады. Осы ережеден кейде бас тартуға да жол беріледі: толық әрекет қабілеттілік азаматқа 18 жасқа толмай ақ, егер ол некеге отыратын болса және оның некелік жасы заңмен көрсетілген тәртіппен төмендетілсе, берілуі мүмкін.

Жартылай әрекет қабілеттілік 14-18 жас аралығындағы тұлғаларға қатысты. 14 жасқа толмаған жасөспірімдер жалпы ереже бойынша, әрекет қабілетсіз, олардың атынан барлық мәмілелерді олардың ата-аналары, асырап алушылары және қорғаншылары жасайды. Алайда 14 жас – кәмелетке толмағанның психикасының қалыптасуы, интеллектуалдық пісіп жетілуі үшін үлкен, елеулі мерзім.

Сондықтан да, заңда жас өспірімдердің белгілі бір мәмілелер жасасуы көзделген. 14 жас – заң ер жетудің белгілі бір сатысын байланыстыратын алғашқы жас аралығы. Осы жастағы жасөспірімдер келесі ұсақ тұрмыстық мәмілелерді жасасуға құқылы; өтеусіз негізде пайда табуға бағытталған, нотариалдық куәландыруды немесе мемлекеттік тіркеуді қажет етпейтін мәмілелер; заңды өкілмен берілген немесе оның келісімімен тұлғамен белгілі мақсат үшін немесе еркін иелік ету үшін берілген мүліктің тағдырын шешу бойынша мәмілелер.

Ұсақ тұрмыстық мәмілелер – жасөспірімнің немесе оның отбасының мүшелерінің күнделікті, қарапайым қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және сомасы бойынша мардымсыз болатын мәмілелер.

Психикалық дерттің нәтижесінде өз іс-әрекеттерінің мән маңызын түсіне алмайтын және оларға басшылық жасай алмайтын азамат сотпен әрекет қабілетсіз деп танылады. Мұндай жағдайда азамат ұсақ тұрмыстық мәмілелерді қоса алғанда ешқандай да мәмілелерді жасай алмайды, оның атынан барлық мәмілелерді қорғаншы жасайды (АК 26 бабы).

Азаматтың спирт ішімдіктерін және есірткі заттарын шегінен тыс тұтынуы оның іс-әрекеттеріне мемлекет тарапынан араласудың нәтижелігін көрсетеді, бірақ азаматтық құқық тұлғаны алкоголизм мен наркоманиядан емдеуді және осы қылықтар үшін оны жазалауды мақсат тұтпайды.

Спирт ішімдіктерін және есірткі құралдарын шамадан тыс тұтынатын азаматтарға қатысты жағдайда мемлекет олардың мүліктік қатынастарына, тек қана осы азамат өз іс-әрекеттерімен өз отбасын қиын материалдық жағдайға душар өткізсе ғана араласа алады. Сол себепті азаматтық заңдылық осындай жағдайларда олардың құқықтарын мүдделі тараптардың өтінішімен сотшешімі негізінде шектеуге жол береді.

1. Азаматтың аты-жөні және тұрғылықты мекен-жайы. Азаматтық хал актілері. Сіз азаматтық қатынасқа кіммен түсетініңізді анық білмесеңіз, азаматтық құқықтар мен міндеттердің дұрыс жүзеге асырылуын көзге елестету қиын.

2. Әр жеке азаматты дараландыру ең алдымен, оның аты-жөні бойынша жүргізіледі. Азаматқа аты-жөні туған кезінде беріледі және ережеге сай, егер заңмен немесе ұлттық әдет-ғұрыппен өзгеше көзделмесе (мысалы, әкесінің атының қолданылмауы), фамилиядан, аттың өзінен және әкесінің атынан тұрады.

3. Барлық азаматтық құқықтарды азамат өзге тұлғалардың атын пайдаланбай, тек өз атымен иеленуі керек. Заңмен көзделген жағдайларда, азамат ойдан шығарылған ат-псевдонимды қолдануға немесе шын атты да, жалған атты да қолданбауға құқылы.

Азаматтың тұрғылықты орны. Азаматты дараландыратын өзге белгі болып оның тұрғылықты орны табылады. (АК 16 бабы). Міндеттемелерді орындау, мұраны ашу және өзге азаматтық-құқықтық әрекеттер азаматтың тұрғылықты орны бойынша жүргізіледі. Аты-жөнмен қатар тұрғылықта орын да азаматтық құқық субъектісін дәлірек айқындауға мүмкіндік береді. Мысалы, әртүрлі азаматтардың аты-жөнінің толық сәйкес келуі жағдайлары жиі кездеседі, мекен-жайдың сәйкес келуі өте сирек кездеседі.

Тұрғылықты орын болып азамат тұрақты немесе көбінесе тұратын орын танылады. Егер, азамат бір жерде тұрақты тұратын болса, оның тұрғылықты орны оңай анықталады.

Бірақ та, азамат әртүрлі мән-жайлар бойынша бір орынна екінші орынға көшіп, әртүрлі орындарда тұратын жағдайлар да кездеседі. Мұндай жағдайда тұрғылықты орынды азаматтың басым тұратын орны бойынша анықтайды.

Азаматтық хал актілері. Құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, өзгеруіне, тоқтатылуына әсер ететін және азаматтардың құқықтық жағдайын сипаттайтын азаматтардың іс-әрекеттері немесе оқиғалар азаматтық хал актілері деп аталады. Мысалы, туу, некені қию және бұзу, асырапалу, әкелікті орнату, аты-жөнді өзгерту және азаматтың қайтыс болуы заңмен азаматтың азаматтық-құқықтық мәртебесін анықтайтын деректердің қатарына жатқызылған.

3-сұрақ. Заңды тұлғалар. Заңды тұлға ұғымы

1. Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс. 2. Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады. Заңды тұлғалардың түрлері мен нысандары 1. Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді көздейтін (коммерциялық ұйым) не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін (коммерциялық емес ұйым) ұйым заңды тұлға бола алады. 2. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін. 3. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғамдар тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік нысанында және заң құжаттарында көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін. Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады. 3-1. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын заңды тұлға тек қана мемлекеттік мекеме нысанында құрылуы мүмкін. 4. Заңды тұлғалар бірлестік құра алады (Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 110-бабы). Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі арнаулы және жалпы болады. Арнаулы құқық қабілеттілігі дегеніміз, заңды тұлғаның жарғыда көзделген қызметінің мақсатына сай келетіндей азаматтық құқықтары мен міндеттері болады. Мұндай жағдайда жарғыда олар айналысуға құқықты қызмет түрлері көрсетіледі. Осыған байланысты, ҚР АҚ 159-бабында былай делінген: «Заңды тұлғаның осы Кодексте, өзге де заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетін етіп жасаған, не оның органының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі, егер мәміледегі басқа тараптың мұндай жолсыздықтар туралы білгені немесе күнілгері білуге тиіс болғаны дәлелденсе, заңды тұлғаның немесе оның құрылтайшысының (қатысушысының) мүлік иесінің қуынымы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін».

Арнаулы құқық қабілеті бар заңды тұлғаның мысал ретінде қазыналық кәсіпорынды атауға болады. Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі жарғыда бекітілген мақсаттарымен және міндеттерімен айқындалады. Арнаулы құқық қабілеттілігі сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға да: мекемелерге, қоғамдық бірлестіктерге, қоғамдық қорларға, тұтыну кооперативіне, діни бірлестіктерге, заңды тұлғалардың қауымдастық немесе одақ нысанындағы бірлестіктеріне тән. Жалпы құқық қабілеттілігі бар заңды тұлғалар өз кезегінде, кез келген қызметпен айналыса алады, кез келген азаматтық құқығы және соған қатысты міндеттемесі болады. Коммерциялық емес ұйымға жататын (шаруашылық серіктестіктер мен қоғамдар) көптеген заңды тұлғалардың жалпы құқық қабілеттілігі болады. Азаматтық заңдарда заңды тұлғаның құқық қабілеттілігінің пайда болуы және тоқтатылуы туралы ереже белгіленген. ҚР азаматтық кодексінде заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі туралы былай делінген: «Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Айналысу үшін лицензия алу қажет болатын қызмет саласында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі сондай лицензияны алған

кезден бастап пайда болып, ол қайтарып алынған, оның қолданылу мерзімі өткен немесе заң құжаттарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқталады» Заңды тұлғаның азаматтық айналымға қатысуы үшін тек қана құқық қабілеттілігі емес, сондай-ақ әрекет қабілеттілігі де керек. Азаматтарға қарағанда заңды тұлғалардың ерекшелігі олардың құқық және әрекет қабілеттілігі бір мезгілде пайда болып, бір мезгілде тоқтатылады. ҚР Азаматтық кодексінің 37-бабында былай делінген: «Заңды тұлға заң құжаттары мен құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін өз органдары арқылы ғана азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне міндеттер қабылдайды». Заңды тұлғаның органы – бұл заңмен, жарғымен немесе құрылтай құжаттарымен көзделген лауазымды тұлғалар (бас директор, директор, президент, бастық, меңгеруші, төраға) және ұйым қатарында солармен бірге әрекет ететін лауазымды тұлғалардың алқалары (мысалы, акционерлік қоғамды — директорлар кеңесі, ал кооперативтік және қоғамдық ұйымдарда — басқарма, кеңес секретариат) заңды тұлғаның еркін білдіріп, оны жүзеге асырады. ҚР Азаматтық кодексте заңды тұлғалардың жекелеген түрлеріне қатысты органдардың құралы мен олардың құзыреті айқындалады. Мысалы, толық серіктестіктің ішкі мәселелері жөніндегі шешім барлық қатысушылардың жалпы келісімі бойынша қабылданады, сенім серіктестігін ісін басқаруды толық серіктестіктер жүзеге асырады, акционерлік қоғамның жоғары органы оның акционерлерінің жалпы жиналысы болып табылады. Акционерлік қоғамның атқарушы органы алқалық (басқарма) немесе жеке-дара (директор, бас директор, президент) болуы мүмкін. Ол акционерлік қоғам қызметіне күнделікті басшылықты жүзеге асырады және директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді. Қоғамның басқа да органдарының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен белгіленген ерекше құзыретіне кірмейтін барлық мәселелерді шешу акционерлік қоғамның атқарушысы органының айрықша құзыретіне жатады. Өндірістік кооперативті басқарудың жоғары органы оның мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Фирмалық атау — коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның тіркелгеннен кейінгі атауы. 1883 жылғы 30 наурызда қабылданған, 1993 жылдың 16 ақпанынан бастап Қазақстан Республикасы да мүшесі болып табылатын өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясының 8-бабына сәйкес фирмалық атау Конвенцияға қатысушы елдердің барлығында арнаулы тіркеусіз қорғалады. Демек, заңды тұлғаның фирмалық атауды оны тіркемей-ақ, пайдалану фактісіне қарай, пайдалануға құқығы бар деген сөз. Заңды тұлғаның фирмалық атауды тек қана өзі пайдалануға құқығы бар, бөтен бір фирмалық атауды заңсыз пайдаланатын тұлға фирмалық атаудың құқық иесінің талап етуі бойынша мұндай атауды пайдалануды тоқтатуға және келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті. Заңды тұлғаның фирмалық атауды пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері заңдарда белгіленеді. Қорытынды Қорытындылай келе, заңды тұлғалардың көптеп құрылуы елдің экономикасының дамуына зор үлес қосады. Экономикада әртүрлі заңды тұлғалар қызмет істейді, олар ерекшеліктерімен салалық құрамда болушылығымен, мамандану дәрежесімен, ұйымдастыру тәсілімен, механизация және автоматизация ерекшеліктерімен, ұйымдастыру – құқылық формаларымен т.б. бөлінеді. Заңды тұлға дегеніміз- меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүлктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым.

4-сұрақ. Әкімшілік-құқықтық режимдер

Әкімшілік-құқықтық режимдер бұл құқықтық режимдердің ерекше түрі болып табылады. Олар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және қолдаудың белгілі бір жағдайларында субъектілердің жұмыс істеуінің белгілі бір тәртібін көрсетеді.

Әкімшілік-құқықтық режим мемлекеттік басқару аясында кең тараған. Әкімшілік-құқықтық режимдер институтының өзіне тән ерекшелігі болып тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделеріне ішкі және сыртқы қауіп-қатердің болуында. Әкімшілік-құқықтық режимдердің басты мақсаты қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қауіпті төмендету үшін кедергілер құру болып табылады, бірақ та көбінесе бұл жағдайларда

қолданылатын шаралар мәжбүрлеуші сипата болады. Дәл осы әкімшілік-құқықтық режимдерді енгізу қатаң анықталған тәсілдер, құралдар қолдану арқылы, жұмыс істеу мен өмір тіршілігінің тұрақты жағдайларын қамтамасыз ету мен қорғауға мүмкіндік беретін орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Барлық әкімшілік-құқықтық режимдер жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын шектейді. Сәйкесінше олардың енгізілуі және қызмет етуінің негіздері мен тәртібі заңнамалық деңгейдегі арнайы нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Арнайы заңдардың негізіне Президент жарлықтары және биліктің арнайы құзыретті атқарушы органдарының құқық қолдану сипатындағы актілері қабылдануы мүмкін.

Әкімшілік-құқықтық режимдердің көптеген түрлері бар. Әкімшілік-құқықтық режимдерді түрлі белгілер (критерий) бойынша бөлуге болады. Сонымен, аумақтық (территориялық) белгісі бойынша жалпы мемлекеттік және жергілікті режимдерді ажыратамыз. Әрекет ету уақытына байланысты режимдердің тұрақты, уақытша және жағдайға байланысты түрлері болады. Объекті бойынша әкімшілік-құқықтық режимдер атомдық энергетика режимі, су қоймасы режимі, уақытша ұстау изоляторының режимі, қылмыстық-атқарушылық мекемелер режимі және т.б. болып бөлінеді.

Мемлекеттік құпия режимі 15 наурыз 1999 жылғы «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР Заңымен реттеледі және тұрақты режим болып табылады. Аталмыш заңға сәйкес мемлекеттік құпиялар - таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-іздігірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер. Заңнамада мемлекеттік құпияға жатқызылатын мәліметтер тізімі және тиісінше құпиялануы тиіс мәліметтер тізімі белгіленген.

Құпиялылықтың үш дәрежесі белгіленеді: «аса маңызды», «өте құпия» және «құпия». Мемлекеттік құпияға залалдың ауырлық дәрежесіне сәйкес белгі беріледі, осыған сәйкес Қазақстан Республика Үкіметі белгілеген тәртіпте анықталатын оның қорғалу дәрежесі де анықталады. Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерге "аса маңызды", "өте құпия" деген құпиялылық белгілері беріледі. Қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерге "құпия" деген құпиялылық белгісі беріледі. Құпиялылық дәрежесі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен мемлекеттің, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін залалдың ауырлық дәрежесіне сәйкес анықталуы тиіс.

Мемлекеттік шекараны қорғау аясындағы режимдер басты мақсаты мемлекеттік шекараға қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ету және Қазақстанның территориялық тұтастығын қорғау, мемлекеттік шекарамен шектесетін аумақтарда әртүрлі қызметті реттеу болып табылатын тұрақты режим. Аталған режим «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы Заңымен реттеледі және оның жүзеге асуы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздігін Комитетінің Шекара қызметіне жүктеді. Бұл заңда мемлекеттік шекара режимі, өткізу пункттеріндегі режим, шекара режимі, аумақтық сулар (теңіздер) және ішкі сулар режимі, континенттік қайраң режимі сияқты режимдердің түрлері бекітілген..

Аталған режимдер негізінде мемлекеттік шекарадан өту тәртібі, шекаралық өзендер және су қоймалардың қазақстандық бөлігінде болу және жүзу тәртібі, әуе кемелерінің республикамыздан ұшуы не республикамызға қонуы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында түрлі жұмыстарды жүргізу, өнеркәсіптік, зерттеу, іздестіру жұмыстары және өзге де қызмет түрлерін жүргізу (мемлекеттік шекара режимі); мемлекеттік шекарадан өткізу пункттерінде шекаралық бақылауды жүзеге асыру; шекаралық аймақ пен шекаралық белдеуге кіру, өнеркәсіптік, зерттеу, іздестіру жұмыстары және өзге де қызмет түрлерін жүргізу және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына жақын

жерлерде жаппай қоғамдық-саяси, мәдени және басқа іс-шараларды өткізу реттелінеді (шекаралық режим).

Паспорттық-визалық режим еліміздің ішкі және сыртқа қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ерекше маңызды буыны болып табылады. Аталмыш әкімшілік рәсім Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеудің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 қарашадағы № 631 Бұйрығымен және Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 Қаулысымен реттеледі. Қазақстанның территориясына шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың кіру тәртібі «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңында және «Қазақстан Республикасының визаларын беру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2009 жылғы 14 желтоқсандағы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы Бірлескен бұйрықтарымен реттеледі. Бұл құжаттар Қазақстан территориясында тұлғалардың жеке бастарын куәландыратын құжаттарды рәсімдеу және беріу тәртібін бекітеді. Аталған режимнің элементтері болып қажеттік құжаттарды талап теуші тұлғалар санаты, өкілетті органдардың түрлері, олар қабылдайтын шешімдердің түрлері және т.б.

Рұқсат беруші мен тұлғалардың жеке бастарын куәландыратын құжаттар беруден басқа паспорттық-визалық режим Қазақстан аумағына кіру мен онда болу және Қазақстан аумағынан сыртқа шығу мәселелерін де қамтиды. Бұл режимнің негіздері ҚР Конституциясы мен «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңында көрсетілген.

Төтенше режимдер әкімшілік-құқықтық режимдердің ішінде ерекше орын алады. Төтенше режимдер ретінде жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігін шектеуге жол беретін, қалыптасқан нақты жағдайларға байланысты тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің уақытша әлеуметтік-объективтік және құқықтық шарасы ретінде мемлекеттік билік органдары қызметінің арнайы құқықтық режимін танылады.

Төтенше сипаттағы әкімшілік-құқықтық режимдердің төтенше жағдай және соғыс жағдайы деп бөлінетін екі түрі бар. Бұл режимдер ерекше жағдайлар жағдайды тұрақтандыру үшін мемлекеттің қатаң түрде араласуын қажет ететін уақыттарда енгізіледі. Бұл екі режим де жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты қажеттіліктен туындаған шектеу сипатындағы уақытша шаралар енгізуімен ерекшеленеді.

Төтенше жағдайлар режимі. Төтенше жағдай - азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметіне, азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін ерекше құқықтық режим болып табылатын уақытша шара. Бірақ бұл шаралар төтенше жағдайды енгізуге негіз болған жағдай шеңберінде ғана жүзеге асырылуы тиіс. 2003 жылы 8 ақпанындағы «Төтенше жағдайлар туралы» ҚР заңына сәйкес төтенше жағдайды енгізуге келесілер негіз болады: 1) шекаралас мемлекеттер аумақтарынан Мемлекеттік шекара арқылы жаппай өту; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге ұмтылу; терроризм актілері; Қазақстан Республикасының Конституциясын бұза отырып, билікті күштеп басып алуға немесе билікті күшпен ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттер; қарулы қақтығыстарға тарту мақсатында басқа мемлекеттер тарапынан болатын арандатушылық іс-әрекеттер; Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзу; жаппай тәртіпсіздіктер, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстар; экстремистік топтардың жекелеген жерлерді, аса маңызды объектілерді қоршап алуы немесе басып алуы; заңсыз әскери құралымдар құру және олардың қызметі;

2) дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, су тасқыны және басқалар), дағдарысты экологиялық жағдайлар, табиғи өрттер, эпидемиялар мен індеттер, ауыл шаруашылығы

өсімдіктері мен ормандардың аурулармен және зиянкестермен зақымдалуы, өнеркәсіптік, көліктік және басқа авариялар, өрттер (жарылыстар), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар ауаға жайылатын (жайылу қаупі бар) авариялар, үйлер мен ғимараттардың кенеттен құлауы, су бөгеттерінің бұзылуы, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін электрэнергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі, тазарту құрылғыларындағы авариялар себеп болған және жағдайды дереу тұрақтандыруды, құқық тәртібін қамтамасыз етуді, қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жағдай жасауды талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар. Төтенше жағдай орын алған жағдайды басқа әдістермен қалпына келтіру не тұрақтандыру мүмкін болмаған уақыттарда енгізілетін шара болып табылады. Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізеді. Төтенше жағдай Қазақстан Республикасының аумағында 30 күн мерзімге, жекелеген аймақтарда 60 күн мерзімге дейін енгізіледі, ал төтенше жағдай енгізілу себептері жойылған жағдайларда ҚР Президенті мерзімінен бұрын тоқтатуы мүмкін. Белгіленген мерзімдер ҚР Президентінің Қаулысымен ұзартылуы мүмкін. Төтенше жағдай енгізу уақытында оны негізуге себеп болған жағдайларды жоюға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғауға бағытталған шаралар кешені енгізілуі мүмкін.

Соғыс жағдайы төтенше әкімшілік-құқықтық режимдердің бірі болып табылады. Соғыс жағдайы енгізудің негіздері мен тәртібі «Соғыс жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 наурыздағы Заңымен ертеледі. Заңға сәйкес соғыс әскери жағдайы – Қазақстан Республикасына қарсы агрессияны не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей төнген қатерді болдырмауға немесе оларға тойтарыс беруге жағдай жасауға бағытталған саяси, экономикалық, әкімшілік, әскери және өзге де шаралар кешенін көздейтін және Қазақстан Республикасының Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде енгізетін ерекше құқықтық режим болып табылады. Соғыс жағдайын енгізудің мақсаты Қазақстан Республикасына қарсы агрессияның жолын кесу немесе оған тойтарыс беру болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Әкімшілік құқық түсінігі және ерекшеліктері, оның Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі орны.
2. Әкімшілік-құқықтық нормалар мен әкімшілік құқықтық қатынастардың ерекшеліктері.
3. Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдарының жүйесі. Қазақстан Республикасы атқарушы билік органдарының құқықтық мәртебесі.
4. Жеке және заңды тұлғалардың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің түсінігі мен ерекшеліктері.
5. Әкімшілік мәжбүрлеудің мәні және мемлекеттік органдар құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу(ескерту) және бұлтартпау шарасы ретінде қолданатын іс-шаралар кешені.
6. Әкімшілік жауапкершілік, әкімшілік жазалау шаралары және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірістің түсінігі.
7. Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-құқықтық режимдерді құқықтық реттеу.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж

3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Г.Искакова, Н.Ғазизова. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы. – Астана: Фолиант, 2017 ж.
5. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Астана: Фолиант, 2015 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. ҚР Азаматтық Кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсаны

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жоспар:

1. Меншік құқығы, оның түрлері. Меншікке қарсы қылмыс
2. Мұрагерлік. Өсиет
3. Олжа. Көмбе

1- сұрақ. Меншік құқығы, оның түрлері. Меншікке қарсы қылмыс

Меншік құқығы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары жүйесінде ерекше орынға ие, өйткені ол адамның жеке басының әл-ауқаттылығының көрсеткіштерінің бірі саналады. Сонымен қатар, ол экономикалық қарым-қатынастардың реттеушісі болып саналады, әрі осы мағынасында ол көпфункционалды болып келеді.

ҚР Конституциясы мен қозғалатын және қозғалмайтын мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқықтарына байланысты мәселелерді реттейтін басқа да заңдары бүкіл меншік нысандарының бірдейлілігін және бірдей қорғалатындығын атап көрсетеді.

ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімінің 6-тарауында қарастырылған қылмыстардың тектік объектісі болып меншік саналады. ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес меншік құқығы деп заң актітері мойындаған және қорғайтын субъектінің өз қарауы бойынша өзіне тиесілі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқықтары танылады. Қылмыстардың тікелей объектітері мемлекеттік және жеке меншік құқықтары болуы мүмкін.

Субъективтік критерийлері бойынша меншікке қарсы қылмыстарды екі топқа ажыратуға болады: меншікке қарсы пайдакүнемдік және пайдакүнемдік емес қылмыстар.

Пайдакүнемдік қылмыстарда сәйкесінше міндетті белгі болып пайдакүнемдік мақсат немесе ниет табылады. Өз кезегінде, қылмыстардың объективтік жағының ерекшеліктері бойынша оларды мүлікті бөтеннің меншігінен алуға байланысты (талан-тараж ету) және байланысты емес (талан-тараж етуге байланысты емес) топтарға бөледі.

Талан-тараж ету деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге де иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады (ҚР ҚК-нің 175-бабына 1-ескерту). Іс-әрекетті талан-тараж ету деп тану үшін осы аталған көрсеткіштер толықтай болуы керек.

Талан-тараждау заты болып бөтеннің, яғни кінәлінің иелігінде тұрмайтын мүліктер танылады. Талан-тараждау заты белгілі бір физикалық, экономикалық және заңдық қасиеттерге ие болуы керек.

Талан-тараждау нысандар мен түрлерге бөлінетінін ұмытпау керек.

Талан-тараждау нысанын мүліктің бөтеннің иелігінен алудың тәсілі анықтайды. Бұл ұрлық, тонау, алаяқтық, иемденіп алу, ысырап ету, қарақшылық. Талан-тараждау түрлері қылмыс затының мөлшеріне қарай анықталады: ұсақ-түйек, ірі мөлшерде, ерекше құнды заттарды талан-тараждау. Ұсақ-түйек талан-тараж ету мен ірі мөлшерде талан-тараждау түсініктері ҚР ҚК-нің 175-бабына ескертулерде анықталған. Сонымен қатар, талан-тараждаудың төменде келтірілген саралаушы белгілері оның бүкіл нысандары үшін ортақ дерлік:

- алдын ала сөз байласа отырып талан-тараждау;
- бірнеше мәрте жасалған талан-тараждау;
- ұйымдасқан топ істеген талан-тараж;
- ірі мөлшерде талан-тараж ету;
- бұрын талан-тараждау немесе қорқытып алу үшін екі немесе одан да көп рет соттылығы бар адамның талан-тараждылық жасауы.

Меншікке қарсы қылмыстардың нақты түрлерін қарастыра отырып, «Талан-тараждау істері бойынша сот практикасы туралы» 19.12.2003 ж. № 8 ҚР Жоғары Сот Пленумының нормативті қаулысын басшылыққа алу керек. Бұл қаулыда меншікке қарсы қылмыстарды саралауда туындайтын бірқанша мәселелер анықталған.

Ұрлық (ҚР ҚК-нің 175-бабы) – бұл бөтеннің мүлкін құпия талан-тараждау. Мүлікті алудың құпиялылығы екі критерийден тұрады – объективтік және субъективтік. Объективтік критерий кінәлінің іс-әрекеттерінің басқалардан нақ түрде құпия жүргізілгенін білдіреді. Ал субъективтік критерий қылмыстың жасалуы барысында кінәлінің өзінің жағдайды қалай түсінгенін сипаттайды. Егер кінәлі өзінің әрекеттерінің құпия түрде болып жатқанын ғана түсінсе, онда оның іс-әрекеттері ұрлық ретінде, тіпті меншік иесі немесе өзге де куәгерлер оның істерін сырттай байқап отырған болса да. Сонымен қатар, егер тіпті кінәлі бөтеннің мүлкін ашық алып жатырса да, бірақ оған куә басқа адамдар оның ісінің шынайы мән-мағынасын түсінбесе, онда да кінәлінің әрекеттері ұрлық ретінде сараланады.

Ұрлық, тонау, қарақшылық сияқты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан орнатылған. Аталған қылмыстар үшін ортақ болып саналатын саралаушы белгі – аталған қылмыстарды тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірмен жасау. Заңсыз кіру – бұл аталған бөлмелерге, үй-жайға құпия не ашық түрде кіру немесе ену. Сонымен қатар, егер адам үй-жайға алдау жолымен, мысалы, өзін мемлекеттік билік өкілі ретінде таныстырып кіретін болса да оның іс-әрекеттерінде заңсыз кірумен деген белгі болады. Егер осы тектес істер бойынша адамның белгілі бір мемлекеттік құжаттарды жалған жасағаны анықталатын болса, оның әрекеттері қылмыстардың жиынтығы бойынша сараланады. Сонымен бірге, егер кінәлі аталған үй-жайға заңсыз кірмей-ақ, бірақ техникалық және басқа да аспаптарды пайдаланып, оның ішінде тұрған заттарды иеленетін болса, жоғарыда аталған белгі орын алады. Мұндайда талан-тараж етуге қасақана ой кінәліде нақты енуден алдын пайда болған болуы керек.

Тонау (ҚР ҚК-нің 178-бабы) – бөтеннің мүлкін ашық түрде талан-тараждау. Ол меншік иесінің немесе осы меншік иелігінде болған адамдардың не болмаса басқа адамдардың көзінше жасалады. Оның субъективтік белгісінің мәні – аталған адамдар мүлікке қатысты жасалып жатқан іс-әрекеттердің шынайы мән-мағынасын түсінуінде, ал кінәлі осы жағдайды ескермейді. Егер адам әрекеттері ұрлық ретінде басталып, артынан меншік иесі немесе өзге де адамдар оның ісін әшкерелесе, бірақ осыған қарамастан кінәлі өз әрекеттерін әрі қарай жалғастыра беретін болса, оның әрекеттері тонау ретінде саралануға тиіс.

Тонау қылмысында кездесетін ерекшелік белгі – оның жәбірленушіге қатысты оның өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен немесе ондай күшті қолдану қатерімен жасалуы. Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш деп ұрып-соғуды немесе денсаулығының қысқа уақыттық бұзылуын немесе жалпы еңбек қабілеттілігін айтарлықтай емес тұрақты жоғалтуға әкеп соқпайтындай адам денесіне ауырсыну келтіруге байланысты басқа да әрекеттерді тану керек.

Алаяқтықтың (ҚР ҚК-нің 177-бабы) объективтік жағы алдау немесе сенімін балағаттау арқылы бөтеннің мүлкін талан-тараж етуден немесе оған құқыққа ие болудан тұрады. Осы қылмысты жасағанда жәбірленуші мүлікті қылмыскерге оған сеніп өз қолымен тапсырады. Алданып немесе сеніп қалған меншік иесі немесе өзге де заңды иеленуші қылмыскерге мүлкін немесе мүлікке құқықты өз еркімен тапсырады. Алаяқтық жолымен алдау дегеніміз шындыққа жатпайтын факттерді көрінеу бұрмалап, жалған хабар беру, мәлімдеме жасау, жалған құжаттар көрсету арқылы өзін құқық қорғау органдары қызметкері ретінде көрсету, әртүрлі келісімдер бойынша бұйымның, заттың саны, сапасы, бағасы жөнінде көрінеу

шатастыру, жалған сенім хаттар көрсетіп, басқа біреуге тиісті қаражатты немесе мүлікке құқықты алу, осындай әдіспен біреудің үйін, көлігін, басқа мүлкін сатып алу.

Ұрлық, тонау, алаяқтық сияқты қылмыстар мүлік кінәліге ауысып, ол осы мүлікті шынайы иелене алатын, өз қарауы бойынша оған билік жүргізе алатын мүмкіндігі пайда болғанда аяқталған деп саналады.

Иеленіп алу немесе ысырап ету – кінәлі адамға тапсырылған бөтен мүлікті талан-таражға салудың бір нысаны болып табылады. Қылмыстың объективтік жағы сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иелену немесе ысырап ету белгілерімен сипатталады. Осыған байланысты бұл жерде талан-тараждың екі нысаны: иеленіп алу немесе ысырап ету құрамдары туралы сөз болып отыр.

Иеленіп алу дегеніміз кінәлінің өзіне сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін өзінің пайдасына заңсыз айналдыруы мақсатымен оған заңсыз иелік етуі болып табылады. Мұндай ретте иеленген мүлік кінәлінің билігінде болады. Ол меншік иесіне негізсіз қайтарылмайды немесе бөтен адамға берілмейді. Мүліктің жоғалуы, іріп-шіріп кетуі, жойылуы, басқа адамның ұрлауы нәтижесінде меншік иесіне қайтарылмаса, онда бұл иеленіп кетуге жатпайды. Иеленіп кетуді бөтеннің мүлкін уақытша пайдалана тұруымен шатастыруға болмайды. Егер өзіне мүлік сеніп тапсырылған адам оны заңсыз пайдалана отырып, оны заңды иесіне қайтаруға немесе оның құнын төлеуге деген ниетте болса, онда оның әрекеті иеленіп кету емес, неқты жағдайларға қарай Қылмыстық кодекстің 228, 307 немесе 327-баптарымен саралануы мүмкін.

Ысырап етуге кінәлі адамның өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті заңсыз және тегін өзінің пайдалануы немесе басқа біреуге беруі, сатуы, қарызға беруі және басқа да әрекеттері жатады.

Қарақшылық – талан-таражға салудың ең қауіпті түрі болып табылады. Қылмыстық заңда қарақшылық, «яғни бөтен мүлікті талан-таражға салу мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау» деп анықталған (ҚР ҚК-нің 179-бабы). Қарақшылықтың қауіптілігі бөтеннің меншігіне қол сұғумен бірге осы қол сұғудың өте қауіпті тәсілі – шабуыл жасауға ұшырған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқанында болып табылады. Қылмыстың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің көтеріңкі жағдайы оның екі бірдей объектісі – меншікке және адамның денсаулығы мен өміріне бір мезетте қылмыстық қол сұғуы арқылы сипатталады. Қарақшылықтың объективтік жағы адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе осындай тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау арқылы сипатталады. Осыған орай қарақшылықтың объективтік жағы негізінен екі әрекет арқылы: шабуыл жасау және күш көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Шабуыл жасау деп кінәлі адамның жәбірленушіге кенеттен, оның қарсылығын тойтару мақсатында өте үрдіс түрде күш қолдануы болып табылады. Шабуылға ашық түрде жасалған зорлық әрекеттерінен бөтен жәбірленушіні ту сыртынан ұру, тасада тұрып оған оқ ату, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына қауіп келтіретін жағдайда оған қатты әсер ететін, уландыратын немесе жандандыратын нәрселер арқылы оны есеңгірететін жағдайға келтіру сияқты әрекеттер жатады. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету, жәбірленушінің денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру (103-бап), орташа ауырлықтағы зиян келтіру (104-бап) немесе денсаулықтың қысқа уақытқа бұзылуының немесе еңбек қабілетін айтарлықтай емес тұрақты жоғалтуға әкеліп соққан зиян келтіру (105-бап), сондай-ақ жәбірленушінің өміріне тікелей қауіп тудырған басқадай күш қолданулар жатады.

Қылмыстық кодекстің 180-бабының 1-тармағында ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құнды заттар мен құжаттарды талан-таражға салу, талан-тараждың жасалу тәсіліне қарамастан осы қылмыс құрамын құрайды деп белгіленген. Талан-тараждың осы түрінің заты болып ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құнды заттар танылады. Бұларға археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған ерекше заттар, көркемдік

маңызы ерекше заттар (картиналар, скульптуралық шығарма, әртүрлі нәрселерден жасалған көркем бұйымдар), көне кітаптар, сирек қолжазбалар, архивтер, сирек кездесетін коллекциялық байланыс маркалары, көне мәнеттер, ордендер, ғылым немесе мәдениет үшін аса құнды құжаттар жатады.

Заңда «Қорқытып алушылық, яғни бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе күш қолданумен не бөтен мүлікті жоюмен немесе бүлдірумен қорқыту арқылы мүлікті сипаттағы басқа да іс-әрекеттер жасауды талап ету, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның туыстарын масқаралайтын мәліметтерді таратумен, жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау арқылы иелену» деп белгіленген. Қорқытып алушылықтың тікелей объектісіне меншік қатынастары ғана емес, жәбірленушінің немесе оның жақындастарының ар-намысы және олардың жеке басының бостандығы, денсаулығы жатады. Қорқытып алушылықтың жәбірленушісі болып талап етіліп отырылған мүлік иелігінде, күзетінде немесе меншігінде тұрған адам және жақындары танылады. Қорқытып алудың заты болып: мүлік, мүлікке құқық немесе қорқытушының пайдасына жәбірленушінің мүліктік сипаттағы басқа да іс-әрекеттерді істеуі жатады. Қорқытып алушылықтың объективтілік жағы екі түрлі жеке әрекеттен – қорқыту арқылы жәбірленушіден талап етіп отырған мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе кінәлінің пайдасына мүліктік сипаттағы басқа да іс-әрекеттерді істеуді талап етуден тұрады. Қорқытып алушылық құрамындағы мүліктің түсінігіне кез келген қозғалатын немесе қозғалмайтын мүліктер жатады. Кінәлі адам қорқыту арқылы осы мүлікті өзіне беруді, яғни өз меншігіне өткізуді талап етеді.

Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен меншік иесіне немесе өзге мүлік иеленушіге талан-тараж белгілерінсіз мүліктік залал келтірілгені үшін қылмыстық жауаптылық 182-бапта арнайы көрсетілген.

Осы қылмыстың тікелей объектісі меншік қатынастары болып табылады.

Қылмыстың заты ақша, қозғалатын немесе қозғалмайтын әртүрлі мүлік болады.

Объективтік жағынан бұл қылмыс белсенді әрекет күйінде – алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы істеледі. Қылмыс істелу тәсіліне қарай алаяқтық құрамына көп ұқсас, бірақ алаяқтықта кінәлі адам бөтеннің меншігін заңсыз, тегін өзінің не басқаның иелігіне аударса, алдау не сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіруде кінәлі адам бөтеннің мүлкін меншік иесінен немесе өзге де иеленушінің иелігінен айырмайды. Кінәлі – меншік иесіне төленуге, өтелуге тиіс нәрселерді істемеу арқылы, өзі пайда тауып, меншік иесіне залал келтіреді. Мысалы, заң немесе басқа нормативтік акттерге сәйкес мемлекет пайдасына түсетін төлемдерді төлемей.

ҚК-тің 183-бабында көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті алдын ала уәделеспей алғаны немесе өткізгені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Қылмыстың тікелей объектісі меншік қатынастарына байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қылмыстың заты – қылмыстық жолмен табылаған мүлік.

Қылмыс объективтік жағынан қылмыстық жолмен табылған мүлікті алу немесе өткізу әрекеттерінің біреуін істеу арқылы іске асырылады. Қылмыстық жолмен табылған мүлікті алу деп кінәлінің осы мүлікті біле тұра күні бұрын уәделеспей заңсыз қылмыстық жолмен иеленген адамнан әртүрлі келісімдер арқылы – ақылы немесе ақысыз, тегін, сыйға, айырасқа, қарызының өтемі үшін немесе басқа да кез келген нысанда алуын айтамыз. Егер адам мүлікті алу барысында оның қандай жолмен табылғанын білмесе немесе табылағанын білуге мүмкіндігі болмаса, онда оны осы бап бойынша жауапқа тартуға негіз жоқ.

Қылмыстық жолмен табылған мүлікті өткізу деп кез келген тәсілмен ақылы немесе тегін осы мүлікті немесе оған құқықты басқаға беруді айтамыз.

Адамның құқытары мен бостандықтары жүйесінде меншікке құқықтың алатын орны ерекше, себебі ол адамның жеке басының сәттілігін сипаттайтын көрсеткіш. Бұл құқықтар экономикалық қатынастарды реттейді, сондықтан олардың атқаратын міндеті көп.

Жылжитық және жылжымай мүліктерге иелену, пайдалану, билік ету құқықтарына ие болуды реттейтін ҚР-ның ҚК мен заңдары кезкелген меншік түріне қарамастан теңдік соған сәйкес тең қорғалу құқығын береді.

ҚР ҚК 6 тарауында қарастырылған қылмыстардың тектік объектісі меншік болып табылады. ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес меншікке құқық дегеніміз субъектінің өзіне тиесілі мүлікті иемденуге, пайдалануға, оған билік жасауға құқығын заң актілерінің мойындауы және қорғауы. Тікелей объекті болып мемлекеттік және жеке меншік танылады.

Барлық меншікке қарсы қылмыстар субъективтік тұрғыдан пайда табу мақсатында және пайда табу мақсатынсыз жасалған қылмыстар болып бөлінеді (ҚК 187-188 баптары).

Пайда табу мақсатындағы қылмыстардың субъективтік жағының міндетті белгісі-пайда табуды көздеу немесе сондай тектес себептер. Сонымен қатар, пайда табу мақсатындағы қылмыстарды, олардың объективтік жақтарына қарай, мүлікті алумен ұрлау деп аталатын (ҚР ҚК 175-180 б) қылмыстарға және ұрлаумен байланысты емес (ҚР ҚК 181-186 б) қылмыстарға бөлуге болады.

Ұрлық деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз, қайтарымсыз алып кою және (немесе) айналдыру танылады (ҚР ҚК 175 б-на ескерту). Істелген қылмыстың әрекет ұрлық болып танылу үшін заң шығарушы анықтаған барлық белгілер болуы керек. Ұрлық қылмысының заты болып айыптының меншігінде болып табылмайтын бөтеннің мүлкін танылады. Ұрлық заты белгілі бір анықталған экономикалық, физикалық және құқықтық сипатта болуы керек. Сонымен қатар ұрлық түрлерге және ұрлық мөлшеріне бөлінеді. Ұрлық түрлері мүлікті алу тәсіліне байланысты ұрлау, иемденіп алу немесе ырысап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық, ал ұрлық мөлшеріне байланысты: кіші және ірі мөлшерде ерекше құнды заттарды ұрлау болып бөлінеді. Ұсақ-түйек ұрлау (кіші мөлшерде) және ірі мөлшерде ұрлау түсінігі ҚР ҚК 175 б. Баяндалған (05.05.2000 ж. редакциясында).

Ұрлықтың келесі кесте бойынша тізімделуі ұрлау қылмыстарының барлық түріне қатысты болып келеді:

- топ адамның алдын ала сөз байласып жасауы;
- бірнеше мәрте;
- ұйымдасқан топ;
- ірі мөлшерде;
- ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан көп рет сотталған адам жасаған ұрлық.

Нақты қылмыс құрамдары бар осы қылмыстарды саралау барысында 19.12.2003 ж. өзгертулер енгізілген № 8 11.07.2003 ж. «Бөтен мүлікті ұрлауды саралауды кейбір мәселелері туралы» Жоғарғы Соттық нормативтік қаулысымен міндетті түрде танысу қажет. Онда бөтен мүлкін ұрлау қылмысы түрлерін, сондай ақ ұрлықтың ауырлататын мән-жайларын саралау мәселелері толығымен қарастырылған.

Ұрлық (ҚК 175 б.) – бөтен мүлікті жасырып ұрлау. Ұрлықты жасырын тәсілмен жасауды екі тұрғыда - объективті және субъективті қарастыруға болады. Объективті тұрғы дегеніміз мәнінде тұлға ешкімге байқатпай әрекет етеді. Ал субъективті тұрғы бойынша – болып жатқан жағдайды тұлғаның өз қабылдауы бойынша түйсіну. Егер тұлға қоршан ортаға білдіртпей әрекет істеп жатырмын деп ұғынса, онда қылмыс ұрлық деп саралануы керек. Бұл ретте меншік иесі немесе басқа тұлғалардың болған оқиғаны көріп тұруы есепке алынбайды. Сонымен қатар, бөгде адамдардың көзінше жасалған ұрлықты жасырып жасалған деп тану үшін, сол адамдардың айыптының әрекетінде қылмыстық сипат бар екендігін ұғынбағандығы анықталуға тиіс.

Ұрлық, тонау және қарақшылық қылмыстары үшін жауапкершілік 14-жастан басталады.

Тонау (ҚК 178 б) меншік иесінің немесе бөгде адамдардың мүлік қорғауға берілген тұлғаның көзінше ашық ұрлау. Субъективті тұрғыдан қарастырсақ айыпты өзінің ашық әрекет жасап тұрғанын, меншік иесін немесе өзге адамдардың бар екендігін елемей тұрғандығын ұғынуы.

Егер айыпты мүлікті алуды жасырын бастап, онысы әшкереленген кезде өз әрекетін ары қарай жалғастырса, онда ұрлық тонау деп сараланады.

Ұрлаудың тек тонау сияқты нысанына ғана тән саралаушы нышанға жәбірленушінің өмірі немесе денсаулығы үшін қауіпті емес күш қолдану не сондай күш қолданамын деп қорқыту жатады. Жәбірленушінің денсаулығы немесе өмірі үшін қауіпті емес күш қолдану деп кішігірім жарақат, қанталау, дене тырналуы түрінде жалпы еңбекқабілетілігін жоғалтпайтын денсаулыққа келтірілген жеңіл зиянды түсіну керек.

Ұрлық, тонау, қарақшылық қылмыстарының ортақ сараланатын белгілеріне тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға ие қоймаға заңсыз ену жатады. Ену дегеніміз – ешқандай құқығы болмаса да тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға жасырын немесе ашық заңсыз басып кіру немесе өтіп кету. Сонымен қатар өзін үкімет адамына теліп немесе жалған құжат көрсету арқылы ену-заңсыз ену болып табылады және де бұл бөлімдер ҚК-тің тиісті баптарына сәйкес лауазымды иелену және заңсыз құжаттар дайындау баптарымен қоса сараланады. Сонымен қатар бұндай белгілер үй-жайға белгілі бір техникалық құралдарды қолданып кіргенде де ескеріледі. Ұй-жайға кіру ниеті енуден бұрын пайда болуы қажет.

Алаяқтықтың объективті жағы (ҚК 177 б) бөтен мүлікті талан-таранжыға салу немесе бөтен мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу болып табылады.

Алдау дегеніміз – шындыққа жатпайтын фактілерді көрінеу бұрмалап, жалған хабар беру, мәлімдеме жасау, жалған құжаттар көрсету арқылы өзін құқық қорғау органдары қызметкері етіп көрсету, етіп көрсету, әр түрлі келісімдер бойынша бұйымның, заттың саны, сапасы, бағасы жөнінде көрінеу шатастыру, жалған сенім хаттар көрсетіп, басқа біреуге тиесілі қаражатты немесе құқықта алу болып табылады.

Сенімге қиянат жасау деп кінәлі адамның меншік иесімен немесе мүліктің өзге де заңды иеленушісімен пайда болған әртүрлі сенімге негіз боларлық қатынастарды пайдалану арқылы олардың мүлкін заңсыз иеленуі немесе иеленуге құқық алу болып табылады.

Ұрлық, алаяқтық, қарақшылық қылмыстары кінәлі адамның бөтен мүлікті алып, өз бетінше иеленуге және пайдалануға мүмкіндігі пайда болғанда қылмыс аяқталды деп есептеледі.

Бөтен мүлікті иелену мен ысырап ету қылмысының (ҚР ҚК 176 б) объективті жағы субъектісімен ерекшеленеді. Бұл субъекті түріне мүлік сеніп тапсырылған адам жатады.

Иеленіп алу дегеніміз - белсенді қызмет жасай отырып субъектінің өзіне сеніп тапсырылған тауарлық-материалдық құндылықты алуы, оған заңсыз иелік орнатуы. Ысырап ету – сенім тапсырылған мүлікті тұтынушыдан айыру арқылы айыптаның өз пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз және қайтарымсыз айналдыруы.

Иеленіп алу аяқталды деп есептеледі тұлға ол мүлікті меншік иесінің басқа заттарынан алып шығып, өзінде ұстағанда. Ал, ысырап ету аяқталған қылмыс деп есептеледі, егер субъект мүлікті тек алып қана қоймай, оны еркін айналымға жіберуге нақты мүмкіндік алған болса.

Иеленіп алу, ысырап ету және алаяқтықтың ерекше сараланатын белгісі тұлғаның аталған әрекеті өзінің қызмет бабын пайдаланып жасауы.

25.09.2003 ж. ҚР заңына сәйкес ҚР ҚК 176 бабы – «Иеленіп алуды немесе ысырап етуді мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам, егер олардың өзінің қызмет бабын пайдалану мен қатар жасаса» - деген саралаушы белгімен толықтырылды.

Ұрлау қылмыстарының ішіндегі қылмыс құрамы формалді деп есептелетіні бұл – Қарақшылық (179 б). Оның міндеті саранушы белгісі іс-әрекет пен қол сұғу әдісі болып табылады. Мүлікті қылмыстардың иеленген – иеленбегеніне қарамастан, жәбірленушінің өмірі немесе денсаулығы үшін қауіпті зорлыққа ұласқан шабул жасаған кезеңнен бастап қылмыс аяқталған болып саналады.

Объективті жағынан қарақшылық шабуыл немесе зорлық жасау арқылы жасалады. Шабуыл термині жәбірленушіге кенеттан, ойламаған жерден психикалық қысым жасаумен байланысты. Зорлық жәбірленушіге кенеттен ашық түрде зорлық келтіру.

Жәбірленушіге өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық әрекет жасау ауырлығы орташа және ауыр зиян келтіру (денсаулығына) немесе уақытша денсаулыққа зақым келу не уақытша

жалпы еңбекке бекітілген жарамсыз ету сияқты зардаптар болғанда есептелінеді. Сонымен қатар бұндай зорлыққа денсаулыққа зиян келтірмесе де жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зорлықты тікелсі қолдану қауіпімен ұштасқан іс-әрекеттер жатады. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына айтарлықтай зиян келтіретін есенгіретін, ұйқтатып тастайтын, уландыратын, қатты әсер беретін заттарды қолдану зорлық жасағандыққа жатады. Қарақшылық қылмысы бойынша психикалық зорлық дегеніміз – жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіремін деп қауіп төндіру (қорқыту). Сонымен қатар қауіп төндіру нақты, шынайы және болу қауіпі болу керек.

Тек қарақшылық қылмысына тән болатын саралаушы нышандарға мыналар танылады.

- қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған;
- денсаулыққа ауыр зиян келтіріп қарақшылық жасау;
- денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан (05.05.2005 ж. № 47 заңымен) іс-әрекеттер жасау.

Қарақшылықты қорқытып алушылықтан және бандитизмнен айыра білу керек.

ҚР ҚК 180 бабының ерекшелігі бұл – ерекше тарихи ғылыми көркемдік немесе мәдени жағынан құнды заттар мен құжаттарды ұрлау. Бұл қылмысты саралау барысында ұрлық жасау тәсілі мен меншік түрі ескерілмейді.

Ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құнды заттар оның тарихи, ғылыми, мәдени ерекшеліктері мен бағалануын ескере отырып, шығарылған сараптама қорытындысы-ұрланған заттардың құндылығын анықтайды.

Сараланытын нышанына адамдар тобы ала сөз байласып немесе ұйымдасқан топ жасауы, бірнеше рет бұл қылмыстың жасауы, аталған заттардың немесе құжаттардың жойылуына, бұзылуына немесе бүлінуіне әкеліп соғуы жатады (ҚК 180 б. 2 б).

Меншікке қарсы қылмыстардың келесі тобы-ұрлықпен байланысты емес пайда табу мақсатындағы қылмыстар.

Қорқытып алушылық (ҚК 181 б) қылмысы құрамын зерттеу барысында Жоғарғы Соттың 1995 ж. 22 желтоқсандағы «Қорқытып оқушылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы қаулысымен танысу керек».

Басқа меншікке қарсы қылмыстардың айырмашылығы бұл жерге мүлік қана емес, сонымен қатар мүлікке құқық және мүліктің сипаттағы әрекеттер қылмыстың пәні болып табылады.

Объективті жағынан қорқытып алушылық бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе а) күш қолданумен; б) бөтен мүлікті жою немесе бүлдірумен қорқыту; в) жәбірленушіні немесе оның туысқандарын масқаралайтын мәліметтерді тарту; г) жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау, сол сияқты мүліктің сипаттағы басқа да іс-әрекеттер жасауды талап ету.

Қорқытып алушылықта мүлікті алу немесе айналымда қолдану болмайды, тек болашақта осындай іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезделеді. Қорқытып алушылық күш қолдану арқылы талап қойылғанда аяқталды деп есептеледі.

Сараланатын нысандарына: күш қолдану, адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша, бірнеше рет жасалған қоқытып алу, ұйымдасқан топ, жәбірленушінің денсаулығына ауыр зардап келтіру, ірі мөлшерде мүлік алу мақсатында жасау жатады.

ҚК 182 бабының объективтік жағы алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен меншік иесіне немесе өзге мүлік иеленушіге ұрлық белгілерінсіз, мүлікті залал келтіру болып табылады.

Істелу тәсілі бойынша (алдау немесе сенімге қиянат жасау) аталған әрекет қорқытып алушылыққа ұқсас, алайда заңсыз түрде мүліктің пайда табуды алу механизімі басқаша. Аталған қылмысты істеу барысында кінәлі қор иесінің немесе өзге де меншік иесінің есепшотына, пайдасына заң немесе нормативтік акт немесе шарт негізінде түсуге тиісті, бірақ әлі түспеген ақша немесе өзге де мүліктерді өз пайдасына жаратуы. Соған сәйкес залал ұрлық қылмысында сияқты тікелей зиян келтіру түрінде емес, тиісті заттарды ала алмауы немесе пайда табу көзінен айрылып қалуы түрінде келеді.

Саралаушы нысандарына мүліктің залалды келтіру адамдар тобының алдын алу сөз байласуы бойынша, бірнеше рет, қызмет бабын пайдаланып жасау, ұйымдасқан топ жасаған, ірі зиян келтірген әрекеттер арқылы жасаулы танылады.

ҚР ҚК 183 бабы бойынша жауапкершілік көрінеу қылмыстық жолымен табылған мүлікті алдын ала уәделеспей сатып алу-әрекеттері болғанда жүктеледі. Негізгі белгісі болып - мүліктің қылмыстық жолмен келуі болып табылады.

Көрінеу қылмыстық жолмен мүлікті иелену - ол дегеніміз мүлікті шын мәнінде иелену және оған құқықты иелену. Ал беру дегеніміз соған сәйкес мүлікке құқықты немесе мүлікті басқа тұлғаға беру. Қылмыс жоғарыда аталған әрекеттер жүзеге асырылғанда аяқталды деп есептеледі.

Егер тұлға алдын ала мүлікті иеленіп сосын беруге уәде берсе немесе өз іздері арқылы жоғарыда айтылған іс-әрекеттерді істейтінін білдірсе, бұндай жағдайда қылмыс - қылмысқа қатысу деп саралану керек.

Аталған қылмыстың саралаушы нышанына автомобиль немесе ірі мөлшердегі өзге мүлік жөнінде:

- адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасаса
- ұрлық, қорқытып алу, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алғаны немесе сатқаны үшін бұрып сотталған адам жасаса
- сирек немесе жоғалып кету қауіпі бар өсімдіктер мен жануарлар, сол сияқты аулауға тиым салынған жануарлар мен олардың өсімдеріне қатысты (9.12.2004 ж. заң негізінде)
- ұйымдасқан топ
- адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасауы жатады.

Интеллектуалдық меншік құқықтарын бұзу (ҚК 184 б) қылмысының пәнін анықтау үшін ҚР 1996 ж. 10 маусымындағы «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заңымен танысу керек.

Объективті жағынан қылмыс авторлық құқық және сабақтас қылмыстар объектілерін заңсыз пайдалану: өнер табысты, пайдалы үлгінің немесе өнеркәсіптік үлгіні заңсыз пайдалану; ғылыми жаңалықтың өнертабыстын, пайдалы үлгінің немесе өнеркәсіптік үлгінің мәнін олар туралы мәліметтерді ресми жариялағанға дейін автордың немесе жариялаушының келісімінсіз жұртқа жаю; авторлықты иеленіп алу; қосарлас авторлыққа мәжбүр ету болып табылады міндетті белгісіне сондай-ақ ірі зиян келтіру және аталған әрекеттер мен пайда болған зиян арасында себепті байланыс болуы жатады.

Субъективті жағы-тікелей қасақаналықпен және арнайы мақсатына-пайда табумен сипатталады.

Жоғарыда аталған әрекеттер бірнеше рет адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен жасалса ҚК 184 бабының 2 бөлімі бойынша саралану керек.

Келесі қылмыс құрамының (ҚР ҚК 185 б.) құрылымдық белгісін қылмыс пәні-автомобиль немесе өзге де көлік құралдары құрайды. Қылмыстық жауапкершілікке айдап кеткен яғни автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иеленген тұлға тартылу керек. Иелену бұл жерде – көлік құралын меншік иесінен немесе өзге иеленушіден алу, сол арқылы оның уақытша қылмыскердің иеленуіне және пайдалануына көшуі танылады. Қылмыс кез келген тәсіл арқылы көлік құралының орнынан қозғалуымен аяқталды деп есептеледі.

ҚК 185 б. 1 бөлімінің субъектісі болып 16 жасқа толған тұлға танылады. Аталған баптың 2,3,4 бөлімдері бойынша жауаптылық 14 жастан басталады. Яғни нақ осы әрекеттер: адамдар тобы алдын ала сөз байласу бойынша; бірнеше рет; өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолданумен не дәл сондай күш қолданумен қорқыту арқылы, ұйымдасқан топ, ірі зиян келтірген; өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданумен не сондай күш қолданбақшы болып қорқытумен жасалған болса.

2004 9 желтоқсандағы ҚР заңына сәйкес ҚК 186 б. «Жерге заттай құқықтарды бұзу» жаңа нұсқада берілген. ҚК 186 бабының 1 бөлімі келесі негіздер бойынша сараланады: Азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңмен қорғалатын мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеліп

соққан күш қолдану немесе оны қолдану қауіпімен немесе топтың немесе заңсыз тінтумен ұштасқан бөтен жер учаскесін заңсыз басып алу.

ҚК 186 бабының 2 бөлімі, аталған әрекеттерді адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасағанда қолданылады.

Пайда табу мақсатынсыз жасалған меншікке қарсы қылмыстардың құрамын бөтен адамның мүлкін қасақана және абайсызда жою не бүлдіру құрайды. Аталған қылмыстың заты болып кез келген мүлік танылады.

Жою – ол заттың әрекет ету аясынан шығуы яғни физикалық жойылуы немесе заттың бұрынғы күйінен кетіп, мақсатына сай пайдалануға жарамауы немесе қалпына келтіруге жарамауы. Бүлдіру ол мүлікті жарамсыз күйге түсіру. Бұл жағдайда мүлік мақсатына сай қолдануға келмейді және қалпына келтіруге жатады.

Қарастырылған қылмыстар едәуір (ҚК 187 б) немесе ірі (ҚК 188 б) зиян келтірілгенде аяқталған болып есептеледі.

Аталған қылмыстардың құрамы субъектісі, субъективті жағы және саралаушы нышандарына байланысты айрылады.

ҚК 187 б. Жауапкершілікті мүлікті қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін жүктейді. 2,3 бөлімдерінің субъектісі – 14 жасқа талған тұлғалар.

Саралаушы нышандарына өрт қою, жару арқылы немесе өзге де жалпы қауіпті әдістермен жасау; абайсызда денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соғу; жәбірленушінің өзінің қызметтік немесе қоғамдық борышын орындаумен байланысты немесе өзінің жақын туыстары жөнінде нақ сондай себептермен жасау; әлеуметтік, ұлттық, кәсіптік немесе діни араздық себептер бойынша жасау; абайсызда адам өліміне; тарих, мәдени ескерткіштерін, табиғат кешендерін немесе мемлекет қорғауға алған объектілерді, сондай-ақ ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылығы бар заттарды немесе құжаттарды жоюға немесе бүлдіруге әкеп соққан әрекеттер жатады.

Бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру (ҚК 188 б.) меншікке қарсы қылмыстар ішіндегі жалғыз ғана кінәнің абайсыздық формасымен жасалатын қылмыс. Қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады.

Саралаушы нышандарын: аталған әрекеттерді отпен немесе өзге де аса қауіпті көздермен абайсыз жұмыс істеу немесе ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер құрайды.

2 – сұрақ. Мұрагерлік. Өсиет.

Мұрагерлік

1. Мұрагерлік - қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы.

2. Қайтыс болған азаматтың мұрасы басқа адамдарға әмбебап құқық мирасқорлығы талаптарымен, егер осы бөлімнің ережелерінен өзгеше туындамаса, бірыңғай тұтас нәрсе ретінде және бір-ақ мезгілде ауысады.

3. Мұрагерлік осы Кодекспен, ал тікелей өзі белгілеген жағдайларда өзге де заң актілерімен реттеледі.

Мұрагерліктің негіздері:

1. Мұрагерлік өсиет және (немесе) заң бойынша жүзеге асырылады.

2. Өсиет қалдырылмаған не бүкіл мұраның тағдыры айқындалмаған кезде, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген өзге де жағдайларда мұрагерлік заң бойынша орын алады.

Мұраның құрамы :

1. Мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді.

2. Мұра қалдырушының жеке басына тығыз байланысты мына құқықтар мен міндеттер:

1) егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдарға мүше болу құқығы;

2) өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы;

3) алименттік міндеттемелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер;

4) зейнетақы төлеу, жәрдемақы және еңбек пен әлеуметтік қамсыздандыру туралы заң актілерінің негізінде басқа да төлемдер төлеу құқығы;

5) мүліктік құқықтармен байланысы жоқ жеке мүліктік емес құқықтар мұраның құрамына кірмейді.

3. Мұра қалдырушыға тиесілі болған жеке мүліктік емес құқықтар мен басқа да материалдық емес игіліктерді мұрагерлердің жүзеге асыруы және қорғауы мүмкін.

Мұраның ашылуы:

1. Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады.

2. Мұра қалдырушының қайтыс болған күні, ал оны қайтыс болған деп жариялаған кезде, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн мұраның ашылу уақыты болып табылады.

3. Егер бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса, олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұрагерлік ашылады да олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлікке шақырылады.

Мұраның ашылу орны:

Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса - мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады.

Мұрагерлер:

1. Мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады.

2. Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін.

Өсиет бойынша мұрагерлік:

1. Азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады.

2. Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады.

3. Өсиетті өзі жасауға тиіс. Өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді.

4. Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Егер өсиеттен өзгеше туындамаса, заң бойынша мұрагерді мұрадан айыру оның ұсынылу құқығы бойынша мұрагерлік етуші ұрпақтарына қолданылмайды.

5. Мұра қалдырушы кез келген мүлік туралы өкімді қамтитын өсиет жасауға құқылы.

6. Мұра қалдырушы жасалған өсиеттің оны жасағаннан кейін кез келген уақытта күшін жоюға және өзгертуге ерікті және күшін жоюдың немесе өзгертудің себебін көрсетуге міндетті емес.

7. Мұра қалдырушының өсиетте өзі мұрагер етіп тағайындаған адамдарға, олар қайтыс болған жағдайда өз кезегінде өсиет еткен мүлікті белгілі бір түрде билік ету міндетін жүктеуге құқығы жоқ.

Талап қойылған өсиет:

1. Өсиет қалдырушы мұрагер мінез-құлқының сипатына қатысты мұра алуды белгілі бір талаппен байланыстыруға құқылы.

2. Мұрагер тағайындау немесе мұра алу құқығынан айыру туралы өкімге енгізілген заңға қарсы талаптар жарамсыз болады.

3. Өсиетке енгізілген мұрагердің денсаулық жағдайы бойынша немесе өзге де объективті себептерге байланысты мұрагер үшін орындалмайтын.

Өсиеттің нысаны туралы жалпы ережелер:

1. Өсиет оның жасалған жері мен уақыты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда жасалып, нотариатта куәландырылуға тиіс.

2.Мыналар:

1) нотариатта куәландырылған өсиеттер;

2) нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер тиісінше ресімделген болып танылады.

3.Өсиетке өсиет қалдырушының өзі қол қоюы қажет.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетке өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша оған нотариустың немесе өсиетті куәландырушы басқа адамның қатысуымен өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебін көрсете отырып, басқа азаматтың қол қоюы мүмкін.

4. АК ережелеріне сәйкес өсиетті жазу, оған қол қою немесе куәландыру кезінде куәлар қатысуға тиіс болған жағдайларда:

1) нотариус немесе өсиетті куәландыратын өзге адам;

2) пайдасына өсиет жазылған немесе өсиет қалдырудан бас тартылған адам, оның зайыбы, оның балалары, ата-аналары, немерелері мен шөберелері, сондай-ақ өсиет қалдырушының заң бойынша мұрагерлері;

3) толық әрекетке қабілеттілігін иеленбейтін азаматтар;

4) сауатсыз және өсиетті оқуға қабілетсіз басқа да адамдар;

5) жалған жауап бергені үшін соттылығы бар адамдар куә бола алмайды, сондай-ақ өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоя алмайды.

Нотариатта куәландырылған өсиет:

1. Нотариатта куәландырылған өсиетті өсиет қалдырушы жазуы керек не өсиет қалдырушының айтуымен куәның қатысуы арқылы нотариус жазуға тиіс. Өсиет қалдырушының айтуымен өсиет жазылған кезде нотариус жалпы жұрт қабылдаған техникалық құралдарды (жазу машинкасы, дербес компьютер және т.б.) пайдалануы мүмкін.

2. Өсиет қалдырушының айтуы бойынша нотариус жазған өсиетті өсиетке қол қойылғанға дейін нотариус пен куәның қатысуы арқылы өсиет қалдырушы толық оқып шығуға тиіс.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетті өзі оқи алмайтын болса, ол үшін оның мәтінін нотариустың қатысуымен куә оқып береді, ол туралы өсиет қалдырушының өсиетті өзі оқи алмауының себептері көрсетіліп, өсиетте тиісті жазба жасалады.

3. Егер нотариат куәландырған өсиет куәның қатысуымен жасалса, өсиетте куәның тегі, аты және тұрақты тұратын жері көрсетілуге тиіс. Осындай мәліметтер өсиетке өсиет қалдырушының орнына қол қойған адамға қатысты да енгізілуі тиіс.

4. Өсиет қалдырушының тілегі бойынша нотариус өсиеттің мазмұнымен таныспай-ақ оны куәландырады (құпия өсиет).

Құпия өсиет, оның жарамсыз болып қалу қаупімен, өсиет қалдырушының өз қолымен жазылуға және қолы қойылуға, екі куәның және нотариустың қатысуымен куәлар қол қоятын конвертке салынып, желімденуге тиіс. Куәлар қол қойған конверт куәлардың және нотариустың қатысуымен, нотариус куәландырып қол қоятын басқа конвертке салынып желімденеді.

5. Нотариус жоқ елді мекендерде тұратын адамдардың өсиетін заң актілерінде нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдар куәландырады.

Өсиеттің күшін жою және оны өзгерту:

1. Өсиет қалдырушы өзі жасаған өсиеттің кез келген уақытта күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы.

2.Өсиеттің күші:

1) нотариат кеңсесіне бұрын өзі жасаған өсиеттің толық күшін жою туралы өтініш беру;

2) жаңа өсиет жасау жолымен жойылуы мүмкін.

3.Өсиет:

1) нотариат кеңсесіне бұрын өзі жасаған өсиеттің белгілі бір бөлігін өзгерту туралы өтініш беру;

2) бұрын жасалған өсиетті бөліктері бойынша өзгертетін жаңа өсиет жасау жолымен өзгертілуі мүмкін.

4. Бұрын жасалып, кейінгі өсиет арқылы толық немесе ішінара күші жойылған өсиет, егер өсиет қалдырушы өз кезегінде соңғысының күшін жойса немесе өзгертсе, қалпына келтірілмейді.

Өсиеттің құпиясы:

Нотариустың, өсиетті куәландыратын басқа адамның, куәлардың, сондай-ақ өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоятын азаматтың мұра ашылғанға дейін өсиеттің мазмұнына, оның жасалуына, күші жойылуына немесе өзгертілуіне қатысты мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ.

Өсиеттің жарамсыздығы:

1. Тиісті нысанда жасалмаған өсиет жарамсыз болады. Өсиеттің жарамсыздығы АҚ 4-тарауының мәмілелердің жарамсыздығы туралы ережелеріне де негізделеді.

2. Өсиетті жасаудың, оған қол қоюдың және оны куәландырудың осы Кодекспен белгіленген тәртібінің бұзылуы салдарынан өсиетті жарамсыз деп танудан мүлтік зардап шеккен адамның талабы бойынша өсиет жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3. Өсиеттегі жекелеген өкімдердің жарамсыздығы өсиеттің қалған бөлігінің жарамдылығын қозғамайды.

4. Өсиет жарамсыз деп танылған жағдайда, осы өсиет бойынша мұрадан айрылған мұрагер, АҚ 1060-бабында белгіленген тәртіппен заң бойынша мұра алу құқығына ие болады.

Өсиеттен бас тарту (легат):

1. Өсиет қалдырушы өсиет бойынша мұрагерге мұра есебінен өсиеттік бас тартуды орындауды талап ету құқығын алатын бір немесе бірнеше адамның (бас тартылушылардың) пайдасына қандай да болсын міндеттемені (өсиеттік бас тарту) орындауды жүктеуге құқылы.

Заң бойынша мұрагерлер қатарына кіретін адамдар да, кірмейтін адамдар да бас тартылушылар (легатарийлер) болуы мүмкін.

2. Өсиеттік бас тартудың нысанасы мұраның, иеленудің құрамына кіретін заттарды бас тартылушының меншігіне, пайдалануына немесе өзге заттық құқықта беру және оған мұра құрамына кірмейтін мүлікті беру, ол үшін белгілі бір жұмысты орындау, оған белгілі қызмет көрсету және т.б. болуы мүмкін.

3. Өсиет қалдырушы өсиеттік бас тартуды жүктеген мұрагер, оны тек оған ауысқан мұраның шын мәніндегі құны шегінде және мұра қалдырушы қарыздарының өзіне артылған бөліктерін шығарып тастап орындауға тиіс.

Егер өсиеттік бас тарту жүктелген мұрагердің мұрадағы міндетті үлеске құқығы болса, оның бас тартуды орындау міндеті өзіне ауысқан мұраның оның міндетті үлесінің құнынан асатын құнымен шектеледі.

Егер өсиеттік бас тарту барлық немесе бірнеше мұрагерге жүктелсе, өсиетте өзгеше көзделмесе, ол мұрагерлердің әрқайсысына мұрадағы үлесіне мөлшерлес салмақ салады.

4. Тұрғын үй немесе өзге де тұрғын үй-жай ауысатын мұрагерге өсиет қалдырушы тұрғын үй-жайды немесе оның белгілі бір бөлігін басқа адамға өмір бойы пайдалануға беру міндеттемесін жүктеуге құқылы. Тұрғын үй-жайға меншік құқығы кейіннен ауысқан жағдайда өмір бойы пайдалану құқығы күшін сақтайды.

Өмір бойы пайдалану құқығы иеліктен айырылмайды, берілмейді және бас тартылушының мұрагерлеріне ауыспайды.

Бас тартылушыға берілген өмір бойы пайдалану құқығы, егер өсиетте өзгеше көрсетілмесе, оның отбасы мүшелерінің тұруына негіз болмайды.

5. Өсиеттік бас тарту жүктелген мұрагер қайтыс болған жағдайда немесе ол мұраны қабылдамаған жағдайда өсиеттік бас тартуды орындау оның үлесін алған басқа мұрагерге, не мүлік иесіз қалса, мемлекетке ауысады.

Өсиеттік бас тарту мұра ашылғанға дейін немесе ашылғаннан кейін бас тартылушы қайтыс болған жағдайда, бірақ өсиет бойынша мұрагер оны қабылдап үлгерген кезге дейін орындалмайды

6. Бас тартылушы мұра қалдырушының борыштары үшін жауап бермейді.

Занды мұрагерлік

1. Заң бойынша мұрагерлер АК 1061-1066-баптарында көзделген кезек тәртібімен мұрагерлікке шақырылады.

2. Заң бойынша мұрагерлік кезінде, бір жағынан, асырап алынған және оның ұрпақтары және екінші жағынан, асырап алушы мен оның туыстары қандас туыстарға теңестіріледі.

Асырап алынғандар мен олардың ұрпақтары асырап алынушының туған ата-анасы, оның басқа да қандас туыстары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды. Асырап алынушылардың ата-анасы мен оның басқа да қандас туыстары асырап алынушы және оның ұрпақтары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды.

3. Заң бойынша мұрагерлердің әрбір келесі кезегі алдыңғы кезектегі мұрагерлер болмаған, оларды мұрадан шеттеткен, олар мұраны қабылдамаған не одан бас тартқан жағдайда, Азаматтық кодекстің 1074-бабының 5-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, мұрагерлік құқығын алады.

4. Осы Кодекстің заң бойынша мұрагерлерді мұрагерлікке шақырудың кезектілігі туралы және олардың мұрадағы үлестерінің мөлшері туралы ережелері мүдделі мұрагерлердің мұра ашылғаннан кейін жасалып, нотариат куәландырған келісімімен өзгертілуі мүмкін.

Мұндай келісім оған қатыспайтын мұрагерлердің, сондай-ақ міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлердің құқықтарын қозғамауы тиіс.

Заң бойынша мұрагерлердің бірінші кезегі

Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының балалары, соның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы мен ата-анасы алады.

Заң бойынша мұрагерлердің екінші кезегі

Заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының ата-анасы бір, ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі алады.

Заң бойынша мұрагерлердің үшінші кезегі

Заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының туған немере ағалары мен апалары алады.

Заң бойынша мұрагерлердің төртінші кезегі

1. Заң бойынша мұрагер болу құқығын төртінші кезекте мұра қалдырушының алтыншы атаға дейінгілерін қосқанда басқа туыстары алады, бұл ретте туыстық дәрежесі неғұрлым жақын туыстар туыстықтың неғұрлым алысырақ дәрежедегі туыстарын мұрагерліктен шеттетеді.

2. Туыстық дәрежесінің жақындығы ортақ ата-бабасынан туу саны негізінде анықталады. Әрбір дүниеге келу бір ата (бір туыстық) дәрежесі деп аталады.

3. Мұрагерлікке шақырылған төртінші кезектегі мұрагерлер тең үлесте мұрагер болады.

Заң бойынша мұрагерлердің бесінші кезегі

Заң бойынша мұрагер болу құқығын бесінші кезекте, егер мұра қалдырушымен бір отбасында кемінде он жыл бірге тұрса, тең үлеспен оның туыстас аға-інілері мен апа-сіңлілері, (қарындастары), өгей әкесі мен өгей шешесі алады.

Заң бойынша мұрагерлердің алтыншы кезегі

Заң бойынша мұрагер болу құқығын алтыншы кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар алады.

Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік

1. Егер заң бойынша мұрагер мұра ашылғанға дейін қайтыс болса, ашылатын мұрадағы оның үлесі ұсыну құқығы бойынша оның ұрпақтарына ауысады. Қайтыс болған мұрагердің үлесі заң бойынша мұрагер ұсынған туыстығы бірдей дәрежедегі ұрпақтар арасында тең бөлінеді.

2. Тікелей өзінен тарайтын туыстық бойынша мұрагерлік жағдайында ұсыну құқығы туыстық дәреже шектелмей қолданылады, ал көлденең туыстық бойынша мұрагерлік жағдайында ұсыну құқығын тиісінше оның туған аға-інілерін (апа-сіңлілерін, қарындастарын) ұсына отырып, мұра қалдырушының жиендері не оның туған немере ағасын немесе апасын ұсына отырып, немере аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) алады.

Мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар

1. Мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болған және онымен бірге тұрған еңбекке жарамсыз адамдар заң бойынша мұрагерлер қатарына жатады. Басқа да заң бойынша мұрагерлер болған кезде олар мұрагер болуға шақырылатын кезектегі мұрагерлермен бірге мұра алады.

2. Егер мұра қалдырушымен бірге тұрған-тұрмағандығына қарамастан, мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кем дегенде бір жыл оның асырауында болса, Азаматтық Кодекстің 1061-1066-баптарында аталған заң бойынша мұрагерлердің қатарына жататын, бірақ мұрагерлікке шақырылатын кезектегі мұрагерлердің тобына кірмейтін еңбекке жарамсыз адамдар, осы кезектегі мұрагерлермен бірге мұра алады.

3. Осы баптың негізінде мұрагерлікке шақырылатын адамдар, басқа да заң бойынша мұрагерлер болған кезде мұраның төрттен бірінен аспайтын бөлігін мұраға алады.

Мұра алу кезіндегі ерлі-зайыптылардың құқықтары:

1. Ерлі-зайыптыларға өсиетке немесе заңға орай тиесілі мұрагерлік құқықтың мұра қалдырушымен некеде тұру жағдайына байланысты оның басқа да мүліктік құқықтарына, оның ішінде мүліктің некеде тұрғанда бірге тапқан бөлігіне меншік құқығына қатысы жоқ.

2. Егер мұра қалдырушымен неке мұра ашылғанға дейін іс жүзінде тоқтатылғандығы және ерлі-зайыптылардың мұра ашылғанға дейін кемінде бес жыл бөлек тұрғандығы дәлелденсе, сот шешімімен ерлі-зайыптылар заң бойынша мұрагерліктен шеттетілуі мүмкін.

Мұраны қорғау және заң бойынша мұрагерлік кезінде оны басқару

1. Мүліктің бір бөлігі өсиет бойынша мұраға қалдырылған жағдайда мұра қалдырушы тағайындаған өсиетті орындаушы мұраның заң бойынша мұрагерлік тәртібімен ауысатын бөлігін де қоса алғанда, барлық мұраны қорғауды және оны басқаруды жүзеге асырады.

Егер заң бойынша мұрагерлер мұраның заң бойынша мұрагерлік тәртібімен ауысатын бөлігіне қатысты көрсетілген міндеттерді атқару үшін мұраны сенімгерлікпен басқарушыны тағайындауды талап етпесе, тұтас алғанда бүкіл мұраны қорғау және оны басқару жөніндегі міндеттерді Азаматтық Кодекстің 1059-бабына сәйкес өсиет бойынша мұрагерлер немесе сот тағайындаған өсиетті орындаушы жүзеге асырады.

2. Мұраны сенімгерлікпен басқарушыны заң бойынша бір немесе бірнеше мұрагердің өтінішімен мұраның ашылған жері бойынша нотариус тағайындайды. Мұраны басқарушыны тағайындаумен немесе оны таңдаумен келіспеген заң бойынша мұрагер сотта мұраны сенімгерлікпен басқарушының тағайындалуына дау айтуға құқылы.

3. Егер заң бойынша мұрагерлер болмаса не белгісіз болса, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты мұраны сенімгерлікпен басқарушыны тағайындау туралы нотариусқа жүгінуге тиіс. Заң бойынша мұрагерлер келген жағдайда, олардың талап етуі бойынша мұраны сенімгерлікпен басқарушы мұраның есебінен оған қажетті шығындар өтеліп, қисынды сыйақы төлене отырып кері шақырып алынуы мүмкін.

4. Мұраны сенімгерлікпен басқарушы заңды мұрагерліктің ерекшеліктерінен өзгеше туындамағандықтан, өсиетті орындаушыға қатысты Азаматтық Кодекстің 1059-бабында көзделген өкілеттікті жүзеге асырады.

5. Мұраны сенімгерлікпен басқарушының мұра есебінен мұраны қорғау және оны басқару жөніндегі қажетті шығындарды өтеттіруге, ал егер оның мұрагерлермен келісімінде өзгеше көзделмесе, сыйақы алуға да құқығы бар.

Мұра алу

Егер мұрагер кейін мұрадан бас мұрагерлік құқығынан айырылмаса және оны мұрагер етіп тағайындау туралы өсиеттік өкімді жарамсыз деп танудың салдарынан мұрагерлік

құқығын жоғалтпаса, ол мұра ашылған уақыттан бастап өзіне тиесілі мұраға немесе оның бір бөлігіне (үлесіне) құқық алады.

Мұраға құқық туралы куәлік беру

1. Мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруге міндетті.

2. Мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі.

Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардан басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін.

Мұрадан бас тарту құқығы

1. Мұрагер өзінің мұрагерлікке шақырылғандығы туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап алты айдың ішінде мұрадан бас тартуға құқылы. Дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзімді сот ұзартуы мүмкін, алайда бұл екі айдан аспауға тиіс.

2. Мұрадан бас тарту мұрагердің мұраның ашылған жері бойынша нотариусқа арыз беруімен жасалады.

Егер сенімхатта бас тартуға өкілеттік арнайы көзделсе, мұрадан өкіл арқылы бас тартуға болады.

3. Мұрадан бас тартуды кейіннен күшін жоюға немесе қайтарып алуға болмайды.

4. Мұрагер өзіне сол үшін берілген мерзім өткеннен кейін мұрадан бас тарту құқығын жоғалтады. Егер ол мұраға қалдырған мүлікті іс жүзінде иеленуге кіріссе не оған билік етсе, не оның осы мүлікке құқықтарын куәландыратын құжаттарды алуға өтініш жасаса, ол бұл құқықты аталған мерзім өткенге дейін де жоғалтады.

5. Мұрагер мұрадан бас тартқан кезде өзінің өсиет бойынша немесе кез келген кезектегі заң бойынша мұрагердің қатарындағы басқа адамдардың пайдасына бас тартатындығын көрсетуге құқылы.

Өсиет қалдырушы мұрадан айырған мұрагерлердің пайдасына мұрадан бас тартуға жол берілмейді. Егер мұрагер өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлікке шақырылса, ол осы негіздемелердің біреуі бойынша немесе екі негіздеме бойынша өзіне тиесілі мұрадан бас тартуға құқылы. Мұрагер мұраның басқа бөлігі мұраға қалдырылуына қарамастан, үстелу құқығы бойынша өзіне тиесілі мұрадан бас тартуға құқылы (осы Кодекстің 1079-бабы).

Мұраны бөлу

Мұраны қабылдаған кез келген заң бойынша мұрагер мұраны бөлуді талап етуге құқылы. Мұраны бөлу мұрагерлердің келісімі бойынша оларға тиесілі үлестерге сәйкес, ал келісімге қол жетпеген кезде - сот тәртібімен жүргізіледі.

Егер мұрагерлердің арасында тұратын жері белгісіз адамдар болса, қалған мұрагерлер, өсиетті орындаушы (мұраны басқарушы) және нотариус олардың тұратын жерін анықтауға және оларды мұрагерлікке шақыруға қисынды шаралар қолдануға міндетті. Егер тұратын жері анықталған, мұрагерлікке шақырылып, болмай қалған мұрагер Азаматтық Кодекстің 1074-бабында көзделген мерзім ішінде мұрагерліктен бас тартпаса, қалған мұрагерлер өздерінің мұраны бөлісуді жүргізу ниеті туралы хабардар етуге міндетті. Егер осының алдындағы бөлікте көзделген хабардар ету кезінен бастап үш айдың ішінде болмай қалған мұрагер мұраны бөлу туралы келісімге қатысу тілегі туралы қалған мұрагерлерді хабардар етпесе, қалған мұрагерлер болмаған мұрагерге тиесілі үлесті бөлек шығарып, өзара келісім бойынша бөлісті жүргізуге құқылы. Егер мұра ашылған күннен бастап бір жылдың ішінде болмаған мұрагердің тұратын жері анықталмаса және оның мұрадан бас тартқандығы туралы мәліметтер болмаса, қалған мұрагерлер бөлісті осы баптың 2-тармағы екінші бөлігінің ережелері бойынша жүргізуге құқылы. Іште қалған, бірақ әлі тумаған мұрагер болған кезде мұраны бөлу тек мұндай мұрагер туғаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін.

Егер іште қалған мұрагер тірі туса, қалған мұрагерлер оған тиесілі мұралық үлесті бөліп шығару арқылы ғана мұра бөлуді жүргізуге құқылы. Жаңа туған баланың мүдделерін қорғау

үшін бөліске қатысуға қорғаншылық және қамқоршылық органның өкілі шақырылуы мүмкін.

Мұралық үлестердің үстелуі

Мұрагер мұрадан бас тартқан не шығып қалған жағдайда мұраның мұндай мұрагерге есептелуге тиіс бөлігі мұрагерлікке шақырылған заң бойынша мұрагерлерге түседі және олардың арасында өздерінің мұралық үлестеріне бара-бар бөлінеді.

Егер мұра қалдырушы барлық мүлікті өзі тағайындаған мұрагерлерге өсиет етсе, мұрадан бас тартқан немесе шығып қалған мұрагерге тиесілі мұра бөлігі өсиет бойынша қалған мұрагерлерге түседі және өсиетте өзгеше көзделмегендіктен, олардың арасында өздерінің мұралық үлестеріне бара-бар бөлінеді.

Мұраның есебінен төлеуге жататын шығындар

Мұра қалдырушының қайтыс болар алдындағы наукасы туғызған қажетті шығындарды, мұра қалдырушыны жерлеуге арналған шығындарды, мұраны қорғауға, басқаруға, өсиетті орындауға, сондай-ақ өсиетті орындаушыға немесе мұраны сенімгерлікпен басқарушыға сыйақы төлеуге байланысты шығындарды өтеу туралы талаптар ол мұрагерлер арасында бөлінгенге дейін мұра есебінен қанағаттандырылуға тиіс. Бұл талаптар барлық басқа, оның ішінде кепілмен қамтамасыз етілген талаптардың алдында мұраның құнынан басымдықпен қанағаттандырылуға тиіс.

Иесіз қалған мұра

1. Егер өсиет бойынша да заң бойынша да, мұрагерлер болмаса не мұрагерлердің ешқайсысының мұра алуға құқығы болмаса (осы Кодекстің 1045-бабы), не олардың бәрі мұрадан бас тартса (осы Кодекстің 1074-бабы), мұра иесіз қалған деп танылады.

2. Иесіз қалған мұра мұраның ашылған жері бойынша коммуналдық меншікке ауысады. Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады.

Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Мұра ашылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін мұра ашылған жер бойынша қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының органның арызы негізінде сот мұраны иесіз қалған деп таниды. Егер мұраны қорғауға және оны басқаруға байланысты шығындар оның құнынан асып түссе, мұра аталған мерзім өткенге дейін иесіз қалған деп танылуы мүмкін.

3- сұрақ. Олжа. Кәмбе

1. Жоғалған затты тауып алушы бұл туралы оны жоғалтқан адамға немесе заттың меншік иесіне немесе оны алуға құқығы бар өзіне белгілі басқа адамдардың біреуіне дереу хабарлауға және табылған затты оған қайтаруға міндетті.

Егер зат үй-жайдың ішінде немесе көлікте табылған болса, ол сол үй-жайдың немесе көліктің иесі болып табылатын адамға тапсырылуға тиіс. Мұндай ретте осы иеленуші затты тапқан адамның құқықтарын иеленіп, оның міндеттерін мойнына алады.

2. Егер табылған затты алуға құқығы бар адамның өзі немесе оның тұрған жері белгісіз болса, затты тауып алушы олжа туралы ішкі істер органдарына немесе республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына мәлімдеуге міндетті.

3. Затты тауып алушы оны өзінде сақтауға не ішкі істер органдарының, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының немесе олар көрсеткен адамның сақтауына тапсыруға құқылы. Тез бұзылатын затты немесе сақтауға кететін шығындар оның құнына сәйкес келмейтін затты тауып алушы түсім сомасын растайтын жазбаша дәлелдемелер алып, сата алады. Табылған затты сатудан түскен ақша сақталуға және затты алуға заңды құқығы бар адамға қайтарылуға немесе бұл заттың өзі үшін белгіленген тәртіп пен жағдайларда басқа адамдардың меншігіне берілуге тиіс.

Затты тауып алушы оның жоғалтқаны немесе бүлдіргені үшін өзінің жасыру ниеті болған немесе өрескел абайсыздық жасаған ретте ғана және сол заттың құны шегінде жауапты болады.

4. Егер олжа туралы ішкі істер органдарына немесе республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына мәлімденген кезден бастап алты ай өткенше жоғалған затты алуға заңды құқығы бар адам анықталмаса және затқа өзінің құқығы туралы оны тапқан адамға не ішкі істер органдарына немесе республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына мәлімделмесе, затты тауып алушы оған меншік құқығын алады.

Егер затты тауып алушы тапқан затын меншігіне алудан бас тартса, ол коммуналдық меншікке өтеді.

5. Затты тауып алушы және оны алуға заңды құқығы бар адамға қайтарып беруші ол адамнан, ал зат коммуналдық меншікке өткен ретте - тиісті жергілікті атқару органынан затты сақтауға, өткізуге, сатуға байланысты қажетті шығындарды және затты алуға заңды құқығы бар адамды табуға кеткен шығындарды өтетіп алуға құқылы.

6. Затты тауып алушы затты алуға заңды құқығы бар адамнан зат құнының отыз проценті мөлшерінде сыйақы алуға құқылы. Егер табылған зат оны алуға заңды құқығы бар адам үшін ғана құнды болса, сыйақының мөлшері тараптар есептеп шығарған баға бойынша белгіленеді.

Егер затты тауып алушы өзінің олжа туралы мәлімдеу міндетін орындамаса немесе олжаны жасырып қалуға өзге де әрекеттер жасаса, сыйақы алу құқығы туындамайды.


Көмбе

Көмбе, яғни жерге көмілген немесе басқа әдіспен жасырылған, меншік иесін анықтау мүмкін болмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға құқығынан айрылған ақша немесе өзге де бағалы заттар көмбе жасырылған жер учаскесі меншік иесінің немесе қозғалмайтын затты меншіктенушінің және көмбені тапқан адамның, егер олардың арасындағы шартта өзгеше белгіленбесе, меншігіне тең мөлшерде түседі.


Көмбе жасырылған жер учаскесін пайдаланушының (жер пайдаланушының) немесе жылжымайтын затты меншіктенушінің келісімінсіз қазған немесе бағалы заттар іздестірген адам көмбені тауып алған жағдайда көмбе меншік иесіне берілуге тиіс.

Мәдени құндылықтарға жататын заттардан тұратын көмбе табылған ретте олар Қазақстан Республикасының меншігіне берілуге тиіс. Бұл орайда ондай көмбе табылған жер учаскесінің меншік иесі немесе қозғалмайтын мүлікті меншіктенуші және көмбені тапқан адам осы көмбе құнының елу проценті мөлшерінде сыйақы алуға құқылы.


№1. Меншік құқығы
Сатылай кешенді талдау:




№2. Меншік құқығы
Сатылай кешенді талдау:



№3. Меншік құқығы
Сатылай кешенді талдау:



№4. Меншік құқығы
Сатылай кешенді талдау:



Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002
5. Г.Искакова, Н.Ғазизова. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы. – Астана: Фолиант, 2017 ж.
6. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Астана: Фолиант, 2015 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы ҚР Заңы. 18.11.2015ж Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ Заңымен
4. ҚР Азаматтық Кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсаны

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ ҰҒЫМЫ

Жоспар:

1. Еңбек құқығы пәні, әдісі, қағидаттары
2. Еңбек тәртібі. Еңбек тәртібінің әдістері

1-сұрақ. Еңбек құқығы пәні, әдісі, қағидаттары

Адамзат қоғамының өмір сүруінің алғы шарты еңбек. Еңбек дегеніміз адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі.

Еңбектің барысында адамдар арасында еңбек қатынастары қалыптасады. Еңбек қатынастары дегеніміз тараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар.

Еңбек құқығы еңбек нарқы үрдісінің әрекеті, жалдамалы еңбекті ұйымдастыру мен пайдалану барысында қалыптасатын қызметкерлердің еңбек қатынасын және онымен тығыз байла-нысты қатынастарды реттейтін құқықтың бір саласы. Еңбек құқығының негізгі мақсаты - жұмыс беруші мен жалданушы қызметкер арасында қатынастарды құқық арқылы реттеу және заңсыздыққа жол бермеу.

Еңбек құқығы — азаматтардың еңбек бостандығына конституциялық құқығын іске асыру барысында, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында, жеке, ұжымдық және басқа шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін тараптардың жүзеге асыруы кезінде туындайтын еңбек қатынастарын реттеуші саласы.

Әркімнің де өзінің еңбек құқықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүлік пен қызмет жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, сеніміне, азаматтыққа, қоғамдық бірлестіктерде болуына, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қабілеті мен оның еңбегінің нәтижелеріне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға қарамастан, ешкімнің де еңбек құқықтары шектелуге немесе оларды іске асыруда қандай да бір артықшылықтар алуға тиіс емес.

Еңбек қатынастары еңбек құқығының пәні болып табылады. Еңбек қатынастары еңбек құқығының негізгі бөлігі бола тұрып, қоғамдық еңбек саласындағы материалды және рухани игіліктерді игеру барысында қалыптасады.

Құқықтың басқа салалары сияқты еңбек құқығының әдістері еңбектік құқықтық қатынастарға және сонымен тығыз байланысты басқа да қатынастарға ықпал ететін тәсілдерден, амалдардан және құралдарынан тұрады. Еңбек құқығы әдісі - еңбек құқығының пәні болып табылатын еңбектік құқықтық қатынастар және сонымен тығыз байланысты басқа да қатынастарды құқықтық реттеудің өзіндік ерекшеліктерінің барынша жалпы-лама көрінісі. Еңбек құқығының әдісі құқықтық реттеу қандай тәсілмен іске асырылады деген сауалға жауап береді. Еңбек құқығы әдістері құқықтық нормалардан көрніс табады. Еңбек құқығы әдістерін мынандай бөлгілермен: 1) еңбектік құқықтық қатынастар және солардың негізінде туындайтын басқа да қатынастарды реттейтін императивтік және диспозитивтік нормалардың қосындысымен; 2) еңбек құқығы пәнін реттейтін орталықтанған, жергілікті және шартты әдістердің қосындысымен; 3) әлеуметтік әріптестіктің тараптарының өкілдерін қатыстыра отырып қоғамдық қатынастарды реттеуде әлеуметтік-әріптестік келісімдерді барынша кең пайдаланумен; 4) жалдамалы еңбекті пайдалануды реттеудің даралығы мен саралап жіктелуі; 5) еңбек дауларын шешудің ерекше тәртібін бекітуімен сипатталады.

Еңбек құқығы жүйесі ідеп біртұтас еңбек құқығын бір-бірімен тығыз байланысты жеке бөлшектерге (институттарға) бөлуден көрінетін объективті өмір сүретін құқық саласының құрылымын айтамыз. Еңбек құқығы жүйесі жалпы және ерекше сияқты екі бөлімнен тұрады. Еңбек құқығының жалпы бөлімі жалпылама сипаттағы және еңбек құқығы институттарының барлығына бірдей қолданылатын нормалардан тұрады. Ол нормалар еңбек құқығының пәнін, негізгі қағидаттарын, еңбекті ұйымдастырудың жалпы мәселелерін қамтиды. Еңбек құқығының ерекше бөлімі еңбектік құқықтық қатынастардың және онымен тығыз байланыстағы еңбек қатынастарының жекелеген элементтерін қамтиды.

Еңбек құқығы негіздері (деректік көздері) дегеніміз заңнамалармен белгіленген, арнайы құзыретті органның нормативті актілері. Еңбектік құқықтық қатынастарды және онымен тығыз байланысты еңбек қатынастарын реттейтін нормативті актілердің төмендегідей өзіндік ерекшеліктері бар: 1) еңбек туралы нормативтік актілер жүйесінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қабылдаған заңдық күші бар актілердің санының көптігі; 2) жұмыс берушімен еңбек ұжымы арасында кәсіпорын деңгейінде қабылданатын жергілікті нормативтік актілердің санының басымдылығы; 3) нормативтік актілердің жалпы және арнайы болып бөлінуі. Еңбек құқығы негіздері (деректік көздері) заңдық күшіне қарай: заңдар, заңдық күші бар актілерге — Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтары, Үкіметтің қаулысы, өкімі, бұйрықтар, ережелер және жергілікті нормативтік актілерге және әрекет ету деңгейлеріне байланысты республикалық, салалық және жергілікті болып бөлінеді.

Еңбек құқығының қайнар көздері — күрделі, көп деңгейлі құрылым, ол құқық нормалары жүйесі мен еңбек қатынастары құрылымының ішкі бірлігін көрсететін, өзара байланыстығы, әртүрлі заңдық күші бар еңбек жайындағы нормативтік құқықтық актілердің жиынтығын қамтиды. (Тиісінше, еңбек құқығы саласының құрылымдарын). Еңбек туралы заңнамалар да Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Еңбек кодексіне (2007), жұмыскерлердің кейбір санаттарының еңбек қатынасын реттейтін басқа нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Қазақстан Республикасы бекіткен Халықаралық шарттардың еңбек туралы ұлттық заңдар алдында басымдылығы бар, және, егер оны қолдану үшін Қазақстан Республикасының заңын шығару шартта көрсетілмеген болса, тікелей қолданылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (8-бап), халықаралық ынтымақтастық қағидатын негізге алып Қазақстан халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын мойындайды және құрметтейді.

Еңбек құқығының негізгі деректік көздеріне еңбек саласында қабылданған халықаралық шарттар, келісімдер, конвенциялар жатады. Мысалы 1958 жылғы 25 маусымда Женева қаласында дүние жүзінің бірнеше мемлекеттері қол қойған «Еңбек және кәсіптер

саласындағы кемсітушіліктер туралы» халықара-лық Конвенция қабылданған. Осы Конвенцияға 1999 жылғы 20 шілдеде № 444 Заңмен Қазақстан Республикасы қосылды. Сондай-ақ Женева қаласында 1999 жылғы 17 маусымда Халықара-лық еңбек ұйымы Бас конференциясының 87-сессиясында қабылданған «Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы Конвенция (182-Конвенция) қабылданды. Бұл Конвенцияға да Қазақстан 2002 жылғы 26 желтоқсандағы № 367-II Заңмен қосылды. Женевада 1930 жылғы 28 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 14-сессиясы «Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы» Конвенция (29-конвенция) қабылдады. Бұл Конвенцияға Қазақстан 2000 жылғы 14 желтоқсандағы № 120-III Заңмен қосылды. Женевада 1957 жылғы 25 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 40-сессиясы қабылдаған «Мәжбүрлі еңбекті жою туралы» Конвенцияға Қазақстан Республикасы 2000 жылғы 14 желтоқсандағы № 117-III Заңмен қосылды. Женевада 1948 жылғы 9 шілдеде Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 31-сессиясы қабылдаған «Жұмыспен қамту қызметін ұйымдастыру туралы» Конвенциясына біздің еліміз 2000 жылғы 14 желтоқсандағы № 119-III Заңмен қосылды.

Еңбек құқығы қайнар көздерінің арасында ерекше орын алатын 2007 жылы 15 мамырда қабылданған № 251-III ҚРЗ «Қазақстан Республикасының еңбек кодексі». Кодекс Жалпы және Ерекше бөлімнен, 6 бөлімнен, 40 тараудан, 341 баптан тұрады.

2-сұрақ. Еңбек тәртібі. Еңбек тәртібінің әдістері

Еңбек тәртібі–жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қарым-қатынастарының жүйесін құқықтық нормалар арқылы белгілеп, оның қағидаларын орындауға тараптардың өзара міндеттілігін білдіретін құқықтық категория.Еңбек тәртібі жұмысберуші мен жұмыскерлердің ішкі еңбек тәртібіне мойынсыну, оның белгілеп берген талаптарын орындау жөніндегі өзара міндеттемелері.

Еңбек тәртібін қамтамасыз ету

Еңбек тәртібін жұмыс беруші жеке және ұжымдық еңбек үшін қажетті ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайлар жасау, қызметкерлердің еңбекке саналы көзқарасы арқылы сендіру, адал еңбегі үшін көтермелеу әдістерімен, сондай-ақ тәртіптік теріс қылық жасаған қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану арқылы қамтамасыз етеді.

Сендіру әдісін қолдану қызметкерлердің әкімшілік талаптарын, кәсіпорынның (ұйымның) ішкі еңбек тәртібі ережелерін саналы және ерікті түрде орындауға деген ішкі қажеттіліктерін тәрбиелеу мақсатында олардың санасы мен мінез-құлқына әсер етуді көздейді. Сендіру әдісін іске асырудың нысаны көтермелеу шаралары болып табылады.

Мәжбүрлеу әдісі мен сендіру әдісі қажетті нәтижелерге қол жеткізбеген уақытта қолданылады. Ол еңбек тәртібін бұзғаны үшін қолданылатын тәртіптік жазалау шаралары болып табылады. Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшілерге мынадай жаза түрлері қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;

4) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе мемлекеттік лауазымын төмендету;

- 5) атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығару.

Қазақстан Республикасының заңдарында өзге де жаза түрлері белгіленуі мүмкін.

Еңбегі үшін көтермелеу

1. Мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады.

Мемлекеттік қызметшілерге мынадай көтермелеулер қолданылуы мүмкін:

- 1) біржолғы ақшалай сыйақы беру;
- 2) алғыс жариялау;

- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) грамотамен марапаттау;
- 5) құрметті атақ беру;
- 6) көтермелеудің өзге де нысандары, оның ішінде ведомстволық наградалармен марапаттау.

Нақ сол ерекшеленгені үшін мемлекеттік қызметшіге бір ғана көтермелеу қолданылуы мүмкін.

Көтермелеулерді қолдану тәртібі мемлекеттік органдардың актілерінде белгіленеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңында (2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ) мемлекеттік қызметкерлерді адал еңбегі үшін көтермелеу шаралары көзделген.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
2. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
3. Г.Искакова, Н.Ғазизова. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы. – Астана: Фолиант, 2017 ж.
4. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Астана: Фолиант, 2015 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. ҚР Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңында 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Жоспар:

1. «Еңбек қорғау» пәнінің құрылымы, негізгі міндеттері
2. Еңбек құқығының түсінігі және жеке еңбек шартының ұғымы
3. Жұмыс уақыты
4. Демалыс уақыты
5. Жалақы және еңбекті нормалау

1 – сұрақ. «Еңбек қорғау» пәнінің құрылымы, негізгі міндеттері

«Еңбек қорғау» пәні арнаулы сабақ ретінде қоғамтану және мамандық алудың негізгі пәндерімен тығыз байланысты.

Бұл пәннің негізгі мақсаты болашақ мамандарды еңбек заңымен өндіріс санитариясымен, техника қауіпсіздігімен және өрт қауіпсіздігінің негіздерімен таныстыра отырып, өндіріс жағдайында төніп тұрған қауіп-қатерді көре білуге және оны болдырмаудың шараларын оқып үйретеді.

Бұл пәнді оқып-үйрену нәтижесінде студенттер мынаны білулері керек: «Еңбек қорғау» туралы нормативті-провалық құжаттарды, қауіпті-қатерлі өндіріс факторларын және оның адам организміне әсері, оларды қалыпты мөлшерге келтіру әдістерін, еңбек қорғау жұмысын ұйымдастыру, өндіріс ортасының әр саласында еңбек етушілердің қауіпсіздігін қорғау әдістерін т.б.

Істей білулері керек: Өндіріс қауіпсіздігін бағалай отырып, өз бетімен шара қабылдай білу, әр түрлі технологиялық процестерді орындау кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қауіпсіз еңбекке оқыта, үйрете білу, қауіпті-қатерлі жұмыстарды ажырата білу, өндірістегі

жазатайым жағдайларды тіркеу және тексеру жолдарын, жарақат алғандарға алғашқы көмекті көрсету жолдарын.

«Еңбек қорғау» сабағы негізгі пән ретінде мынандай сұрақтарды қамтиды:

а) Еңбек қорғау, нормативті-праволық және ұйымдастыру жұмыстарының негізгі, олар мына құжаттармен шектеледі-Қазақстан Республикасының конституциясы, «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» және басқа мемлекеттік құжаттар.

б) Өндіріс санитариясы мен еңбек гигиенасы, еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі /ССБТ/, санитарлық нормамен /СН/, санитарлық норма және құрылыс ережелерімен /СНиП/ т.б. құжаттармен.

в) Қауіпсіздік техникасы, еңбек қорғау стандарттарының жүйесімен.

г) Өрт қауіпсіздігі- СНиП, ССБТ т.б. құжаттармен.

Қауіпсіз еңбек дегеніміз- еңбекшіге қауіпті-зиянды өндіріс факторлары әсер етпейтін еңбек шарты.

Еңбек жағдайы- еңбек ортасының, өндіріс факторларының жұмысшының еңбек ету қабілетіне және денсаулығына әсері.

Қауіпті өндіріс факторы дегеніміз- жұмыс кесінде ойламаған жағдайда еңбекшінің жарақаттануына және денсаулығының нашарлауына апарып соқтыратын фактор.

Зиянды өндіріс факторы дегеніміз- жұмыс кезінде еңбекшінің ауруына және еңбек қабілетінің төмендеуіне соқтыратын фактор. т.б. терминдер мен анықтамалар тақырыптарға байланысты беріліп отырады. Студенттер-болашақ мамандар жоғарыдағы анықтамалардың мағынасына ойлы, саналы сезіммен қабылдайды деп ойлаймын.

Еңбек қорғау жұмыстары Қазақстан Республикасының 15 қаңтар 2007ж. қабылдаған «ҚР Еңбек кодексі»-не байланысты жүргізіледі. Бұл заң 7 тарау-дан және 341 баптан тұрады. Заңды іске асырушы Қазақстан Республи-касының Минстрлер кабинеті, ол «Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасы Заңын практикалық іске асыру механизмін қамтамасыз ететін тиісті бағдар-ламалар мен шаралар кешенін әзірлеуді қамтамасыз етуі керек.

Еңбек қорғау жұмысының заңдылық негіздері төмендегідей:

1. Қазақстан Республикасының КОНСТИТУЦИЯСЫ Алматы «Қазақ-стан»1993.
2. Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі», Астана, 2007”, 15 қаңтар
3. Еңбек қауіпсіздігіне байланысты мемлекеттік стандарттар-МЕСТ және ЕҚСЖ
4. Еңбек қауіпсіздігіне байланысты салалық стандарттар.

Мекеме басшысының бұйрығы, мекеме мамандарының жолнұсқа-лары, т.б. технологиялық құжаттары.

Осы заңда «Еңбекті қорғау» саласындағы ұлттық саясаттың негізгі принциптері берілген , солардың кейбіреулері мыналар:

меншік иесінің қаржысы есебінен қызметкерлерді арнаулы киіммен және аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен, емдеу-алдын алу, әлеу-меттік шаралармен қамтамасыз етуге;

өндірістегі жазатайым жағдайда немесе кәсіби аурудан зардап шеккен қызметкерлердің мүдделерін әлеуметтік қорғауға;

жоғары және арнаулы орта оқу орындарында еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы жөнінде мамандар даярлауға...

Қауіпсіз еңбекті ұйымдастырудың негізгі принциптері:

1. **Бағдарлау-** дегеніміз негізгі идеялар жиынтығы бола тұра қауіпсіз еңбектің басты бағыттарын айқындайды және методологиялық, хабарлау негізгі болады. Техникалық- физикалық ережелер мен заң-дарға сүйене отырып қауіпті факторларды жоюға негізделген.

2. **Басқару-**жұмыстың жекелеген сатысында немесе кезеңінде еңбек қауіптілігін азайтуға негізделген.


3. **Ұйымдастыру-**еңбекті ұйымдастыруды ғылыми жолмен басқаруға негізделген.

Осы принциптерді басшылыққа алып еңбек ұйымдастырылса оның қауіптілігі азаяды.

Жүйе деген түсінік ертеден белгілі. Жалпы алғанда **ж ү й е** (система) дегеніміз – жеке бөліктердің қосындысы және олардың өзара байланысы.

Жүйе деп тірі организмдер мен машиналарды да айтуға болады. Жүйе деп кезкелген өндіріс объектісін де айтады. Осындай жүйелердің бірі – «А»- «Т»- «М»-« Θ_0 ».

Еңбек қорғаудың негізгі мақсаты осы жүйені еңбекшіге қолайлы жағдайға келтіру (оптимизация). Халық шаруашылығындағы кез келген жұмысты, технологияны **биоэкотехникалық жүйе** дей отырып, төрт элементке бөлеміз, олар: Адам – техника – материал -өндіріс орны.



Әр элементтің бір-біріне әсері – көрсетілген.

Бұл элементтер бір-біріне әсер етеді және бәрі адамға (жұмысшыға) әсер етеді. Жеке элементтердің жұмысы көп факторлардан (себептерден) тұрады.

Жүйе теориясына сүйене отырып осы элементтердің белгісіз байланысы – H (күйі) мына формуламен шешіледі $H = 2^I$ мұндағы, $I = p(p - i)$ ең көп байланыс саны – I , p – факторлар саны. Мысалы жоғарғыдағы жүйеде адамға үш фактор әсер етеді, олар: T, M, Θ_0 демек $p=3$ болса, $H = 2^{p(p-i)} = 2^{3 \cdot 2} = 2^6 = 64$. Яғни, жалпы жүйе өз міндетін ойдағыдай атқарып, жақсы жұмыс істеп, сонымен қатар адамға зиянды әсері болмас үшін 64 сұрақты шешу қажет деген сөз.

Жеке факторлардың саны көбейген сайын жүйенің күйі (H) көбейеді.

Егер жүйедегі байланыстың біреуі бұзылса қауіпті жағдай пайда болады да, кейін жазатайым жағдайға ұшыратуы мүмкін.

Еңбекті қорғаудың негізгі міндеті жүйенің адам үшін дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Егер осы жүйені бөлшектеп, оларға жеке-жеке қарасақ қауіп-қатерді азайтуға болады.

Егер жүйенің қауіпсіздік деңгейін уақыт мөлшерімен қарасақ жоғарыдағы жүйені мынадай түрге бөлуге болады:

Б і р і н ш і – іске қосу уақыты – жүйені жөнге келтіру кезеңі.

Е к і н ш і – негізгі пайдалану кезеңі, пайдалы өнім алу уақыты.

Ү ш і н ш і – қайта құру кезеңі (реконструкция) қауіпті жағдайлардың көбеюімен байланысты, себебі жүйенің бөліктері әртүрлі жағдайда жұмыс істейді. Сондықтан жүйенің қауіптілігін азайту үшін, оны уақытында жөндеу, реттеу керек. Жүйелік көзқараспен алғанда Еңбек қорғау ғылымы төмендегідей тармақтарға бөлінеді:

1. **Еңбек гигиенасы** – медицина ғылымының бір бөлігі бола тұра, жеке еңбекші мен ұжымның өз ара байланысын сыртқы ортамен бірыңғай қарап, өндіріс жағдайын сауықтырудың мөлшері мен шараларын жетілдіреді

2. **Еңбек физиологиясы мен психологиясы**

Кез- келген адамға еңбек психологиясы мен физиологиясы аймағында білім қоры, орындайтын қызметі мен мамандығынан тәуелсіз, өзін қоршаған адамдармен, өзінің физиологиялық мүмкіндігін, өз мінезінің нашар және жақсы жақтарын, минимальды рухани және физикалық жоғалымдарымен өндірістік стресстік жағдайлары мен өмірдің қиын кезінде, құрылымдық қобалжуы мүмкіндігінің нәтижелі бір бірімен әрекетін білдіреді.

3. **Өндіріс санитариясы** ғылымының негізгі зерттеу бағыттары: технологиялық процестердегі қауіпті - зиянды факторларды азайтудың жолдарын іздестіру, еңбек қорғаудың санитарлық техникалық шараларын реттеу, жұмысшылардың жұмыс кестесі мен жеке бас гигиенасын т.б. қамтиды.

4. **Эргономика** дегеніміз – ғылыми пән бола тұра, техникалық, психологиялық, физиологиялық, гигиеналық ғылымдардың жиынтығынан туған.

Эргономика – жұмысшының машинамен және өндіріс қатынасын байланыстыра отырып еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

5. Инженерлік психология эргономикамен тығыз байланысты бола отырып, өндіріс эстетикасының, машиналардың көркемдеудің (дизайн) негізін түсіндіреді, оқытады, үйретеді.

Инженерлік психология – жұмысшы мен технологиялық процесс және сыртқы қоршаған орта жайлы мағлұмат береді.

Осыдан, қауіпті жағдай қайдан пайда болады деген сұрақ туады. Оған қауіпсіз еңбектің психологиясы былай жауап береді:

қауіпті жағдай (ҚЖ) қауіптің уақыты (ҚУ) мен себебі (БС) дәл келгенде пайда болады:

немесе $ҚЖ = ҚУ + ҚС$ осыдан қауіпті жағдайды болдырмас үшін қауіптің себебі мен уақыты дәл келмесе болғаны.

2 – сұрақ. Еңбек құқығының түсінігі және жеке еңбек шартының ұғымы

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі еңбек катынастарының ең төменгі стандарттарын белгілейді, олар жеке еңбекпен және (немесе) ұжымдық шартта жақсы жаққа өзгеруі мүмкін және қажет. Басқа нормативтік құқықтық, актілермен реттелетін қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасындағы Еңбек Кодексінде белгіленген стандарттан төмен болуы тиіс емес.

Жеке еңбек, ұжымдық шарттардың мәмілелері, егер олар заңдылықтарға қайшы келмейтін болса, тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Ұжымдық шарт — жазбаша шарт түрінде әзірленген, бір немесе бірнеше жұмыс берушілер (олардың өкілдері) және бір немесе бірнеше кәсіптік одақтардың мүшесі болып табылмайтын, келіссөздер жүргізу үшін өз ұйымын құрған қызметкерлер қол қойған құқықтық акт.

Жеке еңбек шарты — жазбаша түрде, кемінде екі дана етіп, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында жасалынған екі жакты келісім. Ол бойынша қызметкер белгілі бір мамандық, біліктілік немесе қызмет бойынша, жұмыс берушінің актісін орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге дәл уақытында және толық көлемде жалақысын және басқа заңдылықтармен және тараптардың келісімімен қарастырылған ақшалай өтемдерді төлеуге, еңбек туралы заңдылықтармен және ұжымдық шартпен еңбек жағдайын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Жеке еңбек шарты: а) белгісіз мерзімге, ә) белгілі бір мерзімге, б) белгілі бір жұмысты орындау уақытында немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына жасалуы мүмкін. Егер жеке еңбек шартында оның орындалу мерзімі жазылмаса, онда ол белгісіз мерзімге жасалынған болып есептеледі.

Жеке еңбек шартын он алты жасқа толған адамдармен жасауға жол беріледі. Ата-анасының бірінің (қорғаншының, қамқоршының) келісімімен жеке еңбек шарты оқудан бос уақытында денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін он төрт жасқа толған оқушымен жасалуы мүмкін. Сондай-ақ жеке еңбек шарты ата-аналарының келісімімен, егер олар орта білім алған болса, он бес жасқа толған тұлғалармен де жасалуы мүмкін. Ата-аналардың (қорғаншының, қамқоршының) келісімі жазбаша түрде беріледі, бұл жағдайда ата-аналар (қорғаншылар, қамқоршылар) жеке еңбек шартына кәмелетке жасы толмаған тұлғамен бірге қол қояды. Қызметкердің еңбек функциясын орындай бастауы шартта белгіленген жұмыстың басталу датасы болып есептеледі. егер жұмыс беруші тарапынан тиісті дәрежеде жеке шарт болмаған немесе әзірленбеген жағдайда. жеке еңбек шартының мерзімі еңбекке нақты жіберілген сәтінен басталады. Жеке еңбек шарты жасалынғаннан кейін жұмыс беруші қызметкерді жұмысқа алу туралы бұйрық жазуға міндетті, онымен қол қою арқылы танысады.

Жұмыскер жұмыс уақытының толық емес ұзақтылығын қарастыратын бірнеше орынмен жеке еңбек шарттарын жасауға құқылы. Жеке еңбек шартын жасасу үшін жұмыс беруші қызметкердің еңбек жолын дәлелдейтін құжаттарды, жеке куәлігін (төлқұжат), әлеуметтік жеке код берілгені туралы куәлікті, зейнетақылық шартты, он алты жастан кіші тұлғалар үшін тууы туралы куәлігін, білімі туралы немесе кәсіптік дайындығы туралы құжаттарды және заңдылықтармен қарастырылған басқа да құжаттарды талап етуге құқылы.

Жеке еңбек шарты:

1) мерзімінің бітуі бойынша;

2) тараптардың еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша:

- қызметкерді әскери қызметке шақырған кезде;

- сот үкімінің заңды күшке енген кезінде;

- жұмыскер қаза болған жағдайда;

- сот жұмыскерді әрекетке қабілетсіз немесе шектеулі қабілетсіз деп таныған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

Жеке еңбек шарты:

1) тараптардың келісімі бойынша;

2) тараптардың бірінің бастамасы бойынша;

а) жұмысшының бастамасы бойынша:

- заңды тұлғаның қызметін таратқан немесе тоқтатқан;

- жұмыскерлердің саны немесе штаты қысқартылған;

- жеке еңбек шартының қолданылу мерзім ішінде қызметкердің жеткілікті біліктілігінің болмауы не белгілі бір жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы салдарынан атқаратын қызметіне немесе орындайтын жұмысына сәйкессіздігі аңғарылған;

- уақытша еңбекке жарамсыздығы салдарынан, сондай-ақ заңдарда сол ауру бойынша еңбекке жарамсыздықтың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленбесе, жұмысқа екі айдан астам уақыт бойы келмеген жағдайда;

- жұмыскер ұйыммен бірге басқа жерге ауысудан бас тартқан;

- еңбек ақысын сақтай отырып, неғұрлым жеңіл жұмысқа ауыстырудан қызметкер бас тартқан;

- еңбек жағдайының өзгеруіне байланысты жұмысты жалғастырудан бас тартқан;

- егер жұмыскер тәртіптік жаза алған болса, ол дәлелді себептерсіз еңбек міндеттерін қайталап орындамаған;

- егер іс-әрекеті оған жұмыс беруші тарапынан сенімінің жоғалуына негіз болса, ақшалай немесе тауарлық, құндылықтармен тікелей қызмет ететін қызметкер кінәлі іс-әрекет жасаған;

- білім беру саласында тәрбиешілік міндетті атқарушы қызметкер аталған жұмысты жалғастыруға сыйымсыз моральға жат қылық жасаған;

- жеке еңбек шартына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді жария еткен;

- басқа жұмысқа уақытша ауыстырған жағдайда қызметкер жұмыстан бас тартқан;

- бұрын осы жұмысты орындап келген қызметкер сот шешімімен жұмысына қайта алынған жағдайда бұзылады.

ә) жұмыскердің бастамасы бойынша, бұл жайында ол жұмыс берушіні екі ай бұрын жазбаша түрде ескертуге міндетті. Тараптардың келісімі бойынша, шарт ескерту мерзімі бітпей-ақ тоқтатылуы мүмкін. Жұмысты жалғастыруға мүмкіндігі жоқ немесе мейлінше қиындататын жағдайларда (денсаулық жағдайы, зейнетақы жасы, басқа орынға қоныс аудару, жалақының уақытылы төленбеуі және басқа мән-жайлар) жеке еңбек шартын бұзу қызметкердің арызында белгіленген мерзімде жүргізіледі;

3) заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.

Еңбек шартын жасасуға жол берілетін жас мөлшері

1. Он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі.

2. Ата-анасының біреуінің, қорғаншысының, қамқоршысының немесе асырап алушысының жазбаша келісімімен:

1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайда, он бес жасқа толған азаматтармен;

2) сабақтан бос уақытында, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін, он төрт жасқа толған оқушылармен;

3) кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және адамгершілік тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармалар жасауға және (немесе) орындауға қатысу үшін, осы баптың 2-тармағы 2) тармақшасында айқындалған талаптарды сақтай отырып, он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін.

3. Еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар оның ата-анасының біреуі, қорғаншысы, қамқоршысы немесе асырап алушысы қол қоюға тиіс.

3 – сұрақ. Жұмыс уақыты

Жұмыскерлердің жеке еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындауға міндетті уақыт жұмыс уақыты болып есептеледі.

Жұмыс уақытының калыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс. Жеке еңбек шарттарында тараптардың келісімі бойынша жұмыс уақытының ұзақтығы азырақ көзделуі мүмкін.

Жұмыскерлердің жекелеген санаттары үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы: он төрт жастан он алты жасқа дейінгі қызметкерлер үшін — аптасына 24 сағаттан; он алтыдан он сегіз жасқа дейін — аптасына 36 сағаттан аспайтын;

ауыр дене жұмыстарында және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін Жұмыскерлер үшін — аптасына 36 сағаттан аспайтын болып белгіленеді.

Жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартуға құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен қызметтердің тізімін, сондай-ақ еңбек жағдайлары зиянды (өте зиянды) және (немесе) ауыр (өте ауыр), қауіпті (өте қауіпті) жұмыстардың тізбесін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Жұмыскерлер үшін екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді, бес күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың (ауысымның) ұзақтығы жұмыс берушінің актісімен немесе жұмыстың ерекшелігін, еңбек ұжымының пікірін ескеріп және жұмыс аптасының белгіленген ұзақтығын сақтай отырып, жұмыс беруші бекітетін ауысым кестесімен белгілейді.

Өндірісінің сипаты мен жұмыс жағдайлары бойынша бес күндік жұмыс аптасын енгізу орынсыз ұйымдарда бір күндік демалысы бар алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Алты күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың ұзақтығы апталық норма 40 сағат болғанда - 7 сағаттан аспауға, апталық норма 36 сағат болғанда - 6 сағаттан және апталық норма 24 сағат болғанда - 4 сағаттан аспауға тиіс.

Бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасын еңбек немесе ұжымдық шарттардың талаптарымен жұмыс беруші белгілейді.

22 сағаттан бастап таңғы сағат 06-ға дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі.

Жүкті әйелдерді түнгі уақытта жұмыс істеуге тартуға олардың келісімімен ғана жол беріледі. Түнгі уақытта жұмыс істеуге он сегіз жасқа толмаған адамдар мен түнгі уақытта жұмыс істеуге тыйым салатын медициналық қорытындысы болған жағдайда өзге де адамдар жіберілмейді.

Жұмыскердің келісімінсіз мерзімнен тыс жұмыстарға ерекше жағдайларда ғана:

1) елдің қорғанысы үшін, сондай-ақ төтенше жағдайларды немесе дүлей апаттарды, өндірістік аварияларды болғызбау немесе олардың зардаптарын дереу жою үшін қажетті жұмыстарды жүргізу кезінде;

2) сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, жылыту, жарық беру, канализация, көлік, байланыс жөніндегі қоғамдық қажетті жұмыстарды жүргізу кезінде олардың дұрыс жұмыс істеуін бұзатын кездейсоқ немесе күтпеген жағдайларды жою үшін;

3) егер жұмыс үзілісті көтермейтін болса, ауыстырушы қызметкер келмей қалған кезде жұмысты жалғастыру үшін жол беріледі.

4 – сұрақ. Демалыс уақыты. Күнделікті жұмыс (ауысым) ішінде қызметкерге демалу және тамақтану үшін жинақтап алғанда ұзақтығы бір сағаттан кем болмайтын үзіліс берілуге тиіс. Бұл үзіліс жұмыс уақытына енгізілмейді және қызметкер оны өз қалауы бойынша пайдаланады.

Үзіліс беру уақыты мен оның ұзақтығы жұмыс берушінің актілерінде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда белгіленеді.

Өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін емес жұмыстарда жұмыс беруші қызметкерге жұмыс уақытында демалу мен тамақтану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай жұмыстардың тізбесі, демалу және тамақтану тәртібі мен орны жұмыс берушінің актілерінде белгіленеді.

Арнаулы үзілістер. Жылдың суық мезгілінде ашық далада, жылу берілмейтін жабық үй-жайларда жұмыс істейтін, жүк тиеу-түсіру жұмыстарымен айналысатын жұмыскерлерге жылыну және демалу үшін арнаулы үзілістер беріледі. Арнаулы үзілістер жұмыс уақытына қосылады.

Күн сайынғы демалыстың ұзақтығы. Жұмыстың бітуі мен оның келесі күнде (ауысымда) басталуы арасындағы қызметкердің күн сайынғы демалысының ұзақтығы 12 сағаттан кем болмауға тиіс.

Демалыс күндері. жұмыскерлерге демалыс күндері (апта сайынғы үзіліссіз демалыс уақыты) беріледі. Бес күндік жұмыс аптасы жағдайында жұмыскерлерге аптасына - екі, ал алты күндік жұмыс аптасында бір демалыс күні беріледі.

Жалпы демалыс күні жексенбі болып есептеледі. Бес күндік жұмыс аптасы кезінде екінші демалыс күні жұмыс берушінің актісімен немесе жұмыс кестесі мен белгіленеді, екі демалыс күні де әдетте қатарынан беріледі.

Мерекелік күндер жұмыс күндеріне сәйкес келген жағдайда және жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі демалыс күндері басқа жұмыс күндеріне ауыстыруға құқылы.

Өндірістік-техникалық жағдайлары бойынша немесе халыққа үнемі үзіліссіз қызмет көрсету қажет болуы себепті демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін болмайтын ұйымдарда, сондай-ақ үзіліссіз өндіріс жүргізетін ұйымдарда жұмыс берушінің актісімен бекітілген ауысым кестесіне сәйкес, қызметкерлердің әрбір тобына демалыс күндері аптаның әртүрлі күндерінде кезекпен беріліп отырады.

Мереке күндеріндегі жұмыс. Өндірістік-техникалық жағдайлары бойынша немесе халыққа үзіліссіз тұрақты қызмет көрсету қажет болуы себепті демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін болмайтын ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасында белгілеген мереке күндері жұмыс жүргізілмейді.

Демалыс күндерінде жұмысқа тарту. Демалыс күндерінде жұмысқа тарту мынадай жағдайларда:

- төтенше жағдайларды немесе дүлей апатты, өндірістік аварияны болғызбау не олардың зардаптарын дереу жою үшін;
- жазатайым оқиғаларды, мүліктің жойылуын немесе бүлінуін болғызбау және оны тергеу үшін;
- тұтас алғанда ұйымның немесе оның жеке бөлімшелерінің одан әрі қалыпты жұмыс істеуі тез орындалуына байланысты болатын шұғыл, алдын ала күтпеген жұмыстарды орындау үшін жол беріледі.

Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы. Жеке еңбек шарты бойынша жұмыс істеушілерге жұмыс орны (қызметі) мен орташа жалақысы сақтала отырып, ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына кепілдік беріледі.

Еңбек демалысына ақы төлеу ол басталғанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Егер басқа нормативтік құқықтық актілерде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін өзгеше көзделмесе, қызметкерлерге ұзақтығы кемінде күнтізбелік он сегіз күн болатын жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

Ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптер мен қызметтердің тізбесіне сәйкес ауыр

дене жұмыстары мен еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге беріледі.

Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын берудің талаптар мен тәртібі жеке еңбек, ұжымдық шарттармен белгіленеді. Қатарынан екі жыл бойы еңбек демалысын бермеуге тыйым салынады.

Еңбек демалысы күндеріне дәл келетін мереке күндерін есептемегенде, жыл сайынғы еңбек демалыстарының ұзақтығы, қолданылып жүрген жұмыс режимдері мен кестелеріне қарамастан, күнтізбелік күндермен есептеледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысына құқық беретін еңбек жұмыс стажына: 1) жұмыс жылы ішінде нақты жұмыс істеген уақыт;

2) жұмыстан заңсыз босату кезінде амалсыздан бос жүрген уақыт;

3) емделуде болып, еңбекке уақытша жарамсыздық парағымен расталған уақыт қосылады.

Жұмыс беруші жұмыскерге жыл сайын еңбек демалысын беруге міндетті. Жұмыс істеген бірінші жылы үшін еңбек демалысы жеке еңбек шарты бойынша бірінші жұмыс жылы өткеннен кейін беріледі. Жұмыскердің қалауы бойынша жыл сайынғы еңбек демалысы бөлініп берілуі мүмкін.

Жұмыскерлерге жыл сайынғы еңбек демалыстарын берудің кезектілігі. Жұмыскерлерге жыл сайынғы еңбек демалыстарын берудің кезектілігі жеке еңбек, ұжымдық шарттарда, демалыс кестесінде, жұмыс берушінің актілерінде көзделген тәртіппен белгіленеді.

Өндіріс қажеттеріне байланысты демалыс кестесі өзгерген жағдайда жұмыс беруші еңбек демалысының басталуынан кемінде екі апта бұрын жұмыскерге ол жөнінде хабарлауға міндетті. Жыл сайынғы еңбек демалысы қызметкер еңбек демалысы кезеңінде еңбекке уақытша жарамсыз болған кезде, жүкті болуы мен босануы бойынша демалысы кезінде толық немесе бір бөлігі ауыстырылуы немесе ұзартылуы мүмкін. Бірақ бұл орайда еңбек демалысы кезіндегі күндерге еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақы төленбейді.

Жыл сайынғы еңбек демалысы (оның бір бөлігі) тек қызметкердің келісімімен немесе оның өтініші бойынша ғана ұзартылуы немесе келесі жұмыс жылына ауыстырылуы мүмкін. Ауыстырылған еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша келесі жылға еңбек демалысына қосылуы немесе қызметкердің өтініші бойынша басқа уақытта жеке берілуі мүмкін.

Еңбек демалысынан шақырып алу. Жыл сайынғы еңбек демалысы жұмыс берушінің ұсынысы бойынша және қызметкердің келісімімен үзілуі мүмкін (еңбек демалысынан шақырып алу). еңбек демалысының осыған байланысты пайдаланылмаған бөлігі тараптар арасындағы уағдаластық бойынша ағымдағы жұмыс жылы ішінде беріледі немесе қызметкердің қалауы бойынша келесі жұмыс жылындағы еңбек демалысына қосылады, не төлемақы төленеді.

Жалақы сақталмайтын демалыстар. Тараптардың келісімі бойынша жұмыскерге оның өтініші негізінде жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

Жүктілігі және босануы бойынша демалыстар. Әйелдерге жүктілігі мен босануы бойынша босанғанға дейін ұзақтығы жетпіс күнтізбелік күнге, босанғаннан кейін елу алты (ауыр босанған немесе екі немесе одан да көп бала туған жағдайда жетпіс) күнтізбелік күнге демалыс беріледі. Есептеу жиынтықтап жүргізіледі және демалыс әйелдің ұйымда жұмыс істеу ұзақтығына қарамастан, жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүктілігіне және босануы бойынша осы кезеңге төленген жәрдемақыны босанғанға дейін нақты пайдаланған күндерінің санына қарамастан оған толық беріледі.

Жаңа туған нәрестелерді тікелей перзентханадан асырап алған әйелдерге (еркектерге) бала асырап алған күннен бастап, сәбидің дүниеге келген күнінен елу алты күнге толғанға дейінгі кезеңге (ата-анасының біріне) демалыс беріліп, оның ұйымда жұмыс істеу ұзақтығына қарамастан жұмыс берушінің қаражаты есебінен оған осы кезеңге жәрдемақы төленеді.

Жүктілігі мен босануы бойынша демалыстан басқа әйелге оның өтініші бойынша баласы бір жарым жасқа толғанға дейін оған күтім жасау жөнінде жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс беріледі. Қосымша демалыс уақыты ішінде оның жұмыс орны (қызметі) сақталады. Жаңа туған нәрестелерді тікелей презентханадан асырап алған әйелдердің (еркектердің) өтініші бойынша сәби бір жарым жасқа толғанға дейін оған күтім жасау үшін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс беріліп, осы кезеңде оның жұмыс орны (қызметі) сақталады. Бұл демалыстың сәби бір жарым жасқа толғанға дейін кез келген уақытта толық немесе бөліп пайдаланылуы мүмкін.

Білім беру ұйымында оқитын қызметкерлерге емтихандар тапсыру, диплом жобасын (жұмысын) дайындау және қорғау, бітірушілер емтихандарын тапсыру кезеңінде ақы төленетін немесе ақы төленбейтін қосымша демалыс берілуі мүмкін.

5 – сұрақ. Жалақы және еңбекті нормалау. Жалақы дегеніміз еңбек үшін оның күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес төленетін сыйақы (табыс).

Жұмыс беруші еңбек кодексі, жеке еңбек, ұжымының шарттарға сәйкес қызметкердің еңбегіне ақы төлеуге міндетті.

Қызметкерлердің еңбегіне ақы мерзімдік, кесімді түрде немесе еңбекке ақы төлеудің өзге де жүйелері бойынша төленеді. Ақы төлеу еңбектің жеке және/немесе ұжымдық нәтижелері үшін жүргізілуі мүмкін. Қызметкердің жалақысы орындалатын жұмыстың саны мен сапасына, күрделілігіне қарай белгіленеді.

Қызметкерлердің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға материалдық мүдделілігін күшейту үшін жыл ішіндегі жұмысының қорытындысы бойынша сыйлық, сыйақы беру жүйесі және материалдық көтермелеудің басқа да нысандары енгізілуі мүмкін.

Ұйымдарда еңбекке ақы төлеу жүйесі ұжымдық шарттармен немесе жұмыс берушінің актілерімен белгіленеді.

Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігі жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің біліктілік анықтамалығы, қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы негізінде белгіленеді. Аталған анықтамалықтарды әзірлеу мен қолданудың тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді. Орындалған жұмыстарды белгілі бір күрделі жұмысқа жатқызуды және қызметкерлерге біліктілік разрядтарын беруді жұмыс беруші жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің біліктілік анықтамалығына және қызметшілер лауазымдарының анықтамалығына сәйкес дербес жүргізеді.

Жалақының мөлшері. Жалақының мөлшерін жұмыс беруші дербес белгілейді және ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен кем болмауы керек.

Белгілі бір ұйымда өзінің жеке еңбек шартымен келісілген негізгі жұмысымен қатар өзінің негізгі жұмысынан босатылмастан басқа қызмет немесе уақытша болмаған қызметкердің міндеті бойынша қосымша жұмысты орындайтын қызметкерлерге қосымша ақы төленеді.

Қызметтерді қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймақтарын кеңейткені) немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақылардың мөлшерін қызметкердің келісімі бойынша жұмыс беруші белгілейді.

Мерзімнен тыс жұмысқа ақы бір жарым есе мөлшерден кем төленбейді.

Мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы екі еседен төмен болмайтын мөлшерде төленеді.

Мереке және демалыс күндеріндегі жұмыстарға төленетін өтемақы қызметкердің тілегі бойынша қосымша демалыс күнімен ауыстырылуы мүмкін.

Түнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағатына ақы бір жарым есе мөлшерінен кем төленбейді.

Бос тұрып қалған уақытқа ақы төлеу. Жұмыстың бос тұрып қалған уақытына ақы төлеудің тәртібі мен талаптары жеке еңбек немесе ұжымдық шарттармен белгіленеді. Қызметкердің кінәсінен бос тұрып қалған уақытқа ақы төленбеуге тиіс.

Еңбек нормалары. Еңбек нормалары (жұмыс істеу, уақыт, қызмет көрсету нормалары) еңбек шығынының өлшемі болып табылады және қызметкер үшін техниканың, технологияның,

еңбек өндірісін ұйымдастырудың қол жеткен деңгейіне сәйкес белгіленеді. Еңбек нормаларын енгізуді, ауыстыруды және қайта қарауды жұмыс беруші жүргізеді. Еңбектің жаңа нормаларының енгізілетіні туралы қызметкерлерге кемінде бір ай бұрын хабарланады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002
5. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Егемен Қазақстанның құқы. – А.: Жеті жарғы, 1997 ж.
6. Құқықтанудан қазақша-орысша сөздік

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. ҚР Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ

САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жоспар:

1. Салық құқығының түсінігі. Салық құқығының пәні, құқықтық реттеу әдісі
2. Салықтың түсінігі. ҚР заңдарына сәйкес салықтардың түрлері
3. Мемлекеттің салықтық қызметі
4. Салықтық міндеттеме. Салықтық бақылау

1 – сұрақ. Салық құқығының түсінігі. Салық құқығының пәні, құқықтық реттеу әдісі

Қазақстан Республикасының құқық жүйесінде салық құқығы ерекше орынға ие, себебі ол мемлекет пен қоғам үшін өте маңызды құқықтық қатынастар тобын реттейді-мемлекет пен салық төлеушілер және басқа да міндетті тұлғалар арасында туындайтын салық салу саласындағы қоғамдық қатынастар. «Салық құқығы» деген ұғым мазмұнына сәйкес төмендегідей қарастырылады:

- 1) оқу пәні ретінде;
- 2) заң ғылымының саласы ретінде;
- 3) құқық саласы ретінде.

Ескертетін жағдай, ол салық құқығының оқу пәні немесе ғылым саласы ретіндегі салық құқығы нақты құқық саласына негізделеді, себебі олар нақты құқық саласының құқық нормалары мен институттарын зерттейді. Оқу пәні ретінде салық құқығы аталған құқық саласының негізгі ережелері туралы мәліметтер, білімдер және ақпараттар жүйесін құрайды. Оқу пәні шеңберінде салық құқығының пәні, салық құқығының әдістері, салықтық заңнаманың тарихы, сонымен қатар түрлі теориялық мәселелер қарастырылуы мүмкін. Салық құқығы ғылым ретінде - құқық саласының нормаларын қолдану қалыбы мен әдістері, тәртібі және теория мен тәжірибе туралы білім жүйесі. Ғылым саласы ретінде салық құқығы салықтық құқықтық қатынастарды реттеу барысында туындайтын қоғамдық мәселелер мен үдерістерді зерттейді. Салық ғылымының түбегейлі зерттеулері салық құқығының теориясын қалыптастырады, ғылыми ұсыныстар мен тұжырымдар береді, өз кезегінде олар экономикалық тұрғыдан негізделген салықтық заңдардың қабылдануын қамтамасыз етеді. Салық құқығы – тиісті субъектілерге императивті әдіспен әсер ету арқылы салықтарды бекіту, енгізу және салық салу сияқты қоғамдық қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Салықтық қатынастардың негізгі белгісі олардың мүліктік сипатта болатындығымен айқындалады-салықтық міндеттемелерді орындау. Салық құқығының пәні-салықтар мен алымдарды бекіту, есептеу, төлеу және алу, салықтық бақылауды жүзеге асыру және салықтық заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық, салық төлеушілердің, мемлекеттің құқықтары мен мүліктік мүдделерін қорғауға байланысты туындайтын, мемлекет пен салық төлеушілер арасында қалыптасатын құқықтық қатынастардың жиынтығы. Салық құқығының реттеу пәніне кіретін қатынастарды былай топтастыруға болады: 1) бірінші топ – салықтар мен алымдарды бекітумен байланысты қатынастар; 2) екінші топ – салықтар мен алымдарды енгізумен байланысты қатынастар; 3) үшінші топ – салықтар мен алымдарды алумен байланысты қатынастар; 4) төртінші топ – салықтық бақылауды жүзеге асырумен байланысты қатынастар; 5) бесінші топ – салықтық құқықбұзушылықтарды жасаумен байланысты туындайтын қатынастар.

Салық салу саласындағы қоғамдық қатынастардың қатысушыларына жеке және заңды тұлғалармен қатар, салық төлеушілер, салық агенттері, салық органдары, қаржы органдары, кеден органдары және басқалары жатады. Салық құқығында екі әдіс бар:

- 1) жария құқықтық әдіс (немесе билік пен бағыныштылық әдісі, императивтік әдіс, авторитарлық әдіс);
- 2) азаматтық құқықтық әдіс (немесе диспозитивтік әдіс).

Мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) салықтар мөлшерін белгілеу;
- 2) мемлекеттің салықтық құрылымын айқындап, оның қалыпты қызметін қамтамасыз ету;
- 3) салықтық міндеттемелердің орындалуын бақылау;
- 4) салықтың төленуін қамтамасыз ету, төленбеген жағдайда күш қолдану;
- 5) салық заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту негіздерін белгілеу; Қазақстан Республикасының салық құқығы салық салу принциптеріне негізделеді.

Салық салу принциптеріне:

- салық салудың міндеттілігі (салық төлеуші – салық міндеттемесін, салық агенті салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндетті Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес толық көлемде және белгіленген мерзімде орындауға міндетті);
- айқындылығы-салық төлеушінің салық міндеттемесі, салық агентінің салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндеті туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленуін білдіреді;
- әділдігі - Қазақстан Республикасында салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Жеке-дара сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынады;
- салық жүйесінің біртұтастығы - Қазақстан Республикасының салық жүйесі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қатысты бірыңғай жүйе болып табылады;
- салық заңнамасының жариялылығы - салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады принциптері жатады.

2-сұрақ. Салықтың түсінігі. ҚР Заңдарына сәйкес салықтардың түрлері

Салықтар - тауарлы өндіріспен бірге, қоғамның топқа бөлінуімен және мемлекеттің пайда болуымен, оған әскер, сот, қызметкерлер ұстауға қаражаттың қажет болуынан пайда болады.

Салықтың мәні мемлекет өз пайдасына жалпы ішкі өнімнің белгілі мөлшерін нақтылы жарна ретінде алып қалады.

Салықтар мемлекеттің өмір сүруінің негізі болып саналады. Мемлекетті ұстау үшін, халықтың ақшалай немесе натуралдық формада тұрақты түрде төлейтін жарналары қажет болады. Адамзаттың даму тарихында салықтың нысандары мен әдістері мемлекеттің сұранымдары мен қажеттеріне қарай бейімделіп, өзгерістерге ұшырап отырды.

Салықтар тауар-ақша қатынастарынан тыс қолданылады. Натуралдық салықтардың мөлшері мен түрі нақты жергілікті жағдайларға бағынған. Мысалы: 1 адамнан 1 құндыз терісі немесе 10 пұт тұз және т.б. алынған. Тауар-ақша қатынастарының нығаюымен натуралды салықтың рөлі айтарлықтай азайды. Дегенмен, олар соңғы уақытқа дейін пайдаланылады.

Егер екі мемлекет бір-бірімен соғыс жүргізсе, жеңген мемлекет жеңілген мемлекеттің барлық байлығын тонап алады, болмаса белгілі бір мөлшерде салық салып отырады.

Салықтарға экономикалық әдебиеттерде әр түрлі анықтама мен түсініктеме берілген. Мәселен, Салық кодексінде «Салықтар-мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгіленген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай жарналар» деп атап көрсетілген.

Салық- заңды актілерге сәйкес салық төлеушілермен жүзеге асырылатын бюджетке төленетін міндетті төлем.

Салық- белгілі бір объектілерден төленетін төлем.

Салық дегеніміз- белгілі бір мерзімде және белгілі бір көлемде алынатын, заң бойынша қарастырылған міндетті төлемдер.

Салықты басқа да төлемдерден ажырата білуіміз керек. Себебі, салық белгілі бір объектілерден (табыс, мүлік, тауар, жер,көлік, мұра) төленеді. Сонымен қатар салықты төлеудің өзіндік бір мерзімі болады (салық кезеңі- бір күндік, он күндік, айлық, тоқсандық, жылдық) және белгілі бір көлемде немесе мөлшерде (салық ставкасы) алынады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне салықтардың меншікті салмағы 70 пайыздан құрайды.

Салықты материалдық тұрғыдан алғанда- бұл, салық төлеушінің белгілі бір мерзімде және белгіленген тәртіпте мемлекетке беретін белгілі бір ақша сомасы болып табылады (салық натуралдық тұрғыда материалдық құндылық болып саналады).

Салықтың материалдық белгісі - салық төлеуші белгілі бір соманы мемлекетке міндетті түрде беруі болып келеді.

Материалдық салықтың қатынастар - ақшалай қатынастар, өйткені ол ақша қаржыларының салық төлеушіден мемлекеттік ақша қорларына жылжуы дегенді білдіреді.

Экономикалық категория тұрғысынан қарағанда салық - салық төлеушілерден мемлекетке қарай белгілі бір мөлшерде, белгілі бір мерзімде және белгіленген тәртіпте бір бағыттағы ақшаның қозғалысы болып саналады.

Ал, құқықтық тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл мемлекеттік бекітілім, яғни тұлғалардың мемлекетке белгілі бір ақша сомасын беруін (төлеуді) көздейтін міндеттеме.

Салық құқығы - мемлекеттің салықтық әрекеті процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Салық материалдық тұрғыдан белгілі бір ақша сомасын (ақшалай нысанда) немесе салық төлеушілердің мемлекетке беруі тиіс белгілі бір заттардың санын (натуралдық заттай нысанда) білдіреді.

Сонымен салықтардың мазмұны мынадай:

- Материалдық категория жағынан — бұл белгілі бір ақша сомасы болса;
- Экономикалық категория ретінде – бұл мемлекеттің табысы;
- Заңдық категория жағынан, бұл заң жүзінде белгіленген міндеттеме болып табылады.
- Салықтың экономикалық белгілері ретінде келесі көрсетілгендерді атауға болады:

Салық – мемлекетке тиесілі қоғамдық жиынтық өнімді бөледі;

Салық – ақшалай нысанды төленеді;

Салық – қайтарылмайтын төлем болып табылады;

Салық – баламасыз сипатта болады;

Салық – салықты төленген кезде меншік нысандары айқындалады;

Салық – тұрақты экономикалық қатынас туғызады;

Ал, енді осы белгілердің мазмұнын тереңірек қарастырайық.

1.Салық – мемлекетке тиесілі қоғамдық жиынтық өнімді бөледі.

Мемлекеттік аппарат мемлекетке тиесілі ақша сомасын өндірмейді. Сондықтан мемлекет жеке және заңды тұлғаларға салық салу арқылы қажетті соманы өндіріп алып отырады. Мұның экономикалық сипаттамасы мемлекет салықты белгілеу және өндіріп алу арқылы өндірілген қоғамдық жиынтық өнімнің бір бөлігін өзіне тиесілі сома ретінде айналдырып алады. Бұл жерде салық қатынасы бөлуші сипатта болады.

2. Салық – ақшалай нысанды төленеді.

Натуралдық нысанда төленуі де мүмкін. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласында жиналған өнімнің бір бөлігі салық ретінде төленеді.

Салық кодексінде салық ақшалай нысанда төленуі тиіс деп атап көрсетілген.

3. Салық – қайтарылмайтын төлем болып табылады.

Салықты төлеген кезде ақша тек бір бағытта ғана қозғалады, яғни салық төлеушіден мемлекетке бағытталады.

Мұның қайтарымды төлемдерден (мысалы, мемлекеттік қарыз) айырмашылығы:

Біріншіден, ақша салық төлеушілерден мемлекетке қарай қозғалады;

Екіншіден, кері қайтады, яғни мемлекеттен салық төлеушілерге бағытталады (қайтарылады).

Ал, қайтарымсыздық дегеніміз - ақшаның мерзімсіз алуды білдіреді, яғни ол соманың қашан қайтатыны белгісіз.

4. Салық – баламасыз сипатта болады.

Салық құнның ақшалай нысанда бір бағытта қозғалысын айқындайды, төленген салыққа қарсы тауар түрінде болса да қозғалыс жоқ. Толығырақ айтқанда, салық қандай да бір тауарға, немесе мемлекеттік қызметке төлем болып есептелмейді, яғни ақшаның өтеусіз алынуын көрсетеді.

Сондықтан салық – баламасыз төлем болып табылады.

5. Салықты төлеген кезде меншік нысандары айқындалады.

Салық төленген кезде меншік нысандары ақша қаражаттарына, немесе материалдық құндылықтарда жеке меншіктен мемлекеттік меншікке өтеді (ауысады). Анығын айтқанда, салық салу мемлекетке тиесілі меншіктерді иеліктен шығарады, ал меншік иелері арасындағы туындайтын салық қатынастарында мемлекет жеке меншіктен мемлекеттік меншікке салық төлемдерінде меншік құқықтарын өзгерте алады.

6. Салық – тұрақты экономикалық қатынас туғызады. Салықты белгілеуде тұрақты салық қатынастары пайда болады. Тұрақтылықты мынадан байқауға болады, яғни салық жеке түрде емес, нормативті құқықтық актілермен белгіленеді. Мәселен, бір тұлғаның нақты салық салу объектісі бар болса, ол салық міндеттемелерін орындаушы болып табылады.

Салық қатынастарының тұрақтылығы салық төлеу арқылы жүйелі төлемдерге алып бармауы тиіс. Кейбір салықтарда салық төлеушілер үшін салық төлеу жеке төлемдік сипатта болады (мысалы, мүлік салығы жеке азаматтар жылына бір рет төлейді) немесе кейде кенеттен салық төлеу сипаты пайда болады (мәселен, ойламаған жерден жасаған жұмысына жалақы алады).

Азаматтардың мүлік салығын төлеген кезде, оның салық қатынастары қысқартылмайды, қайта салық төлеушілердің ағымдағы кезеңде төлеген салықтарымен қоса, келесі салық кезеңдерінде де салық төлеуге міндетті болады. Бұл процесс салық төлеушілердің меншік иесі ретінде құқынан айырылғанға дейін жалғасы таба береді.

Сонымен қатар салықтың құқықтық бірнеше белгілері бар, атап айтқанда:

- Салықты – мемлекет немесе уәкілдік берілген мемлекеттік орган белгілейді;
- Салық – құқықтық нысанда жүзеге асады;
- Салық – мемлекеттің бір жақты белгіленімі болып табылады;
- Салықты белгілеу арқылы салық міндеттемесі туындайды;
- Салық – мәжбүрleme сипатта болады;
- Салық төлеу арқылы ақшаны алу құқықтық сипатта жүзеге асырады.

Салықтың осы құқықтық белгілеріне кеңірек тоқталып өтейік.

1. Салықты тек мемлекет қана белгілейді.

Мемлекеттік органның ешбір салықты бекітуге және енгізуге құқық жоқ.

Салық- бұл мемлекеттің белгіленімі болып саналады.

Салық - осы белгісі арқылы басқа да міндетті төлемдерден ерекшеленеді.

Сондықтан көптеген мемлекеттің салық заңнамаларында салықты былайша қарастырады:

Біріншіден, салықты уәкілдік берілген мемлекеттік орган ғана бекіте алады;

Екіншіден, салықты белгілеу белгілі бір заң немесе нормативтік-құқықтық актілермен қатаң түрде жүзеге асырылады;

Үшіншіден, осы қабылданған құқықтық акт белгілі бір тәтіпке сәйкес жүргізіледі.

2. Салық құқықтық нысанда жүзеге асады.

Мемлекет салықты бекіту және енгізу үшін құқықтық акт қабылдайды.

Мемлекеттің салық қызметін жүзеге асырудағы негізгі әдісі болып нормативті актілерді шығару табылады. Салықтың құқықтық негізі ретінде – мемлекет шығарған нормативті акт қабылданады.

Салық элементтері және салық салудың шарттары осы құқықтық актіге сәйкес белгіленеді, өзгертіледі және жүзеге асырылады.

3. Салық мемлекеттің бір жақты белгіленімі болып табылады.

Салық ұлт (халық, қоғам, азамат) және мемлекет арасындағы еркін түрде келісілген келісімнен кейін пайда болады. Мемлекет салықты белгілеуде барлық салық төлеушілермен келісімге келмейді, яғни олардың белгілі бір топтарымен немесе өкілдерімен ғана келісімге келуі мүмкін. Кейбір кездерде салықтық суверенитет жүзеге асырылады.

Салықтық суверенитет (егемендік) - мемлекеттің өзінің аймағындағы кейбір салық түрлерін кез-келген мөлшерде өзгертуге және салық салу объектілерін белгілеуге, салық саясатын жүзеге асыруға құқы бар.

4. Салықты белгілеу арқылы салық міндеттемесі туындайды.

Қабылданған құқықтық акт негізінде белгіленген салық жеке және заңды тұлғаларға салық төлеуші ретінде салық міндеттемелерін жүктейді.

Салық төлеуші тұлғалар салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндетті болып саналады. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде салық міндеттемесіне былайша түсініктеме берілген: «Салық төлеушінің салық заңдарына сәйкес мемлекет алдында туындаған міндеттемесі салық міндеттемесі деп танылады, оған сәйкес салық төлеуші салық органына тіркеу есебіне тұруға, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді айқындауға, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге, салық есептілігін жасауға, оны белгілеген мерзімде табыс етуге, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндетті»

5. Салық мәжбүрleme сипатта болады.

Салықтың мәжбүрleme сипаты 3 кезеңде байқалады:

- Бірінші кезең, мемлекет салықты салық төлеушілердің еркінен тыс белгілейді және енгізеді, яғни мәжбүр түрде;

- Екінші кезең, салықты төленген кезде салық төлеуші өзінің меншігінің бір бөлігінен мәжбүр түрде айырылып отырады;

- Үшінші кезең, салық төлеуші өзінің салық міндеттемелерін орындамаған жағдайда, мемлекет бересілі соманы мәжбүрлі түрде өндіріп алады.

6. Салық төлеу арқылы ақшаның алу құқықтық сипатта жүзеге асырылады.

Бір жағынан алғанда, салықтарды салық төлеушілерден еркінен тыс өндіріп алынады, ал екінші жағынан мемлекетті басқа да ақшалармен қамтамасыз етеді, ал бұл құқықтық негізінде мемлекеттің меншігі болып саналады. Айта кету керек «Салық – салық төлеушілердің құқық бұзушылықтары немесе құқыққа қарсытәртіпсіздіктері үшін шараларға төлем ретінде қарастырылмайды». Алымдар салық төлеушілерге белгілі бір құқықтық мәртебе берілгенде немесе белгілі бір қызмет түрін бастар алдында төленеді.

Алым да төлем болып табылады. Ал, енді алымдардың салықтардан бірнеше айырмашылықтары бар, атап айтқанда:

Біріншіден, алым мемлекеттік аппараттың шығындарын жабады, яғни мемлекет заңды іс-әрекет түрінде тұлғаларға қызмет ұсына отырып, сол қызметіне төлем қабылдайды. Ал салықтар мемлекетті толығымен қаржыландыруға жұмсалады;

Екіншіден, салықтың өтеусіз және баламасыз белгілері болады. Ал, алым баламалы төлем болып саналады, яғни алымды төлеу арқылы мемлекеттен белгілі бір құқық, мәртебе немесе рұқсат алынады. Мысалы, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алымды алсақ, салық төлеуші осы алымды төлеу арқылы өзіне белгілі бір қызмет түрін ашуға рұқсат алады немесе лицензиялық алым белгілі бір қызметпен айналысу үшін алынатын рұқсат қағаз, яғни салық төлеушіге белгілі бір қызмет түрімен айналысуға құқық беріледі. Сонымен салық жай ғана төлем ретінде төленеді, одан салық төлеуші төлеуіне айырбасқа ешнәрсе ала алмайды, ал алдымен салық төлеуші мемлекеттік органмен байланысты жетілдіре отырып, өзіне басқа да заңда іс — әрекеттер жасайды;

Үшіншіден, алым бір жолғы төлем болып табылады, яғни бір рет қана төленеді. Ал, салық ұзақ мерзімді және тұрақты түрде төленіп отырады, қашан салық міндеттемесі тоқтағанға дейін жалғаса береді;

Төртіншіден, салықты төлеуде күштеу әдісі қолданылады, яғни салық төлеуші салық міндеттемесін орындамаған жағдайда, мәжбүрлі түрде өндіріп алу іс — шаралары қолданылады. Салық төлеуші алдымен ерікті түрде төлеп отырады. Мысалы: бір тұлға мемлекеттік органға келіп, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға өтініш береді. Берілген рұқсат негізінде кез келген қызмет түрімен айналысуға құқылы. Бұл жерде тұлға алдымен өз еркімен төлейді.

Төлемақы дегеніміз - мемлекет меншігіндегі объектілерді пайдаланған кезде төленетін төлем. Салық пен төлемақының бірнеше айырмашылықтары бар. Мәселен:

Біріншіден, төлемақы өтеулі және баламалы төлем, яғни төлемақыны белгілі бір объектілерді пайдаланған кезде төлейді;

Екіншіден, төлемақы мемлекеттің азаматтық құқыққа сәйкес азаматтық- құқықтық қатынастары кезінде туындайды;

Үшіншіден, тұлғалар төлемақы төлеу арқылы баламалы түрде осы және басқа да объектілерді пайдалануға құқық алады.

3-сұрақ. Мемлекеттің салықтық қызметі

Мемлекеттік баж-уәкілді берілген мемлекеттік органдардың, немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-қимылдар жасағаны үшін және құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем. Мемлекеттік баждың салықтан айырмашылығы мынада:

Мемлекет тарапынан берілетін қызметкер байланысты болады, сондықтан бұл баламалы төлем болып саналады;

Мемлекеттік бажды мемлекет қызметіне төлем ретінде емес, мемлекеттің қызметіне байланысты төлем ретінде қарау керек. Айта кету керек, бажды төлеген кезде тауар-ақша қатынастары жүзеге асады.

Салық экономикалық категория ретінде және өзінің қалыптасуы барысында мынадай үш қызметті атқарады.

— Салықты ең бірінші кезектегі атқаратын қызметі, бұл — қазыналық.

Мемлекет өз қазынасын толықтыру мақсатында табыс көздерін жасайды. Салық төлеушілерге нормативтік құқықтық актілер негізінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептейді, салық ставкалары мен төлеу мерзімін белгілейді. Салықтардың қазыналық қызметі - түрлі субъектілер табысының бір бөлігі мемлекет пайдасына өтеді. Салықтың қазыналық қызметі арқылы мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігі құралып, салықтың қоғамдық міндеті артады. Қорыта айтқанда, мемлекеттік бюджет саясаты жүзеге асырылады.

— Салықтың келесі қызметтерінің бірі - бақылау(реттеу).

Мемлекет экономиканы дамыту жолында салықтық реттеу процесі арқылы экономиканың кейбір салаларын дамытуды ынталандырады және қажет жағдайда тежеп отырады. Бюджетке түскен салық түсімдерін реттейді және бақылап отырады. Кез-келген қызмет түріне бақылау жасау қажет. Ал енді салық түсімдеріне бақылау өте қажет екені даусыз. Мемлекет бюджеттің кірісі мен шығысын есептейді, соған сәйкес өз қызметін атқарады.

Салықтардың бақылау қызметінің арқасында салық жүйесінің тиімділігі бағаланады, қаржы ағымдары мен қызмет түрлеріне бақылау қамтамасыз етіледі.

– Салықтың келесі атқаратын қызметтерінің бірі – қайта бөлу.

Бюджетке түскен салық түсімдерін қаржыландыруды қажет ететін бағдарламалар жобасына сәйкес және әр салаларға мақсатқа сай бөлінуін қарастырады. Салық түсімдерінің мақсатқа сай және өз уақытысында жұмсалыуына қадағалау жасайды.

Салықтың қайта бөлу қызметі мемлекетке салықты қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік процестерге әсер ету құралы ретінде қолдануға мүмкіндік берді. Салықтардың қайта бөлу қызметінің көмегімен бюджетте ақша қаражаттары жиналады, осыдан кейін жалпы мемлекеттік мәселелерді шешуге бағытталады, әлеуметтік топтардың табыстары арасындағы қатынастарды өзгерту жолымен әлеуметтік тепе- теңдікті ұстап тұрады. Салық қызметінің міндеті – бюджеттің тадыс бөлігінің орындалуына жауап беретін бірден бір мемлекеттік орган.

Салық – бірінші кезекте, бюджет саясатын жүзеге асыра отырып, мемлекеттік бюджетті толықтыруды көздейді. Осы бюджетке түскен салық түсімдеріне «қайдан келеді және қайда кетеді» жөнінде бақылау жасайды. Ал енді осы қызметтердің қортындысы ретінде бюджетке түскен салық және салықтық емес түсімдерге қайта бөлу жасалады.

Мұның мақсаты - мемлекеттік әділетті түрде өз шығындарын да жаба отырып, елдің әлеуметтік топтарына да қолдану көрсетіп, басқа да шығыстарды жаба білу.

Көптеген экономикалық әдебиеттерде салықтардың бірнеше қызметтері атап көрсетілген. Мәселен, ынталандырушы. Салықтардың ынталандырушы қызметінің көмегімен мемлекет өндірісінің және басқа да шаруашылық субъектілерінің дамуын ынталандырады. Сонымен қатар салық жеңілдіктерін, төмен пайызды салық ставкаларын енгізеді.

Салықтардың ынталандырмайтын қызметі оларды басу мақсатында әрекеттің қандай да бір түріне арнайы салықты енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Салықтардың тұрақтандырушы қызметі экономикалық өсу, техникалық жаңару, халық санының өсуі үшін әр түрлі шаралар жасайды.

Салықтарды шектеу қызметі. Мемлекетке кейде бірсыпыра өндіріс түрлерін дамыту тиімсіз болады. Салық саясаты арқылы мемлекет өндіріс түрлерінің дамуын шектейді немесе тоқтатады, Қазақстан Республикасында бұл қызмет 10-20-30 пайыздық салық ставкаларымен қатар және нөл пайыздық салық ставкалары арқылы жүзеге асуда.

Қазақстан Республикасында салық қатынастары ҚР **Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексімен** реттеледі. Аталған Кодекске сәйкес «Салық» дегеніміз - мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын, бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер;

Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері:

1) *салықтар*:

корпоративтік табыс салығы;

жеке табыс салығы;

қосылған құн салығы;

акциздер;

экспортқа рента салығы;

жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары;

әлеуметтік салық;

көлік құралы салығы;

жер салығы;

мүлік салығы;

ойын бизнесі салығы;

тіркелген салық;

бірыңғай жер салығы;

2) *бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер*:

мемлекеттік баж;
алымдар;
тіркеу алымдары;
автокөлік құралының Қазақстан Республикасы аумағымен жүргені үшін алым;
аукционнан алынатын алым;
жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
телевизия және радио тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым;

мыналар:

жер учаскесін пайдаланғаны үшін;
үстіңгі көздерден су ресурсын пайдаланғаны үшін;
қоршаған ортаға эмиссия үшін;
жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін;
орманды пайдаланғаны үшін;
ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін;
радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін;
қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін;
кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін;
сыртқы (көрінетін) жарнаманы орналастырғаны үшін *төлемақылар* қолданылады.

Салық төлеушінің қандай құқықтары бар?

Салық төлеуші:

- 1) салық қызметі органдарынан қолданылып жүрген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы, Қазақстан Республикасының салық заңнамасындағы өзгерістер туралы ақпарат, салықтық нысандарды толтыру тәртібі бойынша түсіндірмелер алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарда жеке өзі не өзінің өкілі арқылы немесе салық консультантының қатысуымен өзінің мүдделерін білдіруге;
- 3) салықтық бақылау нәтижелерін алуға;
- 4) салық органында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын, салықтық өтініштердің белгіленген нысандарының бланкілерін және (немесе) электрондық түрде салық есептіліктері мен өтініштерін беру үшін қажетті бағдарламалық қамтамасыз етілімді тегін алуға;
- 5) өтініш бойынша салық органында бұрын өзі тапсырған салық есептілігінің көшірмесін алуға;
- 6) салық қызметі органдарына салықтық бақылау нәтижелері бойынша салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу мен төлеу жөніндегі түсіндірмелерді табыс етуге;
- 7) салық органы салықтық өтініш алған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы жеке шоттан үзінді көшірме алуға;
- 8) салықтық өтініш бойынша белгіленген тәртіппен және мерзімде мынадай:
 - салықтық берешектің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ екендігі туралы;
 - салықтық берешектің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ екендігі (бар екендігі) туралы;
 - резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстар мен ұсталынған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама түрлерін алуға;
- 9) салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мақсатында төлем құжатын толтыру үшін қажетті деректемелер туралы мәліметтер, сондай-ақ салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті

төлемдерді төлеу тәртібі туралы ақпаратты салық органына көрсетілген ақпарат үшін өтініш жасалған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде алуға;

10) Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) салық қызметінің жоғары тұрған органының хабарламаға жасалған шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарған шешіміне, сондай-ақ салық қызметі органдарының лауазымды адамдарының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

11) салықтық құпияның сақталуын талап етуге;

12) Кодекске сәйкес салық қызметі органдары көрсететін мемлекеттік қызметтерді тегін алуға;

13) салықтық тексеру жүргізу барысында салық қызметі органдарының лауазымды адамында туындаған сұрақтарды жазбаша тіркеуге және осы сұрақтар көрсетілетін құжатты онымен келісуге;

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

Салық төлеушінің міндеттері:

Салық төлеуші:

Кодекске сәйкес салық міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындауға; салық қызметі органдары лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының салық заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы заңды талаптарын орындауға, сондай-ақ олардың қызметтік міндеттерін атқаруы кезіндегі заңды қызметіне кедергі жасамауға; нұсқама негізінде салық қызметі органдары лауазымды адамдарының салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект болып табылатын мүлікті зерттеп-тексеруіне жол беруге;

Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында көзделген ақпарат пен құжаттарды беруге;

бақылау-кассалық машиналарды қолдануға және оларды қолданудың Кодексте белгіленген тәртібін сақтауға;

Салық төлеуші Кодексте көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

4-сұрақ. Салықтық міндеттеме. Салықтық бақылау

Салықтық міндеттеме дегеніміз салық заңдарына сәйкес салық төлеушінің мелекет алдындағы салықтар мен басқа да төлемдерді төлеу міндеттемесі.

Салықтық міндеттемені орындау үшін салық төлеуші:

1) салық органдарына; 2) салық объектілеріне, заңда белгіленген салық ставкаларына сәйкес тіркеледі; 3) Салық объектілерін есептейді салық және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлейді; 4) салық органдарына төлеген салықтары туралы есеп береді; 5) белгіленген салық ты дұрыс төлемеген жағдайда пенялар мен айыппұлды төлейді. 6) Салық төлеуші салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді мерзімінен бұрын төлеуге құқы бар.

Заңдылықтың сақталуын бақылау және қамтамасыз ету мемлекеттің басты қызметінің бірі. Салықтық тексеру мемлекеттік бақылаудың мамандандырылған, арнайы түріне жатады. Салықтық бақылау сипаты жағынан күрделі ұйымдастырушылық жүйе болып табылады. Ол бірнеше элементтерден тұрады:

1) бақылау субъектісі;

2) объектісі;

3) салық салынатын мүлік немесе қызмет;

4) бақылаудың мақсаты;

5) бақылау әдістері мен тәсілдері;

Салықтық тексерудің субъектісі мемлекеттік салық органдары мен оның қызметкерлері.

Объектісі салық төлеуші жеке және заңды тұлғалар.

Салықтық бақылаудың мақсаты:

- салықтар мен басқа да төлемдерді заңда көрсетілген мөлшерде және уақытта төленуін бақылау, салық заңдарын бұзушылықты анықтау;

- кінәлілерді жауапқа тарту;
- дұрыс төленбеген төлемдерді қайтартып мемлекеттің мүддесін қорғау;
- салық заңдарын бұзуға жол бермеу;
- Жүргізілу түріне қарай салықтық тексеру екі түрге бөленеді: тікелей тексеру - салықтық тексеру салық объектісін тікелей тексеріп, салықтың мөлшерінің дұрыс белгіленгенін анықтайды;

Салықтық құжаттарды тексеру арқылы жүргізілетін тексеру, онда салықтың объектісі мен субъектісі тікелей байланысқа түспей-ақ жүргізіледі.

5-сұрақ. Қаржы құқықтың құқық жүйесіндегі орны

Қаржылық құқықтың ұлттық құқық жүйесіндегі орнына байланысты бірнеше ойлар айтылған. Бірінші ғалымдар тобы қаржылық құқықты жеке құқық саласы ретінде санамай, оны мемлекеттік және әкімшілік құқықтан бөлініп шыққан құқық саласы деп қарастырған. Бұл ойды алғаш рет 19 ғасырдың екінші жартысында білдірген Халфина Р.О. Кейіннен Иванов Б.Н., Пискотин, Цыпкин С.Д. бұл ойды қолдап, қаржылық құқық саласын өзге құқық саласынан бөлініп шыққан деп растады.

Худяков А.И. өзінің «Қаржылық құқық» оқу құралында, қазіргі ғалымдардың қаржылық құқықты әкімшілік құқықтың бір бөлігі ретінде санамайтындығын атап өтті. Алайда бұл екі құқық салаларының арасында әлі де болса бір мәселе бар. Бұл мәселе «қаржы аясындағы басқару» деген түсінікке байланысты туындады. Яғни, қаржы аясындағы басқаруға мемлекеттік билік органдары (әкімшілік құқық пәніне тиісті) мен қаржылық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттің мамандандырылған органдары кіретіндіктен, екі құқық салалары арасындағы байланыс әлі де бар.

Екінші ғалымдар тобы қаржылық құқықтың ешбір құқық саласынан бөлінбей, мемлекеттік және әкімшілік құқық салаларымен бір уақытта жеке құқық саласы ретінде пайда болды деп айтқан. Бұл ғалымдар тобына Химичева Н.И., Ровинский Е.А., Гурвич М.А., Худяков А.И. кірді.

Химичева Н.И. «Қаржылық құқық» атты оқу құралында қаржылық құқықтың әкімшілік және мемлекеттік құқықтардан бөлек жеке құқық саласы ретінде екендігінің бірде-бір дәлелі ретінде, қаржылық құқықтың өзіне тән құқықтық реттеу пәні мен әдісінің бар екендігін атап өтті. Яғни, қаржылық құқықтың пәні бұл мемлекеттің қаржылық қызметі барысында туындайтын қоғамдық қатынастар. Қаржылық қоғамдық қатынастар, әрдайым мемлекеттік қаржылық қорларды құру, бөлу, пайдалану қызметімен және бұл қызметті қадағалаумен байланысы арқылы ерекшеленеді. Қаржылық құқық пәніне қарап, Химичева Н.И. қаржылық құқықтық реттеу әдістерін сипаттаған. Яғни, қаржылық құқықтың әдістеріне қаржылық құқықтық қатынастар қатысушылары мен олардың өзара байланысына әсерін тигізетін заңи тәсіл, құралдар жиынтығы жатқызылды.

Химичева Н.И. қаржылық құқықтың негізгі әдісі ретінде императивті әдісті қарастырған. Императивті әдіс, мемлекеттің тарапынан қаржылық құқықтық қатынастардың өзге субъектілеріне байланысты білдіретін бір жақты өктем билігінде көрініс табады. Қаржылық құқықтың императивті әдісінің мазмұны мемлекеттік қаржылық қорға түсетін ақша-қаражаттардың тәртібі мен көлеміне байланысты болады.

Эриашвили А. қаржылық құқықтың жеке құқық саласы екендігіне байланысты Н.И. Химичевамен толық келіседі. Ғалымның айтуынша, қаржылық құқықтың өзіне тән құқықтық реттеу пәнінің, әдісінің және жүйесінің болуы, оның жеке құқық саласы болуына себеп. Қаржылық құқықтың пәніне қаржылық жүйені белгілеу, осы саладағы қызметті мемлекет пен өзге қатысушылардың арасында бөлу, қаржылық қызмет барысында туындайтын қатынастарды реттеу жатады.

Қаржылық құқық пәні болып, мемлекеттің орталықтандырылған және өзге де қаржылық қорларды құру, бөлу және пайдалануға байланысты қаржылық қызмет барысында туындайтын қоғамдық қатынастар. Қаржылық құқықтың жүйесі болып

қаржылық қоғамдық қатынастардың ішкі құрылымы, оның бірінғайлығы және қаржылық құқықтық нормалардың өзара байланысы, орналасу тәртібі.

Худяков А.И. аржылық құқықтың жеке құқық саласы ретінде болуына байланысты келесідей түсінік берген: «Қаржы мемлекеттіліктің бір белгісі. Мемлекеттің пайда болуымен бірге қаржы да пайда болған. Қаржылық-экономикалық қатынастар тек қаржылық-құқықтық нысанда ғана болады. Яғни, қаржының болуы қаржылық құқықтың болуын білдіреді: мемлекет қаржысыз, ал қаржы мемлекетсіз бола алмайды. Қорыта келгенде, мемлекет, қаржы, қаржылық құқық бір уақытта пайда болған».

Кейбір ғалымдар қаржылық құқықтың құқық жүйесіндегі орнына байланысты оның конституциялық құқық, азаматтық құқық салаларымен байланысы бар деп есептейді. Алайда бұл жәйт, қаржылық құқықты жеке құқық саласы ретінде қарастыруға кедергі жасамайды.

Конституциялық құқық нормалары мемлекеттің құрылысын, нысанын, қаржылық қызметінің негізін және мемлекеттің уәкілетті, атқарушы органдарының өкілеттіліктерін белгілейді. Конституциялық құқық барлық құқық салаларының бастамасы, басы болғандықтан, оның қаржылық құқық нормаларымен байланысы әбден заңды.

Жоғарыда атап өткендей, конституциялық құқық мемлекеттің қаржылық қызметінің негізін белгілейді. Оған мысал ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясында әр азаматпен төленуге міндетті болып табылатын салықтардың, өзге міндетті төлемдердің және ҚР Парламенті мен Үкіметінің мемлекеттік қаржылық қызметіне байланысты өкілеттіліктерінің белгіленуі болады. Яғни, ата заңда белгіленгендей, ҚР Парламенті республикалық бюджетті талқылайды, белгілейді. Сонымен қатар, қаржылық қатынастарды реттеуге арналған нормативті құқықты актілерді қабылдайды.

Қаржылық құқықтың азаматтық құқық нормаларымен байланысы ақша-қаражат қатынастарымен түсіндіріледі. Біз білетініміздей, азаматтық құқық пәніне заттық құқықтық қатынастармен қатар, ақша-қаражатқа байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар кіреді. Айта кететін тағы бір жәйт, азаматтық шарт мәселесі. Мемлекеттің қаржылық қызметін жүзеге асыратын органдар өз қызметі барысында заңды тұлға ретінде қарым-қатынасқа түседі. Бұл қатынастар ақша-қаражаттарға байланысты болғанымен, қаржылық құқық пәніне жатпайды деуге болмайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Салықтың анықтамасын беріңіз.
2. Салықтың белгілерін көрсетіңіз.
3. Салықтық құқықтық қатынастардың белгілері қандай?
- Қаржылық құқық пәнін қандай қоғамдық қатынастар құрайды ?
4. Қаржылық құқықтық қатынастар қандай құқықтық реттеу әдістерімен реттелінеді ?
5. Қаржылық құқықтық норманың құрылысын сипаттаңыз.
6. Қаржылық құқықтың Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі орны қандай ?
7. Материалды қаржылық құқықтық қатынастар дегеніміз не ?
8. Ұйымдастырушылық құқықтық қатынастар дегеніміз не ?

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002

5. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Егемен Қазақстанның құқы. – А.: Жеті жарғы, 1997 ж.

6. Құқықтанудан қазақша-орысша сөздік

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ

3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ҰҒЫМЫ, БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Жоспар

1. Қылмыс ұғымы және оның белгілері. Қылмыстық жауапкершілік
2. Қылмыс құрамы турлы түсінік және оның түрлері
3. Қылмысқа қатысу және оның түрлері. Қылмыс жасау сатылары
4. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар
5. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар
6. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату

1- сұрақ. «Қылмыс» ұғымы және оның белгілері. Қылмыстық жауапкершілік

Қылмыс құқығы түсінігі.	Қылмыстық заңның құрылымы
Қылмыс құқығының міндеттері мен жүйелері	
1. Қылмыстық құқық — қылмыстылықты және қоғамдық қатынастар жүйесіне қауіпті іс-әрекет үшін қолданылатын жазаны айқындайтын заң нормаларының жиынтығынан тұратын құқық саласы.	1. Қылмыстық құқық субъектілері (қылмыстық-құқықтық қатынастарға қатысушылар) — мемлекет органдары және азаматтар..
2. Сондай-ақ құқықтың тиісті саласын зерделейтін ғылым мен оқу пәні де Қылмыстық құқық болып табылады.	2.. Мұнда мемлекет белсенді рөл атқарады: ол қылмыстық-құқықтық санкцияларды белгілейді және қолданады.
3. Қылмыстық құқығының негізгі қағидаттары: заңдылық, ізгілік, жеке бастың жауаптылығы, жазадан құтылмайтыны, әділеттілік, айыптылық қағидаты. Қылмыстық құқық қоғамдағы конституциялық, азаматтық, еңбек, әкімшіліктік, қаржы салаларымен реттелетін қатынастарды қорғайды	3. Азаматтар мен басқа да жеке тұлғалар қылмыс субъектісінің, сондай-ақ қажетті қорғаныс, аса қажетті жағдайда және қылмыстық жауаптылықты жоққа шығаратын басқа да жағдайларда әрекет ететін тұлғалар рөлін атқаруы мүмкін.
4. Мысалы, меншік, еңалдымен, азаматтық құқық нормаларымен реттеліп, қорғалады, бірақ меншікті қылмыстық қолсұғушылықтан (ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық) қорғау Қылмыстық құқықтың міндетіне жатады..	4. ҚР Қылмыстық құқық-ында заңды тұлға қылмыс субъектісі бола алмайды, ол қылмыстық-құқықтық қатынастарға тек жәбірленуші ретінде ғана қатысады..
	5. Қазақстанда Қылмыстық құқықтың бірден бір көзі — Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ

5. Қылмыстық-құқықтық нормалар тек қана тыйымдардан құралады 6. Осыған орай қылмыстық-құқықтық қатынастар бір жақты сипатта болады: қылмыскер жазаға тартылуға тиіс, ал мемлекет сот органдары арқылы оны жазалауға құқылы 7. Қылмыстық құқықта қоғамдық қатынастарды қорғаудың ерекше әдістері де қолданылады. 8. Олар: қылмыстық-құқықтық санкциялар, яғни қылмыстық жазаның алуан түрлерін қолдану; қылмыстық жауаптылықтан босату; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану 9. Қылмыстық құқық жүйесі екі бөлімнен тұрады: жалпы бөлім және ерекше бөлім.. 10. Жалпы бөлім жалпы қағидаттарды, қылмыстық жауаптылықтың негіздемесін, негізгі ережелер мен ұғымдарды, сондай-ақ жаза тағайындау, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату тәртібін тиянақтайтын нормалардан құралады. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі объектінің белгілері бойынша жіктелген қылмыстардың тізбесінен тұрады. ҚР Қылмыстық кодексінде ерекше бөлім ішкі бөлімдерге, ал ішкі бөлімдер тарауларға бөлінген.	6. Қылмыстық жауаптылықты белгілейтін, өзгертетін немесе оның күшін жоятын басқа заңдардың бәрі ҚР Қылмыстық кодексінің мәтініне енгізілуге тиіс. 7. Сондай-ақ ҚР Конституциясы, ҚР Конституциялық Кеңестің (кей елдерде Конституциялық сот) шешімдері және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар (мысалы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт) да Қылмыстық құқық көздері болып табылады. 8. Кейбір елдерде қылмыстық кодекспен қатар қылмыстық жауаптылықты белгілейтін өзге де заңдар Қылмыстық құқық көзі болып табылады 9. Ағылшын-саксон елдерінің Қылмыстық құқық жүйесінде соттың айрықша шешімдері де Қылмыстық құқық көздері деп танылады. 10. Бірқатар мұсылман елдерінде шариат нормалары Қылмыстық құқықтың аса маңызды көзі болып саналады.
--	--

Қылмыс – бұл құқық бұзушылықтың бір түрі. Қылмыс басқа құқық бұзушылықтардан, оның қылмыстық заңмен белгіленетіндігімен және оны жасағанда қылмыстық жауапкершіліктің болуымен ерекшеленеді. «Қылмыс» ұғымы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9 – бабында берілген: «Осы кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамдық қауіпті әрекет – қылмыс деп танылады».

Қылмыстың белгілері.

1. Қылмыс әрқашан іс – қимыл болып табылады, яғни, ол әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін

Әрекет – бұл қылмыс жасаудың белсенді нысаны. *Әрекетсіздікте* кінәлі адам өзі жасай алатын әрекетті және жасалуы тиіс әрекетті жасамайды. Адамның ойлау қызметі жазаланбайды, өйткені ол қоғамға қауіпті теріс қылық жасауға алып келмейді.

2. Қылмыс – бұл *қоғамға қауіпті әрекет*, яғни ол қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіруге нақты қауіп төндіреді.

3. Қылмыс - әрқашан *құқыққа қайшы* болады. *Құқыққа қайшылық* – бұл қылмыстық заңның әрекетке тыйым салуы. Құқыққа қайшылық деп қылмыстық кдексте бекітілген тыйымды қылмыс жасаған адамның бұзуын айтады.

4. Қылмыстың *міндетті белгісінің* бірі адамның кінәсінің болуы. *Қасақана* немесе *абайсызда* жасалған әрекет қылмыс болуы мүмкін.

5. *Жазалану*. Егер әрекет жазаланбайтын болса, онда ол қылмыс ретінде қарастырылмайды. Әрбір қылмыс үшін қылмыстық кодексте жаза қарастырылған.

2-сұрақ. Қылмыс құрамы турлы түсінік және оның түрлері

Қылмыстарды жіктеу – бұл қоғамға жасалған қауіпті әрекетті ауырлық дәрежесі мен сипатына байланысты топтарға бөлу болып табылады. Қылмыстық кодексте барлық қылмыстар төрт топқа бөлінген: *оңша ауыр емес* қылмыстар, *орташа ауыр* қылмыстар, *ауыр* қылмыстар және *ерекше ауыр* қылмыстар.

– Жасалғаны үшін ең ауыр жаза екі жыл бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай – ақ жасалғаны үшін ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет – *оңша ауыр емес* қылмыс деп танылады.

– Жасалғаны үшін ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай – ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза абайсызда жасалған әрекет – *орташа ауыр* қылмыс деп танылады.

– Жасалғаны үшін ең ауыр жаза он екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет – *ауыр* қылмыс деп танылады.

– Жасалғаны үшін ең ауыр жаза он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе өлім жазасы қасақана жасалған әрекет – *аса ауыр* қылмыс деп танылады.

Қылмыстық жауапкершілік туралы түсінік

Қылмыстық жауапкершілік құқықтық жауапкершіліктің інішдегі ең қатаң түрі болып есептеледі. Қылмыстық жауапкершілік қылмыс жасағаны үшін қылмыстық заңмен белгіленеді.

Қылмыстық жауапкершіліктің мағынасы кінәлі адамның өзінің құқыққа қайшы әрекеті үшін мемлекет атынан сотталатындығын білдіреді. Соған орай, мемлекет *құқық бұзушының еркінен тыс мәжбүрлеу* тәртібінде қылмыстық жауапкершілікті жүктейді.

Қылмыстық жауапкершілік – бұл адамның жасаған қылмысы үшін жазалануы немесе қылмыстық – құқықтық сипаттағы басқа да шаралармен жазаланатын қылмыстық заңмен бекітілген міндеті.

Қылмыстық жауапкершіліктің мынадай элементтері болады:

- жасаған қылмысы үшін адамның *жауап беру міндеті*;
- соттың адамның жасаған әрекетін теріс бағалаудан көрінетін *соттау*;
- кінәлі адамға қылмыстық – құқықтық сипаттағы *шаралар қолдану*;
- жаза тағайындаудың құқықтық салдары ретіндегі *соттылық*.

Қылмыстық жауапкершілік қылмыс жасаған сәтте пайда болады және адамға қылмыстық мәжбүрлеу шарасын қолданған сәттен бастап жүзеге асырылады. Қылмыстық жауапкершілік соттылық мерзімі біткенде тоқтатылады.

Қылмыс құрамы турлы түсінік және оның түрлері

Қандай қылмыс жасалғанын анықтау үшін «қылмыс құрамы» сияқты ерекше ұғым бар, мысалы, ұрлық немесе бұзақылық, кісі өлтіру немесе қарақшылық.

Қылмыс құрамы деп қоғамға қауіпті әрекетті қылмыс ретінде сипаттайтын объективті және субъективті белгілердің жиынтығын айтады.

Қылмыс құрамы элементтерден құралады. Егер осы элементтің біреуі болмаса қылмыс жасалды деп айта алмаймыз. *Қылмыс құрамы* Қылмыс құрамының элементтері бұл – объект және объективті жағы, субъект және субъективті жағы.

– *Қылмыс субъектісі* жай, белгілі бір жаса толған және есі дұрыс боғандықтан өз әрекетін (немесе әрекетсіздігін) бағалай алатын қабіеті бар адам болуы керек.

– *Қылмыс объектісі* – бұл қылмыстық іс – қимылға бағытталған және зиян келтіруі мүмкін қоғамдық қатынастардың жиынтығы, мысалы, өмір, жеке меншік, ар – ұят, абырой.

–*Қылмыстың объективтік жағы* - әрекет деген жалпы ұғымды беретін адамның әрекет немесе әрекетсіздік нысанындағы сыртқы көрінісі.

–*Қылмыстың субъективтік жағы* – бұл адамның өз іс – қимылына психикалық көзқарасы. Ол қасақаналық және абайсыз нысанында көрініс табады.

Қылмыстың субъективтік жағы

Қылмыстың субъективтік жағы – бұл қылмыс жасаумен тікелей байланысты адамның психикалық әрекеті. Қылмыстың субъективтік жағының мазмұны *кінә, ниет және мақсат* сияқты белгілердің көмегімен ашып көрсетіледі.

Кінә - бұл адамның қылмыстық заңмен қарастырылған қоғамға қауіпті іс – қимылды жасауға деген психикалық көзқарасы. Кінә мынадай элементтерден тұрады: *сана* (интеллектуалдық элементі) және *ерік* (ерік элементі).

Қылмыстың *ниеті* – қылмыс жасаған адамның жетекшілікке алатын саналы ниеті, яғни *пайдакүнемдік, қызғаныш, көре алмаушылық, қорқақтық* және т.б. болуы мүмкін.

Қылмыстың *мақсаты* – тілейтін нәтиже туралы ой, оған кінәлі қол жеткізуге тырысады. Мысалы, оңай олжа табу мақсаты, трансплантациялау үшін органдарды немесе тканьдарды пайдалану мақсаты, сату мақсаты, халықты қорқыту мақсаты және т.б.

Қылмыс субъектісі

Кез келген адам қылмыс субъектісі бола алмайды, тек қылмыстық заңға сәйкес белгілі бір белгілерге ие адамдар ғана субъект болады. Олардың қатарында қылмыстық заңмен бекітілген жас мөлшері мен есі дұрыстық жатады.

Қылмыстық кодексте қылмыстық жауапкершілік *он төрт жас*тан бастап туындайтын жеке қылмыстардың түрлері келтірілген. Ол тізім мынадай құрамнан тұрады:

а) *жеке адамға қарсы ауыр қылмыстар*: қасақана адам өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру не денсаулыққа қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, зорлау және нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану, адамды ұрау;

ә) *мүлктік қылмыстардың кейбір түрлері*: ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық, автокөлік немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау, бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру жазаны ауырлататын мән – жайлар;

б) *қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың кейбірі*: терроризм, адамды кепілге алу, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау, қаруды, оқ – дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу, ауырлататын мән – жайлардағы бұзақылық, тағылық, өлгендердің мәйіттерін жіне олар жерленген жерді қорлау, көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру және т.б.

Аса ауыр қылмыс жасаған кезде 14 жасқа толған азамат қылмыстық жауапқа тартылады. Ал 14 жасқа дейінгі жас балалар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Қылмыс жасаған кезде өз әрекетінің (не әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілігі мен нақты сипатын сезінген және әрекеттеріне басшылық етпеген адам *есі дұрыс* деп танылады.

Қылмыс жасаған кезде есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы жүйке ауруы, жүйкесінің уақытша бұзылуы, ақылының кемдігі немесе өзге жүйке дертіне ұшырауы салдарынан өзінің іс - әрекетінің (не әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмаған немесе оған ие бола алмаған адам *есі дұрыс емес* деп танылады. Есі дұрыс емес адам қылмыс субъектісі бола алмайды, сондықтан қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Көптеген ғасырлар бойы ақы – есі дұрыс емес қылмыскерді қылмыстық жауапкершіліктен босатпайтын. Ақыл – есі дұрыс емес адамға қатысты өлім жазасын қоданбаудағы алғашқы жағдай Дэниел Мак – Нагтеннің жағдайы деуге болады, ол 1843 жылы Ұлыбритания премьер – министірінің хатшысын атып өлтірген. «Мак – нагтен заңы» дұрыс емес қылмыскерді сотқа емес, психиатриялық ауруханаға жіберу туралы қаулы етті.

3-сұрақ. Қылмысқа қатысу және оның түрлері. Қылмыс жасау сатылары

Қылмысқа қатысу туралы түсінік және оның белгілері

Қылмысты көбіне бір адам емес бірнеше адам жасайды, өйткені біріккен қылмыстық әрекет арқылы қылмыс жасау жеңілдейді. Сондықтан да заңда бірге жасалған қылмыс үшін жауапкершілікке тартылатын адамдар шеңберін және олардың жауапкершілік негіздері мен шектерін айқындаудың маңызы зор.

*Екі немесе одан да көп адамның қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы **қылмысқа қатысу** деп танылады.*

Қылмысқа қатысу барысында қылмыс жасауға бірнеше адамның қатысуы міндетті. Мұндай жағдайда бұл адамдар қылмыс субъектісінің белгілеріне ие болуы керек. Есі дұрыс емес немесе заңда белгіленген жасқа жетпеген адам ешқандай жағдайда да қылмысқа қатысушы деп танылмайды және қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Бірігу қылмысқа қатысудың объективтік белгісі ретінде бірнеше адамдардың өз күштерімен бірлесіп әрекет жасауын білдіреді, олардың барлығы өз күштерін *біртұтас қылмыстық нәтижеге* қол жеткізуге бағыттайды. Қылмыстық нәтижеге қол жеткізу үшін күштерін біріктіргенде, қатысушылардың бірі қылмыстың объективтік жағын орындайды, ал басқалары қылмысты ойдығыдай жасауға көмектеседі. Біріккен әрекеттер арқылы қол жеткізілген нәтиже барлық қатысушылар үшін біртұтас, орта, бөлінбейді.

Тек қасақан жасалған қылмыстардың ғана қылмысқа қатысу болуы мүмкін, ал қылмысқа қатысушы барлық адамдар қасақана түрде әрекет етеді.

Абайсыз қылмыстарда қылмысқа қатысу бомайды. Егер бірнеше адам абайсызда қоғамға қауіпті жағдай туғызса, оның әрқайсысы жасаған әрекеті үшін жауап беруге тиіс.

Қылмысқа қатысушылардың түрлері

Қылмысқа қатысушылардың рөліне байланысты, оларды орындаушы, айдап саушы және көмектесуші деп бөледі.

Орындаушы – бұл нақты қылмыс құрамының объективтік жағына кіретін әрекеттерді толықтай немесе ішінара орындайтын адам. Қарақшылықта орындаушы ретінде затты тартып алған ғана емес, сонымен бірге жәбірленушінің қарсыласуын жеңу үшін күш қолданатын адам да қылмыстық орындаушы болып табылады. Қылмыстың орындаушысы заңға сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтын, басқа адамдарды пайдалану арқылы қылмыс жасаған адам да қылмыстың орындаушысы болып есептеледі. Қылмыстық құқықта мұндай жағдайлар *тікелей орындаушы* деп аталады. Қылмыскер қылмыс жасау үшін жасөспірімді немесе ақыл – есі кем адамды пайдаланатын жағдай сияқты.

Ұйымдастырушы – қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындауына басшылық еткен адам.

Ұйымдастырушы ретінде көбіне нақты қылмыстарды тікелей жасаудан қашатын ең тәжірибелі, қауіпті қылмыскерлер болады. Көпшілік жағдайда ұйымдастырушы – бас бастамашы, негізгі басқарушы және қылмыс жоспарының авторы болады.

Басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адам *айдап салушы* деп танылады.

Жоспарлы орындаушының субъективтік қасиеттерін ескере отырып, айдап салушы бопсалауды және мадақтауды, оның пайдакүтемдік ниетін пайдаланады, ал кейде сөз арасында айтылған емеуріннің өзі де жетіп жатады.

Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпараттар жинауымен қылмысты жасайтын қару немесе құралдар берумен немесе қылмысты жасаудағы кедергілерді жоюымен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам *көмектесуші* деп танылады. Сондай – ақ көмектесуші ретінде қылмыскерді, қаруды немесе қылмыс жасаудың өзге де құралдарын, қылмыстың ізін және қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға, сол сияқты осындай заттарды сатып алуға немесе өткізуге күні бұрын уде береді.

Қылмыс жасау сатылары

Қылмыс жасау сатылары қасақана қылмыстың дамуының белгілі бір сатылары. Заңда үш саты белгіленген: *қылмысқа дайындалу; қылмыс жасауға оқталу; аяталған қылмыс.*

Қылмысқа дайындалу – бұл адамның қылмыс жасау құралдары мен қаруларын іздеу, дайындау немесе ыңғайлауы, бірге қылмыс жасаушыларды іздеуі, қылмыс жасауға сөз

байласу немесе қылмыс жасауға қасақана басқа да қолайлы жағдайлар жасауы, егер қылмыс мұндай жағдайда адамның еркінен тыс мән – жайларға байланысты аяғына дейін жеткізілмесе.

Қылмыс құралдарын сатып алу тәсілдері заңды болуы мүмкін: қаруды заңға сәйкес сатып алу, сыйлық ретінде алу, немесе заңсыз да болуы мүмкін: қаруды, мөрлерді, кілттерді және т.б. ұрлау.

Дайындау – бұл шикізаттардан қылмыс жасау үшін қарулар мен құралдардың жартылай фабрикаттарын жасау.

Бейімдеу – затарды өңдеу, сол арқылы олар қылмыс жасау үшін жарамды болады (мысалы, кілттің түрін өзгерту).

Қылмыс жасауға оқталу деп – адамның еркінен тыс мән – жайларға байланысты, аяғына дейін жеткізілмеген жағдайда адамның қылмыс жасауға тікелей бағытталған қасақана әрекеті немесе әрекетсіздігі танылады.

Аяқталған қылмыс. Егер адам жасаған әрекетте қылмыс құрамының барлық белгілері болса, онда қылмыс *аяталған* болып есептеледі. Кейбір қылмыстар бегілі бір қоғамға қауіпті жағдай туғызғанда ғана аяқталған болып есептеледі. Яғни, бұл қылмыстың материалдық құрамы (мысалы, адам өлтіру өлім туындаған жағдайда аяқталған деп есептеледі. Егер өлім болмаса, онда адам өлтіруге қастандық жасау болып табылады).

4-сұрақ. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар

1. Мыналар қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп танылады:

1) мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет қылмыстық теріс қылық не алғаш рет онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасау;

2) кінәлі адамның кәмелетке толмауы;

3) жүктілік;

4) кінәлі адамның жас балаларының болуы;

5) медициналық немесе өзге де көмекті көрсету салдарына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін жәбірленушіге тікелей осындай көмек көрсету;

6) қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген мүліктік залалды ерікті түрде өтеу, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген моральдық және өзге де зиянның орнын толтыру;

7) жеке басындағы, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан не жаны ашығандық уәжімен қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

8) күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігіне қарай қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

9) қажетті қорғаныстың, аса қажеттіліктің, құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алудың, негізді тәуекелдің, бұйрықты немесе өкімді орындаудың, жедел-іздістіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде құқыққа сыйымдылық шарттарын бұзу жағдайында қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

10) жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылыққа түрткі болған заңға қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқы;

11) шын ниетпен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа да сыбайлас қатысушыларын әшкерелеуге және қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті іздестіруге белсенді түрде ықпал ету.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделмеген мән-жайлар да жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескерілуі мүмкін.

3. Егер жеңілдететін мән-жай осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық

құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделген болса, ол өзінен-өзі жаза тағайындау кезінде қайтадан ескерілмеуі мүмкін. (ҚР Қылмыстық Кодексі 53-бап)

5-сұрақ. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар

1. Мыналар қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар деп танылады:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы, қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы;

2) қылмыстық құқық бұзушылық арқылы ауыр зардаптар келтіру;

3) қылмыстық құқық бұзушылықты адамдар тобының, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобының жасауы, қылмыстық топ құрамында жасау;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасағанда айрықша белсенді рөл атқару;

5) кінәлі адамға психикасының бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні көрінеу белгілі адамдарды не қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту;

6) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша, басқа адамдардың құқыққа сыйымды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ басқа қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру немесе оны жасауды оңайлату мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

7) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі адамға тәуелді адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

8) адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

9) аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинаумен қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

10) қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, жарылыс немесе оларды имитациялайтын құрылғылар, арнайы дайындалған техникалық құралдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрілік және өзге де химиялық-фармакологиялық препараттар пайдаланып, сондай-ақ күштеп немесе психикалық мәжбүрлеуді қолданып не жалпы қауіпті тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

11) төтенше жағдай, төтенше ахуал кезінде, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер барысында қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

12) алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан масаң күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасау. Сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлататын мән-жай деп танымауға құқылы;

13) адамның өзі берген сертін немесе кәсіби антын бұза отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасауы;

14) кінәлі адамға оның қызмет бабына немесе шартқа қарай көрсетілген сенімді пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

15) билік өкілінің нысанды киімін немесе құжаттарын пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

16) құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, судьяның өзінің қызмет бабын пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасауы.

2. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жай ҚР Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделген болса, ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қайтадан ескерілмеуі мүмкін.

3. Жаза тағайындау кезінде сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілмеген мән-жайларды ауырлататын мән-жайлар деп тани алмайды. (ҚР Қылмыстық Кодексі 54-бап)

6-сұрақ. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату

Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату:

1. Қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлі адамның жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің ережелері, осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды. Көрсетілген шектеу он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.

Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату:

Қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан туындаған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс шегінен шыққан адам істің мән-жайлары ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату:

Процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты кәмелетке толмаған жасаған жағдайларды қоспағанда, мұндай қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату:

1. Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

2. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

3. Қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам, егер ол шынайы өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен

қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

4. Осы баптың ережелері, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты кәмелетке толмаған адам жасаған жағдайларды қоспағанда, абайсызда адам өліміне не екі және одан көп адамның өліміне әкеп соққан қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату:

1. Қылмыстық теріс қылықты не қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес, жасалғаны үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында немесе бабының бөлігінде негізгі жазаның өзге де түрлерімен бірге айыппұл көзделген онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адамды сот кепілгерлік белгілей отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

2. Кепілгерлік белгілеу кепілгер болатын жеке тұлғаның – жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген айыппұлдың екі еселенген мөлшеріне тең мөлшерінде, ал заңды тұлғаның – он еселенген ең жоғары мөлшерінде кепіл енгізуінен тұрады.

3. Кепілгерлік мерзімі:

- 1) қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – алты айдан бір жылға дейін;
- 2) онша ауыр емес қылмыс жасалған кезде – бір жылдан екі жылға дейін;
- 3) ауырлығы орташа қылмыс жасалған кезде – екі жылдан бес жылға дейін белгіленеді.

4. Егер қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам кепілгерлік кезеңі ішінде жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасамаған болса, кепілгерлік мерзімі өткеннен кейін кепіл кепілгерге қайтарылады.

5. Егер кепілгерлік кезеңі ішінде адам жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешімнің күшін жояды және үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша оған жаза тағайындайды. Бұл ретте кепіл мемлекеттің кірісіне алынады.

6. Осы баптың ережелері сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыстар, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.

Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер іс сотта қаралған уақытта жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған іс-әрекет қоғамға қауіпті болудан қалды деп танылса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады.

2. Қылмыстық теріс қылықты алғаш рет жасаған не онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адам, егер осы адамның содан кейінгі мінсіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта оның қоғамға қауіпті деп есептелмейтіні анықталса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі

Кәмелетке толмағандардың қылмыстар мен оларды қылмыстық және қоғамға жат әрекеттерге тарту туралы істер жөніндегі сот практикасы сотталушылардың қатарында тұрмысы қолайсыз отбастарында тәрбие көріп жүрген жасөспірімдер үлкен орын алып отыр. Әдеттегідей бұл толық емес отбасы, немесе ата-аналары маскүнемдікке салынған, заңға силамаушылық білдіретін, отбасы мүшелерінің бір бірімен жақсы қарым-қатынастары жоқ:

дөрекі сөйлеу, үлкендері кішілеріне қатыгездікпен қарау – осының барлығы жасөспірімнің қатаймаған психикасына теріс әсер беріп, уайымға бөлейді. «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу- ата-ананың етене құқығы және міндеті», -деп Қазақстан Республикасы Конституциясының 27- бабында белгіленген. Кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстардың арасында пайдакүнемдік, тағылық, шектен тыс қатыгездік көрсету, ұрлық, алаяқтық, бұзақылық көп кездеседі. Бұл қылмыстардың көпшілігі бірге қатысу (көбіне қоса орындау түрінде) арқылы, әсіресе топпен (жартысына жуығы) жасалады, бұл жеткіншектердің психикалық ерекшеліктеріне байланысты. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың шамамен әрбір үшіншісі үлкендермен бірлесіп жасалады. Сондықтан заңнамамен кәмелетке толмағандарға ерекше жаза түрлері, жаза тағайындау шарттары, мерзімдерді есептеу, соттылықты жою қарастырылған.

Кәмелетке толмағандар арасында қылмысты азайту мақсатында өткізілетін әлеуметтік, экономикалық және тәрбиелік- профилактикалық алдын алу шараларының маңызы өте зор. Кәмелетке толмағандар көбіне, өздерінің қай жастан бастап және қандай қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығын біле бермейді. Зерттеу мәліметтері бойынша кәмелетке толмағандардың 30% - ға жуығы қылмыстық жауапкершілік тек 18 жастан басталады деп ойлайды. Тіпті 16-17 жастағы жасөспірімдердің өзі ұрлық, бұзақылық, денеге зақым келтіргендігі үшін, олардың жасында қылмыстық жауапкершілік туындамайды деп ойлайды. Басқа зерттеулердің мәліметтері бойынша жалпы білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларының жартысы, 16 жасқа дейін қылмыстық жауапкершілік мүлдем жоқ екендігіне сенімді, ал олардың әрбір алтыншысы тек 18 жастан бастап ғана мүмкін деп есептейді.

ҚР ҚК-нің 15 - бабында кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің ерекшелігі туралы мәселелер айқындалған:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады.
2. Қылмыс жасаған уақытта он төрт жасқа толған адамдардың адам өлтіргені (99-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені (106-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіргені (107-баптың екінші бөлігі), зорлағаны (120-бап), сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (121-бап), адам ұрлағаны (125-бап), халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға немесе ұйымдарға шабуыл жасағаны (173-бап), әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырғаны (174-бап), Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қолсұғушылық (177-бап), Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қолсұғушылық (178-бап), диверсия (184-бап), ұрлық (188-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері - ұрлық адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасаса; бірнеше рет қайталанса; тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен; ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не телекоммуникациялар желісі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған ұрлық; ірі мөлшерде жасалған ұрлық; қылмыстық топ жасаған; мұнай-газ құбырынан; аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық жазаланады), тонау (191-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері- жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып не осындай күш қолдану қатерін төндіріп жасалса; осы әрекет бірнеше рет қайталанса; адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кіріп жасалған тонау; ірі мөлшерде жасалған тонау; қылмыстық топ жасаса; аса ірі мөлшерде жасалса), қарақшылық (192-бап), қорқытып алушылық (194-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иеленіп алғаны (200-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе

бүлдіргені (202-баптың екінші және үшінші бөліктері), терроризм актісі (255-бап), терроризмді насихаттағаны немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырғаны (256-бап), террористік топ құрғаны, оған басшылық еткені және оның әрекетіне қатысқаны (257-баптың бірінші және екінші бөліктері), террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландырғаны және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік (258-бап), адамды кепілге алғаны (261-бап), ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасағаны немесе оларды басып алғаны (269-бап), терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны (273-бап), қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқырғаны не қорқытып алғаны (291-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде бұзақылық жасағаны (293-баптың екінші және үшінші бөліктері), тағылық (294-бап), есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқырғаны не қорқытып алғаны (298-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлағаны (314-баптың екінші бөлігі) және көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіргені (350-бап) үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Г.Искакова, Н.Ғазизова. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы. – Астана: Фолиант, 2017 ж.
5. С.Идрышев. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Астана: Фолиант, 2015 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы»ҚР Заңы. 18.11.2015ж
4. «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ Заңы
5. ҚР Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ
6. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
7. «ҚР Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ

Отбасы ұғымы, неке шарттары, некенің тоқтатылуы. ҚР Неке және отбасы туралы Заңына сипаттама

Жоспар:

1. Отбасы түсінігі, принциптері. Неке шарттары, жасалу жолдары
2. Некені тоқтату мен некенің жарамсыздығы
3. Алименттік міндеттемелер

1 – сұрақ. Отбасы түсінігі, принциптері. Неке шарттары, жасалу жолдары

Неке және отбасы, ана және бала мемлекеттің қорғауында болады.

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңдары:

- 1) Еркек пен әйелдің некелі одағының еріктілігі;
- 2) Ерлі – зайыптылардың отбасындағы құқықтарының теңдігі;
- 3) Отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік;
- 4) Отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу;
- 5) Балаларды отбасында тәрбиелуге басымдық беру, олардың өсіп – жтілуі мен әлауқатты болуына қамқорлық жасау;
- 6) Отбасының кәселетке толмаған және еңбекке қабылетсіз мүшелердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру;
- 7) Отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, бұл құқықтарды сот қорғауының мүмкіндіктері;
- 8) Отбасының барлық мүшелерін салауатты тұрмыс салтына ынталандыру принциптеріне негізделеді.

Мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылған ғана танылады.

Некеге тұруы кезінде және отбасылық қатынастарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық тіл және діни белгілері бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тыйым салынады.

Азаматтардың неке-отбасы қатынастарындағы құқықтарды тек заң негізінде және отбасы мүшелері мен өзге де азаматтардың денсаулығын, адамгершілігін, құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау мақсатында қаншалықты қажет, сондай шамада ғана шектеулі мүмкін.

Неке отбасы заңдары;

- 1) неке тұрудың, некені тоқтатудың және оны жарамсыз деп танудың шарты мен тіртібін белгілейді;
- 2) отбасы мүшелерінің ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың (асырап алушылар мен асырап алынғандардың) арасындағы, ал неке-отбасы заңдарында көзделген жағдайларда және басқа туыстар мен өзге де адамдардың арасындағы азаматтық құқықтар мен міндеттерді, мүліктік емес және мүліктік жеке қатынастарды реттейді;
- 3) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың нысандары мен тәртібін айқындайды;
- 4) азаматтық тіркеу және заңдарда белгіленген тәртіппен ақылы қызмет көрсету тәртібін реттейді.
- 5) Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы заңдары Қазақстан республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, отбасылық құқық нормалары қамтылатын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілерінен тұрады.

Егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, азаматтар өздеріне тиесілі неке – отбасы қатынастарынан туындайтын құқықтарды, оның ішінде осы құқықтарды қорғауға арналған құқықты өз қалауы бойынша қолданады.

Неке – отбасы құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерді орындау отбасының басқа мүшелері мен құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

Неке – отбасы құқықтары заңмен қоғалады, бұған осы құқықтардың мақсатына қайшы келетін жағдайлар қосылмайды.

Некеге тұру үшін некеге тұрушы еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі қажет.

Неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді.

Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін.

Неке жасын төмендету туралы өтінішті некеге тұруға тілек білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғанышылары (қамқоршылары) белгіленген неке жасын төмендету қажеттігін туғызатын себептерді көрсете отырып қозғай алады.

Барлық жағдайларда неке жасын төмендетуге тек некеге тұрушылардың келісімімен ғана жол беріледі.

Неке жасына томаған адамдар арасындағы некеге ата – аналарының қорғанышыларының келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Неке тұруға;

1) біреуі болса да басқа тіркелеген некеде тұрған адамдардың;

2) тікелей ата-тегі бойынша және өзінен тарайтын жақын туыстардың (ата - аналар мен балалардың, атасының, әжесінің және немерелерінің), ата-анасы бір және ата – анасы бөлек әкесі немесе анасы ортақ ағалы – інілі мен апалы - сіңілілердің (аға – қарындастарының);

3) асырып алушылар мен асырып алғандардың;

4) біреуін болса да психикалық ауруының немесе ақыл есі кемдігінің салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың жол берілмейді;

Некеге тұруға тілек білдіруші адамдарға медициналық, сондай-ақ медициналық-генетикалық мәселелер және репродукциялық денсаулық қорғау мәселелері бойынша консультация беру мен тексеруді мамандылырған денсаулық сақтау мекемелері және некеге тұратын адамдардың екеуінің келісімімен ғана жүргізеді.

Некеге тұратын адамдардың тікелей қатысуымен неке мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылады.

Некеге тұруға ниет білдірген адамдардың біреуі азаматтық актілерін жазу органына келе алмайтын ерекше жағдайларда неке мұндай тұратын жері бойынша қиылуы мүмкін.

Неке қию кезінде өкіл жіберуге жол берілмейді.

Некені қию некеге тұруға тілек білдірушілер азаматтық хал актілерін жазу органына арыз берген күнінен бастап бір ай мерзім соң жүргізіледі.

Дәлелді себептер болған жағдайда неке қиюды мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы бір ай өткенге дейін неке қиюға, сондай-ақ осы мерзімді ұзартуға, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуға рұқсат етуі мүмкін.

Ерекше мән – жайлар балған кезде (жүктілік, бала бәір тараптың өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа да ерекше мән – жайлар) неке өтініші берілген күні қиылуы мүмкін.

Неке қиюды мемлекеттік тіркеу азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарының некені тіркеуден бас тартуына некеге тұруға тілек білдіруші адамдар не олардың біреуі сотқа шағым алады.

2 –сұрақ. Некені тоқтату мен некенің жарамсыздығы.

Неке ерлі – зайыптылардың біреуінің қайтыс болуды немесе сот оның өлді немесе хабар – ошарсыз кеткен жариялау салдарынан тоқтатылады.

Сот қайтыс болды деп жариялаған немес сот хабар – ошарсыз кеткен деп таныған жұбайы келген және тиісті сот шешімі күшін жойған жағдайда некені ерлі – зайыптылардың бірлескен өтініш бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы қалпына келтіруі мүмкін.

Егер жұбайлардың екіншісі жаңа некеге отырса, некені қалпына келтіруге болмады.

Егер неке қию кезінде тараптарға (немесе тараптардың біреуіне) қайтыс болды немесе хабар – ошарсыз кетті деп танылған жұбайы тірі екені белгілі болса, бұл ереже қолданылмайды.

Неке ерлі – зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де өтініші бойынша, сондай – ақ сот әрекетке қабылетсіз деп жұбайдың қорғаншысының өтініші бойынша оны бұзу жолымен тоқтатылуы мүмкін.

Некені әйелдің жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір ждыо ішінде әйелдің келісімінсіз бұзуға болмады.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарында некені бұзі кімелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір – біріне иүліктік және өзге де талаптар қоймайтын ерлі – зайыптылардың некені бұзуға өзара келісуі жағдайында жүргізіледі.

Ерлі – зайыптыларға ортақ кәмелетке толмаған балаларының болуына қарамасытан, ерлі – зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша, егер ерлі – зайыптылардың екіншісін;

1) сот хабар – ошарсыз кеткен деп таныса;

2) сот әрекетке қабылетсіз деп таныса;

3) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталса неке азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылады.

4) Некенің бұзылуын мемлекеттік тіркеуді азаматтық хал актілерін жазу органы азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіреку үшін белгіленген тәртіппен жүргізеді.

5) Некені бұзу кезінде ерлі – зайыптылардың арасында туындайтын даулар азаматтық хал актілерін жазу органдарында сот тәртібімен қаралады.

Некені сот тәртібімен бұзу;

1) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 16-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ерлі – зайыптыларда кәмелетке толмаған ортақ балалардың болуы;

2) Ерлі – зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде;

3) Егер ерлі – зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қарамауына қарамастан, некені бұзудан өз әрекеттері не әрекетсіздігі арқылы жалтарса;

4) Ерлі – зайыптылардың бір – біріне мүліктік талаптары болған жағдайларда жүргізіледі.

Егер сот ерлі – зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сақтауы мүмкін.

Еместігін анықтаса, неке сот тәртібімен бұзылады.

Ерлі – зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға және ерлі – зайыпталарға татуласу үшін үш ай көлемінде мерзім тағайындай отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

Егер ерлі – зайыптыларды татуластыру жөніндегі шаралар нәтижесіз болып шықса және ерлі – зайыптылар (олардың біреуі) некені бұзуды талап етсе, неке бұзылады.

Некені сот тәртібімен бұзу ерлі – зайыптылар некені бұзу туралы арыз берген күнен бастап кемінде бір ай өткен соң жүргізіледі.

Ерекше жағдайларда сот баптың 2-тармағында аталғанынан кемірек мерзім белгілеуі мүмкін.

Некені сот тіртібімен бұзу кезінде ерлі – зайыптылар соттың қарауына кәмелетке толмаған балалар және (немесе) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайын асырауға қаражат төлеу тәртібі туралы бұл қаражаттың мөлшері туралы не ерлі – зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы ұсына алады.

Ерлі – зайыптылардың арасында баптың 1-тармағында аталған мәселелер бойынша келісім болмаса, сондай – ақ ол келісім немес ерлі – зайыптылардың біреуінің мүдделерін бұзатындығы анықталса сот;

1) неке бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата – анасының қайсысымен тұратындығын айқындауға;

2) балаларды асырауға алимент ата – аналардың қайсысынан және қандай мөлшерде өндіріліп алынатынын белгілеуге;

3) ерлі – зайыптылардың (олардың біреуінің) талап етуі бойынша олардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүлікті бөлуді жүргізуге;

4) екінші жұбайданасырауға қаражат алуға құқығы бар жұбайдың талап етуі бойынша осы асырау қаражатының мөлшерін айқындауға міндетті.

5) Егер мүлікті бөлу үшінші бір адамдардың мүдделерін қозғайтын болса, сот мүлікті жеке іс жүргізіліп бөлу туралы талапты жеке істе қозғауға құқылы.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылатын неке азаматтық хал актілерін жазу кітабында бұзылғандығы мемлекеттік тіркелген күннен бастап, ал неке сотта бұзылған жағдайда – соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

Сот некені бұзу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот шешімінің көшірмесін шешім шығарылған жердегі, сондай – ақ неке қию мемлекеттік тіркелген жердегі азаматтық хал актілерін жазу органына жолдауға міндетті.

Ерлі – зайыптылардың азаматтық некеге актіленген жасу органда некенің бұзылғаны туралы куәлік алғанға дейін жаңадан некеге тұруға құқығы жоқ.

Мәжбүрлеп қиылған неке жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Егер некеге тұрушы адамдардың біреуі екіншісінен құрылған отбасы мүшелеріне, жеке басының және қоғамның қауіпсіздігіне нақты қатер төндіретін ауру бар екенін жасырса, соңғысы сотқа некені жарамыз деп тану туралы талаппен жүгінуге құқылы.

Некені жарамыз деп тану сот жүргізеді.

Сот не жарамыз деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде соттың осы шешімімен некеге тұру тіркелген жердегі азаматтық хал актілерін жазу органына көшірме жіберуге міндетті.

Некенің жарамыздығы оның қиылған күнінен бастап танылады.

Некені жарамсыз деп тану туралы талап қоюға:

1) Егер неке жасына томаған адаммен неке қиылса (осы заңның 10 – бабы), кәмелетке толмаған жұбайы, оның ата – анасы (олардың ауыстырған адамдар), қорғаншы және қамқоршы орган немесе прокурор құқылы. Кәмелетке толмаған жұбай он сегіз жасқа толғаннан кейін некені жарамыз деп тануды талап етуге тек оның өзі ғана құқылы;

2) егер некеге тұруға ерлі – зайыптылардың бірінің ерікті келісімі болмаған жағдайда: мәжбүр кезінде өзінің әрекеттерінің маңызын түсінбей және өзін - өзі билей алмауы себепті неке қылған болса, некеге тұру арқылы құқығы бұзылған жұбай, сондай – ақ прокурор;

3) некені қиюға кедергі келтіретін мән – жайлардың бар екенін білмеген жұбай, әрекетке қабылетсіз деп танылған жұбайдың қорғаншысы, оның алдындағы бұзылмаған неке бойынша жұбайы, осы Заңның 11 – бабының талаптарын бұза отырып қиылған неке арқылы құқықтары бұзылған басқа да адамдар, сондай –ақ қорғаншы және қамқоршы орган мен прокурор;

4) жалған некеге тұру жағдайында прокурор, сондай – ақ некенің жалғандығы туралы білмеген жұбайы;

5) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 24 – бабының 3-тармағында аталған мән – жайлар болған кезде құқығы бұзылған жұбай құқылы.

Неке жасына толмаған адаммен, мондай – ақ сот әрекетке қабылетсіз деп таныған адаммен және қамқоршы орган тартылады.

Егер некені жарамсыз деп тану туралы іс қалатын сәтке заңға орай оның қиылуына кедергі жасаған мән – жайлар жойылса, некені жарамсыз деп тануға болмайды.

Егер кәмелетке толмаған жұбайдың мүдделері талап етсе, сондай – ақ оның некені жарамсыз деп тануға жағдайда сот неке жасына толмаған адаммен қиылған некені жарамсыз деп тану туралы талап – арыздан бас тарта алады.

Егер мұндай некені тіркеткен адамдар істе сот қарағанға дейін іс жүзінде отбасын құрса, сот некені жалған деп тани алмайды.

Ерлі – зайыптылардың арасында заңмен тыйым салынған туыстық дәрежесі болған не некені тіреку кезінде ерлі – зайыптылардың біреуі басқа бұзылмаған некеде тұрған (осы Заңның 11-бабы) жағдайларды қоспағанда, некені ол бұзылғаннан кейін жарамсыз деп тануға болмайды.

3-сұрақ. Алименттік міндеттемелер

Алименттік қатынастар және оның түрлері Алименттер (лат. alimentum деген сөзінен-"тағам, асырап-бағу" дегенді білдіреді) — заңда белгіленген жағдайларда бір отбасы мүшелерінің оның өзге мүшелерінің пайдасына төлеуге міндетті белгілі бір ақшалай қаражат. Алименттік міндеттемелер негізгі отбасылық қатынастар болып табылады, ал олардың мақсаты— отбасының еңбекке қабілетсіз және көмек қажет ететін мүшелерін асырау. Алименттер сот шешімімен (алименттер төлеудің соттық тәртібі) немесе тараптардың келісімімен (алименттер төлеудің ерікті тәртібі) төленеді.

Алименттік міндеттемелердің өзіне тән мынадай белгілері болады:

- бұл қайтарып берілмейтін сипаттағы міндеттеме. Алимент төлеушіні өз шығынын қандайда бір орнын толтыруға құқығы жоқ;
- алимент төлеуге міндетті адам ол міндетін орындауды басқа біреуге тапсыруға қақысы жоқ. Екінші жағынан, алимент алуға құқықты адам, бұл құқығын өзге біреуге бере алмайды. Алимент алу құқығы және алимент төлеу міндеті мұрагерлік тәртіппен басқа адамға кешпейді;

- алименттік міндеттеме мүліктік-құндық болып табылады, яғни бұл арада материалдық игіліктерді (әдетте, ақшалай қаражатты) алушының мүлкіне өткізу (қосу) жүзеге асырылады.

Алименттік міндеттемелерге төмендегідей заңдық фактілер негіз болады:

- субъектілер арасында туыстық немесе өзге де отбасылық байланыстың болуы (мысалы, ерлі-зайыптық қатынастар);
- заңда немесе талаптардың келісімінде көрсетілген шарттардың болуы (мысалы, алимент алушының мұқтаждығы, еңбекке жарамсыздығы, алимент алушылардың кәмелетке толмағандығы және басқалары);
- соттың алимент өндіріп алу жөніндегі шешімі.

Алименттік міндеттемелердің немесе алименттік қатынастардың мынадай түрлері болады:

- ата-аналардың балаларға қатысты алименттік міндеттемелері;
- балалардың ата-аналарға қатысты алименттік міндеттемелері;
- ерлі-зайыптылардың және бұрынғы жұбайлардың алименттік міндеттемелері;
- кәмелетке толған ағалары мен қарындастарының, әжелері мен аталарының алименттік міндеттемелері.

Алимент төлеуші суретші болса, сома мөлшері оның сататын картиналарының санына және бағасына байланысты болады. Егер алимент төлеуші ата-ананың жалақысын өзге де табыстары мүлде болмаса, алимент мүлік түрінде өндіріліп алынады. Ата-аналардың табыстары және мүліктері болып, оны олар жасырған жағдайда күшпен мәжбүрлеп өндіріп алу қолданылуы немесе алимент төлеуден қасақана жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларға қатысты алиментті міндеті балалар кәмелетке толғанда тоқтатылады. Алайда заң кәмелетке толған балаларға қатысты, олар еңбекке жарамсыз және көмекке мұқтаж болған жағдайда алименттерді сақтау мүмкіндігінде қарастырады. Бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедек балалар еңбекке жарамсыз болып табылады.

Сот балалардың мұқтаждығын нақты жағдайларды ескере отырып анықтайды. Біріншіден, ешқандай табысы жоқ адам мұқтаж деп танылады, екіншіден, егер тапқан табысы қалыпты тұрмыс құруға жеткіліксіз болса (өмір сүру минимумынан төмен).

Сот жақтардың материалдық және отбасылық жағдайларын ескере отырып, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалардың алиментін ол төленетін сот тегі айлық есептік көрсеткішке (АЕК) қатысты еселеп белгілейді.

АЕК 1000 теңге болса, сот 6 еселік көрсеткіш белгілейді ($1000 \times 6 = 6000$).

Еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж кәмелетке толған балаларды асырап-бағу міндеті ата-аналардың екеуіне де бірдей.

Ата-аналарға қамқорлық

Ата-аналарға қамқорлық Кәмелетке толған балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасауға және оларға көмек көрсетуге міндетті. Ата-анаға қамқорлық дегеніміз — оларға моральдық қолдау көрсету, тиісті көңіл бөлу, құрметтеу және көмектесу. Олардың өмір сүруіне қажетті материалдық қаржы бөлу, ата-аналарға көрсетілетін көмектің айрықша түрі болып табылады. Әдетте, кәмелетке толған балалар тарапынан көмек көрсету ерікті болып табылады. Бірақ кәмелетке толған балалары тиісті көмек көрсетпеген жағдайда, ата-аналарының сот арқылы олардан алимент өндіріп алуға қақысы бар.

Алименттер кәмелетке толған балалардың әрқайсысынан өндіріліп алынады. Алимент мөлшерін тараптардың материалдық және отбасылық жағдайларын ескере отырып, айлық есептік көрсеткішке қатысты еселенген түрде сот айқындайды. Демек, сот балалардың әр қайсысына қатысты тең еселенген көрсеткіш не бұған керісінше көрсеткіш қолдана алады.

Қызы 5 еселенген мөлшерде алимент төлеуге міндетті болса, ал ұлы — 7 еселенген мөлшерде, өйткені сот бұл арада қызының кәмелетке толмаған өз балалары барын да ескерген. Алайда балаларынан алимент талап етуші ата-аналары бұрын оларды асырап алудан жалтарған болса, онда сот балаларды ата-аналарын асырап-бағу міндетінен босатуы мүмкін.

Отбасылық заңнама сондай-ақ ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде біріне-бірі материалдық қолдау көрсету міндеттерін де көздейді. Ерлі-зайыптылар ара-қатынастары қалыпты болған жағдайда бір-біріне ерікті түрде көмектесіп тұрады. Бірақ ерлі-зайыптылар біріне-бірі көмек көрсетпеген жағдайда, мұқтаж жұбайы алимент өндіріп алу жөнінде сотқа талап түсіруге қақысы бар. Сот тәртібі мен алимент өндіріп алу үшін мынадай шарттардың болуы қажет:

- тіркелген неке;
- еңбекке жарамсыздығы және материалдық көмекке мұқтаждығы;
- мұндай көмек көрсету үшін екінші жұбайының қажетті қаржысы болуы керек.

Әйелінің жүкті кезінде және олардың ортақ балалары туған күннен бастап үш жыл бойына өз жұбайынан асырап-бағуға қаржы сұрауына құқығы бар. Әйел екі қабат кезінде жүктілігі мен тууына байланысты еңбек демалысына шыққанша жұмыс жасайды, бұл жағдай көбінесе осыған байланысты. Осы кезеңде, сондай-ақ бала туғаннан кейін ананың қосымша шығындары көбейіп кетеді: бала тағамы, нәрестенін киім кешегі, медициналық көмек және басқалары. Бұлардан басқа, заңда мүгедек баласын бағып-күтетін жұбайдың алимент өндіріп алу құқығы да көзделген.

Қажетті қаржысы бар бұрынғы жұбайынан сот тәртібі мен алименттер төлеуді талап етуге мынадай құқысы бар:

- бұрынғы әйелі жүкті кезінде және ортақ балаларын туған күннен бастап үш жыл бойына;
- ортақ мүгедек балаларын бағып-күтетін мұқтаж, бұрынғы жұбайы;
- некелерін бұзғанға дейін еңбекке жарамсыз болып қалған мұқтаж, бұрынғы жұбайы.

Алименттік міндеттемелердің тоқтатылуы

Алименттік міндеттемелердің тоқтатылуы Алименттік міндеттемелер мына жағдайларда тоқтатылады. Егер алименттер сот тәртібімен өндіріліп алынған болса, онда ол баланың кәмелетке толуына байланысты тоқтатылады. Егер кәмелетке толмаған бала некеге тұрса, онда алименттікке міндеттемелер де тоқтайды. Алименттер төлеу, сондай-ақ асырап бағу үттің сот тәртібі мен алименттер өндіріліп алынған, бала асырап алынған жағдайда тоқтатылады. Бұрынғы жұбайлардың алименттік қатынастары алимент алатын жұбайының жаңадан некеге тұруына байланысты тоқтатылады. Бұрынғы жұбайының еңбекке қабілеттілігі қалпына келгенде немесе оның алименттік көмекке мұқтаждығы тоқтаған жағдайда алименттік қатынастар тоқтатылады. Алименттік қатынастар алимент алушы адамның немесе оны төлеуге міндетті адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылады. Егерде алименттік міндеттемелер тараптардың алименттер төлеу жөніндегі келісімімен белгіленген болса, онда ол тараптардың біреуі қайтыс болған жағдайдан келісім мерзімі

өткен жағдайда, не алименттер төлеу жөніндегі келісімде көзделген негіздерге байланысты болады.

Сонымен, алименттер дегеніміз — заңда белгіленген жағдайларда отбасының бір мүшелерінің оның екінші бір мүшелері пайдасына төлеуге тиісті белгілі бір ақшалай қаражаттары. Алименттік міндеттемелердің негізі—отбасылық қатынастар болып табылады, ал олардың мақсаты—отбасының еңбекке жарамсыз және мұқтаж мүшелерін асырап-бағу. Алименттер сот шешімі бойынша (алименттер төлеудің соттық тәртібі) немесе тараптардың келісімі бойынша (алименттер төлеудің ерікті тәртібі) төленеді.

Алименттік міндеттеме — бұл сот шешімі немесе тараптардың келісімі негізінде туындайтын құқықтық қатынастар. Оған байланысты алименттік міндеті бар адам (төлеуші) басқа адамға (алименталушыға) оны асырап-бағуға қажетті қаржы төлеп тұруға міндеттенеді, алалушының талап етуге қақысы бар.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002
5. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Егемен Қазақстанның құқы. – А.: Жеті жарғы, 1997 ж.
6. Құқықтанудан қазақша-орысша сөздік

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
4. «ҚР Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ
5. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
6. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
7. ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына 8-қосымша «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты»
8. «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 113 Заңы

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002
5. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Егемен Қазақстанның құқы. – А.: Жеті жарғы, 1997 ж.
6. Құқықтанудан қазақша-орысша сөздік

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл

2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығы
5. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы
6. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі

АТА- АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЫСАНДАРЫ

Жоспар:

1. Соттарда ата-аналық құқықтан айыру туралы істі қозғауға құқығы бар тұлға
2. Бала асырап алу
3. Қорғаншылық және қамқоршылық
4. Баланы патронатқа тәрбиелеуге беру
5. Балалардың құқықтарын қорғау

1-сұрақ. Соттарда ата-аналық құқықтан айыру туралы істі қозғауға құқығы бар тұлға

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеудің нысандары.

1) Соттарда ата-аналық құқықтан айыру туралы істі қозғауға құқығы бар тұлға Соттарда ата-аналық құқықтан айыру туралы істі қозғауға құқығы бар тұлға "Неке және отбасы туралы" Заңның 68-бабына сәйкес, ол ата-аналардың біреуі (немесе оларды алмастыратын адам, яғни қорғаншы, қамқоршы, асырап алған ата-аналары), прокурор, кәмелетке толмаған балалардың құқығын қорғау міндеті жүктелген органдар немесе мекемелер.

Өзге де мүдделі адамдардың (мысалы, жақын туыстарының, көршілерінің) немесе ата-аналық құқықтан айыруды талап етіп сотқа мәселе қоюға құқығы жоқ, бірақ бұл жөнінде прокурордың немесе құзырлы органдардың алдына жүгіне алатын органдар.

Ата-аналық құқықтан айырылған ата-аналар баламен туыстық фактісіне негізделген барлық құқықтарынан айырылады, балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктермен мемлекеттік жәрдемақы алу құқығынан айырылады. Ата-аналар асырап-бағуға қажетті қаржы, баласының мұрасын алуға қақысы жоқ. Сонымен қатар олар өз баласын асырап-бағу міндетінен құтылмайды (алименттер төлеу). Ата-аналық құқығынан айырылған ата-аналардан баланы бөлектеу мақсатында олардың бірге тұруы тоқтатылады. Кездесіп тұруына тыйым салынбайды, бірақ оны сот белгілейді.

Баланың ата-аналық құқығынан айырылған ата-аналарымен және өзге де туыстарымен туыстық фактілеріне негізделген барлық мүліктік құқықтары сақталады.

Бұл мәселені шешу тек қана соттың құзыретінде. Ата-аналар өздерінің мінез-құлқын, тұрмыс-салтын, бала тәрбиелеуге көзқарасын жақсы жағына қарай елеулі түрде өзгерткен жағдайда ғана ата-аналық құқықтың қалпына келтірілуі мүмкін. Ата-аналық құқықты қалпына келтіріп, баланы ата-аналарына қайтаруға—баланың мүдделеріне сай келетін жағдайда ғана жол беріледі.

2 –сұрақ. Бала асырап алу

Ата-анасыз қалған балалардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін заң оларды асырап алу мүмкіндігін белгіледі.

Мемлекет бала асырап алуды қолдайды, өйткені ата-анасынан айырылған балалар отбасылық қамқорлыққа бөленеді, тиісті тәрбие, материалдық жағдайға, ата-ананың сүйіспеншілігі мен мейіріміне ие болады. Екінші жағынан, балалы бола алмай жүрген отбасыларда көп. Бала асырап алу оларға өздерінің табиғи әкелік және аналық сезімдерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Бала асырап алу нәтижесінде, бір жағынан, бала асырапалушылармен және олардың туысқандарының арасында, асырап алынған бала арасында қандастығы бойынша туыстар арасындағы сияқты құқықтар мен міндеттер туындайды. Сонымен қатар асырап алушының туған балаларымен, егер ондай балалары болса, асырап алған балаларының арасындағы құқық тең деп танылады.

Заңда бала асырап аларда бір қатар шарттар көзделген:

- бала асырап алушының келісімі;
- баланың ата-аналарының келісімі. Олардың келісімі жазбаша түрде беріледі және нотариус арқылы куәландырылады;
- 10 жасқа толған баланың келісімі. Баланың келісімі жазбаша толтырылады. Егер келісім іс сотта қаралған кезде берілетін болса, ол ауызша келісім болып табылады. 10 жасқа толмаған баланың келісімі қажет емес;
- егер ерлі-зайыптылардың біреуі ғана бала асырап алатын болса, онда соттың келісімі керек. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі бұған қарсы болса, асырап алынған баланың мұндай отбасында тұруы қажетсіз. Бұдан басқа, бала асырап алу практикасы, әдетте, ерлі-зайыптылардың біреуінің ғана бала асырап алуына рұқсат етпейді. Балаға дұрыс отбасы керек.

Бала асырап алу шарттарынан басқа оған тыйым салуларда белгіленген. Мысалы, кәмелетке толған баланы асырап алуға болмайды; некеде тұрмайтын асырап алушымен асырап алынушының арасындағы жас айырмашылығы 16 жастан кем болса, бала асырап алуға болмайды.

Соттың асырап алушының қалауы бойынша асырап алу құпиясын сақтау жөніндегі мәселені қарауына болады. Баланың туған күніне өзгеріс енгізуді осындай шараларға жатқызуға болады (3 жасқа дейінгі баланы асырап алғанда ғана оның туған күнін өзгертуге жол беріледі); баланың тегін, атын және әкесінің атын өзгерту; асырап- алушыларды ата-анасы ретінде жазу және басқалары.

"Неке және отбасы туралы" Заңның 76-бабына сөйкес Қазақстанның жетім балаларын шетел азаматтарының асырап алуына жол беріледі. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балаларды Қазақстан Республикасының азаматтарына тәрбиелеуге беруге мүмкіндік болмаған жағдайда, шетелдіктерге тәрбиелеуге беруге болады.

Республикада балаларға көмек беру жөніндегі "ФРЭНК" халықаралық қайырымдылық қорының өкілдігі қызмет етеді. Ол шетел азаматтарына бала асырап алуда көмек көрсетеді, сондай-ақ шетелдерде асырап алынған балалардың жағдайына бақылау жасайды. Қазақстан балаларын шетел азаматтарының асырап алуы—біздің мемлекетіміздің практикасында жаңа құбылыс. Және бұл арада қоғамдық пікір біркелкі емес—кейбір азаматтар мұндай асырап алушылықты қолдамайды, ал көпшілігі—қолдайды. Асырап алынған балалар Қазақстан азаматтығынан айырылады.

3 – сұрақ. Қорғаншылық және қамқоршылық

Қорғаншылық және қамқоршылық Қорғаншылық пен қамқоршылық мақсаты—ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеу болып табылады. Өркениетті қоғам мен мемлекет ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және көмекке мұқтаж балаларды дер кезінде табуды өзінің алдына басты мақсат етіп қояды. Осы міндеттерді орындау жүктелген арнаулы мемлекеттік органдар—қорғаншылық және қамқоршылық қорғандары жұмыс істейді. Бұл органдар мұндай балаларды іздеп тауып қана қоймай, оларды орналастыру және олардың тұрмыс жағдайларын бақылау міндеттерін жүзеге асыруы тиіс.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және отбасына тәрбиелеуге берілуі тиіс балалар міндетті мемлекеттік есепке алынуы керек. Ол үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің

қаулысымен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың есебін алуды ұйымдастыру ережесі бекітілген.

Республикамызда балаларға қамқорлық көрсету, оларды мемлекеттік қолдау балалар үйлерімен интернат мекемелері жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанда 1994 жылы балалар мен жас аналарды қолдау үшін Үміт үйі құрылды, онда жеке басты аналар балаларын қамтамасыз етуге тиісті жағдайлар туғанша уақытша орналастырады.

14 жасқа толмаған балалар қорғаншылыққа алынады, ал қамқоршылық 14—18 жастағы кәмелетке толмаған балаларға жасалады. Қорғаншылық пен қамқоршылықты белгілеу қорғаншы емес қамқоршы адамды тағайындау жолымен іске асырылады. Бұл адамдарды қорғаншылық және қамқоршылық органдары тағайындайды. Кәмелетке толған, әрекетқабілеттілігі бар азаматтар қорғаншы немесе қамқоршы бола алады. Бұлардан басқа, жеке басының сапасы, жасы, денсаулық жағдайы ескеріледі.

Баланың қорғаншысының (қамқоршысының) құқықтары мен міндеттері:

- баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығына, рухани және ізгілік адамгершілікке өз қарастарының дамуына қамқорлық жасауға құқықты әрі міндетті;
- баланың пікірін, қорғаншылық және қамқоршылық органының ұсыныстары ш ескере отырып, баланы тәрбиелеудің тәсілдерін өз еркімен дербес белгілеуге құқықты;
- өзінің қамқорлығындағы бала мен бірге тұруға міндетті. Қамқорлығындағы бала 16-ға толғанда қорғаншылық және қамқоршылық органының келісімімен бөлек тұруларына жол беріледі;
- қамқорлығындағы баланың өкілі болып табылады және заңға сәйкес кез-келген азаматтық-құқықтық мәмілелер жасай алады.

Қамқоршының қорғаншыдан айырмашылығы кәмелетке толмаған бала жасына байланысты, өзі дербес жасай алмайтын мәмілелер жасауға келісім береді (мысалы, қамқорлығындағы адамның үйін сату, мұрасынан бас тарту және басқалары).

Қорғаншылар мен қамқоршылар өз міндеттерін ақша талап етпей тегін орындайды және олардың құқықтарының белгілі мерзімдік сипаты бар. Қамқорлығындағы адам 14 жасқа толғанда оған қамқорлық жасау тоқтатылады, ал қорғаншы міндетін атқарушы адам кәмелетке толмаған баланың қамқоршысы болады. Өз кезегінде, қамқоршылық қамқорлығындағы адам 18-ге толғанда немесе ол кәмелет жасына жетпей некеге тұрса тоқтатылады.

4 – сұрақ. Баланы патронатқа тәрбиелеуге беру

Баланы патронатқа тәрбиелеуге беру Патронат—ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы шарт бойынша басқа азаматтардың отбасына тәрбиелеуге беретін тәрбиенің бір түрі. Бұл шарт баланы тәрбиелеуге алуға ықылас білдірген адам (патронаттәрбиеші) мен қорғаншылық және қамқоршылық органы арасында жасалады. Бала патронат тәрбиешіге шартта көзделген мерзімге тәрбиелеуге беріледі. Бұл арада патронат тәрбиешіге баланы бағып күту үшін ай сайын ақша төленіп тұрады.

Баланы тәрбиелеуге беру оның пікірін есепке алу арқылы жүзеге асырылады. Ал жасы 10-ға толған бала өзінің келісімімен ғана тәрбиелеуге беріледі. Ағалары мен қарындас тарын медициналық қорытындылар немесе басқада себептерге байланысты, олардың бірге тәрбиеленуіне мүмкіндігі жоқ жағдайларда болмаса, ажыратуға жол берілмейді.

Патронат тәрбиешілерді іріктеп алу қорғаншы және қамқоршы органдар міндетіне кіреді, патронат тәрбиешілердің жеке басының сапасы, олардың бала тәрбиелуге қабілеті, балаға көзқарасы ескеріледі. Кәмелетке толған екі жыныстың адамдары патронат тәрбиеші бола алады, яғни не әйел не еркек немесе озара некеге тұрған екеуі де шарт жасаса алады. Патронат тәрбиешілерге қорғаншылармен қамқоршылар сияқты құқықтар мен міндеттер беріледі (баланың жасына қарай). Баланы патронатқа алған отбасы немесе адам баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеті нақты түрде орындайды, яғни қорғашпылармен қамқоршылардан айырмасы бұларға ақша таленеді.

Қазақстан Республикамызда 2000 жылғы 13 желтоқсан-да "Отбасылық тұрпаттағы балалар деревнялары мен жасөспірімдер үйлері туралы" Заңы қабылданды. Отбасы

тұрпатындағы балалар деревнялары мен жасөспірімдер үйлері балаларды қоғамдық пайдалы еңбекке даярлауды, еңбек нарығы сұранысындағы қандай мамандықтарға оқытуды, әр бір балаға жинақ қорын ашуды көздейді.

Республикамызда бүгінгі күні отбасылық тұрпатындағы балалар деревнялары құрылып жұмыс істеуде (мысалы, Алматыда "СОС-Киндердорф" деревнясы жұмыс істейді). Бұл деревнялар жетім балаларды қорғаудың жаңа үлгісі болып табылады. Деревнялардың негізгі міндеті—тәрбиеленушілердің өздерінің қоғамға қажет екендіктерін сезінетіндей, отбасы жағдайында тәрбиеленіп жатқандай әсерлі жағдайлар туғызу екендігі кездейсоқ емес.

Балаларды балалар деревнясының отбасына беру қорғаншылық және қамқоршылық органы мен тәрбиелеуші-ана арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

Тәрбиеші-ананың тәрбиелеуіне жасы 18-ге дейінгі 7—10 бала беріледі (отбасы ішіндегі балалардың жасы әр түрлі— 5,7,10,15 болуы мүмкін). Мұндай әрбір отбасы балалар деревнясының құрамына кіреді, пәтер тұрпатындағы тұратын үй-жайлары бар (отбасы тұратын), үй іргесіндегі және қосалқы шаруашылықтары, әкімшілік үйлерімен құрылыстары бар өзінің окшауланған аумағы болады. Сондай-ақ балалар деревнясының жанынан жасөспірімдер үйлері құрылуы мүмкін, олардың негізгі мақсаты—балалар деревнясының тәрбиеленушілерімен балалар үйлерін бітіргендерге әлеуметтік бейімделуден өтуге, қоғамға кірігуге, тәрбиеленушілер дін кәсіби даярлығымен еңбекке орналасуына көмектесу. Тәрбиеленушілер жасөспірімдер үйінде 23 жасқа дейін бола алады.

Сонымен, ата-аналық құқықтан айыру баланың құқықтары мен мүдделерін басқа жолмен қорғауға мүмкіндік болмаған жағдайда қолданылатын ең соңғы қатал шара. Ата-аналық құқықтан айыру тек сот арқылы іске асырылады. Бала асырап алынғаннан кейін, асырап алынған бала мен оның негізгі ата-аналарының арасындағы құқықтық міндеттер тоқтатылады. Бұл міндеттерді орындау жүктелген—қорғаншы және қамқоршы органдар сияқты арнаулы мемлекеттік органдар бар. Бұл органдар мұндай балаларды іздестіріп тауып қоймай, оларды орналастыруды, сондай-ақ бұл балаларды содан арғы тұрмыс жағдайын бақылап отыруды жүзеге асыруға міндетті.

5 - сұрақ. Балалардың құқықтарын қорғау

Қамқоршылық және балаларға көмек көрсету бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитетінің Алматы қаласы Балалардың құқықтарын қорғау департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Бөлімнің негізгі міндеттері мен қызметіне келесілер жатады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясын,
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы туралы», «Білім туралы» Заңдарын және балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және бала құқықтары туралы конвенцияға сәйкес балалардың барлық санаттарының құқықтарын іске асырумен байланысты жергілікті деңгейде ведомство аралық ынтымақтастықты үйлестіру және іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды бақылау;
- Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың адамгершілік – рухани дамуы жөніндегі аймақтық бағдарламаларды іске асыруда жергілікті атқару органдарына жәрдемдесу;
- «Әлеуметтік» жетімдіктің, балаларға зорлық-зомбылық көрсету және еңбегін қанаудың алдын алу және ескерту, өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсету, балалардың өмір сүру сапасын жақарту үшін жағдай жасауға жәрдемдесу;
- Балалардың құқықтары туралы және оның іске асырылуы туралы жұртшылықтың ақпараталу деңгейін көтеру;

– Жоғарыда аталған міндеттермен қызметтерді жүзеге асыру үшін бөлім келесідей жұмыстарды атқарады: балалардың құқықтары мен мүдделерін білдіретін әлеуметтік маңызы бар балалар бастамалары мен жобаларын, балалар ұйымдарының таландыру, бағалау және қолдау көрсету;

Алматы қаласының жоғары оқу орындарында, кәсіптік-техникалық оқу орындарда және лицейлерінде оқитын, жетімдер үйінде тәрбиеленген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға «Бөбек» қоры есебінен қайырымдылық көмек төлемдерін жүзеге асырады;

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы әр түрлі мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың, соның ішінде Әлеуметтік бейімдеу орталықтары, бас бостандықтан айыру орындарынан оралған балаларға арналған орталықтары, сондай-ақ т.б. санаттағы балаларға арналған орталықтар қызметінің ведомствоаралық ынтымақтастығымен үйлесімділігі қамтамасыз етіледі.

Бөлім «Ыстық желі» бойынша азаматтар мен ұйымдардан келіп түскен арыздар, өтініштер мен қоңырауларды қарастырады және солар бойынша өз өкілеттігі шегінде тиісті шешімдер қабылдайды.

Бөлім сонымен қатар балалар құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты, ақпараттық-насихаттық және ағартушылық қызметті жүзеге асырады және әлеуметтік жетімдікті, балалар еңбегін пайдалану мен оларға күш көрсетудің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асырады.

Бөлім өз қызметін жүзеге асыру барысында балаларды қорғаудың келесі нысандарын пайдаланады:

- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және солардың есебін жүргізу.
- Балалардың құқықтарын қорғау бойынша жұмыстардың ведомство аралық жоспарларын құру.
- Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша Қазақстан Республикасы заңдарының орындалу нәтижесіне талдау жүргізу.
- Кәмелетке толмағандардың істері бойынша сотта өкілдік ету.

Департаменттің «Ыстық желісі». Департаментте балалардың құқықтарының бұзылуына байланысты өтініштерді қабылдауға арналған 264-38-67 сенім телефоны қызмет жасайды. Сенім телефонына қоңырау шалғандарға бөлім қызметкерлер ітарапынан құқықтық, психологиялық сипаттағы түсіндірулер беріледі, қажет болған жағдайларда өтініштерді қарастыру үшін комиссия құрылады. Сұрақтарды бірлесіп шешу үшін Білім, денсаулық сақтау басқармаларымен, аумақтық Балалардың құқықтарын қорғау департаменттерімен, ішкі істер органдарымен, жәрдемақы төлеу бойынша мемлекеттік орталықпен, қаланың білім беру мекемелерімен ынтымақтастық орнатылған.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002
5. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Егемен Қазақстанның құқы. – А.: Жеті жарғы, 1997 ж.
6. Құқықтанудан қазақша-орысша сөздік

Қосымша әдебиеттер:

7. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
8. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ

9. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
10. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығы
11. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы
12. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТҮСІНІГІ, ПӘНІ, САЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

1. Халықаралық құқық түсінігі
2. Халықаралық құқық салалары. Халықаралық құқықтың қайнар көздері
3. Халықаралық құқықтағы субъектілер
4. Халықаралық келісімшарттар
5. Қазақстан халықаралық құқық субъектісі ретінде

1-сұрақ. Халықаралық құқық түсінігі

Халықаралық құқық - бұл халықаралық құқықтың субъектілері туындататын және халықаралық құқықтың субъектілері (мемлекеттер, өз тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар, халықаралық ұйымдар арасындағы, сонымен қатар кейбір жағдайларда, жеке және заңды тұлғалар қатысатын) арасындағы қатынастарды реттейтін халықаралық- құқықтық қағидалар мен нормалардың жиынтығы.

Халықаралық құқықтың да өз реттеу пәні бар. Халықаралық – құқықтық реттеудің пәні болып табылатын қатынастарды екіге бөлуге болады:

- а) мемлекеттер арасындағы қатынастар;
 - б) мемлекеттер мен өз тәуелсіздігі үшін күресуші ұлттар арасындағы қатынастар.
- Халықаралық құқықтың нормалары, ең бастысы, халықаралық қатынастардың негізгі субъектілері – мемлекеттер арасындағы қатынастарды белгілеуге бағытталған. Бастапқыда халықаралық құқық мемлекеттер арасындағы құқық ретінде қалыптасқан болатын. Бірақта, халықаралық құқық мемлекеттер арасындағы емес сипаттағы қатынастарды да, яғни қатысушыларының біреуі мемлекет болып немесе мемлекет мүлде қатыспайтын қатынастарды да реттеді. Қазіргі уақытта, халықаралық келісімге қатысушылардың ауқымы кеңейіп келеді және мемлекеттің ішкі құзырлығына кіретін көптеген қатынастар мемлекеттердің ортақ мүдделерінің сферасына көшті.

Мемлекеттер арасындағы емес халықаралық қатынастар:

- а) мемлекет пен халықаралық ұйымдар арасындағы;
- б) халықаралық ұйымдар арасындағы;
- в) бір жағынан мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, екінші жағынан жеке және заңды тұлғалар арасындағы;
- г) жеке және заңды тұлғалар арасындағы.

Халықаралық бұқаралық құқық және халықаралық жеке құқық бар.

Халықаралық бұқаралық құқық- халықаралық құқықтың субъектілері арасындағы саяси сұрақтар бойынша туындаған қатынастарды реттейді.

Халықаралық жеке құқық – мемлекеттер арасындағы, заңды тұлғалар (ұйымдар мен мекемелер) мен жеке тұлғалар (азаматтар) арасындағы халықаралық жобадағы жеке

сұрақтар (авторлық құқық, мұрагерлік құқық, отбасы-неке сұрақтары) бойынша туындаған қатынастарды реттейді.

Халықаралық құқық – бұл ерекше құқық жүйесі болып табылады. Ғылым және оқу пәні болып табылады.

Халықаралық құқық құқық жүйесі ретінде барлық мемлекеттердің, барлық адамзаттың игілігі болып табылады, ол барлығына біреу. Бірақ та халықаралық құқық ғылымы барлық мемлекеттерге бірдей бола алмайды. Әрбір мемлекетте өзінің халықаралық құқық ғылымы болады, мысалы, халықаралық құқықтың қазақстандық ғылымы.

Халықаралық құқық, кез келген мемлекеттің ұлттық құқығы сияқты салаларға бөлінеді. Халықаралық құқықтың салалары халықаралық қатынастардың белгілі бір тобын реттейді және халықаралық –құқықтық институттар мен нормалардың жиынтығы болып табылады. Мысалы, Халықаралық қауіпсіздік құқық саласы халықаралық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қатынастарды реттейді; Халықаралық ұйымдар құқығы халықаралық ұйымдарды құру мен қызмет ету тәртібін реттейді.

2- сұрақ. Халықаралық құқық салалары. Халықаралық құқықтың қайнар көздері

Халықаралық құқықта мынадай салалар қалыптасқан:

- 1) Халықаралық құқық субъектілік құқық;
- 2) Халықаралық ұйымдар құқығы;
- 3) Халықаралық гуманитарлық құқық;
- 4) Халықаралық теңіз құқығы;
- 5) Халықаралық әуе құқығы;
- 6) Халықаралық ғарыш құқығы;
- 7) Халықаралық атом құқығы;
- 8) Халықаралық экономикалық құқық;
- 9) Халықаралық қылмыспен күрес құқығы;
- 10) Халықаралық келісімшарт құқығы;
- 11) Халықаралық қоршаған ортаны қорғау құқығы;
- 12) Халықаралық қауіпсіздік құқығы.

Халықаралық-құқықтық институт – бұл халықаралық қатынастардың түрін реттейтін халықаралық нормалардың жиынтығы, мысалы, Халықаралық гуманитарлық құқықтағы - азаматтық институт, Халықаралық келісімшарт құқығындағы - келісімшарттың жарамдылығы институты.

Халықаралық құқық Халықаралық қатынастарды үйлестіруші, реттеуші және қорғаушы қызмет атқарады.

Үйлестіруші қызметінің мазмұны – мемлекет өзі үшін әртүрлі сфераларда белгілі бір мінез-құлық стандарттарын белгілейді.

Реттеуші қызмет – белгіленген ережелер мен стандарттарды мемлекеттің қабылдауында және сақтауында көрінеді.

Қорғаушы қызмет – мемлекеттің мүддесін қорғауға бағытталған нормалар.

Халықаралық құқықтың дипломатиядан, мемлекеттің сыртқы саясатынан айырмашылығы бар.

Халықаралық құқық – мемлекеттер арасындағы қатынастарда өзін қалай ұстау керек екендігі жөніндегі келісімшарт нормаларының жиынтығы болса, дипломатия – сыртқы саясатты жүргізу амал-тәсілдердің жиынтығы, ал сыртқы саясат – бұл өзінің мүдделерін қанағаттандыру үшін халықаралық аренада оның жүргізетін негізгі бағыттары.

Халықаралық құқықтың қайнар көздері – бұл халықаралық -құқықтық нормаларды көрсететін формалар.

Оның 4 түрі бар:

- 1) Халықаралық келісімшарт;
- 2) Халықаралық – құқықтық әдет – ғұрыптар;
- 3) Халықаралық конференциялар мен мәжілістердің Қорытынды Актілері;
- 4) Халықаралық ұйымдардың резолюциялары.

3-сұрақ. Халықаралық құқықтағы субъектілер

Халықаралық құқықтың субъектісі—халықаралық құқықтың нормаларына немесе халықаралық-құқықтық актілердің ұйғарымдарына сәйкес туындайтын халықаралық құқық пен міндетті тасушы.

Халықаралық құқықтың субъектісі- субъективті құқық пен міндет берілген халықаралық-құқықтық қатынастардың қатысушылары.

Халықаралық құқықтың субъектілерін 2 топқа бөлуге болады

1) Алғашқы (егеменді) субъектілер, оларға егемендігі бар мемлекеттер мен өз тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар мен ұлттарды жатқызуға болады.

2) Туынды (егеменді емес) субъектілер халықаралық ұйымдар, мемлекет тәрізді құрылымдар.

Халықаралық құқықтың субъектілерінің ерекше тобы - жеке тұлғалар.

Ерекше құқықтық жүйесі ретінде халықаралық құқық ерекшелігі халықаралық құқықсубъектілік ерекшелігін айқындайды және сонында халықаралық субъектілерінің сапалы сипатында анықтайды.

Жалпы алғанда, халықаралық құқықсубъектілікті – тұлғаның халықаралық құқықтың субъектісі бола алатындай заңды қабілеттілігі ретінде анықтауға болады.

Халықаралық құқық субъектіліктің мазмұнын осындай субъектінің халықаралық-құқықтық нормалардан туындайтын негізгі құқықтары мен міндеттерін құрайды. Халықаралық құқық субъектілік өз табиғаты бойынша фактілі және заңды болып бөлінеді, және де осыған сәйкес алғашқы және туынды халықаралық құқықтың субъектілері болады.

Халықаралық құқықтың алғашқы субъектілері (мемлекет, өз тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар мен ұлттар) оларға тән мемлекеттік және ұлттық егемендікке-суверенность-іпсо facto- байланысты халықаралық-құқықтық құқықтар мен міндеттерді тасушылар болып табылады.

Егемендік (мемлекеттік немесе ұлттық) оларды халықаралық құқықтың басқа субъектілерінен тәуелсіз етеді және олардың халықаралық қатынастарға жеке қатысу мүмкіндігін алдын-ала анықтайды. Халықаралық құқықтың алғашқы субъектілерінің құқықсубъектілігін белгілейтін нормалар жоқ, бірақ олардың құрылған сәттен бастап құқықсубъектілігінің болатынын бекітетін нормалар ғана бар.

Халықаралық құқықтың егеменді емес (туынды) субъектілерінің құқық субъектілігінің заңды қайнар көзі болып олардың - құрылтай құжаттары болып табылады. Бұндай құжаттар халықаралық келісімшарт түріндегі халықаралық құқықтың алғашқы субъектілері қабылдайтын және бекітетін олардың жарғылары болып табылады. Туынды халықаралық құқықтың субъектілерінің құқықсубъектілігі шектеулі, сондықтан да олардың құқықсубъектілігінің көлемі мен мазмұны халықаралық құқықтың алғашқы субъектілерінің ерік-жігеріне байланысты болады.

Халықаралық құқықтың субъектілерінің ішкі мемлекеттік құқықтың субъектілерінен ажырататын белгілері болады:

1) Халықаралық құқықтық нормалардан туындайтын құқықтар мен міндеттердің болуы;

2) Ұжымдық құрылым болып табылады [мемлекет билік және басқару аппарат; күресуші халық - ел ішінде және халықаралық қатынастарда оны білдіретін - саяси орган. Халықаралық ұйымдар - тұрақты әрекет ететін органдары; Биліктік өкілеттіліктерін жүзеге асыруда халықаралық- құқықтың субъектілері салыстырмалы түрде тәуелсіз және бір-біріне бағытынышты емес. Әрқайсысының өзінің халықаралық мәртебесі бар және халықаралық қатынастарға өз атынан қатысады].

3) Халықаралық нормаларды әзірлеуде және қабылдауда қатысатын қабілеттілігі бар. Келісімшарттың құқық-әрекет қабілеттілік халықаралық құқық субъектіліктің маңызды элементі. Халықаралық құқықтың субъектілері халықаралық-құқықтық нормалардың адресаттары ғана емес, сондай-ақ оларды шығаратын (тудыру, құрастыру) тұлғалар болып табылады. Халықаралық құқықтың субъектілері – сонымен бір уақытта халықаралық құқықтың саласы – халықаралық келісімшарт құқығының субъектілері болып табылады.

Осы аталған үш элементтің болуы (халықаралық құқықтың нормалардан туындайтын құқықтар мен міндеттердің болуы, ұжымдық құрылым түрінде болуы, халықаралық құқықтық нормаларды құруда тікелей қатысуы) қандайда бір құрылымды халықаралық құқықтың субъектісі деп санауға болады.

Мемлекет халықаралық құқықтың негізгі субъектісі болып табылады. Халықаралық құқық субъектілік мемлекетке өзінің өмір сүру кезінен бастап тән.

Үкімет аралық емес халықаралық ұйымдар, (дүниежүзілік кәсіподақтар федерациясы), ереже бойынша, заңды және жеке тұлға қрылды және «шетелдік элементі бар» қоғамдық бірлестіктер болып табылады. Осындай ұйымдардың Жарғылары үкіметаралық ұйымдардың Жарғыларымен айырмашылығы халықаралық келісім шарт болып табылады.

Бірақта бұндай ұйымдар үкіметаралық

ұйымдарда кеңес беруші халықаралық мәртебесі берілуі мүмкін, мысалы, БҰҰ-да және оның арнайы мекемелерінде, осылай, парламентарлық одақ БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінде бірінші категориялы мәртебеге ие.

Бірақта үкімет аралық емес ұйымдар халықаралық құқық нормаларын жасай алмайды және де үкімет аралық ұйымдардан айырмашылығы, халықаралық құқықтық субъектіліктің барлық элементтері болмайды.

Халықаралық үкіметаралық ұйымдарда егемендік болмайды, өз территориясы, тұрғыны мемлекеттің өзге де атрибуттары болмайды. Олар халықаралық құқыққа сәйкес келісімшарт негізінде

егеменді субъектілерінен құрылады және құрылтай құжаттарнда бекітілген нақты құзырлықтары болады. Осы құрылтай құжаттарға қатысты 1969 ж.

халықаралық келісім шарт құқығы туралы Вена Конвенциясы әрекет етеді.

Халықаралық ұйымдардың негізгі қатынастары

1. Халықаралық нормаларды құруға қатысу құқығы;
2. Нақты биліктік өкілеттіктерді ұйыморгандарының пайдалану құқығы; соның ішінде орындалуы міндетті шешім қабылдауға құқық;

3. Ұйымға және оның

қызметкерлеріне берілген артықшылықтармен иммунитеттерді пайдалану құқығы;

4. Қатысушылары арасындағы дауларды қарастыру құқығы;

1991ж. 14.06. «Қазақ КСР-дегі валюталық реттеу» Заң, Қазақ КСР Президентінің жарлықтарының, министірлер кабинетінің бірқатар жарғыларының шығарылуы.

Халықаралық құқықта субъективті және объективті қасиеті болып:

1. Егемендік;
2. Дербес келісім-шарттық тәжірибе;
3. Шет мемлекеттермен дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасуы;
4. Егеменді мемлекеттің халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуы;

Осындай қасиеттер Қазақ КСР да болды, ортақ халықаралық құқықтық субъектілікте көрінді. Тек 1991 ж. бастап егеменді Қазақстан тікелей құқықтық субъектілікке ие болады. Ал бұл ҚР-сына дербес халықаралық мәртебе, халықаралық құқық негізінде халықаралық құқықтық шығармашылықтың қатысушысы болуға мүмкіндік берді.

ҚР халықаралық құқықтық субъектілігі үшін егемендік қажет болды. Егемендік - мемлекетке ішкі және сыртқы қатынастарда тәуелсіз саяси ұйым болуға мүмкіндік береді.

4-сұрақ. Халықаралық келісімшарттар.

Халықаралық келісімшарт – оның субъектілерінің арасындағы құқық пен міндеттерді белгілейтін, солар үшін заңды міндетті халықаралық - құқықтық нормаларды тудыру туралыанық көрсетілген келісім. Халықаралық құқықтың субъектілерінің келісімдерінің 1-ші стадиясы – келісімшарттың мәтінін құрастыру және келісу; 2-ші стадиясы келісімшарттың мәтінінде көрсетілген ережелерді заңды міндетті түрде мақұлдау. Халықаралық келісімшарт (келісім, пакт, конвенция) халықаралық құқықтың ең негізгі қайнар көзі ретінде танылады.

Келісімшарт, ереже бойынша, жазбаша формада болады. Оның мәтінінің астына қолдар қойылып оны мөрмен бекітеді.

Халықаралық әдет-ғұрып – ұзақ уақыт қолданудың нәтижесінде әдетке енген және мемлекеттердің санкциялауы нәтижесінде міндетті болып табылатын мінез құлық ережелері. Ол халықаралық құқықтың да, ұлттық құқықтың да қайнар көзі болып табылады.

Ұлттық құқықта азаматтардың, адамдар топтарының және мемлекеттің күнделікті жай ережелерді сақтай отырып әрекет етуінен, әдеттегі әрекеттерінен әдет-ғұрып туындайды және оларға жалпыға міндетті статус беріледі.

Ал халықаралық құқықта мемлекеттердің өздері бір-бірінің арасындағы қатынастарды реттейтін халықаралық әдет-ғұрыптарды тудырады. Осыған байланысты, халықаралық құқықта халықаралық байланыс жасаған кезде мемлекеттердің мінез-құлықтарының бірыңғай нормаларын белгілейтін бір орталық жоқ немесе болған емес, сондықтан халықаралық қатынастарды келісімшарттық реттеуде кемшіліктер болуы мүмкін. Осыған байланысты, әдет-ғұрыптар және салт – дәстүрлер ІМҚ қарағанда халықаралық құқықта өте зор маңызы бар. Келісімшарт халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде салыстырмалы түрде жақын арада бекіді. Мемлекеттердің өзара қатынастарының даму тарихында әдет-ғұрып халықаралық құқықтың бірден-бір маңызды қайнар көзі болып табылады. Бұл тұжырым еуропа және азия елдері үшін де ақиқат. Дипломатиялық, сыртқы сауда қатынастары негізінен әдет-ғұрыптардың көмегімен реттелгенін халықаралық қатынастардың тарихы куәландырады. Ежелгі кезден бастап халықаралық байланыстарды жүзеге асыруда бірнеше рет қолданылған мемлекеттердің әрекеттерінен халықаралық қатынастар сферасында мемлекеттердің мінез-құлық реттейтін кәдімгі ережелер қалыптасты. Оларды сақтаудағы мемлекеттің үнсіз келісімі, оларды ұзақ уақыт қолдану, олардың заңды күшін мақұлдау туралы міндеттемені өзіне қабылдау нәтижесінде олар халықаралық құқықтың қайнар көзінің күшіне ие болды. Олар халықаралық сауда әдет-ғұрыптары деп деп аталады және тарапардың екеуімен де орындалатын болады.

Келісімшарт және әдет-ғұрып қазіргі халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады.

Қазіргі уақыттағы халықаралық қатынастарда халықаралық құқықтың қ.к. ретінде халықаралық конференциялар мен мәжілістердің қорытынды актілері пайдаланылады.

Халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде халықаралық-құқықтық нормалар көрсетілген конференциялардың және мәжілістердің актілері болып табылады. Мысалы, Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық мәжілістің құжаттары; Веналық қорытынды құжат, 1989 ж., 1990 ж. Копенгагенде болған мәжілістің құжаты, 1986 ж. Стокгольмде болған қорытынды құжат.

Барлық осы құжаттарда халықаралық құқықтың субъектілерінде мінез-құлық ережелері бар. Мысалы, СБСЕ –ның қорытынды актісі халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының ережелерін дамытты, Европадағы сенімділікті нығайту шараларын белгіледі, СБСЕ –нің Стокгольмдік документі сенімділік шараларының қатарын қатарын кеңейтті. Осы көрсетілген актілер халықаралық құқық болып табылмаса да міндетті заңды қажеті бар. Осы құжаттар мінез-құлық ережелерімен қатар оларды сақтауда бақылау және тексеру қарастырылған. Халықаралық құқықтық нормаларды тудырудың жаңа әдісі – халықаралық органдар мен ұйымдардың резолюцияларын қабылдау. Халықаралық ұйымдардың резолюциясының заңды күші олардың уставтарымен анықталады. Уставтарына сәйкес көптеген ұйымдардың (рекомендательный) ұсыну сипатында болады.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының жоғары сотының қаулысына сәйкес «Конституциялық заңды іс жүзіне енгізу тәртібі туралы», «Қазақстан Республикасының егеменді мемлекет туралы» республикасының сәйкес заңнамалары мен басқа да нормативті актілер қабылдағанға дейін СССР-дің заңнамаларының нормалары қолданылуы мүмкін, себебі, олар Қазақстан Республикасының заңнамаларына және басқа актілеріне қайшы келмейді.

Келісімшартты нормативті актілерден мына ерекшеліктерімен ажыратылады:

- 1) Келісімшартпен қарастырылатын мінез-құлық тәртіп ережесін тек қана оның қатысушылары орындауға міндетті;
- 2) Келісімшарт тең құқықтық мүмкіндіктері бар субъектілер арасында қалыптасқан қатынастарды реттейді.

Әкімшілік келісімшарт әкімшілік құқықтық қатынастардың заңды формасы болып табылады.

Ол келісім шарт болуы мүмкін:

- 1) Әкімшілік қатынастарды реттеу қажет;
- 2) Міндетті субъект ретінде мемлекеттік басқару органы болатынын білу қажет;
- 3) Мемлекеттік басқару органдарының атқарушы басқару функцияларын (қызметін) жүзеге асыру;
- 4) Басқару органдарының құзырлығын (компетенциясын) анықтайтын құқықтық нормалармен қарастырылған нәтижеге жетуге бағытталған тараптардың келісімі болу керек;
- 5) Заңды факт ролінде кіру қажет, соның күшінде ӘҚК-с туындайды, өгереді және жойылады.

Құқықтық құбылыс ретінде ӘҚ-тың ҚК – дерін ары қарай оқып зерттеуді және терең игеруді қажет етеді.

1993 ж. 13 тамызда шығарылған, ол Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдармен Инвестициялық қорлардың құнды қағаздарын шығару және тіркеу туралы инструкция бекіткен.

ҚР Конституциялық Кеңесі (Конституционный Совет РК) заң шығарумен қатар кез келген нормативті актіні Конституцияға сәйкес емес деп тануға және осы Нормативтік актінің негізінде туындаған барлық құқықтық қатынастардың барлығының күшін жоя алады. Сондықтан Конституциялық Кеңестің нормативті қаулылары ӘҚ-тың ҚК болып табылады.

Жоғарғы соттың нормативті қаулыларын ӘҚ-тың ҚК-деріне жатқызуға болады егер осы қаулылар мыналарға қатысты болса:

- а) Әкімшілік істерді қарастырудағы практиканы жинақтап қорытса;
- в) Әкімшілік заңнаманың құқық қолдану практикасын жетілдірсе;

Әкімшілік құқықтың ҚК–нормативті актілерінің - заңды күшінің дәрежесі бойынша классификациясы осындай.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес және Қазақстан территориясындағы қалыптасқан практикаға сәйкес әкімшілік құқықтың қайнар көзі ретінде халықаралық актілер танылады, мысалы 1966ж. 16желтоқсанда шыққан азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және 1948ж. 10 қыркүйекте шыққан адам мен азамат құқығының жалпыға ортақ декларациясы.

5 - сұрақ. Қазақстан халықаралық құқық субъектісі ретінде

Халықаралық құқықта субъектінің объективті қасиеті болып:

1. Егемендік;
2. Дербес келісім-шарттық тәжірибе;
3. Шет мемлекеттермен дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасуы;
4. Егеменді мемлекеттің халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуы танылады.

Тек 1991 ж. бастап егеменді Қазақстан тікелей құқықтық субъектілікке ие болады. Ал бұл ҚР-сына дербес халықаралық мәртебе, халықаралық құқықтық шығармашылықтың қатысушысы болуға мүмкіндік берді. ҚР халықаралық құқықтық субъектілігі үшін егемендік қажет болды. Егемендік — мемлекетке ішкі және сыртқы қатынастарда тәуелсіз сәси ұйым болуға мүмкіндік береді:

Тәуелсіз Қазақстан Республикасына өзіндік сыртқы саясаты ұстанымын қалыптастыру қажет болды. Сыртқы саясаттағы негізгі мақсат — елдің қауіпсіздігін сақтау, саяси және экономикалық қарым-қатынастарда аймақтық, субрегионалдық құрылымдарға ену, тәуелсіз

мемлекет есебінде елдің дамуы үшін сыртқы қолайлы жағдайларды қарастыру және оны тиянақтау.

«Азия мен Еуропаның түйіскен жерінде орналасқан геосаяси жағдайы, экономикалық және әскери-саяси мүдделері, сондай-ақ қол жеткен қуаты Қазақстанды қазіргі халықаралық қатынастарда өзінің айналасындағы елдермен қауіпсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығын құрметтеу қағидаларына негізделген тату көршілік аймағын құруға мүдделі ірі аймақтық мемлекет ретінде танытты».

Бүгінгі әлем күрделі де жан-жақты. Бұрынғы кездегі идеологиялық қарама-қайшылық (социалистік жүйе — капиталистік жүйе) енді жекелей мемлекеттердің экономикалық және саяси беделіне ауысты.

1993 жылдың 13 желтоқсанында Үкімет қаулысына сәйкес, ядросыз мемлекеттер қатарында Қазақстан *«Ядролық қаруды таратпау жөніндегі Келісімге»* қосылды. Республикааумағында бір неше жылдар бойы ядролық қару болып келді. Бірақ оны Қазақстан өз бақылауында ұстай алған жоқ. Ендігі бірден-бір шешім — ядролық қарудан бас тарту еді. 1994 жылы үш мемлекеттің — Еуропадағы қауіпсіздік пен өзара достық қарым-қатынастар жөніндегі Будапештте өткен Кеңесінде Қазақстанның қауіпсіздігін сақтауға Ұлыбритания, АҚШ және Ресей мемлекеттері өз кепілдіктерін берді. 1995 жылы оларға Қытай мен Франция қосылды. Сөйтіп, Қазақстанның тәуелсіздігі, дербестігі, шекара біртұтастығы мен қауіпсіздігі басты-басты ядролық державалар тарапынан кепілдікке алынды.

Ядролық қаруды өз жерінен көшіру үшін республика 84 млн доллар алды. 1995 жылдың 26 мамырында ядролық қарудың соңғы бөлшектері республика аумағынан әкетілді. 1995 жылдың 30 мамырында Семей сынақ алаңында қалған ең соңғы ядролық заряд жойылды.

90-жылдары әлемде бірқатар аса маңызды геосаяси және экономикалық өзгерістер болды. КСРО-ның ыдырауы, бұдан кейінгі Ресей жағдайын анықтау, бірігуге бет алған Еуропамен реформадан кейінгі Қытайдың күшейе түсуі, бірқатар Азия аумағы мемлекеттерінің пайда болуы, жаңа халықаралық экономикалық жүйенің қалыптасуы, т.б. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан өзінің сыртқы саясатында мына төмендегі аймақтық саяси одақтарға сүйенеді:

- АӨСШК — Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес — 1992 жылдың қазан айында болды. БҰҰ Бас Ассамблеясында Н.Назарбаев бұл ұйымды қолдап сөз сөйледі.
- Еуразиялық Одақ 1994 жылдың наурыз айындағы Мәскеуге сапары кезінде Н. Назарбаев бұл одақты құру жөнінде мәселе көтерді.
- 1992 жылдан бері Қазақстан Экономикалық өзара қарым-қатынас ұйымына Иран, Пәкістан, Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Ауганстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан мүше болды.

Қазақстанның геостратегиялық басымдылығы үш бірдей әлеуметтік-экономикалық және әлемдік қатынастардың саяси орталығына негізделеді. Олар Солтүстік Америка, бірігу бағытындағы Еуропа және Тынық мұхит аймағы. Орталық Азияда орын тепкен жас мемлекетке дүниежүзілік экономикалық кеңістікке шығу әлдеқайда тиімді.

Қазақстанның геосаяси жағдайы, қазақстандық өнімдерді дүниежүзілік рынокқа шығару жолдарын іздестіру қажеттігі жан-жақты халықаралық байланыстар орнатуға қосымша негіз болды.

Халықаралық байланысты жүзеге асыруда Қазақстанның сыртқы саясаты дүние жүзінде қалыптасқан жағдайға байланысты көпбағыттылығын ескеру принципінен шығуы керек. Дүние жүзіндегі саяси және экономикалық үдерістердің ғаламдық сипаты жағдайында, жекелеген елдер қауіпсіздігіне кепілдік ұжымдық күш-жігермен ғана қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасы өзімен шекаралас елдердің бәрімен сенімге негізделген тату көршілік қатынас орнатуға тырысады. Бұл мақсатқа жету үшін Қазақстан қауіпсіздік жүйесін құруға арналған және халықаралық ынтымақтастықтың барлық деңгейіндегі қарусыздану ісіне міндетті түрде қатысады. Оның бірнеше деңгейі бар:

- Қазақстанның ТМД-дағы халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану саласындағы ықпалдастық саясаты;
 - Қазақстанның Азияда бейбітшілікті және тұрақтылықты қолдау туралы ұйым құру ұсынысы;
 - Қазақстан халықаралық БҰҰ, ЕҚЫҰ және т.б. ұйымдарға қатысып, қарусыздану және бейбітшілікті қолдау саясатын жүзеге асырады.
- Қауіпсіздікке кепілдік алуға қол жеткізу үшін Қазақстан бірқатар сыртқы саясат әрекеттерін қарастырды.

1992

жылы Ташкентте Қазақстанның, Қырғызстан, Тәжікстан, Белоруссия, Армения, Әзірбайжан, Грузия мен Өзбекстанның басшылары бас қосып, *Ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісімге* қол қойды. Мемлекет басшылары және ТМД Біріккен Қарулы күш Бас қолбасшыларынан тұратын Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі құрылды. 1999 жылы 14 қыркүйекте Алматыда АӨСШК мүшелері — 15 мемлекеттің Сыртқы істер министрлерінің кездесуі өтті. 1995 жылы үш республика — Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан басшылары БҰҰ Бас хатшысына БҰҰ қарамағындн Біріккен ортаазиялық бейбітшілік сақтау батальонын (ОртАзБат) құру туралы ұсыныс енгізді. 1997 жылы ОртАзБаттың алғашқы оқу-жаттығулары өткізілді. 1996 жылы бес мемлекет — Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан әскери салада және шекаралық аудандарда сенім шараларын нығайту туралы Келісімге қол қойды. 1997 жылы шекаралық аудандардағы қарулы күштерді келісімді қысқарту туралы Келісімге қол қойылды. Бұл келісімдер Қытаймен шекара жөніндегі дауды реттеуге негіз болды. 2001 жылғы көктемде бұл Келісімге Өзбекстан қосылып, Шанхай бестігі *Шанхай ынтымақ тастық ұйымы* (ШЫҰ) болып құрылды.

Республика ішінде жүргізіліп жатқан реформаларды қамтамасыз ету жөнінде де бірқатар міндеттердің бар екені белгілі. Оларды атап айтсақ:

- Қазақстан экономикасы үшін дамыған мемлекеттер және жекелеген қаржы ұйымдары тарапынан қаржы салымын тарту;
- Экономикалық міндеттер, экологиялық мәселелер, дүниежүзілік коммуникацияға шығу үшін қаржы тарту және практикалық көмек көрсету;
- Әр түрлі мәселелер бойынша халықаралық ақпараттармен алмасуға қатысу;
- Қазақстандық экономиканың, ғылым мен басқарудың әр түрлі салалары үшін шетелдерде мамандар даярлау бағдарламасын жүзеге асыру;
- Шетелдердегі Қазақстан азаматтарының мүддесі мен құқықтарын қорғау;
- Шетелдік серіктестермен еліміздің сауда-экономикалық байланыстарын кеңейту.

Аталған бағыттар бойынша Қазақстанның дипломатиялық қызметін тұрақты жүзеге асыру біздің еліміздің ұзақ мерзімдік басым бағытын іске қосуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның сыртқы саясаты 1991 жылдан 2001 жылға дейінгі 10 жыл ішінде күрделі даму жолынан өтті. 1991—1993 жылдары Қазақстан халықаралық құқық субъектісі ретінде әлемдік қоғамдастыққа ену шараларын жүзеге асырды, дүние жүзіндегі жетекші елдермен ынтымақтастықтың келісімдік-құқықтық базасын қалыптастырды.

1994—1997 жылдары сыртқы саясат қызметінде мықты құқықтық база құру жұмысы жалғастырылды, бірінші кезекке шет елдер стратегиялық ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету тетігін қалыптастыру міндеті шықты.

1997 жылдан бастап Қазақстанның сыртқы саясатында үшінші даму кезеңі басталды, ол ел алдында жаңа ғаламдық жағдайлар тууымен сипатталады. Қазақстанның сыртқы саясатындағы бағдары «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасында ашып көрсетілді.

2003 жылы Алматыда Бейбітшілік пен өзара келісім жөніндегі халықаралық конференция мен Әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің I съезі болып өтті. 2006 жылдың қыркүйек айында Астанада Бейбітшілік пен өзара келісім Сарайында Әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің II съезі болды.

Қазақстан және БҰҰ. Дүние жүзіндегі көптеген экономикалық және саяси жаһандау үдерістері халықаралық құқықтың басты-басты қағидаларын алға қойып отыр. Қазақстан жекелеген мемлекеттермен сыртқы қарым-қатынасында халықаралық құқықтың көпшілік таныған нормаларын сақтауды көздейді.

Сондықтан да жас мемлекет үшін БҰҰ, ЕҚЫҰ (ОБСЕ) — (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Халықаралық Еуропалық даму және қайта құру банктері, Халықаралық валюта қоры, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО, т.б. сияқты ірі-ірі халықаралық ұйымдарға мүше болуы аса маңызды жағдай.

1992 жылғы 2 наурыздағы БҰҰ Бас Ассамблеясының (БҰҰ БА) 46-сессиясында Қазақстан Республикасын БҰҰ-ға мүшелікке алу жөніндегі қарарға қол қойылды. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше мән бере отырып, Қазақстан БҰҰ-ның бейбітшілікке бағытталған қызметіне белсенді түрде қолдау көрсетті. 1996 жылы Қазақстан БҰҰ-ның, бейбітшілікті қолдайтын шараларына қатыса алатын резервтік келісімдер жүйесіне қосылған 51 - мемлекетке айналды.

1998 жылы 16 қарашада БҰҰ БА-ның 53-сессиясы *«Халықаралық ынтымақтастық және тұрғындарды сауықтыру Қазақстандағы Семей аумағының экологиясы мен экономикалық дамуы мақсатындағы жұмыстарды үйлестіру»* деп аталған қарар қабылдады. Қазақстан басқа да халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесіне айналды. 1998 жылы республика БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесі (ЭӘК) жанындағы комиссия құрамына кірді. Қазақстанның БҰҰ-ның балаларға көмек қорымен (БКҚ) ынтымақтастығы кең түрде даму үстінде. Республикада *«Бала мен ана денсаулығы»*, *«Базалық білім беру»*, *«Сумен қамтамасыз ету және санитария ісі»* және басқа да бағдарламалар бойынша жұмыстар жүргізілді. 1997 жылы Қазақстан БҰҰ-ның балаларға көмек қорының Атқару Кеңесіне мүше болды.

1996 жылы мамырда ЮНЕСКО (БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелерімен айналысатын ұйымы) делегациясының Алматыға сапары кезінде үлкен ғаламдық ЮНЕСКО бағдарламаларын (*«Адам және биосфера»*, *«Халықаралық гидрология»*) жүзеге асыру жөнінде келісімдерге қол жеткізілді. 1997 жылғы қарашада ЮНЕСКО-ның Париждегі Бас конференциясында Қазақстан ЮНЕСКО-ның Атқару Кеңесінің мүшелігіне қабылданды. 1994—1995 жылдарда ЕҚЫҰ-ның төмендегідей құрылымдарымен тұрақты ынтымақтастық байланыстар орнады: аз санды ұлттар жөніндегі институты, демократиялық институттар мен адам құқығы бюросы. 1999 жылдың қаңтарынан бастап Алматыда ЕҚЫҰ орталығы тұрақты жұмыс істейді.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
4. Құқықтанудан қазақша-орысша сөздік

Қосымша әдебиеттер:


1. ҚР ның Конституциясы 30.08.1995 жыл
2. Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет». ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы ҚР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ, 16.12.1991ж.
3. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы N 3 Заңы
4. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңы

ҚОРЫТЫНДЫ


Ел дамуының жаңа кезеңі мен тәуелсіздігіміздің үшінші он жылдығында білімді, тәрбиелі, өнегелі жастарды қалыптастыру тәуелсіз мемлекетіміздің өркен жаюының негізі. Елімізде құқықтық білімді, құқықтық білімді, құқықтық сана мен тәрбиені, одан әрі өмір талабына сай жетілдіру қажет. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы демократиялық зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет. Құқықтық мемлекеттің негізі атқаратын қызметі қоғамдық өмірдің барлық салаларын заң, әділетті құқық нормасымен ретке келтіру, басқару, қызмет көрсету салаларында заң талаптарын басты басшылыққа ала отырып, адам, қоғам, мемлекет мүддесіне адал қызмет атқару болып табылады. Өйткені, құқықтық норма-әділет жолы, адам, қоғам, мемлекет мүддесінің үйлестірушісі, заңдылық пен демократияның даму негізі. Қазақстанның өркендеуі, гүлденуі, дүние жүзінде алдыңғы қатарлы мемлекет санатында көрінуі үшін құқықтық сауаттылықты, тәрбиені, сананы жетілдіру баршаға аян. Еліміздің әрбір азаматы өз құқығын, бостандықтарын, міндеттерін білуі тиіс, әрбір азамат құқық нормаларын, заңдылық талаптарын берік ұстануы керек. Сонда ғана мемлекетіміз саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан дамып, тәртіп нығаяды.


Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуы тиіс. Құқықтық сана сезімнің басты мақсаты-адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, олардың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылатындығында. Құқықтық мәдениет боса құқық нормаларын білу, толық түсіну, оларды басшылыққа ала отырып адамзаттың ортақ мүддесіне қызмет істеуді білдіреді. Құқықтық мәдениет құқықтық сана сезіммен тығыз байланысты және содан негіз алып дамиды, жетіледі. Субъектінің өзінің іс-әрекетінде құқық нормаларын басшылыққа алуы оның құқықтық мәдениеттің ерекшелігін, дәрежесін білдіреді. Құқықтық тәрбие-қоғам мүшелерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Мемлекет неғұрлым құқықтық тәрбиеге ерекше мән берсе – құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық білім биік дәрежеден көрініс табады. Өйткені құқықтық сана, мәдениет, құқықтық ғылым – тәртіптің қайнар көзі, бастауы. Тәртіп барлық жетістіктердің қайнар көзі. ТжКББ орындарында қазіргі кезде «Құқық негіздері» пәні оқытылады. Құқықтық білімді, сананы, тәрбиені жетілдіру – кең байтақ Қазақстанның барлық жерінде үздіксіз, біркелкі, биік дәрежеде жүзеге асырылуы керек. Қоғамның әрбір мүшесі өз құқығын, міндетін заң нормалары негізінде жүзеге асыруы керек. Қазіргі кезде кез-келген адам қоғам, мемлекет арасындағы қарым-қатынас құқықтық нормалар арқылы реттеліп, жүзеге асырылды. Қоғам мүшелері әсіресе, жастар конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, жер, су, экология, салық, қаржы, еңбек, отбасылық құқық салаларын білуі қажеттілік.

ҚОСЫМШАЛАР





ҚҰҚЫҚ






*Прецедент-белгілі бір қалыптасқан ахуалда үлгі ретінде қабылдауға болатындай тәртіп ұстану.










Азаматтардың негізгі міндеттері



Мемлекеттің белгілері





Қазақстан мемлекетінің механизмі




Қазақ мемлекеті қызметінің бағыттары









Қылмыс жасау сатылары

Қылмысқа дайындалу

Қылмыс жасауға
оқталу

Аяқталған қылмыс

Қылмыс санаттары

онша ауыр емес
қылмыстар

ауырлығы
орташа
қылмыстар

ауыр
қылмыстар

аса ауыр
қылмыстар

Бас бостандығынан айыру мекемелері

колония-қоныс


түзеу колониясы

түрме

Жалпы режимдегі
колония


Қатаң режимдегі
колония


ерекше режимдегі
колония




Әкімшілік жаза түрлері

• ескерту жасау
• арнайы құқықтан айыру
• заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу
• рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау
• шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу
• әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу
• әкімшілік айыппұл
• қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу
• әкімшілік қамаққа алу





Жұмыс уақытының ұзақтығы



ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫ

Тақырып. Кіріспе. Құқық пәні, әдісі және заң ғылымы

Құқық негіздері пәнін зерттейтін әдістерді талдаңыз:

Жалпы ғылымдық әдістер  1)

Жалпы логикалық әдістер  1)

Жекелеген ғылыми әдістер  1)

Тапсырма.

1) Мемлекет және құқық теориясының әдістерін атаңыз, дәптерге конспектілеңіз:

Философиялық-дүниетанымдық амал –

Жалпы ғылыми әдістер -

Жеке ғылыми әдістер -

Жеке құқықтық әдістер –

5) Қазақстанда заң ғылымының даму тарихын кезеңге бөліп, сипаттама беріңіз.

6) Қазақстанда заң ғылымының әр түрлі саласында іргелі зерттеулер жүргізіп, құқықтануға айтарлықтай үлес қосқан заңтанушы, ғылым докторлары, зерттеушілерді атаңыз.

Тақырып. Мемлекет және құқық теориясы

Тапсырма. Мемлекет пен құқықтың пайда болу түрлерін кестеге толтырыңыз:

№	Мемлекеттің пайда болу түрлері	Сипаты
1.		
2.		

№	Құқықтың пайда болу түрлері	Сипаты
1.		
2.		

Тапсырма. Мемлекет пен құқықтың пайда болу теорияларын сипаттаңыз:

Глоссарий	Теорияның негізін қалаған	Сипаты, анықтамасы	Дүниежүзі мемлекеттерінен мысал келтіріңіз
Теологиялық теория			
Патриархалдық теория			
Географиялық теория			
Тарихи теория			
Марксистік теория			

Психологиялық теория			
Табиғи құқықтық теория			
Органикалық теория			
Күштеу теориясы			

Пысықтау сұрақтары

- 2) Мемлекеттің механизмі деген не және қандай қағидаларға негізделген?
- 3) Мемлекеттің функциясын топтастырыңыз және сипаттама беріңіз.
- 4) Мемлекет және құқық теориясының атқаратын қызметті қандай және оған сипаттама беріңіз.

Сұрақ-жауап:

Мемлекет бір үстем таптың мүддесін қорғайтын құрал деп анықтама берген кім?

- 1) Марксистік тұрғыдан қарағанда адамзат тарихындағы мемлекеттер төрт түрге бөлінеді. Мемлекеттің төрт түрін ата.
- 2) Мемлекет бір тарихи типтен екінші типке революция арқылы өтеді. Мемлекеттің тарихи типін белгілейтін фактор не?
- 3) 1991 жылы социалистік жүйе ыдырады. Социалистік жүйені сақтап қалған әлемдегі төрт мемлекетті ата.


Тапсырма

Мемлекет – белгілері:

	Мемлекеттің белгілері	Құқықтық мемлекеттің белгілері
1.		
2.		
3.		
4.		
5.		

Тапсырма

МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫ



Тақырып. Құқық туралы негізгі түсініктер. Құқықтық нормалар және элементтері

Тапсырма.

1. Құқықтық норма дегеніміз не?
2. Құқықтық реттеу пәнін ата.
3. Құқықтық реттеудің негізгі әдістері?
4. Құқық жүйесі ұғымына анықтама беріңдер.
5. Құқық жүйесі элементтерін ата
6. Конституциялық құқықтың пәні?
7. Конституциялық құқықта қандай әдістер қолданылады?
8. Конституциялық құқықтың қайнар көздері?

Тапсырма. Кестеге құқықтық нормалардың белгілерін жазыңыз:

№	Құқықтық нормалардың белгілері
1	
2	
3	
4	
5	

Құқықтық нормалар элементтері

Құқықтық нормалар элементтері:		
<i>Құқықтық нормалар элементі?</i>	<i>Құқықтық нормалар элементі?</i>	<i>Құқықтық нормалар элементі?</i>
Тәртіп ережелерінің қарастырылған нормалары әрекет ететін жағдайларды сипаттайтын нормалардың бір бөлігі. Диспозиция қашан басталады, аяқталады, нормативтік кесім қалай орындалуы керек, осы жағдайларды көрсетеді	Тәртіп ережелерінің өзін сипаттайды. Қатынас мазмұны мен субъектілердің құқығы мен міндеттерін көрсетеді	Нормаларды орындамау салдарын қарастырады. Құқықтық норманың диспозициясы бұзылған жағдайда қолданылатын жағымсыз шараны көрсететін құқықтық норманың бөлшегі.

Тапсырма

Құқықтық нормалар түрлері

1. Атқаратын жұмысына қарай нормалар екіге бөлінеді: **реттеуші нормалар, қорғаушы нормалар.**

2. Мазмұнына қарай нормалар үшке бөлінеді: **міндеттеуші, тыйым салушы, ерік беруші нормалар.**

Құқықтық нормаларды ҚР Конституция баптары негізінде талда. Торкөзге сәйкесінше баптарды жаз.

№	Атқаратын жұмысына қарай нормалар	
1	Реттеуші нормалар	
2	Қорғаушы нормалар	
	Мазмұнына қарай нормалар үшке бөлінеді	
1	Міндеттеуші	
2	Тыйым салушы	
3	Ерік беруші нормалар	

Тапсырма.

Конституциялық құқық түрлеріне байланысты ҚР заңдық күші бар құқықтық нормативтік актілерді анықта:

Конституциялық құқық	Құқықтық нормативтік актілер
Конституция	
конституциялық заңдар	
әдеттегі(жай) заңдар	
президенттің нормативті жарлықтары	
үкімет қаулылары	
халықаралық келісімшарт	
басқа да құқықтық нормативтік актілер	

Тапсырма. Ұғымдарға анықтама беріңіз:

Глоссарий	Анықтама
нормативті құқықтық актілер	
нормативті құқықтық актілер түрлері	
құқық нормасы	
құқық нормасы құрылымы	
құқықтық реттеудің әдістері	
Императивті әдіс	
Диспозитивті әдіс	
Көтермелейтін әдіс	
Ұсынылатын әдіс	

Тақырып. Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, құқықтық мемлекет

Тапсырма.

Кестені толтырыңыз:




Тапсырма.

Кестені толтыр: «ҚР тәуелсіз, құқықтық мемлекет»

Мемлекеттер	Алаш автономиясы	Қазақ АКСР	Қазақ КСР	ҚР
Азаматтардың құқықтары				
Азамат бостандықтары				
Азаматтардың міндеттері				
Мемлекеттің егемендігі				
Мемлекеттің сипаты				

Тапсырма.
ҚР сипатын анықтаңыз:



Тапсырма.
Тәуелсіздік шежіресін толтыр:

Мерзімі	Оқиға
	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі республиканың егемендігі туралы Декларация қабылдады.
	Қазақ КСР Президентінің «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлығы болды. Қазақ жерінде 40 жылдан астам уақыт бойы сынақ жүргізілген ядролық қаруға нүкте қойылды. Елбасының осы тарихи шешімі, батыл қадамы бүгінде дүние жүзіне мәлім тарихи фактіге және біздің ұлттық мақтанышымыздың мәніне айналды.
	Қазақ КСР-інің Президентін сайлау туралы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Заңы қабылданды.
	Жоғарғы Кеңестің таңдауымен президенттің қызмет орны бекітілді. Қазақстанның тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.
	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заң қабылданды. Осы заңға сәйкес жаңа құрылған тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы деп аталды.
	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қазақстанның бұл қабылданған Заңы бұрынғы КСРО елдерінің ішінде ең соңғы заңы болып табылады.
	«Қазақстан Республикасында ішкі әскерлері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қабылданып, мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында еліміздің ішкі істер әскері құрылды.
	Қазақстан Республикасы ТМД елдерінің ішінде бірінше болып 56 мүше елді біріктірген мемлекетаралық беделді ұйым Еуропа қауіпсіздігі және ынтымақтастығы ұйымына төрағалық ету мүмкіндігіне ие болды


Жауап кілті:

1	2	3	4	5	6	7	8
1990 жылы қазан	1991 жылдың 29 тамыз	1991 жылы 16 қазан	1991 жылы	1991 жылы 10 желтоқсан	1991 жылы 16 желтоқсан	1992 жылы 10 қаңтар	2010 жылы

Тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциясы – конституциялық құқықтың негізгі бастауы

Тапсырма.

Қазақстанда әр жылдары қолданыста болған Конституцияларға қысқаша сипаттама беріңдер:



Тапсырма. ҚР Президенттігіне кандидатқа қойлатын негізгі талаптар (Конституцияның 41,43-баптары):

Президент болып сайлана алады
жасқа толған
тілін білетін
тұратын
мерзімге
партияға қатысы

Тапсырма. Сызбаны толтырыңыздар:

№	Сұрақтар	Мәжіліс	Сенат
1	Кім депутат бола алады....		
2	Депутат сайлау мына негізде жүреді...		
3	Сайлау рәсімі және құрамы...		
4	Депутаттардың өкілеттік мерзімі...		
5	Депутаттардың өкілеттігінің тоқтатылу жағдайы...		

Тапсырма. ҚР Конституциясының 71-бабына сай толтырыңдар:

	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Конституциялық Кеңес құралады:	
2.	Конституциялық Кеңестің құрамына Президент тағайындайды:	
3.	Сенат төрағасы тағайындайды:	
4.	Мәжіліс төрағасы тағайындайды:	
5.	Конституциялық Кеңестің құрамы жаңарады:	
6.	Конституциялық Кеңестің өмір бойы мүшесі болады:	

Тапсырма.

Парламенттегі заң шығару үрдісінің кезеңдерін айқындаңыздар:

Парламенттегі заң шығару үрдісі
1-кезең:
2-кезең:
3-кезең:
4-кезең:
5-кезең:



Тапсырма.

Билік органдарының қызметі мен атқаратын функциясына қарай сәйкесін табыңыздар:

1.	Президент	а) республикалық бюджетті құрады ә) заң жобаларын құрайды б) халықаралық міндеттерді орындау үшін ҚР Қарулы Күштерін пайдалану жөнінде шешім қабылдайды
2.	Парламент	в) ҚР-ның шет елдердегі дипломатиялық өкілеттігінің басшысын тағайындайды және шақырып алады г) соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешеді д) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады

Тапсырма.

ҚР Конституциясы бойынша алған білімдерінді пайдаланып кестені толығымен толтырыңыздар (77,79,82-баптар):

1	Судья сот төрелігін іске асыру кезінде кімге (неге) бағынады?	
2	Судьяны қандай жағдайда, қандай жауапкершілікке тартуға болмайды?	
3	Судьяның қызметі нелермен сыйыспайды?	
4	Облыстық және оған теңестірілген соттарды кім қызметке тағайындайды?	

Тапсырма. Бос торкөзге дұрыс жауаптың реттік санын сәйкестендіріп толтыр:

1.	ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі.	1.	II бөлім. Адам және азамат. 19-бап
2.	Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.	2.	I бөлім. Жалпы ережелер. 7-бап
3.	Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарын ұқыпты қарауға міндетті.	3.	I бөлім. Жалпы ережелер. 2-бап
4.	Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.	4.	II бөлім. Адам және азамат. 38-бап
5.	Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.	5.	IX бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер. 98-бап
6.	Конституцияда көзделген сот төрелігі мен тергеу органдары тиісті заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімде құрылады.	6.	VII бөлім. Соттар және сот төрелігі. 80-бап
7.	Соттарды қардыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.	7.	II бөлім. Адам және азамат. 25-бап
8.	ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі.	8.	II бөлім. Адам және азамат. 19-бап
9.	Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.	9.	I бөлім. Жалпы ережелер. 7-бап
10.	Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарын ұқыпты қарауға міндетті.	10.	I бөлім. Жалпы ережелер. 2-бап
11.	Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.	11.	II бөлім. Адам және азамат. 38-бап

12.	Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.	12.	IX бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер. 98-бап
13.	Конституцияда көзделген сот төрелігі мен тергеу органдары тиісті заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімде құрылады.	13.	VII бөлім. Соттар және сот төрелігі. 80-бап
14.	Соттарды қардыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.	14.	II бөлім. Адам және азамат. 25-бап

Жауап кілті:

1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.
2	1	4	3	7	5	6

Тапсырма. ҚР Конституция баптарын түріне қарай талда.

<i>Конституциялық - құқықтық нормалар түрлері</i>	<i>ҚР Конституция баптары</i>
реттеуші конституциялық - құқықтық нормалар	
құқық қорғаушылық конституциялық - құқықтық нормалар	
өкілеттік беруші конституциялық құқықтық нормалар	
тыйым салушы конституциялық құқықтық нормалар	
міндеттеуші конституциялық құқықтық – нормалар	

Тақырып. ҚР-ның азаматтарының негізгі құқықтары мен бостандықтары

Тапсырма. Тезисті конспект жаз.



Тақырып. Әкімшілік құқықтың түсінігі, пәні және негіздері

Тапсырма

1. Әкімшілік құқығы зерттейтін пән?
2. Әкімшілік құқықтың қайнар көздері?
3. Әкімшілік құқықтың негізгі мақсаттарын атаңыз.
4. Әкімшілік құқықтық нормалар ұғымына анықтама беріңіз.
5. Әкімшілік құқық норма түрлері қандай?
6. Уәкілеттік беретін норма дегеніміз не ?

7. Әкімшілік құқықтық қатынас ұғымына анықтама бер. Ерекшелігін көрсетіңіз.
8. Әкімшілік құқықтық қатынас субъектілерін атаңыз.
9. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы?
10. Қоғамдық бірлестік құру шарттары?
11. Саяси партия құру шарттары?
12. Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызметкер ұғымына анықтама беріңіз.
13. Мемлекеттік қызметкер қандай түрге бөлінеді?
14. Қандай адамдар мемлекеттік қызметке алынбайды?
15. Мемлекеттік қызмет қағидаттары қандай?

Тапсырма.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттары туралы ҚР ӘҚБтК 8- бапта қарастырылған. Қағидаттарға анықтама беріңіз:

- 1) Заңдылық қағидаты
- 2) Заң мен сот алдындағы теңдік қағидаты
- 3) Кінә қағидаты
- 4) Әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға жол бермеу қағидаты
- 5) Ізгілік қағидаты қағидаты
- 6) Жеке басқа қол сұғылмаушылық қағидаты

Тақырып. Әкімшілік жауапкершілік түсінігі. Әкімшілік жаза

Тапсырма.

1. Әкімшілік жауаптылыққа жататын тұлғаларды ата.

2. Осы ӘҚБтК көзделген құқыққа қарсы іс-әрекет жасаған кезде ақыл-есі дұрыс емес жағдайда болған, яғни өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нақты сипаты мен қауіптілігін сезіне алмаған немесе оларды созылмалы психикалық ауруының, психикасының уақытша бұзылуының, ақыл-есі кемдігінің немесе психикасының өзге де сырқатты жай-күйінің салдарынан басқара алмаған жеке тұлға әкімшілік жауаптылыққа жатпайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің (2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ) қандай бабында көрсетілген?

3. Қазақстан Республикасының аумағында жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қандай жеке тұлғалардың әкімшілік жауаптылық туралы мәселесі халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі?

4. Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайларды ата:

1	
2	
3	
4	
5	

5. Әкімшілік жаза түрлерін жаз:

1	
2	
3	
4	
5	
6	
7	
8	
9	

Тапсырма.

Сынақхат.

Әкімшілік құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған адамды сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) оған заңнамада көзделген қолдана отырып, әкімшілік жауаптылықтан немесе тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босатуы мүмкін. Кәмелетке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшерін айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды. Кәмелетке толмаған адамның айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, айыппұл немесе оларды алмастыратын адамдарға салынады. Арнайы құқықтан айыру кәмелетке толмағандарға аспайтын мерзімге қолданылуы мүмкін.

Тақырып. Азаматтық құқық ұғымы

- | | |
|---|--|
| 1. Азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу негіздері | 4. Азаматтың толық әрекет қабілеттілікке ие болу жасы |
| A. Шарттар мен мәмілелер | A) 18 |
| B. Бұйрық және ұйғарым | B) 16 |
| C. Сот үкімі немесе сот шешімі | C) 5 |
| D. Ұйғарым немесе келісім | D) 14 |
| E. Ереже және шешім | E) 21 |
| 2. Азаматтық заңдылықтың негізі | 5. Азамат есімінің құрылысы |
| A. Міндет | A) жеке аты мен заңды өкілінің тегі |
| B. Қағида | B) тегі мен әкесінің аты |
| C. Мақсат | C) тегі, есімі, қалауы бойынша-әкесінің аты |
| D. Құқық | D) жеке аты мен әкесінің тегі |
| E. Заңдылық | E) әкесінің тегі мен заңды өкілінің тегі |
| 3. Азаматтық құқық қабілеттілік тоқтатылады | 6. Азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы деректер болмаса азаматты хабар-ошарсыз деп тану мерзімі |
| A) әрекет қабілеттілігі тоқтатылса | A) 1 жыл |
| B) қорғаншылық пен қамқоршылық тағайындалса | B) 6 ай |
| C) сотпен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылса | C) 3 жыл |
| D) қайтыс болған соң | D) 4 жыл |
| E) қорғаншылық алынған жағдайда | |

Е) 5 жыл

7. Орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті ақша сомасы

А) кепіл болушылық

В) кепілпұл

С) кепілдік

Д) айыппұл

Е) несие

8. Бөлшектеп сатып алу-сату шартының заңи сипаттамасы

А) жариялы, консенсуалды, өзара, ақылы, екіжақты

В) біржақты, консенсуалды, жариялы, өзара

С) реалды, екіжақты, өзара, ақысыз

Д) реалды, ақылы, екіжақты

Е) көпжақты, жариялы, ақысыз

9. Белгілі бір объектіні бірнеше сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарт бойынша сақтандыру танылады

А) мүліктік сақтандыру

В) жеке сақтандыру

С) қос сақтандыру

Д) қайта сақтандыру

Е) сақтандыру жағдайы

10. Әрекетке қаблеттілігі шектеулі деп танылған азамат келтірілген зиян үшін жауапкершілікті өтейді

А) зиян келтірілген тұлғаның қызмет орыны

В) зиян келтірушінің қорғаншысы

С) зиян келтірушінің ата-анасы

Д) зиян келтірушінің өзі

Е) зиян келтірушінің қамқоршысы

11. Азаматтық айналымдағы дараландыру құралдарына жатады

А) тауарлық белгілер, фирмалық атаулар, ғылым, әдебиет

В) тауарлық белгілер, фонограммалар, тауарлар шығарылатын жердің атаулары

С) ашылмаған ақпарат, фирмалық атаулар, тауарлар шығаратын жердің атаулары

Д) тауарлық белгілер, фирмалық атаулар, тауар шығаратын жердің атауы

Е) әдебиет, тауар шығаратын жердің атауы, ғылым

12. Қайтыс болған азамат мүлкінің басқа адамға ауысуы

А) мәміле

В) міндеттеме

С) мұрагерлік

Д) қайырмалдық

Е) мердігерлік

13. Шаруашылық серіктестіктің жоғарғы органы

А) директорлар кеңесі

В) серіктестік президенті

С) қатысушыларының жалпы жиналысы

Д) жалпы басқару

Е) құрылтай жиналысы

14. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді

А) мемлекеттік қазына мүлкімен

В) жергілікті бюджетпен

С) тек ақшамен

Д) өзіне тиісті барлық мүлікпен

Е) бағалы тастармен

15. Мүліктік құқықтар мен игіліктерге жатады

А) заттар, денсаулық, шетел валютасы

В) жеке адамның өмірі, ақша, бағалы қағаз

С) заттар ақша, игі атақ

Д) заттар, ақша, шетел валютасы

Е) бағалы қағаздар, ақша

16. Белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалған әрекет негізінде пайда болған ерікті сыртқы қызмет актісі

А) заңи факт

В) шарт

С) міндеттемелер

Д) мәмілелер

Е) сенімхат

17. Сенім ауыстыру жөнінде берілген сенімхаттың қолдану мерзімі

А) алғашқы сенімхаттың қолдану мерзімінен аспау керек

В) 3 жылдан аспауы тиіс

С) алғашқы сенімхаттың қолдану мерзімі негізге алынбайды

Д) 1 жылдан аспауы тиіс

Е) 5 жылдан аспауы тиіс

18. Реквизициялау:

- A) затты иемденуді жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі
- B) қажетті коммуникацияларды тарту мен пайдалану, аң аулау шаруашылығы
- C) иеліктен айыратын заттардың жойылу немесе кездейсоқ бүліну қауіпі
- D) төтенше жағдайда мүлік меншік иесінен оған мүліктің құнын төлеп алуы
- E) азаматтардың тауарларды қанағаттандыру арқылы пайда табуы

19. Азамат өз есімін өзгерткені туралы хабарлау міндетті

- A) таныстары мен достарын
- B) бастығы мен әріптестерін
- C) сот пен прокурорды
- D) борышқорлар мен несие берушілерін
- E) ата-анасы мен туыстарын

20. Заңды тұлға азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне міндеттер қабылдай алады

- A) заң негізінде
- B) сот арқылы
- C) өз органдары арқылы
- D) әділет органдары арқылы
- E) әкімшіліктер арқылы

21. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаның құрылу нысаны

- A) мекеме
- B) қоғамдық бірлестік

C) мемлекеттік кәсіпорын

D) діни бірлестік

E) акционерлік қоғам

22. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттары

- A) ұйғарым, жарғы, құрылтай шарты
- B) заң, жарғы, құрылтай шарты
- C) лицензия, шешім, құрылтай шарты
- D) жарғы, құрылтай шарты, шешім
- E) шешім, ұйғарым, заң

23. Ерікті түрде банкрот деп тану негізі

- A) несие берушінің прокуратураға берген өтініші
- B) борышкердің әділет органдарына берген өтініші
- C) борышкердің сотқа берген өтініші
- D) борышкердің прокуратураға берген өтініші
- E) борышкердің әкімшілікке берген өтініші

24. Филиал және өкілдік

- A) азаматтардың ерікті одағы
- B) әр турлі қоғамдық бірлестік
- C) заңды тұлғаның оқшау бөлімшесі
- D) жеке және заңды тұлға
- E) діни бірлестік

25. Заңды тұлғаны қайта құру нысандары


- A) жалғау, бөлу, біріктіру, жаңғырту
- B) қосу, біріктіру, бөлу, өзгерту
- C) қосу, бөлу, жалғау, өзгерту, қайта реттеу
- D) қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту
- E) бөлу, қосу, жалғау, қайта реттеу

Тақырып. Меншік құқығы ұғымы және түрлері

Тапсырма. Интеллектуалдық құқыққа байланысты ұғымдардан артығын табыңыз, сан ретімен орналастырыңыз:

1. Өнертабыс	2. Даралық құрал	3. Фирмалық атаулар
4. Ресми құжат	5. Лицензиялық шарт	6. Айрықша құқық
7. Эвтаназия	8. Архитектура туындысы	9. Мемлекеттік символдар

2 - тапсырма. «Меншік құқығы» кестені толтырыңыз:



Тапсырма. Диалогтық өрнекті толтырыңыз.

№	Тұжырым	Келісемін «+»	Келіспеймін «+»
1	Азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі жеке меншік деп аталады.		
2	Меншік құқының пайда болу негіздерін бастапқы және туынды деп екіге бөледі		
3	Реквизация меншік құқын өз еркімен тоқтату түрі		
4	Мұрагерлік 2 жолмен ауысады.1) Заңды түрде 2) Өсиетпен		
5	Натариустар болмаған жағдайда өсиет заңда көрсетілген тұлғалармен жүзеге асырылуы мүмкін. Оларға өндіріс басшылары да кіреді.		
6	Ресми құжаттар мен мемлекеттік символдар, халық шығармашылығының туындылары, оқиғалар мен айғақтарды хабарлау авторлық құқық объектісі.		
7	Сенімхаттың шекті мерзімі 3 жыл.		

Тапсырма. Сәйкестендіріңіз, жұмбақ санды табыңыз:

1	Меншік құқының мерзімі	1	6 ай
2	Сенімхаттың шекті мерзімі	2	7 күн
3	Мерзімі көрсетілмеген сенімхаттың мерзімі	3	шексіз
4	Ломбардта сақтау мерзімі	4	3 ай
5	Автолық құқы автор өлгеннен кейін неше жылға сақталады	5	1 жыл
6	Мұраны қабылдау уақыты мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін неше айдан соң заңды?	6	50 жыл
7	Міндеттемені орындау мерзімі көрсетілмеген жағдайда талап еткен соң неше күннен кейін орындалуы керек?	7	3 жыл

1-сұрақ	2-сұрақ	3-сұрақ	4-сұрақ	5-сұрақ	6-сұрақ	7-сұрақ

Тақырып. Мұрагерлік. Өсиет ұғымы

Тапсырма.

«Миға шабуыл». Мұрагерлік.

1. Мұрагерлік дегеніміз не?
2. Мұрагерліктің негіздерін ата.
3. Өсиеттің құпиясы?
4. Өсиеттің жарамсыздығы?
5. Мұра алу құқығы ?

Сынақхат

Олжа

Егер табылған затты алуға құқығы бар адамның өзі немесе оның тұрған жері белгісіз болса, затты тауып алушы олжа туралы немесе республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына мәлімдеуге міндетті.

Егер олжа туралы ішкі істер органдарына немесе республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына мәлімденген кезден бастап өткенше жоғалған затты алуға заңды құқығы бар адам анықталмаса және затқа өзінің құқығы туралы оны тапқан адамға не ішкі істер органдарына немесе республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына мәлімделмесе, затты тауып алушы оған меншік құқығын алады.

Егер затты тауып алушы тапқан затын меншігіне алудан бас тартса, ол өтеді.

Затты тауып алушы затты алуға заңды құқығы бар адамнан зат құнының мөлшерінде сыйақы алуға құқылы. Егер табылған зат оны алуға заңды құқығы бар адам үшін ғана құнды болса, сыйақының мөлшері тараптар есептеп шығарған баға бойынша белгіленеді.

Көмбе

Көмбе, яғни жерге көмілген немесе басқа әдіспен жасырылған, меншік иесін анықтау мүмкін болмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға құқығынан айрылған ақша немесе өзге де бағалы заттар көмбе жасырылған жер учаскесі меншік иесінің немесе қозғалмайтын затты меншіктенушінің және көмбені тапқан адамның, егер олардың арасындағы шартта өзгеше белгіленбесе, меншігіне мөлшерде түседі.

Көмбе жасырылған жер учаскесін пайдаланушының (жер пайдаланушының) немесе жылжымайтын затты меншіктенушінің келісімінсіз қазған немесе бағалы заттар іздестірген адам көмбені тауып алған жағдайда көмбе берілуге тиіс.

Мәдени құндылықтарға жататын заттардан тұратын көмбе табылған ретте олар Қазақстан Республикасының меншігіне берілуге тиіс. Бұл орайда ондай көмбе табылған жер учаскесінің меншік иесі немесе қозғалмайтын мүлікті меншіктенуші және көмбені тапқан адам осы көмбе құнының мөлшерінде сыйақы алуға құқылы.

Жауап кілті: *ішкі істер органдарына, алты ай, коммуналдық меншік, отыз процент, тең, меншік иесіне, елу проценті*

Тақырып. Еңбек құқығы ұғымы. Еңбек тәртібі

Тапсырма. «Миға шабуыл»

1. Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына неше сағаттан аспауға тиіс?
2. Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына неше сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді?
3. Он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына неше сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді?
4. Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлер үшін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес аптасына неше сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді?
5. Бірінші және екінші топтардағы мүгедек жұмыскерлерге аптасына неше сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді?
6. Бірінші және екінші топтардағы мүгедек жұмыскерлердің күнделікті жұмысының (жұмыс ауысымының) ұзақтығы неше сағаттан аспайды?
7. Жұмыс беруші қандай жұмыскерлерге жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақытын белгілейді?
8. Сағат нешеден нешеге дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі?
9. Түнгі уақыттағы жұмысқа қандай жұмыскерлер жіберілмейді?
10. Мүгедек жұмыскерлерді түнгі уақытта жұмысқа тартуға, оларға мұндай жұмысқа медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайына байланысты тыйым салынбаған жағдайда, қандай құжат негізінде жол беріледі?

Жауап кілті:

1. 40 сағаттан аспауға тиіс
2. 24 сағаттан аспайтын
3. 36 сағаттан аспайтын
4. 36 сағаттан аспайтын
5. 36 сағаттан аспайтын
6. жеті сағаттан аспайды

7. жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-ананың біреуі (бала асырап алушының)
8. Сағат 22-ден 6-ға дейінгі уақыт
9. Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер, жұмыс берушіге жүктілігі туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдер
10. Мүгедек жұмыскерлердің жазбаша келісімі

Тест

1-вариант

1. Жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қарым-қатынастарының жүйесін құқықтық нормалар арқылы белгілейтін құқықтық категория қалай аталады?
 - A. Еңбек тәртібі
 - B. Келісімшарт
 - C. Еңбек шарты
 - D. Ұжымдық шарт
 - E. Дұрыс жауабы жоқ.
2. Еңбек тәртібінің әдістері нешеу?
 - A. 2
 - B. 3
 - C. 4
 - D. 5
 - E. 6
3. Қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келісім қалай аталады?
 - A. Еңбек шарты
 - B. Келісімшарт
 - C. Мәміле
 - D. Ұжымдық шарт
 - E. Дұрыс жауап жоқ
4. Еңбек шартын жасасуға жол берілетін жас мөлшері
 - A. 16
 - B. 14
 - C. 18
 - D. 15
 - E. 22
5. Жұмыс беруші жұмыскердің тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін қандай жазаларды қолдануға құқығы бар?
 - A. Ескерту
 - B. Сөгіс
 - C. Қатаң сөгіс
 - D. ҚР Еңбек Кодексте белгіленген жағдайларда еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу түріндегі тәртіптік жаза қолдануға құқылы
 - E. Барлық жауап дұрыс
6. Жұмыс берушінің негізгі құқықтары қандай?
 - A. Жұмыскермен еңбек шартын осы Кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша өзгертуге, толықтыруға және бұзуға
 - B. Еңбек шартының, ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес уақтылы және толық көлемде жалақы төленуіне
 - C. Еңбек міндеттерін атқаруға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге
 - D. Кепілдіктерге және өтемақы төлемдеріне
 - E. Біліктілігіне, еңбектің күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына сәйкес еңбегіне ақы төленуіне
7. Қызметкерлердің қандай құқықтары бар? жалақы төленуіне
 - A. Еңбек міндеттерін атқаруға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге кепілдіктерге және өтемақы төлемдеріне
 - B. Біліктілігіне, еңбектің күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына сәйкес еңбегіне ақы төленуіне
 - C. Барлық жауап дұрыс
8. Жұмыс беруші еңбектегі табыстары үшін қызметкерлерді көтермелеудің қандай нысандарын қолдана алады?
 - A. жоғары қызмет алу жолымен қызмет бабында көтерілу немесе кезекті біліктілік сыныбын мерзімінен бұрын беру
 - B. ақшалай сыйлықтар
 - C. заңда көзделген көтермелеудің өзге де нысандары.
 - D. бағалы сыйлықпен марапаттау, сыйақы беру, алғыс жариялау және басқалары болуы мүмкін.
 - E. Аталған барлық нысандарды қолдана алады.

9. Еңбекті ұйымдастырудағы жұмыс берушінің міндеттері:

- А. қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға;
- В. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға;
- С. қызметкерге еңбек шартында белгіленген жұмысты беруге;
- Д. қызметкерге зиянды (ерекше зиянды) және (немесе)қауіпті жұмыс жағдайларымен

кәсіптік аурудың болу мүмкіндігі туралы ескерту;

Е. Барлық жауап дұрыс

10. Сендіру әдісі қажетті нәтижелерге қол жеткізбегенде қандай әдіс қолданылады?

- А. Сендіру әдісі
- В. Мәжбүрлеу әдісі
- С. ешқандай әдіс қолданылмайды
- Д. Сендіру және мәжбүрлеу әдістер
- Е. Дұрыс жауабы жоқ.

2-вариант

1.Жұмыс берушінің негізгі міндетінен артығын көрсет?

- А. Қызметкерге сынақ мерзімін белгілеуге
- В. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға
- С. Қызметкерге еңбек шартында белгіленген жұмысты беруге
- Д. Қызметкерге зиянды (ерекше зиянды) және (немесе)қауіпті жұмыс жағдайларымен кәсіптік аурудың болу мүмкіндігі туралы ескерту
- Е. Дұрыс жауап жоқ

2. Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына неше сағат?

- А. 24сағат
- В. 36 сағат
- С. 38 сағат
- Д. 40 сағат
- Е. 45 сағат

3.18 жасқа толмаған қызметкерді түнгі жұмысқа тартуға тыйым салынады. Түнгі уақыт сағат нешеден нешеге дейін?

- А. 19.00-05.00
- В. 20.00-05.00
- С. 21.00-06.00
- Д. 22.00-06.00
- Е. 23.00-07.00

4. Адамдармен ата-анасының біреуінің, қорғаушысының, қамқоршысының немесе асырап алушысының жазбаша келісімімен неше жастан бастап еңбек шартын жасауға жол беріледі?

- А. 16
- В. 14
- С. 18
- Д. 20

Е. 22

5.Жұмыспен қамтылған оқушылардың күніне жұмыс уақыты неше сағат болу керек?

- А) 2,5
- Б)3,5
- В)4,5
- Г)1,5
- Д)5,5

6. Сынақ мерзімі:

- А. 2 ай
- В. 3 ай
- С. 4 ай
- Д. 5ай
- Е. 6 ай

7. Жұмыс беруші сынақ мерзінің аяқталуына неше күнтізбелік күн қалғанда жазбаша ескертіп, еңбек шартын бұзатындығы туралы қызметкерге айтуы тиіс?

- А. 10
- В. 7
- С. 14
- Д. 3
- Е. 6

8.14 жастан 16 жасқа дейінгі қызметкерлер аптасына неше сағаттан аспайтын жұмыспен қамтылуы керек?

- А. 10
- В. 2
- С. 24
- Д. 36
- Е. 40

9.16 жастан 18 жасқа дейінгі қызметкерлер аптасына неше сағаттан аспайтын жұмыспен қамтылуы керек?

- А. 10
- В. 12
- С. 24
- Д. 36
- Е. 40

10. Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі

А. 1ай
В. 3ай
С. 4ай

Д. 5ай
Е. 6ай

Тест кілті. Еңбек құқығы

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1нұсқа	А	А	А	А	Е	А	Е	Е	Е	Б
2нұсқа	А	Д	Д	Б	А	В	В	Д	Д	Е

Тапсырма.

Торкөзден еңбек құқығына қатысты 20 ұғымды теріп жаз, түсінік бер:

А	Р	Н	А	А	У	А	Қ	Ұ	Қ	Ы	Қ	Т	У	Р	А	П	К	Е	С
И	Н	Г	Х	К	О	Д	Е	К	С	Р	А	Й	З	А	Д	А	М	Ң	Ж
Е	Н	К	Е	У	Ш	И	К	У	К	Ә	С	І	П	Ш	И	Ж	К	Б	Ұ
У	М	А	Ң	Р	И	Д	Г	У	П	Е	Т	А	С	И	Н	А	Г	Е	М
Х	Р	А	Б	Й	Д	А	А	Х	З	А	Л	Д	А	А	А	У	З	К	Ы
У	З	А	Е	Р	Е	У	І	Л	Т	М	А	І	Ш	І	Н	А	Р	А	С
Н	А	О	К	Р	Қ	Ы	А	С	Ж	Ұ	М	Ы	С	Н	Г	П	Х	Қ	К
Р	Л	Қ	Й	З	А	Д	Н	А	Л	М	И	И	Н	І	Х	К	О	Ы	Е
К	О	С	Ы	Н	А	Қ	П	О	Е	И	Ұ	Г	Ы	С	М	Е	Ч	А	Р
Д	К	О	М	Т	Ж	Р	С	О	Р	Е	Л	Ж	И	Ж	Ә	Р	Е	Т	Е
Ш	А	Р	Т	М	С	Е	Н	К	А	М	Л	А	Ы	Й	М	Ш	Ш	Л	А
Қ	У	Ұ	Ж	Ы	М	Д	Ы	Қ	Ә	У	А	В	Ф	М	І	І	У	Л	И
К	Т	Д	Е	М	А	Л	Ы	С	Ъ	Р	О	Т	А	И	Л	Л	С	М	А
Й	Л	Ә	К	О	Н	О	М	И	К	А	Р	Т	У	М	Е	І	П	Е	Л

Б	Қ	Ы	С	Қ	А	Р	Т	Ы	Л	Ғ	А	Н	Т	И	Н	К	С	К	И
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

Жауап кілті:

Еңбек, Құқық, Келісім, Ереуіл, Еңбек дауы, Мәміле, Жұмыс, Кәсіп, Уақыт, Жұмыскер, Кодекс, Норма, Еңбек ақы, Жауапкершілік, Ұжымдық шарт, Экономика, Сынақ, Локаут, Демалыс, Ұжым.

Сынақхат. Еңбек шартын жасасуға жол берілетін жас мөлшері

Еңбек шартын жасқа толған азаматтармен жасасуға жол беріледі. Еңбек шарты орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда жасқа толған азаматтармен, оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін жасқа толған оқушылармен, кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, жасауға және (немесе) орындауға қатысу үшін он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін.

Тақырып. Еңбекті қорғау туралы жалпы түсінік

1. Жеке еңбек дауларын келісу комиссиялары қарайды. Ал еңбек дауларын реттелмеген не келісу комиссиясы шешімі орындалмаған жағдайда қарайтын орган?
2. Келісу комиссиясының құрылу заңдылығы?
3. Келісу комиссиясы мүшелерінің сандық құрамы, оның жұмыс істеу тәртібі, келісу комиссиясы шешімінің мазмұны мен оны қабылдау тәртібі, келісу комиссиясы өкілеттігінің мерзімі, делдалды тарту туралы мәселе қандай құжатпен белгіленеді?
4. Келісу комиссиясы дауды неше күн ішінде қарауға және дау тараптарына шешімнің көшірмесін оны қабылдаған күннен бастап үш күн мерзімде беруге міндетті?
5. Татуластыру комиссиясының құрылу тәртібі?
6. Татуластыру комиссиясы жұмыскерлердің (олардың өкілдерінің) талаптарын олар келіп түскен күннен бастап неше жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қарайды?
7. Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал дауды шешу тәртібі қандай жолмен жүзеге асады?
8. Еңбек төрелігі мүшелерінің саны, оның дербес құрамы, еңбек дауын қарау тәртібі тепе-теңдік негізде тараптардың келісімімен айқындалады. Еңбек төрелігі кемінде неше адамнан тұруға тиіс?
9. Еңбек төрелігінің шешімі ол құрылған күннен бастап неше жұмыс күнінен кешіктірілмей төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады?
10. Ереуіл өткізу жөніндегі шешім қандай органда қабылданады?

Жауап кілті:

1. Соттар қарайды.
2. Жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылады.
3. Жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің арасындағы жазбаша келісімде не ұжымдық шартта белгіленеді.
4. Өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде

5. Татуластыру комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің тең санынан тепе-теңдік негізде тараптардың бірлескен шешімімен құрылған орган болып табылады. Татуластыру комиссиясын құру туралы шешім жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі (олардың өкілдері) өз шешімін жұмыскерлердің (олардың өкілдерінің) назарына жеткізген не хабарламаған не ұжымдық келіссөздер барысында келіспеушіліктер хаттамасын жасаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданады. Ұйымда жұмыскерлердің бірнеше өкілдері болған кезде, олар комиссия жұмысына қатысу үшін бірыңғай өкілді орган құрады.
6. Татуластыру комиссиясы жұмыскерлердің (олардың өкілдерінің) талаптарын олар келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қарайды. Татуластыру комиссиясының талаптарды қарау тәртібі, қараудың көрсетілген мерзімін ұзарту тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады және хаттамамен ресімделеді.
7. Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал дауды шешу үшін еңбек төрелігі құрылады.
8. Еңбек төрелігін ұжымдық еңбек дауының тараптары татуластыру комиссиясының жұмысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құрады.
9. Еңбек төрелігі кемінде бес адамнан тұруға тиіс.
10. Ереуіл өткізу жөніндегі шешім жұмыскерлердің (олардың өкілдерінің) жиналысында (конференциясында) қабылданады.

Сынақхат. Еңбек шартын жасасуға жол берілетін жас мөлшері

Еңбек шартын жасқа толған азаматтармен жасасуға жол беріледі. Еңбек шарты орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда жасқа толған азаматтармен, оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін жасқа толған оқушылармен, кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, жасауға және (немесе) орындауға қатысу үшін он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін.

Тапсырма.

1. Еңбек құқығы дегеніміз не?
2. Еңбек қатынастары қандай нормативтік құқықтық актілермен реттеледі?
3. Жеке еңбек шарты дегеніміз не?
4. Ұжымдық шарт дегеніміз не?
5. Жеке еңбек шартының түрлері қандай?
6. Жеке еңбек шарты қандай жағдайларда тоқтатылады?
7. Жеке еңбек шарты қандай жағдайларда бұзылады?
8. Жұмыс уақыты дегеніміз не?
9. Демалыс уақыты дегеніміз не?
10. Жалақысы сақталмайтын демалыстарды атаңыз.

Тақырып . Салықтық құқық негіздері

1. Салықтық құқық деген не, оның белгілері?
2. Салық құқығының реттеу пәніне кіретін қатынастарды топтастырыңыз.
3. Салық құқығының әдістерін атаңыз.
4. Мемлекеттің салықтық қызметінің бағыттары қандай?
5. Алым, төлем ұғымдарына түсінік беріңіз.

6. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері қандай?
7. Салық төлеушінің құқықтары мен міндеттері қандай?
8. Салықтық міндеттеме, салықтық бақылау, қаржылық құқық ұғымына түсінік беріңіз.

Тақырып. Қылмыстық құқық ұғымы, белгілері және түрлері

Проблемалық жағдаяттарды талдаңыз:

- № 1. Азамат Ю. жұмыстан қайтып келе жатып, «Альбина» казиносының жанында жаралы адамды көреді. Ауыр жаралы адамды ауруханаға жеткізу үшін азамат Р-дың көлігін рұқсатсыз айдап кетеді. Азамат Ю. қылмыстық жауапкершілікке тартыла ма?
- № 2. Бірнеше рет сотталған З. деген азамат дүкенді тонап қашып бара жатқан кезде полиция сержанты Қ.Қасымовтың қолына түссе де жұлқынып сауда саттық базарына қарай жүгірген. Қылмыскерден айырылып қалмау үшін Қ.Қасымов атысты бастаған. Қасымовтың іс-әрекетінің нәтижесінде З. алған жарақаттан ауруханада қайтыс болды. Полиция сержанты Қ. Қасымовтың қылмыстық жауапкершілікке тартыла ма?
- № 3. Жастар көңілді отырды. Соңынан олардың бәрі көшеге шығып кетті, ал Серіков үйде қалды. Соңынан достары қайта келіп, отырыс жалғасты. Ертеңіне милиция қызметкерлері Серіков пен оның достарын қарт кісіні тонаған деген айыппен тұтқындады. Жастардың жасаған істері қылмыстың қандай түріне жатады? Серіков жауапқа тартыла ма?
- №5. Азамат Е. КАМАЗ автомобилінің жүргізушісі кеден бекетінен өтіп бара жатқанда өзі автомобильдің салонындағы заттар заңсыз екенін біле тұра кеден бекетіне тоқтамай қолына тапанша алып, кеден қызықметкеріне оқ атып кетеді. Оқиға болған жерде жарақат алған қызметкер ауыр жарақаттан өліп кетеді. Қылмыс жасалуына қарай қай түрге жатады?

Тест. Қылмыстық құқық негіздері

1. Қылмыс жасалуына қарай неше санатқа бөлінеді?
 - A. Екі
 - B. Үш
 - C. Төрт
 - D. Бес
 - E. Алты
2. Онша ауыр емес қылмыс үшін неше жылға жазаланады?
 - A. 12 жылға дейінгі мерзім
 - B. 12 жылдан артық мерзім
 - C. 5 жылға дейінгі мерзім
 - D. 5 жылдан жоғары мерзім
 - E. 7 жылдан жоғары мерзім
3. Қылмыстық жауапкершілікті ауырлататын мән – жәйлар?
 - A. Қылмыс зардабын өзі жойса
 - B. Қылмысқа балаларды тартса
 - C. Қажетті қорғану болса
 - D. Қылмыс біреудің қорқытуынан жасалса
 - E. Барлық жауап дұрыс
4. Негізгі жазаны көрсет:
 - A. Әскери шенінен айыру
 - B. Мүлкін тәркілеу
6. Қандай жағдайда қылмыскер жазадан босатылады?
 - A. Мойындаған жағдайда
 - B. Қорғану кезінде жасаса
 - C. Зиянды өтесе
 - D. Топтасып жасаса
 - E. Дұрыс жауап жоқ
7. Ерекше ауыр қылмысқа қандай жаза тағайындалады?
 - A. Бас бостандығынан айыру
 - B. Құн төлеу
 - C. Өлім жазасы
 - D. Айыппұл
 - E. Қоғамдық жұмысқа тарту
8. Қылмысты бірнеше рет жасаған адам қалай аталады?
 - A. Қарақшы
 - B. Рецидивист
 - C. Террорист
 - D. Киллер
 - E. Дұрыс жауап жоқ
9. Қылмыстық жауапкершілікті жеңілдететін мән – жәйлар?
 - A. Өзі мойындап келсе

- C. Бас бостандығын шектеу
- D. Арнайы құқығынан айыру
- E. Барлық жауап дұрыс

5. Жаза түрлері:

- A. Негізгі , әдейі
- B. Тікелей, жанама
- C. Негізгі, қосымша
- D. Қасақана, абайсызда
- E. Дұрыс жауап жоқ

- B. Қылмысқа айдап салса
- C. Мас күйінде жасаса
- D. Мәжбүрлесе
- E. Барлық жауап дұрыс


10. ҚР азаматтары жасаған қылмысы үшін неше жастан бастап жауапқа тартылады?

- A. 14 жастан
- B. 17 жастан
- C. 16 жастан
- D. 18 жастан
- E. 15 жастан

Тапсырмалар.

Жаза мерзімін қылмыс түріне қарай анықта, дұрыс жауапты орнына қой:

Онша ауыр емес қылмыс	Ауырлығы орташа қылмыс	Ауыр қылмыс	Аса ауыр қылмыс
..... жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, жасалғаны үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер	Жасалғаны үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, жасалғаны үшін ... жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттер	Жасалғаны үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер ауыр қылмыстар	Жасалғаны үшін он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер



Тақырып. Отбасы ұғымы, неке шарттары, некенің тоқтатылуы. ҚР Неке және отбасы туралы Заңына сипаттама

Тест

1. Отбасылық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы қалай аталады?

- A. Отбасы
- B. Отбасылық құқық
- C. Неке

- D. Ерлі-зайыптылар
- E. Құқық меншігі

2. Неше отбасы түрі бар?

- A. 2
- B. 3
- C. 4

- D. 5
E. 6
3. Адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасына тәрбиелеу үшін бала алудан туындайын қатынастар қалай аталады?
A. Отбасылық қатынастар
B. Отбасылық құқық
C. Некелік шарт
D. Ата-ана құқығы
E. Бала құқығы
4. Неке мен отбасын қорғау қай түрде жүзеге асырылады?
A. Юрисдикциялық
B. Бейюрисдикциялық
C. Бейюрисдикциялық, юрисдикциялық
D. Сот арқылы қорғау
E. Дұрыс жауап жоқ
5. Қазақстанда қандай органда тіркелген неке ғана заңды неке деп танылады?
A. АХАЖТ
B. АХАТМ
C. АХАТК
D. АЖАТ
E. АХАТ
6. ҚР дәлелді себептер болған жағдайда неке жасын неше жылдан аспайтын мерзімге төмендетуге рұқсат етілген?
A. 1 жыл
B. бай
C. Зай
D. 3 жыл
E. 2 жыл
7. Некеге тұратын адамдардың немесе ерлі – зайыптылардың некеде тұрғандағы немесе оны бұзған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісімдері қалай аталады?
A) отбасылық қатынастар
B) Некелік шарт
C) отбасылық құқық
D) АХАТ
E) дұрыс жауап жоқ
8. Некеге тұратын неше жасқа толмағандар ата – аналарының немесе қамқоршыларының келісімімен ғана некелік шарт жасаса алады?
A. 14
B. 16
- C. 21
D. 20
E. 18
9. Уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адамның жасасқан шарты бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны қалай аталады?
A. Патронат
B. Алимент
C. Отбасылық жағдай
D. Материалдық жағдай
E. Дұрыс жауап жоқ
10. Асырау қаражаты қалай аталады?
A. Патронат
B. Алимент
C. Отбасылық жағдай
D. Материалдық жағдай
E. Дұрыс жауап жоқ
11. Ерлі-зайыптылардың және олардың осы некеден туған балаларының неке шартымен белгіленген меншігінің режимі қалай аталады?
A. Патронат
B. Алимент
C. Отбасылық жағдай
D. Материалдық жағдай
E. Мүліктің шарттық
12. Заңдық мағынасында отбасы дегеніміз не?
A. Уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адамның жасасқан шарты
B. Ата-ана арасындағы шарт бойынша бойға бала бітіру, оны көтеру және туу
C. Некеде тұрғандағы немесе айырылысқандағы жағдай, балалардың немесе отбасының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауы
D. Бұл некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасылық қатынастарды нығайту мен дамытуға септігін тигізетін, мүліктік және мүлікке қатысты емес жекебастың құқықтарымен байланысқан адамдар тобы
E. Дұрыс жауап жоқ
13. АХАТ органдарының некенің бұзылуын тіркеу кезінде ажырасудың

себептерін анықтауға, ерлі – зайыптыларға татуласу үшін мерзім беруге қақысы бар ма?

- A. Ия
- B. Жоқ
- C. Кей кезде
- D. Әр түрлі
- E. Дұрыс жауап жоқ

14. Кәмелетке толмаған адамдардың құқықтық жай-күйі қалай аталады?

- A. Балалық шақ
- B. Жасөспірім шағы
- C. Отбасы шағы
- D. Бозбала шақ
- E. Дұрыс жауап жоқ

15. Неке және отбасы туралы заңы қай жылы қабылданды?

- A. 1998
- B. 1999
- C. 2011
- D. 1995
- E. 1996

16. Неке және отбасы туралы заңы неше бөлімнен тұрады?

- A. 5
- B. 6
- C. 7
- D. 8
- E. 9

17. Некені әйелдің жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде әйелдің келісімінсіз бұзуға бола ма?

- A. Ия
- B. Жоқ
- C. Кей кезде
- D. Әр түрлі
- E. Дұрыс жауап жоқ

18. Некені тоқтататын оқиғалар қатарына не жатады?

- A. Балалардың немесе отбасының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауы
- B. Отбасының құқығы бұзылған
- C. Нормаларға араласу отбасылық қатынастар
- D. Соттың ерлі – зайыптылардың біреуін өлді деп жариялауы
- E. Дұрыс жауап жоқ

19. Репродукциялық денсаулық деген не?

- A. Адамның толымды ұрпақ туғызуға қабілетін көрсететін денсаулығы

B. Отбасылық жағдай

C. Нормаларға араласу отбасылық қатынастар

D. Отбасылық құқық

E. Дұрыс жауап жоқ

20. Некені тоқтататын оқиғалар қатарына не жатады?

A. Балалардың немесе отбасының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауы

B. Отбасының құқығы бұзылған

C. Нормаларға араласу отбасылық қатынастар

D. Ерлі – зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуы

E. Дұрыс жауап жоқ

21. Отбасының заңдық белгілеріне не жатады?

A. Адамның толымды ұрпақ туғызуға қабілетін көрсететін денсаулығы

B. Отбасының құқығы бұзылған

C. Өзара имандылық және материалдық қолдау

D. Материалдық жағдай

E. Дұрыс жауап жоқ

22. Отбасының заңдық белгілеріне не жатады?

A. Адамның толымды ұрпақ туғызуға қабілетін көрсететін денсаулығы

B. Отбасының құқығы бұзылған

C. Өзара жекебасындық және мүліктік құқықтар

D. Материалдық жағдай

E. Дұрыс жауап жоқ

23. Сот тәртібімен некені бұзу ерлі – зайыптылардың некені бұзу туралы өтініш берген күннен бастап неше ай өткеннен кейін іске асырылады?

A. 3

B. 1

C. 2

D. 4

E. 8

24. Туыстықтың неше тармағы бар?

A. 3

B. 1

C. 2

D. 4

E. 8

25. Ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар қай туысқа жатады?

- A. алыс
- B. жақын
- C. орташа
- D. жатпайды
- E. Дұрысжауап жоқ

КОЛЛОКВИУМ. СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР.

Алимент – «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне» сәйкес, бір адамның басқа оны алуға құқығы бар адамға ұсынуы міндетті ақшалай немесе материалдық асырау. Алименттердің неғұрлым таралған жағдайы – баланы асырауға төленетін төлемдер, алайда алименттер балалардың анасына және өздерін асырай алмайтын зайыбына және ата-анасына төленуі мүмкін.

Баланы асырау – ата-анасының заңмен бекітілген міндеті, бұл жерде ата-анасының некеде болуы, азаматтық некеде немесе ажырасқан болуы да мүлде маңызды емес.

Қамқорлықта,

қорғаншылықта немесе патронаттық тәрбиеде болатын балалар, сондай-ақ асырап алынған балалар да алиментке құқылы. Кодекстің 6-бабына сәйкес, балаға алимент ретінде тиісті сома баланың ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне түседі және баланы асырауға, біліміне және тәрбиесіне шығындалады.

Алименттер кімдерге төленуі тиіс?

Кәмелетке толмаған балаларға алименттер

Ата-аналары кәмелетке толмаған өз балаларын асырауға міндетті, осы асыраудың тәртібі мен нысанын ата-аналардың өздері анықтайды.

Ата-аналары кәмелетке толмаған балалар туралы Кодекстің 20-бөліміне сәйкес келісім жасауға құқылы (алименттерді төлеу туралы келісім). Егер ата-анасы балаларын асырауға ақша ұсынбаса, бұл сотта келісіммен немесе ата-аналардың бірі алименттерді төлетуге сотқа талап бермесе, онда талапты қорғаншылық және қамқоршылық органына бере алады. Некені бұзуда сотта келісім қаралады:

– кәмелетке толмаған балалардың кіммен тұратыны туралы;

– балаларды немесе еңбекке жарамсыз зайыбын асырауға алименттерді төлеу тәртібі туралы;

– балаларды асырауға алименттердің мөлшерлері туралы;

– мүлікті бөлу туралы (ажырасуда кімнің неге құқылы екенін біліңіз).

Егер осындай келісім ерлі-зайыптылар арасында болмаса немесе ол балалардың, ерлі-зайыптылардың бірінің мүдделеріне қайшы келсе, онда осы мәселелер бойынша шешімді сот анықтайды. Ата-ана құқығынан айрылған ата-аналар сондай-ақ баланы асырауға Кодекстің 79-бабына сәйкес алименттер төлеуге міндетті. Келісім негізінде алименттерді төлеу – алименттерді төлеудің ерікті тәсілі, ал сот бұйрығы бойынша, берілген талап-арыз негізінде – мәжбүрлі (төменде мақаладан сіз алименттерді қалай төлеу керектігі туралы ақпаратты табасыз).

Алименттерден басқа ата-аналардан балаларды асырауға қосымша сомалар да шегерілуі мүмкін. Ерекше жағдайлар да бар - ауыр аурулар, кәмелетке толмаған балалардың мертігуі немесе егер оларға бөгденің күтімі керек болса, кәмелетке толғандардың еңбекке жарамсыздығы.

Ерлі-зайыптылардың біріне және бұрынғы ерлі-зайыптылардың біріне төленетін алименттер

Кодекстің 147-бабына сәйкес ерлі-зайыптылар бір-бірін материалды қолдауға міндетті. Баланы асырауға қаржыдан басқа ері немесе зайыбын немесе бұрынғы ері немесе зайыбын асырауға қаржы талап етілетін бірқатар жағдайлар бар. Егер келісушілік немесе келісім болмаса, онда алименттерді төлетуге сотқа талап-арыз бере алады:

– еңбекке жарамсыз мұқтаж ерлі-зайыптының бірі;

– жүктілік кезінде зайыбына және ортақ бала туғаннан бастап 3 жыл ішінде;

– 18 жасқа толғанға дейін ортақ мүгедек-баланың күтімін жүзеге асыратын мұқтаж зайыбы, сондай-ақ ортақ балаға 18 жасқа толуы бойынша I-II топты мүгедектік анықталған жағдайда.

Алименттер мөлшерін және төлеу тәртібін сот анықтайды. Көптеген

жағдайларда сот бұрынғы зайыбына алименттерді төлеуден бас тартуы мүмкін, егер еңбекке жарамсыздық спирт ішімдіктерін, есірткі заттарын, психотроптық заттарды шамадан тыс қолдану нәтижесінде немесе олар қасақана қылмыс жасағанда орын алса; некенің сақталмауына байланысты (5 жылға дейін) және егер алименттерді төлеуден бас тартатын ерлі-зайыптының бірі өзін лайықсыз ұстаса төлеуден бас тартады.

Кәмелетке толған, бірақ еңбекке жарамсыз балаларға алименттер

Кодекстің 143-бабына сәйкес еңбекке жарамды ата-аналар көмекке мұқтаж өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамсыз балаларын асырауға міндетті. Бұл жағдайда келісім болмағанда алименттер мөлшерін сот отбасының материалдық жағдайына байланысты анықтайды және АЕК тең болады. Егер ата-аналарының арасында келісу немесе келісім болмаса, онда төлем тәртібі мен мөлшерлерін сот анықтайды, бұнда екі ата-анасының да материалдық жағдайы және өзге шарттары ескеріледі. Алименттер нақты шығындарға, сондай-ақ алдағы, болашақта талап етілуі мүмкін шығындарға да талап етілуі мүмкін.

Кәмелетке толған балалардың еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауына алименттер

Еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар еңбекке жарамсыз мұқтаж өз ата-аналарын асырауға және оларға қамқор болуға міндетті. Егер балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарын келісім бойынша ерікті асырай алмаса, онда ата-аналар сотқа алименттерді талап етуге өтініш бере алады. Бұнда бір, сондай-ақ барлық балаларға беруге болады, алайда өз міндеттемелерін орындамаған ата-аналар соттың оң шешімін алуы екіталай, ата-ана құқығынан айрылған ата-аналар осындай алименттерге мүлде үміткер бола алмайды.

Жоғарыда айтылған жағдайлардан басқа немерелері мен апалар/аталарының, тәрбиленушілер мен тәрбиелеушілердің және басқа отбасы

мүшелерінің алименттік міндеттемелері бар.

Алимент қандай мөлшерде төленуі тиіс?

Егер ажырасқаннан кейін ерлі-зайыптылар арасында алименттерді төлеу тәртібі және мөлшері туралы келісім құрастырылса, онда іс жүзінде төлем келісуге сай келуі керек. Егер алименттерді төлеу туралы келісім болмаса, онда Кодекстің 139-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға алиментті ата-анасы сотпен төлетеді.

Алименттер ай сайын мынадай мөлшерде төленуі тиіс:

- бір балаға – ата-анасының еңбекақысынан және/немесе өзге табысының (1/4) төрттен бірі;
- екі балаға – ата-анасының еңбекақысының және/немесе өзге табысының үштен бірі (1/3);
- үш және одан да көп балаларға – ата-анасының еңбекақысының және/немесе өзге табысының жартысы (1/2);
- кейбір жағдайларда осы үлестер мөлшері тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайын және басқа балалар және өзге де назар аударатын жағдайларды ескерумен азайтылуы немесе ұлғайтылуы мүмкін;
- алимент төлеушінің жалақысынан ұстап қалудың жалғыз шектеуіші «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 95-бабы болып табылады, оған сәйкес борышкерде жалақысының немесе өзге де табысының 50% кем емесі сақталуы тиіс.

Жалақының қандай түрлерінен алимент ұсталуы мүмкін?

«Кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің бекітілген тізбесі бар, онда кәмелетке толмаған балаларды асырауға алименттерді ұстау жалақының барлық түрлерінен (ақшалай сыйақы, асырау) және ата-анасы алатын өзге де табыс түрлерінен жүргізілетіні көрсетілген. Бұнда қай валютада болатыны еш маңызды емес – ұлттық

немесе шетелдік. Осылайша, алименттер мыналардан ұсталады:

1. **қызметкерлерге нақты жұмыс істеген** уақыты үшін немесе орындаған жұмысы үшін еңбек ақы төлеу жүйесінде көзделген белгіленген лауазымдық айлықақыларға (мөлшерлемелерге) байланысты есептелген жалақыдан;

2. **еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген қосымша ақылар мен үстеме ақылардың барлық түрлерінен**, сондай-ақ еңбек ақы төлеу қоры шегінде үнемделген қаражат немесе тиісті мекемені қамтуға көзделген қаражат есебінен алынатын үстеме ақылардан;

3. **еңбек ақы төлеу жүйесінде көзделген сыйлықақылардан (ақшалай сыйақылардан);**

4. **мына:** «Атқарушылық Іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 98-бабының 7-тармағымен көзделген;

5. **демалыс уақытында сақталатын жалақыдан**, сондай-ақ бірнеше жылғы демалыстарды қосқан жағдайда ғана пайдаланылмаған демалысқа төленетін ақшалай өтемақыдан;

6. **комиссиялық сыйақыдан (сақтандыру агенттеріне, брокерлерге);**

7. **азаматтық заңнамаға сәйкес жасалатын және бір жолғы сипаттағы емес шарттар бойынша орындалған жұмыстар**, ұсынылған көрсетілген қызметтер үшін алынған кірістерден;

8. **авторлық сыйақы төлемдерінен;**

9. **зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен**, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 98-бабымен көзделген

жәрдемақыларды қоспағанда, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыдан, атаулы әлеуметтік көмек сомаларынан;

10. **білім беру ұйымдарында білім алушыларға** төленетін стипендиялардан;

11. **заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түскен кірістерден;**

12. **мүлікті жалға беруден түскен кірістерден;**

13. **бағалы қағаздар бойынша түскен** кірістерден және заңды тұлғаның мүлкін басқаруға қатысудан түскен басқа да кірістерден;

14. **«Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 1) тармақшасымен және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 1-тармағының 2) тармақшасымен көзделген кірістерден жүргізіледі.**

Бұнда әскери қызметкерлерден, құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарының қызметкерлерінен алименттерді төлету қызметтік міндеттерді орындаумен байланысты олар алатын, келесі төлем түрлерінен жүргізіледі:

1. **лауазымдық жалақыдан, әскери, арнайы атақ бойынша берілетін жалақыдан**, арнайы атақ немесе сыныптық шен үшін қосымша еңбекақыдан және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстеме ақыдан;

2. **«Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 1) тармақшасымен және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының тармақшасымен**

көзделген;

3. **еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты** әрі біржолғы сипаттағы және тиісті органды қамтуға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен алынатын сыйақылардан (ақшалай сыйақылардан);

4. **тиісті органды ұстауға көзделген** қаражатты үнемдеу есебінен

алынатын үстеме ақылар мен қосымша ақылар сомасынан;

5. мына:

- мертіккен жағдайда төленетін бір жолғы өтемақыны;
- зиянды немесе қысылтаяң жағдайлардағы жұмыс үшін өтемақы төлемдерін;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарын жою кезінде экологиялық әсерден зардап шеккендерге төленетін ақшалай соманы;
- тұрғын үйді жалдағаны (жалға алу) үшін мақсатты өтемақыны;
- жекешелендіруге жатпайтын, оның ішінде жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставалары мен комендатураларда орналасуы салдарынан қызметтік тұрғын үйді өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына алушыға төленетін ақшалай өтемақыларын;
- кепілдік берілген тегін медициналық көмектің көлемі шегінде емделуге жұмсалған шығындарды өтеуге төленетін ақшалай соманы;
- қызметі бойынша ауысқан, әскери қызметтен шығарылған кезде, стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікпен жол жүруге, сондай-ақ қызметі бойынша ауысқан және әскери қызметтен шығарылған кезде он тоннаға дейін жеке мүлікті тасымалдауға жұмсалған шығындарды өтеуге төленетін ақшалай соманы;
- пошта жөнелтілімдеріне арналған шығындарды өтеуге төленетін ақшалай соманы;
- оқуға жұмсалған шығындарды өтеуге төленетін ақшалай соманы;
- іссапарға жіберілген қызметкерлерге берілетін өтемақы төлемдерін;
- коммуналдық көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстарды төлеу үшін төленетін ақшалай өтемақыларды;
- әскери қызметшілердің көрсетілетін қызметтерге, құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауымен

байланысты келтірілген шығындарын өтеумен байланысты өтемақы төлемдерін;

6. әскери-оқу, арнайы оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының)

лауазымдық жалақыларын (стипендияларын) қоспағанда, барлық өтемақы түрлерінен жүргізіледі.

Заң алименттер ұсталуы тиіс табыстың ең төменгі немесе барынша көп сомасының шамасын белгілемейді, себебі алименттер ресми расталған табыстың кез келген сомасынан ұсталуы тиіс.

Тақырып. Ата- анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеудің нысандары

Тапсырма. Проблемалық ситуацияны заңнамаға негіздеп талдаңыз:

ТАЛДЫҚОРҒАН. ҚазАқпарат - Алматы облысының тұрғыны Марина Тюменцеваның ісі тағы да сотқа жетті. Марина Тюменцева үш бала анасы. Бұл жолы Талғар аудандық білім бөлімі сотқа арызданып, М. Тюменцеваны ата-аналық құқығынан айыру туралы шағым түсірген, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. Алматы облыстық соты баспасөз қызметінің мәліметінше, іс Қарасай ауданындағы №2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында қаралады. Талғар ауданының білім бөлімі Марина Тюменцевамен бірге оның жолдасын да ата-аналық құқығынан айыруды сұрап отыр. Ал бұл жанұя Талғар ауданының ІБ жайсыз отбасы ретінде тіркеуде тұр. Марина Тюменцеваның 7 айлық сәбиін еденге соққандағы видеосы әлеуметтік желіде тараған. Баласына аяусыз қатыгездік танытқан 28 жастағы келіншек жазасын анықтаңыздар.

Жауабы: ҚР ҚК 140 бабы 2 бөлігі бойынша сотталып, оған 25 АЕК көлемінде айыппұл салынған болатын. Қарасай ауданындағы №2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты айыппұл төлеуге міндеттеген.

КУРСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ТЕСТІ

1 – нұсқа

1. Мемлекет басшысының заңды орган қабылдаған заң жобасын әрекетке қосудан бас тарту құқығы
A. Импичмент
B. Инаугурация
C. Вето
D. Референдум
E. Лицензия
2. Атқарушы орган
A. Парламент
B. Үкімет
C. Прокурор
D. Сот
E. Президент
3. Сенат депутаттарының өкілеттілік мерзімі
A. 4
B. 5
C. 3
D. 7
E. 6
4. Толық әрекетқабілеттілік қай жастан басталады
A. 15
B. 14
C. 18
D. 17
E. 19
5. Сайлау комиссиясының өкілеттілік мерзімі
A. 5 жыл
B. 4 жыл
C. 3 жыл
D. 6 жыл
E. 7 жыл
6. Жергілікті атқарушы органдар
A. Үкімет
B. Министрліктер
C. Ведомство
D. Әкімдіктер
E. Агенттік
7. ҚР азаматтығына қабылдау, оның ҚР азаматтығын қалпына келтіру және одан шығару туралы арыз берген кезде баланың келісімі болуы міндетті жас
A. 10 жастан 18 жасқа дейінгі бала
B. 12 жастан 18 жасқа дейінгі бала
C. 14 жастан 18 жасқа дейінгі бала
D. 16 жастан 18 жасқа дейінгі бала
E. 17 жастан 18 жасқа дейінгі бала
8. Қазақстан Республикасының азаматы қай жастан бастап Мәжіліс депутаты бола алады?
A. 18 жастан бастап.
B. 21 жастан бастап.
C. 25 жастан бастап.
D. 30 жастан бастап.
E. 45 жастан бастап.
9. Азаматтық алу үшін Қазақстан Республикасында қанша уақыт тұрақты тұру қажет
A. 3 жыл;
B. 5 жыл;
C. 7 жыл;
D. 10 жыл;
E. 6 жыл;
10. Еңбек құқығының негізгі қайнар көзі:
A. ҚР Еңбек кодексі
B. ҚР Конституция
C. ҚР Азаматтық кодекс
D. ҚР «Еңбек туралы» Заңы
E. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі
11. Азаматтыққа алу және азаматтықты тоқтату туралы шешімді кім қабылдайды
A. Парламент

- B. Үкімет
C. Прокурор
D. Сот
E. Президент
12. Арнаулы мәселелер бойынша жасалатын халықаралық келісімшарт қалай аталады
A. Референдум
B. Конвенция
C. Инаугурация
D. Конституция
E. Вето
13. 2003 жылы 20 маусымда қабылданған кодекс
A. «Жер кодексі»
B. «Су кодексі»
C. «Орман кодексі»
D. «Ауа кодексі»
E. «Жануарлар кодексі»
14. Авторлық құқық автордың көзі тірі кезінде және ол қайтыс болғаннан кейін қанша жыл әрекет етеді
A. 1 жыл
B. 5 жыл
C. 10 жыл
D. 40 жыл
E. 70 жыл
15. Қылмыс жасаған кезде адам неше жастан бастап қылмыстық жауапқа тартылады
A. 12
B. 10
C. 16
D. 13
E. 15
16. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі
A. Кепіл
B. Әсиет
C. Шарт
D. Мәміле
E. Лицензия
17. Парламент депутаттары кімдерге ант береді?
A. Қазақстан халқына;
B. халық пен Президентке;
C. Президент пен Үкіметке;
D. халыққа және Үкіметке;
E. барлығы да дұрыс.
18. Заңның аясы негізінде заң көмегін көрсететін тұлға
A. Адвокат
B. Тергеуші
C. Судья
D. Прокурор
E. Куә
19. Бала құқықтары туралы Конвенция қашан қабалданды
A. 1989ж. 20 қараша
B. 1991ж. 16 желтоқсан
C. 1990ж. 1 қазан
D. 1948ж. 25 тамыз
E. 1966ж. 19 желтоқсан
20. Қылмыстарды санаттарға бөлуге негіз болған жікті(критерийді) атаңыз:
A. қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесі;
B. кінә нысаны;
C. қоғамдық қауіпті зардаптардың сипаты;
D. келтірілген зиян мөлшері;
E. қылмыс субъектісі.
21. ҚР Еңбек кодексі қабылданған мерзім
A. 2015 жылғы 23 қазан
B. 2015 жылғы 23 қараша
C. 2015 жылғы 23 қаңтар
D. 2015 жылғы 23 сәуір
E. 2015 жылғы 23 ақпан

22. Педагогикалық әдеп қағидаларын қашан бекітілді?
 А. 2012 жылғы 8 қаңтар
 В. 2013 жылғы 8 қаңтар
 С. 2014 жылғы 8 қаңтар
 D. 2015 жылғы 8 қаңтар
 E. 2016 жылғы 8 қаңтар
23. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы
 А. 2012 жылғы 23 қараша
 В. 2013 жылғы 23 қараша
 С. 2014 жылғы 23 қараша
 D. 2015 жылғы 23 қараша
 E. 2016 жылғы 23 қараша
24. Сот билігі кімнің атынан жүзеге асырылады?
 А. Қазақстан халқының.
 В. Қазақстан Республикасы Президентінің.
 С. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының.
 D. Қазақстан Республикасы.
 E. Қазақстан Республикасы Парламентінің.
25. Еңбек шартын тоқтату негіздерін ата.
 А. Тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзу
 В. Еңбек шарты мерзімінің аяқталуы
 С. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу
 D. Еңбек шартын жасасу талаптарының бұзылуы болып табылады
 E. Барлық аталғандар дұрыс

II нұсқа

1. Қазақстан БҰҰ-на қашан мүше болды?
 А. 16 желтоқсан 1991 ж.
 В. 28 қаңтар 1991 ж.
 С. 25 қазан 1992 ж.
 D. 29 сәуір 1993 ж.
 E. 02 наурыз 1992 ж.
2. Парламент Сенатының депутаттарын сайлауға таңдаушылар мәслихат депутаты болып табылатын Республика азаматы қатысады дегенді білдіреді.
 А. тең сайлау құқығы
 В. жалпыға бірдей сайлау құқығы
 С. төте сайлау құқығы
 D. жанама сайлау құқығы
 E. жасырын дауыс беру
3. Қазақстан Республикасының азаматы қай жастан бастап Сенат депутаты бола алады?
 А. 18 жастан бастап.
 В. 21 жастан бастап.
 С. 25 жастан бастап.
 D. 30 жастан бастап.
 E. 45 жастан бастап.
4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі қашан қабылданды?
 А. 1 қаңтар 1991 ж.
 В. 05 шілде 2014 ж.
 С. 24 наурыз 1984 ж.
 D. 1 қазан 1984 ж.
 E. 25 қазан 1995 ж.
5. Конституцияға сәйкес ҚР Президенті мерзімінен бұрын босағанда, уақытша оның қызметін:
 А. Парламент сенатының төрағасы
 В. Премьер – министр
 С. жоғарғы соттың төрағасы
 D. мәжіліс төрағасы
 E. Прокурор атқарады
6. Прокурордың санкциясыз ұстауға болатын уақыт:
 А. 30 сағат
 В. 68 сағат
 С. 72 сағат
 D. 72 сағ артық

- Е. 46сағат
7. Әкімшілік жауаптылық басталатын жас?
 А. 16 жас
 В. 18 жас
 С. 20 жас
 D. 21 жас
 E. 22 жас
8. Әкімшілік қамауда ұстауға болатын мерзім:
 А. 15 тәулік
 В. 25 тәулік
 С. 20 тәулік
 D. 40 тәулік
 E. 32 тәулік
9. Арнаулы құқықтан айыруды белгілейтін лауазымды тұлға:
 А. прокурор
 В. тергеуші
 С. адвокат
 D. судья
 E. Премьер – Министр
10. Еңбек шартын жасасу нысаны:
 А. мөр арқылы заңдастыру
 В. ұйым басшысының қолы
 С. жазбаша нысанда екі дана етіп жасалды
 D. жоғарғылардың барлығы
 E. дұрыс жауап жоқ
11. Азаматты әрекетке қабілетсіз деп танитын орган:
 А. Прокуратура
 В. Жоғарғы сот
 С. Жергілікті мәслихат
 D. Сот
 E. Тергеуші
12. Қанша уақыт өткен соң хабар-ошарсыз кеткен азаматты өлді деп жариялауға болады?
 А. 3 жыл
 В. 4 жыл
 С. 5 жыл
 D. 12 жыл
 E. 8 жыл
13. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі қай кезде пайда болады?
 А. тіркелгеннен кейін
 В. 4 жыл
 С. 5 жыл
 D. 3 жыл
 E. 2 жыл
14. Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқытарын белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекет:
 А. шарт
 В. мәміле
 С. сақтандыру
 D. міндеттеме
 E. байқау
15. Отбасы мүшелері арасында пайда болатын міндеттеме:
 А. шарт
 В. сенімхат
 С. өсиет
 D. алимент
 E. мұрагерлік
16. Некеге тұру жасы:
 А. 16 жас
 В. 18 жас
 С. 17 жас
 D. 19 жас
 E. 15 жас
17. Есі дұрыс емес адам қылмыс жасаған кезде:
 А. жазадан босатылады
 В. босатылмайды
 С. олардың ата-анасы жазаланады

- D. тәрбиешілеріне жаза қолданылады
 E. уақытша қамауға жатқызылады
 18. Іске қатысты мән-жайды білуі мүмкін адам:
 A. тергеуші
 B. өкіл
 C. ата-анасы
 D. полиция
 E. куә
 19. Қазақстанда Президент лауазымы қашан енгізілді?
 A. 1988 ж.
 B. 1989ж.
 C. 1990 ж.
 D. 1991 ж.
 E. 1987 ж.
 20. Келісім комиссиясы еңбек дауын қай мерзімде қарауға міндетті?
 A. Үш күн
 B. бір апта
 C. он күн
 D. бір ай
 E. екі апта
 21. Азаматтық құқық қабілеттілік дегеніміз не?
 A. азаматтық құқықтарды иелену мүмкіндігі
 B. азаматтық құқықтар мен міндеттерді иелену мүмкіндігі
 C. азаматтық міндеттерді орындау мүмкіндігі
 D. азаматтық міндеттердің жойылуы
 E. дұрыс жауап жоқ
 22. Өсиет қандай нысанда жасалуы керек?
 A. Ауызша
 B. конклюдентті
 C. жай жазбаша
 D. нотариалды жазбаша
 E. сот арқылы
 23. Еңбек заңы бойынша бір апта ішіндегі жұмыс уақытының ең көп ұзақтығы:
 A. 30 сағат

- B. 40 сағат
 C. 50 сағат
 D. 60 сағат
 E. 70 сағат
 24. Жұмыс беруші қандай жағдайларда жұмыскердің хабарламасы негізінде күнтізбелік бес күнге дейін жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті?
 A. Неке тіркелгенде
 B. Бала туылғанда
 C. Жақын туыстары қайтыс болғанда
 D. Еңбек, ұжымдық шарттарда көзделген өзге де жағдайларда
 E. Барлық жауап дұрыс
 25. Әкімшілік құқық бұзушылық кезінде кәмелетке толмаған адамға тағайындалатын тәрбиелік ықпал ету шараларын ата:
 A. Заңды түсіндіру
 B. Ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру
 C. Келтірілген зиянның есесін толтыру міндетін жүктеу
 D. Кәмелетке толмаған адамдарды бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу
 E. Барлық жауап дұрыс

Тест килті:

1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.	9.	10.	11.	12.	13.	14.	15.	16.	17.	18.	19.	20.	21.	22.	23.	24.	25.
C	B	E	C	A	D	D	C	B	A	E	B	A	E	C	A	A	A	A	D	B	E	D	D	E
E	D	D	B	A	D	A	D	D	D	D	A	A	B	D	B	A	E	C	A	B	D	B	E	E

ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНЕН ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАР БАЗАСЫ

	Тақырыптар мен бөлімдердің атауы	Интернет ресурс сілтемесі		Сұрақтар тізімі
		Мақала авторы, тақырыбы, сілтеме; Электронды оқулық	Бейнесабақ, бейне жазба, Аудио жазба	Сұрақтар
1.	Кіріспе «Құқық негіздері пәні, әдісі және заң ғылымы»	https://stud.kz/reference/show/29693	https://www.youtube.com/watch?v=4RUFyUyGIfQ 	1) Құқық дегеніміз не? 2) Құқықтық негіздер қалай қалыптасты 3) Қандай құқықтық нормаларды білесіз?
2.	1-тақырып. «Мемлекет және құқық теориясы»	https://www.unifac.e.kz/index.php?post=article&section=1&id=632	https://www.youtube.com/watch?v=Wpn24hECgDU 	1) Мемлекет және құқық теориясы пәнінің міндеттері 2) Құқықтық сананың құрылымдық элементтері 3) Құқықтық қатынастардың туындауының арнайы (заңдылық) алғы шарттары
3.	2-тақырып. «Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, мемлекет»	https://e-history.kz/kz/news/show/2801/	https://www.youtube.com/watch?v=14OgDPMYHis 	1) Қазақ халқының тәуелсіздің алуының тарихи маңызы? 2) Қазақстанның ұлттық валютасы 3) Тәуелсіз Қазақстанның саяси ұйымдармен байланысы?
4.	3-тақырып. «Құқық	https://stud.kz/referat/show/29693	https://www.youtube.com/watch?v=14OgDPMYHis	

	туралы негізгі түсініктер. Құқықтық нормалар және элементтері»	rat/show/66608	om/watch?v=14OgDPMYHIs 	1) Құқық нормасы туралы түсінік 2) Гипотеза, диспозиция, санкция туралы түсінік 3) Құқық нормаларының құрылымы
5.	4- тақырып «Қазақстан Республикасының Конституциясы – конституциялық құқықтың негізгі бастауы»	https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution	https://www.youtube.com/watch?v=8AlutjeDCQU 	1) Конституция ұғымы? 2) Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы? 3) Конституцияны құру кезінде қандай факторларды басшылыққа алынады?
6.	5- тақырып «ҚР-ның азаматтарының негізгі құқықтары мен бостандықтары»	https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution	https://videouroki.net/blog/istoriia-prav-chelovieka.html 	1) Конституциядағы адам құқықтары? 2) Мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы? 3) Жеке құқықтар мен бостандықтар?
7.	6-тақырып. «Салықтық құқық негіздері»	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120	https://astanatv.kz/kz/news/49903/ 	1) Салық ұғымына түсінік 2) Экономикадағы салықтың үлесі 3) Салықтан түскен қаражатты мемлекет қалай игереді?

8.	7- тақырып. «Әкімшілік құқықтың түсінігі, пәні және негіздері. Әкімшілік жауапкершілік түсінігі. Әкімшілік жаза»	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235	https://www.youtube.com/watch?v=WSgCbr9d-tM 	1) Әкімшілік жауапкершілікке құқық бұзушылар қай жастан бастап тартылады? 2) Әкімшілік жаза қандай жағдайларда қолданылады? 3) Әкімшілік жазаға тартушы құзіретті орган?
9.	8- тақырып «Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы»	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235	https://www.youtube.com/watch?v=TnRmCiE2pCA 	1) Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің анықтаудағы негізгі белгі? 2) Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы және жазалау мәселелері ҚР Қылмыстық кодексінің қай бөлімдерінде қарастырылған? 3) Неліктен 14 жастан бастап қылмыстық жаза қолданылады?
10.	9- тақырып «Азаматтық құқық ұғымы»	Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсан. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000	https://www.youtube.com/watch?v=frumK5UGz_Q 	1) Азаматтық құқық дегеніміз не? 2) Азаматтық құқықтың қайнар көзі деп нені түсінеміз? 3) Меншікке қол сұғылмауы мен шарт бостандығы қағидаттарының әрекет етуі неден көрініс тапқан?

11.	10- тақырып «Меншік құқығы ұғымы және түрлері»	http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000	https://www.youtube.com/watch?v=vMYSxV3mUqQ 	1. Меншіктік құқық дегеніміз не? 2. Мүліктік емес жеке қатынастар қандай екі топқа бөлінеді? 3. Ортақ меншік деп нені атайды?
12.	11- тақырып «Мұрагерлік. Өсиет ұғымы»	http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000	https://prg.kz/pravmedia/webinars_list/page/6/1859-azastan-respublikasynday-mragerlk-yty-aspekteler-teoriyal-zhne-tzhribelk-mayzy.html 	1. "Заң бойынша" мұрагер болу дегеніміз не? 2. Мұрагерлік дегеніміз не? 3. Халықаралық құқық нормаларына сәйкес мұрагерлік?
13.	12-тақырып. «Еңбек құқығы ұғымы. Еңбек тәртібі»	http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414	Практикалық тапсырма №1. https://www.youtube.com/watch?v=SmG0uP3Fv8U https://www.youtube.com/watch?v=SmG0uP3Fv8U 	1. Жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері ҚР Еңбек кодексінің қай бабында көрсетілген? 2. Еңбек шартының маңызы неде? Қызметкер қандай рөл атқарады?
14.	13-тақырып. «Кәмелетке толмағандардың еңбек құқығы. Еңбекті қорғау туралы жалпы түсінік»	http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414	https://www.youtube.com/watch?v=Y4GBAXBXats 	1. Кәмелетке толмағандарды жұмысқа алу қалай жазаланады? 2. 2018 ж. Еңбек кодексіне енген түзеулер нәтижесінде қандай ұйымдарда бала еңбегі мүмкін бола алады? 3. 14-16

				жастағы балаларға жұмыс уақыты аптасына қанша сағат деп белгіленген?
15.	14-тақырып. «Қылмыстық құқық ұғымы, белгілері және түрлері»	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдеде http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226	https://www.youtube.com/watch?v=tDbm5X0e4LM 	1. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтерінің түрлері қандай? 2. Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру дегеніміз не? 3. Қарақшылық – Қылмыстық кодекстің қай бабында көрсетілген?
16.	15-тақырып. «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі»	http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226	https://www.youtube.com/watch?v=6wmdpUyBJ7A 	1. Жасөспірімдер қандай қылмыс түрлеріне жылдам дағдыланып кетуі мүмкін? 2. Неше жастан бастап бала қылмыстық жауапкершілікке тартылады? 3. 14 жастан бастап қылмыстық жауапқа тартылғандар қандай қылмыс түрлері үшін жазаланады?
17.	16-тақырып. «Отбасы ұғымы, неке шарттары, некенің тоқтатылуы. ҚР Неке және отбасы туралы Заңына сипаттама»	Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсан http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K11000000518	https://www.youtube.com/watch?v=BDdJ21yTK-M 	1. Отбасылық қатынастардың басты ерекшеліктерінің бірі? 2. Отбасылық қатынастардың субъектілері қандай? 3. Отбасылық қатынастарда

				"қайтарымсыз қатынас" деген ұғым нені білдіреді?
18.	17-тақырып. «ҚР бала құқығы туралы»	Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсан http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518 ҚР Балақұқықтары туралы Конвенциясы 1994 жылғы 8 маусым http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400 ҚР баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыз http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345	https://www.youtube.com/watch?v=puQxHnKQ4Fo 	1. Отбасыда борышкер адам деген қандай ұғым? 2. Алимент дегеніміз не? 3. Борыштан қашқан отбасы мүшесіне қолданылатын жаза түрлері?
19.	18-тақырып. «Қазақстан – қазіргі халықаралық құқық субъектісі ретінде»	1. https://stud.kz/ferat/show/33656 3. http://testent.ru/publ/studenty/kazak_tili_sabagi/aza_stan_zh_ne_khaly_araly_jymdar/3-1-0-745	https://khabar.kz/kk/m-ra-at-zha-andy-sayasat/item/104802-zha-andy-sayasat-azastanny-khaly-araly-jymdar-ramynda-yyzmeti 	1. 1992 ж. Н.Ә. Назарбаев БҰҰ-ның 47 сессиясында қандай ұйым құруға бастама ұсынды? 2. Ұжымдық қауіпсіздік ұйымының маңызы неде? 3. Қандай ұйымдарға ҚР мүше?

ГЛОССАРИЙ

Азаматтардың меншік құқығы - тиесілі мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету өкілеттігі

Азаматтық әрекет қабілеттілігі - азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі

Азаматтық заң күші - заң күшіне енгеннен бастап, оның күші жойылғанға дейін белгілі бір қатынасқа қолданылуындағы заңдық болмысына тән нысан

Азаматтық заңның күші — заң күшіне енгеннен бастап, оның күші жойылғанға дейін белгілі бір қатынасқа қолдануындағы заңдық болмысына тән нысан

Азаматтық құқық қабілеттілігі - азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті

Азаматтық құқық қатынастары - азаматтық құқық нормаларының талаптарына сәйкес туындайтын және бұл нормаға тәуелді болатын жақтар арасындағы қатынастар

Азаматтық құқық қатынастары — азаматтық құқық нормаларының талаптарына сәйкес туындайтын және бұл нормаларға тәуелді болатын жақтар арасындағы қатынастар

Азаматтық құқық объектісі - азаматтың құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар

Азаматтық құқық принциптері - нормативтік сипаты бар, қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеу бастаасын басшылыққа алатын негіз

Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері - әрбір құқық қатынастарының қатысушылары

азаматтық қызмет — азаматтық қызметшілердің қазыналық кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын іске асыруға, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау жөніндегі кәсіптік қызметі

Азаматтық қызметші — Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қазыналық кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде ақы төленетін штаттық лауазымды атқаратын және олардың міндеттері мен функцияларын іске асыру, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын адам
Азаматтық принциптер (қағидаттар)- нормативтік сипаты бар, қоғамдық қатынастарды азаматтық — құқықтық реттеу бастамасын басшылыққа алатын негіз

Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі — тіркеуші орган) — азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган

Айлық жалақының ең төмен мөлшері — біліктілікті қажет етпейтін қарапайым (онша күрделі емес) еңбек жұмыскері осы Кодексте белгіленген қалыпты жағдайларда және жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде еңбек міндеттерін орындаған кезде бір айда оған

төленетін ақшалай төлемдердің кепілдік берілген ең төмен мөлшері
Айып төлеу – кәсіпкерлік салада пайда болған міндеттемені орындауды қамтамасыз ету

Аккредиттеу – Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының бала асырап алу жөніндегі агенттіктердің және жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдардың өз қызметін жүзеге асыру құқығын ресми тануы

Алименттер – бір адам оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат

Ар - намыс - тұлғаның рухани және әлеуметтік болмысына берілетін қоғам бағасы

Арнайы киім – жұмыскерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған киім, аяқкиім, баскиім, қолғап, өзге де жеке қорғаныш құралдары
Ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж

болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар)

Ата-анасы бас тартқан бала (ата-анасы бас тартқан балалар) – тиісті заңды құжаттарды ресімдеу жолымен оны одан әрі тәрбиелеуден, оқытудан, материалдық қамтамасыз етуден ата-аналары (ата-анасы) бас тартқан бала;

Ауыр жұмыстар – жұмыскердің ауыр (он килограмм және одан ауыр) заттарды қолмен тұрақты түрде орнынан қозғалтуға, жылжытуға және тасуға байланысты әрі дене күшін жұмсауды талап ететін (250 ккал/сағаттан астам энергия жұмсалатын) қызметінің түрлері

Бағалы қағаз – түрі және мазмұны мен заң талаптарына қатаң бағынатын құжат

Бағалы қағаз – түрі мен мазмұнымен заң талаптарына қатаң бағынатын құжат
Конклюденттік әрекет (лат. Concludere – жасау) – сол арқылы тұлғаның мәмілеге қатысуға ние білдіру әрекеті

Бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам

Бала асырап алу - нәтижесінде шығу тегі бойынша туыстарының құқықтары мен міндеттеріне теңестірілетін жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттер туындайтын сот шешімі негізінде баланы (балаларды) отбасына тәрбиелеуге берудің құқықтық нысаны

Бала қонақтайтын отбасы – барлық үлгідегі ұйымдардағы (білім беру, медициналық және басқалар), жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды білім беру процесіне байланысты емес кезеңдерде (каникулдар, демалыс және мереке күндері) тәрбиелеуге уақытша қабылдаған отбасы

Балалық шақ – кәмелетке толмаған адамдардың құқықтық жай-күйі

Баланы қабылдайтын отбасы – жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы кемінде төрт және оннан аспайтын жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы тәрбиелеуге қабылдайтын отбасына орналастыру нысаны

Баланың заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын ата-аналар (ата-ана), бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана (баланы қабылдайтын ата-аналар), патронат тәрбиеші және оларды алмастырушы басқа да адамдар

Банкрот жариялау – заңды тұлғаны таратудың жеке жағдайы

Билік ету құқығы – мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заң мен қамтамасыз етілуі

Билік ету құқығы – мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі

Билік ету құқығы – мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі

Дербес мүліктік жауапкершілік – заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлікпен жауап беруі

Дербес мүліктік жауапкершілік - ол заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлікпен жауап беруі

Дербес мүліктік жауапкершілік дегеніміз – ол заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлікпен жауап беруі

Доктриналдық түсіндіру – теорияда, ғылыми еңбектерде, оқулықтарда берілетін түсіндірме

Діни бірлестік – рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде заң актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен азаматтардың ерікті бірлестігі

Еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде жұмыскерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген, жұмыскерлердің қорғалуының жай-күйі
Еңбек тәртібі – жұмыс беруші мен жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы;

Еңбек тәртіптемесі – жұмыскерлер мен жұмыс берушінің еңбекті ұйымдастыру жөніндегі қатынастарын реттеу тәртібі;

Еңбек шарты – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес жұмыскер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақтылы

және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді

Жалақы – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер

Жалған неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылардың немесе олардың біреуінің отбасын құру ниетінсіз, Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен қиылған неке (ерлі-зайыптылық)

Жаңғыртылу – міндеттемені тоқтату әдісі ретінде бастапқы міндеттемені жаңа міндеттемемен ауыстыру туралы әр жақтың өзара келісімі

Жеке кәсіпкерлік – азаматтардың тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы пайда немесе жеке табыс табуға бағытталған ынталы қызметі

Жеке кәсіпкерлік – азаматтардың тауарларға сұранымды қанағаттандыру арқылы пайда немесе жеке табыс табуға бағытталған ынталы қызметі

Жеке тұлға - Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар

Жеке тұлға дегеніміз – ҚР-ның азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай – ақ азаматтығы жоқ адамдар

Жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар)

Жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға

Жұмыс орны – жұмыскердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін

орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны

Жұмыс уақыты – жұмыскер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ осы Кодекске, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, ұжымдық шартқа, жұмыс берушінің актісіне сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері

Жұмыскер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға

Заң актісі – Коститутциялық заң, Қазақстан Республикасының Президентінің Конституциялық заң күші бар жарлығы, Кодекс, Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы, сенат пен мәжілісінің қаулылары

Заңды тұлға - өз атынан мүліктік құқықтар мен міндеттерді еншілейтін, оның құрамына кіретін тұлғалардан тәуелсіз өзі жауап беретін тұлға

Заңдылық салдар – белгілі бір құқық қатынастарын тудыратын тұлғалардың әрекеттері

Заттар - азаматтық құқық қатынастарының объектілері

Заттар – азаматтық құқық қатынастарының объектілері

Заттық құқық - заттар жөнінде туатын құқық

Заттық құқық - өкілетті жақтың немесе өзге жақтардың заң актілері арқылы танылатын және қорғалатын құқық

Заттық құқық деп – белгілі бір тұлғаның өз қарамағындағы жеке заттарға үстемдік етуі

Зиян - заңмен қорғалатын игілік атаулының кемуі

Ипотека – кепілге салынған мүлік кепіл салушының немесе үшінші бір жақтың иелігінде және пайдалануында қалатын кепіл түрі

Келісім шарт - әр жақтың келісімі бойынша жасалатын шартазаматтық хал актілері – адамды дараландыратын және оның құқықтары мен міндеттерінің туындауымен, болуымен және тоқтатылуымен байланысты болатын заңдық тұрғыдан ресімделген мән-жайлар

Конклюденттік әрекет – тұлғаның мәмілеге қатысуға ниет білдіру әректі

Көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы

Қамқоршылық – он төрттен он сегіз жасқа дейінгі баланың (балалардың), сондай-ақ құмар ойындарға, бәс тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген кәмелетке толған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны

Қоғамдық бірлестік – заңдарға қайшы келмейтін, ортақ мақсаттарға жету үшін азаматтардың ерікті бірігуі нәтижесінде құрылған ұйым

Қоғамдық бірлесітік – заңдарға қайшы келмейтін, ортақ мақсаттарға жету үшін азаматтардың ерікті бірігуі нәтижесінде құрылған ұйым

Қорғаншы немесе қамқоршы - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға

Қорғаншылық – он төрт жасқа толмаған балалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны

Құқықты қорғау – құқықтың бұзылуына жол берілмейтіндей жағдай жасайтын қоғамдық қатынастар тәртібін мемлекеттің қолдауы

Құқықтық теңдік принципі дегеніміз – азаматтық – құқықтық қатынастарға қатысушылардың бәрі де меншік түріне, азаматтығына қарамастан бірдей құқықтық ахуалды білдіруі

Мекеме – құрылтайшы басқару, әлеуметтік – мәдени немесе коммерциялық емес сенаттағы өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін құрған және қаржыландыратын ұйым

Мемлекеттік органның шетелдік жұмыскері – еңбек шарты бойынша мемлекеттік органға тартылған шетелдік Меншік құқығы – субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғанатын өзіне тиесілі мүлікті өз қарауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы

Мұрагерлік құқық – Құқықтық жүйеде мұраға ие болу

Мүліктік қатынастар – материалдық игіліктермен байланысы бар қоғамдық қатынастар

Мүліктік оқшаулық – заңды тұлғаның экономикалық – құқықтық белгісі болып табылады және оның мүлікке заттық құқығын иеленуі

Мүліктік оқшаулық - заңды тұлғаның экономикалық - құқықтың белгісі болып табылады және оның мүлікке заттық құқығын иелену

Мүліктік оқшаулық – заңды тұлғаның экономикалық құқықтық белгісі және оның мүлікке заттық құқығын иеленуі

Мүліктілік – заңды белгі болып табылмайтын экономикалық түсінік

Мүліктің шарттық режимі – ерлі-зайыптылардың неке шартымен белгіленген меншік режимі

Міндеттемелік құқық - міндеттемелік қатынаста реттейтін азаматтық құқықтың қосалқы саласы болып табылатын, азаматтық құқық нормаларының жиынтығы

Міндеттемені тоқтату дегеніміз – міндеттеменің мазмұнын құрайтын оның қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін жою болып табылады

Негаторлық талап – теріске шығару талабы

Неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ

Объект – құқықтар мен міндеттер не нәрсеге бағытталғаны

Объектілер - құқықтар мен міндеттердің қатысы бар мүліктік және мүліктік емес игіліктер

Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға

септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы

Өкілдік - басқа адамның атынан бір адамның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне ие әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасалған мәміле

Өндірістік санитария – зиянды өндірістік факторлардың жұмыскерлерге әсерін болғызбайтын немесе азайтатын санитариялық-гигиеналық, ұйымдастыру іс-шаралары мен техникалық құралдар жүйесі

Пайдалану құқығы – мемлекеттік мүліктен мемлекет пен жалпы қоғам мүшесі үшін пайданы алуға байланысты мемлекеттің өзіне тән мүмкіндігі

Пайдаланудың өкілеттік құқығы – мүлік пен пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі

Пайдаланудың өкілеттік құқығы дегеніміз – мүлікпен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай – ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі

Патронат – жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шарт бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны

Репродуктивтік денсаулық – адамның толымды ұрпақ туғызуға қабілетін көрсететін денсаулығы

Субъектілер - әрбір құқық қатынастарында қатынасатын қатысушылары

Суррогат ана – суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер үшін қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін құрсақ көтеретін және бала (балалар) туатын әйел

Тарату – заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттерін мирасқорлыққа өткізбей тоқтату тәсілі

Тәртіптік жаза – тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жұмыс беруші немесе ұлттық басқарушы холдингтің бірінші басшысы қолданатын жұмыскерге тәртіптік ықпал ету шарасы

Тәртіптік теріс қылық – жұмыскердің өз еңбек міндеттерін құқыққа қарсы, кінәлілікпен орындамауы немесе тиісінше орындамауы, сондай-ақ еңбек тәртібін бұзуы

Триада – меншік иесінің өкілеттіктерінің сипаттамасы

Цивилист – азаматтық құқық саласындағы мамандар

Цивильді құқық – римдік заңгерлер Рим азаматтарының құқығы

Шарт - шаруашылық қызметінің негізгі құралы

Түсіндіру – заңдардағы және басқа да дерекнамадағы жалпы қағидаларды нақтылы жағдайларға қолданудың қажетті негізі

Тынығу уақыты – жұмыскердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты

Ұжымдық шарт – ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін, жұмыскерлердің өкілдері арқылы жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасында жасалатын жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт

Үстеме жұмыс – жұмыскер жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан (есептік кезеңдегі жұмыс сағаттарының қалыпты санынан артық) тыс орындайтын жұмыс

ЗАҢНАМА

Қазақстан Республикасының Конституциясы

Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген
Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде
мемлекеттілік құра отырып,
өзімізді еркіндік, теңдік және татулық
мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық
қоғам деп ұғына отырып,
дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын
алуды тілей отырып,
қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы
жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып,
өзіміздің егемендік құқығымызды негізге
ала отырып
осы Конституцияны қабылдаймыз.

I-бөлім. Жалпы ережелер

II-бөлім. Адам және азамат

III-бөлім. Президент

IV-бөлім. Парламент

V-бөлім. Үкімет

VI-бөлім. Конституциялық кеңес

VII-бөлім. Соттар және сот төрелігі

VIII-бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

IX-бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер

I бөлім

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.12.21 N 18/2 қаулысын қараңыз.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

2. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның астанасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласы болып табылады.

3-1. Нұр-Сұлтан қаласының шегінде конституциялық заңға сәйкес қаржы саласында ерекше құқықтық режим белгіленуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасы және Қазақстан атауларының мәні барабар.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.04.23 N 4 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 23.03.2019 № 238-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық.

2. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.

Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді.

4. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.04.12 N 1/2 қаулысын қараңыз.

4-бап

1. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

3. Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады.

4. Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.10.11 N 18/2, 2009.11.05 N 6 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылады. Мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді.

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді.

3. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

4. Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының қызметіне, діни негіздегі партияларға, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.06.07 N 4/2 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

2. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.11.03 N 19/2, 2000.04.13 N 2/2, 2001.04.12 N 1/2, 2003.04.23 N 4 қаулыларын қараңыз.

7-бап

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.
3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

8-бап

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.04.12 N 1/2 қаулысын қараңыз.

9-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

II бөлім

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ

10-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады.
2. Республиканың азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыстар жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана жол беріледі.
3. Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.12.01 N 12 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап

1. Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды.
2. Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді.

12-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.
2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.
3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.
4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.
5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.12.01 N 12, 2007.04.18 N 4 қаулыларын қараңыз.

13-бап

1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.
3. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.29 N 7/2, 2002.02.15 N 1 қаулыларын қараңыз.

14-бап

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.
2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.10 N 2/2, 1999.03.29 N 7/2 қаулыларын қараңыз.

15-бап

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.
2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.01.30 N 10 қаулысын; 15.12.2020 № 4 нормативтік қаулысын қараңыз.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап

1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.
2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.
3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.12.31 N 13 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

18-бап

1. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.
2. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.
3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2009.08.20 N 5 Нормативтік қаулысын қараңыз.

19-бап

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.
2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

20-бап

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.
2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

21-бап

1. Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар.

2. Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

22-бап

1. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

23-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.

2. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.05 N 13/2 қаулысын қараңыз.

24-бап

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.10 N 2/2 қаулысын қараңыз.

25-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

26-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады.

2. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

3. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүлктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

4. Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.06.16 N 6/2, 2000.12.20 N 21/2, 2005.07.01 N 4, 2007.05.28 N 5 қаулыларын қараңыз.

27-бап

1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

28-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.12 N 3/2 қаулысын қараңыз.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.

3. Мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

30-бап

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек.

31-бап

1. Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

2. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

32-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

33-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар.

2. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

3. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

4. Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен.

34-бап

1. Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

2. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

35-бап

Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады.

36-бап

1. Қазақстан Республикасын қорғау - оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

2. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады.

37-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті.

38-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

39-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

2. Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

3. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 11, 13-15-баптарында, 16-бабының 1-тармағында, 17-бабында, 19-бабында, 22-бабында, 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2007.05.28 N 5 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

III бөлім

ПРЕЗИДЕНТ

40-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Республиканың Президенті - халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

41-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті болып тұмысынан Республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын және жоғары білімі бар Республика азаматы сайлана алады. Конституциялық заңда Республика Президенттігіне кандидаттарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

3. Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

3-1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі.

4. Алып тасталды - ҚР 07.10.1998 N 284 Заңымен.

5. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1998.10.09 N 9/2; 2005.08.19 N 5 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 41-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284; ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.02.02 N 403-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті: "Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі

міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін", - деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.

2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.

3. Республика Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезден бастап, сондай-ақ Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген не ол қайтыс болған жағдайда тоқтатылады. Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің, қызметінен кетірілгендерден басқасының, Қазақстан Республикасының экс-Президенті деген атағы болады.

4. Алып тасталды - ҚР 07.10.1998 N 284 Заңымен.

5. Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды.

Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.

Ескерту. 42-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284, 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

43-бап

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

2. Алып тасталды - ҚР 21.05.2007 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

44-бап

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды;

2) Республика Парламентіне және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақырады; Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

3) Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; Республиканың Премьер-Министрін қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкіметтің құрылымын айқындайды; Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қызметке дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; ерекше маңызды мәселелер бойынша қажеттігіне қарай Үкімет отырыстарына төрағалық етеді; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;

4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;

5) Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Республика дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

7) Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

8) алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап

қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды;

10-1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды;

11) келіссөздер жүргізеді және Республиканың халықаралық шарттарына қол қояды; бекіту грамоталарына қол қояды; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

12) Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және ауыстырып отырады;

13) Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттайды, құрметті, жоғары әскери және өзге атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді;

14) Республиканың азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді;

15) азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады;

16) Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады;

17) Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды;

18) өзіне бағынысты Мемлекеттік күзет қызметін жасақтайды;

19) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды; Республика Президентінің Әкімшілігін құрады;

20) Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Сот Кеңесін құрады;

21) Республиканың Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.06.30 N 10/2; 2000.07.03 N 15/2; 2001.11.12 N 14/2; 2010.10.18 N 3 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 44-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284, 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Республиканың Президенті қол қоятын Парламент актілері, сондай-ақ Үкімет бастамасымен шығарылатын Президенттің актілері тиісінше осы актілердің заңдылығы үшін заңдық жауапкершілік жүктелетін Парламенттің әр Палатасының Төрағаларының не Премьер-Министрдің алдын ала қолдары қойылып тиянақталады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.03 N 15/2, 2008.06.26 N 5 Нормативтік қаулысын қараңыз.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды.

2. Республика Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және қорғау мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың ережелері Республиканың экс-Президенттеріне қолданылады.

4. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысымен белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінші көпшілігімен қабылданады.

2. Республиканың Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін. Айып тағу және оны тексеру туралы шешім Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілігімен қабылдануы мүмкін. Тағылған айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырады және оның нәтижелері Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Парламент Палаталары бірлескен отырысының қарауына беріледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінші көпшілік даусымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады. Айып тағылған кезден бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылдау Республика Президентіне қарсы тағылған айыптың күші жойылған деп тануға әкеп соғады. Республиканың Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың қабылданбауы оның қай кезеңінде де осы мәселенің қаралуына себепші болған Мәжіліс депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғады.

3. Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе ол Республика Парламентінің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қарап жатқан кезде қозғалмайды.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

48-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-Министріне көшеді. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін тапсырады. Бұл жағдайда бос тұрған мемлекеттік лауазымдарды иелену Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздерде және тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған тұлғаның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар туралы бастамашылық жасауға құқығы жоқ.

Ескерту. 48-бап жана редакцияда - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен.

IV бөлім

ПАРЛАМЕНТ

49-бап

1. Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы.

2. Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезден аяқталады.

3. Парламенттің өкілеттігі Конституцияда көзделген реттер мен тәртіп бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңмен белгіленеді.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.07.14 N 13/2 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 49-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

50-бап

1. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды.

3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады.

4. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды.

5. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.15 N 1/2; 1999.11.29 N 24/2; 2003.02.11 N 1; 2004.02.12 N 1 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 50-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284; 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-бап

1. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.

2. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Бұл орайда олардың кезекті сайлауы бұлардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

3. Парламент немесе Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

4. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады.

5. Республика Парламенті депутаттарын сайлау конституциялық заңмен реттеледі.

6. Парламенттің депутаты Қазақстан халқына ант береді.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.18 N 5/2; 1999.11.29 N 24/2; 2003.02.11 N 1 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284; 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

52-бап

1. Алып тасталды - ҚР 21.05.2007 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Парламент депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Парламентте депутаттың жеке өзі ғана дауыс береді. Депутаттың Палаталар мен олардың органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспауы, сол сияқты дауыс беру құқығын басқа біреуге беруі депутатқа заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға әкеп соғады.

3. Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмыс атқаруға, кәсіпкерлікпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы ереженің бұзылуы депутаттың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғады.

4. Парламент депутатын оның өкілеттік мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе

ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, тиісті Палатаның келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

5. Парламент депутатының өкілеттігі орнынан түскен, ол қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Парламент депутаты:

- 1) ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламент және Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайларда тоқтатылады.

6. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың осы баптың 3-тармағының талаптарын, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға және өкілеттігінен әрі депутатқа ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді әзірлеу Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.05.17 N 7/2; 2001.12.13 N 19/2; 2003.01.30 N 10; 2003.02.11 N 1; 2003.05.12 N 5; 25.08.2004 № 9 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 52-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284; 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

53-бап

Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;

3) алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

5) Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды;

6) Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

7) палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды;

8) Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2008.06.26 N 5 Нормативтік қаулысын қараңыз.

Ескерту. 53-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

54-бап

1. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде:

- 1) республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 2) мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды;
- 3) Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді;

4) мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды;

5) мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді;

6) рақымшылық жасау мәселелерін шешеді;

7) Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды.

2. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:

1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды;

2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі. Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға Мемлекет басшысының қарсылығы осы тармақта көзделген тәртіппен қаралады. Бұл ретте Парламент Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығын әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде төрттен үшінің даусымен еңсереді;

3) республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2008.10.15 N 8 Нормативтік қаулысын қараңыз.

Ескерту. 54-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

55-бап

Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау және қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау;

1-1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметке сайлау және оны қызметінен босату;

2) Республика Президентінің Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;

3) Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;

4) Алып тасталды - ҚР 21.05.2007 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау;

6) Конституциямен Парламент Сенатына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.05 N 11/2 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 55-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

56-бап

1. Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады:

1) Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау;

2) Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру;

3) Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау;

4) Конституциямен Парламент Мәжілісіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2. Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы.

Ескерту. 56-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

57-бап

Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз:

1) Конституциялық Кеңестің екі мүшесін қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

2) Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген ретте Парламент құратын комиссия мүшелерінің тең жартысына өкілеттік береді;

3) Палаталардың бірлескен комиссиялары мүшелерінің тең жартысын сайлайды;

4) Палаталар депутаттарының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан Палаталардың депутаттарын айыру мәселелерін шешеді;

5) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді;

6) Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік даусымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады;

7) Палаталардың үйлестіруші және жұмыс органдарын құрады;

8) өз қызметінің регламентін, Палатаның ұйымдастыру және ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдайды.

Ескерту. 57-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284, 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

58-бап

1. Палаталарды мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттарының арасынан Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы Сенат пен Мәжіліс сайлаған төрағалар басқарады. Сенат Төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады. Мәжіліс Төрағасының қызметіне кандидатураларды Палатаның депутаттары ұсынады.

2. Палаталардың төрағалары, егер бұл үшін Палаталардың депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін, сондай-ақ олар өз еркімен орнынан түсуге хақылы.

3. Парламент Палаталарының төрағалары:

1) Палаталардың отырыстарын шақырып, оларға төрағалық етеді;

2) Палаталардың карауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуге жалпы басшылық жасайды;

3) Палаталар төрағаларының орынбасарлары қызметіне сайлау үшін Палаталарға кандидатуралар ұсынады;

4) Палаталар қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Палаталардың үйлестіру органдарының қызметіне басшылық жасайды;

6) Палаталар шығаратын актілерге қол қояды;

7) палаталарға Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;

8) өздеріне Парламент регламенті жүктейтін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Мәжіліс Төрағасы:

1) Парламент сессияларын ашады;

2) Палаталардың кезекті бірлескен отырыстарын шақырады, Палаталардың кезекті және кезектен тыс бірлескен отырыстарына төрағалық етеді.

5. Палаталардың төрағалары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

Ескерту. 58-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

59-бап

1. Парламент сессиясы оның Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары түрінде өткізіледі.

2. Парламенттің бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Парламенттің кезекті сессиялары жылына бір рет қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізіледі.

4. Парламент сессиясын, әдетте, Республика Президенті ашады және сессия Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарында жабылады. Парламент сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасымен, палаталар төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады.

5. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары оларға әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары ашық отырыстар болып табылады. Регламенттерде көзделген реттерде жабық отырыстар өткізілуі мүмкін. Республика Президентінің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырыстарға қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.06.30 N 14/2; 1999.07.14 N 13/2 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

60-бап

1. Палаталар әр Палатада саны жетіден аспайтын тұрақты комитеттер құрады.

2. Палаталардың бірлескен қызметтеріне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-тең негізде бірлескен комиссиялар құруға хақылы.

3. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар шығарады.

4. Комитеттер мен комиссияларды құру, олардың өкілеттігі және қызметін ұйымдастыру тәртібі заңмен белгіленеді.

61-бап

1. Заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

2. Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.

3. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;

2) меншік режиміне және өзге де мүлкітік құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;

5) республикалық бюджетке;

6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;

7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;

9) айналадағы ортаны қорғауға;

10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;

11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

Өзге қатынастардың барлығы заңға тәуелді актілермен реттеледі.

4. Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі, ол онда әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналады және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Тұтас алғанда, Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданбаған жоба Мәжіліске қайтарылады. Егер Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен жобаны қайтадан мақұлдаса, ол Сенатқа қайта талқылауға және дауысқа салуға беріледі. Қайта қабылданбаған заң жобасын сол сессия барысында қайтадан енгізуге болмайды.

5. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен заң жобасына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен ұсынылған өзгертулермен және толықтырулармен келіссе, заң қабылданды деп есептеледі.

Егер Мәжіліс нақ сондай көпшілік дауыспен Сенат енгізген өзгертулер мен толықтыруларға қарсы болса, Палаталар арасындағы келіспеушілік келісу рәсімі арқылы шешіледі.

5-1. Мәжіліс депутаттары қараған және олардың жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен мақұлданған конституциялық заң жобасы Сенатқа беріледі, онда алпыс күннен асырылмай қаралады. Сенат депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен қабылданған жоба конституциялық заңға айналады және он күн ішінде Республика Президентіне қол қоюға ұсынылады. Конституциялық заң жобасын тұтастай қабылдамауды Мәжіліс немесе Сенат Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырады.

Сенат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен конституциялық заң жобасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен келіссе, конституциялық заң қабылданды деп есептеледі.

Егер Мәжіліс, Сенат енгізген өзгерістер мен толықтырулар бойынша дауыс беру кезінде олармен депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен келіспесе, онда палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін. Республика Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілген заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім туралы мәселе қоюға хақылы. Бұл мәселе бойынша дауыс беру сенім туралы мәселе қойылған сәттен бастап қырық сегіз сағаттан ерте өткізілмейді. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.12 N 3/2, 1999.09.27 N 18/2, 1999.11.03 N 19/2, 2000.06.15 N 9/2, 2000.07.03 N 15/2, 2001.06.08 N 8/2, 2003.05.13 N 6, 2008.10.15 N 8 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 61-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

62-бап

1. Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды.

2. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілік даусымен енгізіледі.

4. Конституциялық заңдар Конституцияда көзделген мәселелер бойынша әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады.

5. Парламент пен оның Палаталарының заң актілері, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

6. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті.

7. Республиканың заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Парламент пен оның Палаталарының қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

8. Республиканың заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, күшіне енгізу және жариялау тәртібі арнаулы заңмен және Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен реттеледі.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.03 N 15/2, 2007.04.18 N 4 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

63-бап

1. Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

2. Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратуға болмайды.

Ескерту. 63-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

V бөлім

ҮКІМЕТ

64-бап

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

2. Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің қызметінде Республика Президентінің және Парламенттің алдында жауапты.

3. Конституцияның 57-бабының 6)-тармақшасында көзделген ретте Үкімет мүшелері Парламент палаталарына есеп береді.

4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

Ескерту. 64-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

65-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Республика Премьер-Министрі тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Республика Президентіне ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан халқы мен Президентіне ант береді.

66-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады; Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

6) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7) Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8) алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен;

9-1) Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді;

10) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.17 N 4/2, 2001.04.12 N 1/2 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 66-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284; 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

67-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

1) Үкімет қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді;

2) алып тасталды - ҚР 21.05.2007 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) Үкімет қаулыларына қол қояды;

4) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады;

5) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басшылық жасауға байланысты басқа да қызметтерді атқарады.

Ескерту. 67-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

68-бап

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербестікке ие әрі өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында жеке-дара жауап береді. Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не ол лауазымнан босатылуға тиіс.

2. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаттары болуға, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқаруға, кәсіпкерлік іспен шұғылдануға, заңнамаға сәйкес өздерінің лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

Ескерту. 68-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284, 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

69-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретінің мәселелері бойынша Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулылар шығарады.

2. Республиканың Премьер-Министрі Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар өкімдер шығарады.

3. Үкіметтің қаулылары және Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заң актілеріне, Республика Президентінің жарлықтары мен өкімдеріне қайшы келмеуге тиіс.

70-бап

1. Үкімет жаңадан сайланған Республика Парламенті Мәжілісінің алдында өз өкілеттігін доғарады.

2. Егер Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген міндеттерді одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп есептесе, олар Республиканың Президентіне өз орнынан түсетіні туралы мәлімдеуге хақылы.

3. Парламент Мәжілісі немесе Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген жағдайда Үкімет орнынан түсетіні туралы Республика Президентіне мәлімдейді.

4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Республиканың Президенті он күн мерзімде қарайды.

5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Президент оған міндеттерін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады.

7. Республиканың Президенті өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметтен босатуға хақылы. Премьер-Министрді қызметінен босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.11.19 N 11 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 70-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

VI бөлім

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

71-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады.

2. Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республиканың Президенті тағайындайды және дауыс тең бөлінген жағдайда оның даусы шешуші болып табылады.

3. Конституциялық Кеңестің екі мүшесін - Республика Президенті, екі-екі мүшеден тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады.

4. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшесінің қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

5. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003.01.30 N 10; 2011.03.16 № 3 Нормативтік қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 71-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

72-бап

1. Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;

2-1) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді;

5) Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген реттерде қорытындылар береді.

2. Конституциялық Кеңес Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – Республика Президентінің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың өтініштерін қарайды.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.07.03 N 15/2, 2001.12.13 N 19/2 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 72-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

73-бап

1. Конституциялық Кеңеске Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, Президенттің қызметіне кірісуі, Парламенттің сайланған депутаттарын тіркеу не республикалық референдумның нәтижелерін шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституциялық Кеңеске Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 2) және 3)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, тиісті актілерге қол қою не оларды бекіту мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Кеңес өтініштер түскен күннен бастап бір ай ішінде өз шешімін шығарады. Егер мәселе кейінге қалдыруға болмайтын болса, Республика Президентінің талабы бойынша бұл мерзім он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

4. Алып тасталды - ҚР 10.03.2017 № 51-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

74-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не, тиісінше, бекітілмейді және күшіне енгізілмейді.

2. Конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.

3. Конституциялық Кеңестің шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001.12.13 N 19/2 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 74-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

VII бөлім

СОТТАР ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ

75-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады.

3. Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады.

4. Республиканың сот жүйесі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2002.02.15 N 1, 2006.04.14 N 1 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 75-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284; ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

76-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

2. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.29 N 7/2, 2000.12.20 N 21/2, 2007.04.18 N 4 қаулыларын қараңыз.

77-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

3. Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық

жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жана заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.03.10 N 2/2, 2007.04.18 N 4 қаулыларын қараңыз.

78-бап

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

79-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідіргілуі мүмкін.

2. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, - Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

3. Республика соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

4. Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 06.03.1997 № 3; 30.01.2003 N 10; 18.06.2004 № 7; 23.06.2004 N 6 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 79-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

80-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

81-бап

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық істер, жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жататын сот істерін қарайды және сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады.

Ескерту. 81-бап жаңа редакцияда- ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

82-бап

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін. Сот алқалары төрағаларына өкілеттіктер беру тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

4. Жоғары Сот Кеңесі Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да адамдардан құралады.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі және жұмысын ұйымдастыру заңмен белгіленеді.

Ескерту. 82-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

83-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді.

3. Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі - бес жыл.

4. Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.12.26 N 23/2; 2003.01.30 N 10; 2003.12.31 N 13 қаулыларын қараңыз.

Ескерту. 83-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

84-бап

Ескерту. 84-бап алып тасталды - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

VIII бөлім

ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

85-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

86-бап

1. Жергілікті өкілді органдар - мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

5. Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен консультациялардан кейін тоқтатады, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі, олардың депутаттарының құқықтық жағдайы заңмен белгіленеді.

Ескерту. 86-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа

енгізіледі) Заңдарымен.

87-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Республика заңдарымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3. Жергілікті атқарушы органды Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарады.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде тиісінше Республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға хақылы. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылуы және олардың қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

Ескерту. 87-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284, 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

88-бап

1. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер - тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды.

2. Мәслихаттардың жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін мәслихат шешімдерінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.05.31 N 3/2 қаулысын қараңыз.

89-бап

1. Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкін.

3. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен олардың қызметі заңмен реттеледі.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі.

Ескерту. 89-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

IX бөлім

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

90-бап

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді, сол мезгілден бастап бұрынғы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күші жойылады.

2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке - Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні деп жарияланады.

91-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына Республика Президентінің өз бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешімі бойынша өткізілетін республикалық референдум өзгертулер мен толықтырулар енгізуі мүмкін. Егер Президент оны Парламенттің қарауына беру қажет деп ұйғарса, Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жобасы республикалық референдумға шығарылмайды. Мұндай жағдайда Парламенттің шешімі Конституцияда белгіленген тәртіппен қабылданады. Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, онда Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік даусымен Парламент осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады, егер республикалық референдумға қатысуға құқығы бар Республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, ол өткізілді деп есептеледі. Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді.

3. Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1998.12.04 N 13/2 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 91-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284; 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.03.2017 № 51-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

92-бап

1. Конституциялық заңдар Конституция күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде қабылдануға тиіс. Егер Конституцияда конституциялық деп аталған заңдар немесе заң күші бар актілер ол күшіне енген кезде қабылданып қойған болса, онда олар Конституцияға сәйкес келтіріледі де, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары деп есептеледі.

2. Конституцияда аталған өзге заңдар Парламент белгілейтін тәртіп пен мерзімде, бірақ Конституция күшіне енген күннен бастап екі жылдан кешіктірілмей қабылдануға тиіс.

3. Республика Президентінің өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шыққан және заң күші бар Жарлықтары Республика заңдарын өзгерту, толықтыру немесе күшін жою үшін көзделген тәртіппен ғана өзгертілуі, толықтырылуы немесе күшін жоюы мүмкін. 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 64-бабының 12-15, 18 және 20-тармақтарымен көзделген мәселелер бойынша өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде шыққан Республика Президентінің Жарлықтары Республика Парламентінің бекітуіне жатпайды.

4. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және Конституция қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде оған сәйкес келтірілуге тиіс.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000.06.15 N 8/2 қаулысын қараңыз.

93-бап

Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті.

94-бап

1. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Конституция белгілеген Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктеріне ие болады және оларды 1995 жылғы 29 сәуірде республикалық референдумда қабылданған шешім бойынша белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Республика Президенті өкілеттігінің қазіргі мерзімі Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған Республика Парламентінің қаулысымен қысқартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Парламент Мәжілісі бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын тағайындайды. Осы сайлаудың қорытындылары бойынша сайланған Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ант береді және жеті жылдан кейін желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті Президент сайлауында сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскенге дейін өз өкілеттігін жүзеге асырады.

2. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Вице-Президенті өзі сайланған мерзім аяқталғанға дейін өкілеттігін сақтайды.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2005.08.19 N 5 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 94-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен.

94-1-бап

Конституцияның 41-бабы 1-тармағының Республика Президентінің өкілеттік мерзімін белгілейтін ережесі 2005 жылғы 4 желтоқсандағы сайлауда сайланған Республика Президентінің жеті жылдық өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты өткізілетін президенттік сайлау қорытындысы бойынша Республика Президенті болып сайланған адамға қолданылатын болады.

Ескерту. 94-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.05.21 N 254 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

95-бап

1. Бірінші сайланған Сенат депутаттарының жартысы төрт жыл мерзімге, депутаттардың екінші жартысы екі жыл мерзімге конституциялық заңмен белгіленген тәртіппен сайланады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Мәжілісі депутаттарын партиялық тізімдер негізінде сайлау туралы ережелері екінші шақырылатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлаудан бастап қолданылады.

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999.11.29 N 24/2 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 95-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.10.07 N 284 Заңымен.

96-бап

Конституция күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті онда белгіленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтарына, міндеттері мен жауапкершілігіне ие болады.

97-бап

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің бірінші құрамы былайша құрылады: Республика Президенті, Парламент Сенатының Төрағасы мен Парламент Мәжілісінің Төрағасы Конституциялық Кеңестің мүшелерінен бір бірден үш жыл мерзімге, ал Конституциялық Кеңестің мүшелерінен бір бірден алты жыл мерзімге тағайындайды, Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республика Президенті алты жыл мерзімге тағайындайды.

98-бап

1. Конституцияда көзделген сот төрелігі мен тергеу органдары тиісті заңдарда көзделген тәртіппен мерзімде құрылады. Олар құрылғанға дейін жұмыс істеп тұрған сот төрелігі мен тергеу органдары өз өкілеттіктерін сақтайды.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының және Жоғары Төрелік Сотының, жергілікті соттардың судьялары Конституцияда көзделген соттар құрылғанға дейін өз өкілеттіктерін сақтайды. Судьялардың бос орындары Конституцияда белгіленген тәртіппен толықтырылады.

ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраев А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекетінің құқығының негіздері. -Алматы, 2013ж
3. С.Идрышев. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Астана: Фолиант, 2015 ж
4. М.Қызылова. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы. – Астана: Фолиант, 2014 ж.
5. Джуллиана П., Энтони Боуэр. Азаматтық білімге кіріспе. - Алматы, 2002
6. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Егемен Қазақстанның құқы. – А.: Жеті жарғы, 1997 ж.
7. Г.Искакова, Н.Ғазизова. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы. – Астана: Фолиант, 2017 ж.
8. С.Т.Күлтелеев, Е.Ш.Рахметова. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – А.: NAS, 2008
9. Григорьев В., Тоқтабаева Қ., , Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы –Астана: «Фолиант» баспасы, 2008

Қосымша әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы, 30.08.1995 ж. (23.03.2019 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен)
2. ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы ҚР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ, 16.12.1991ж.
3. ҚР Азаматтық Кодексі. Жалпы ережелер, 1994 жылғы 27 желтоқсан; ерекше бөлім 1999 жылғы 1 шілде.
4. ҚР Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ
5. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
6. ҚР Білім туралы Заңы 06.07.2007ж. (11.01.2020 ж. өзгерістер мен толықтырулар)
7. ҚР Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ
8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
9. БҰҰ-да Бала құқықтары туралы Конвенция. 20.11.1989ж
10. Қазақстан Республикасы Бала құқықтары туралы Конвенция. 08.06.1994ж
11. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
12. ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына 8-қосымша «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты